

Оңғаров Ершат Ағыбайұлы

**ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ
ЖӘНЕ ИСЛАМ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

Алматы, 2013

УДК 28
ББК 86.38
О 61

Баспаға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұсынған

**Қазақстан Республикасы Дін істері
агенттігінің дінтану сараптамасының
оң қорытындысы берілген**

Пікір жазғандар:

Философия ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі

Ғарифолла Есім;

Философия ғылымдарының докторы, профессор

Т.Х. Ғабитов;

Философия ғылымдарының докторы, доцент

Қ.Затов.

Оңғаров Е.А.

О 61 Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары – Алматы : «Көкжиек»
баспасы, 2013.– 272 б.

ISBN 978-601-7271-94-7

Бұл ғылыми еңбек ислам дініндегі құндылықтарды мәдени антропологиялық феномен ретінде қарастырып, қазақ мәдениетіндегі ислам дінінің этикалық ұғымдар бастауларын философиялық, тарихи, мәдениеттану, дінтану секілді ғылымдар тоғысында, кең пәнаралық шеңберде зерттейді. Қазақстандағы мұсылмандық дүниетанымның аксиологиялық сипаттамасын мәдениеттанулық тұрғыдан талдайды.

Монография авторы мыңжылдық тарихы бар Әл-Азхар университетінің теология мамандығының бакалавры әрі магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Мәдени антропология» мамандығы бойынша PhD докторантура білім беру бағдарламасын тәмамдаған PhD докторы Ершат Оңғаров қазақ мәдениетінің қалыптасуы мен даму процесіндегі ислам құндылықтар жүйесінің моральды-этикалық категорияларын анықтап, Ислам философиясындағы ел бірлігі туралы ойлар хақында, Қазақстан үшін дәстүрлі исламға жат радикалды ағымдардың таралмауының оңтайлы мәселелері туралы ғылыми ізденіс-зерттеулерін қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық салаға нақты мәдени-танымдық зерттеу ретінде ұсынып отыр.

Монография мәдениеттанушы, дінтанушы, философ, теолог мамандарға және Ислам құндылықтарын тануды мақсат еткен ізденуші қауымға арналады.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7271-94-7

© Е.А. Оңғаров, 2013
© «Көкжиек» баспасы, 2013

Алғы сөз

Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзақ-сонар тарихы болады. Содан әр ел өмірлік сабақ алып, келешегін жоспарлайды. Тамырын тереңнен тартқан қазақ халқының алмағайып замандарда жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел, жоралы жұрт қалпын, дінін сақтап қалғаны – оның еркіндікке ұмтылған ерік-жігерінің, асқақ рухының, отансүйгіш иманы мен ибалылығының арқасы. Еліміз егемендігін алып, дінімен, дәстүрімен қайта қауышты. Біз дін мен дәстүрді даналықпен үйлестіріп, өнегелі өмір сүрген халықпыз. Бұл – бабаларымыздан келе жатқан сара жол. Қазақтың салт-дәстүрлері Исламның асыл құндылықтарымен біте қайнасып кеткен. Пайғамбар (с.ғ.с.) айтқан хадистер қазақтың нақылына айналып, халқымыздың таным-түсінігімен қабысып, тұрмыс-тіршілігімен ұштасып кеткені ешкімге жаңалық емес.

Ислам дінінің Қазақстанға келгеніне 1250 жылдан асты. Өз табиғаты мен болмысына барынша жақын асыл дінді танып-білген бабаларымыз оны сонау VIII ғасырда-ақ қабылдаған. Содан бері Ислам жұртымыздың жүрер жолы, бағыт-бағдары, қорғаны, тірегі де болып келеді. Ел басына күн туып, ұлттың сақталып қалуын таразылар шақ туғанда да ата дініміз көңілге медеу, күш-қуат болды, солай болып та келеді. «Құдай жоқ» деп ұрандатқан кешегі Кеңес үкіметінің қылышынан қаны тамып тұрған зұлмат заманында да тар жол, тайғақ кешкен мұсылман қазақ бір Аллаға сыйынып, тура жолдан танбады. Діндарларға қысым жасалса да

ақын-жырауларымыз: «Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен...» деп, қасқайып тұрып жырлады. Иә, дінмен, иманмен, сеніммен біте қайнасып жатқан тарих қашан да сәулелі, нұрлы һәм берекелі болмақ.

Ислам өркениеті қазақ халқына Отырар, Сайрам, Түркістан, Өзкент, Сығанақ, Тараз, Баласағұн және т.б. білім һәм үлкен мәдениет ордаларымен талай ғұлама ғалымдарды, танымал теологтар мен шайырларды берді. Ислам қайнарынан сусындаған ондай кемеңгерлер ғылым мен білімді дамытуға барынша үлес қосты.

Патшалық Ресейге бодан болған кез бен атеизм үстемдік еткен кешегі 70 жылғы қызыл империя саясаты оларды ұмыттыруға тырысқанымен, халқымыздың ата дініне деген ынта-ықыласын жоя алмады. Ел егемендігін алғалы руханиятымыз да қайта түлеп, Әбу Насыр әл-Фараби, Исмайыл әл-Жауһари әл-Фараби, Махмуд ат-Тарази, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри секілді даланың дана да дара перзенттері салған ғылым, білім, парасат жолы қазір қайта жаңғыру үстінде. Дәстүрлі Ислам дінінің Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын халқымыз өркениет пен даму жолына түсті. Мемлекеттің қолдауының, халық бастамасының арқасында осы аз уақыт ішінде мыңнан астам мешіт бой көтеріп, жұртымыздың жақсылыққа жұмылуына, рухани құндылығының артуына мүмкіндігінше ықпал етуде.

Ислам – бейбітшілік, зиялылық, имандылық, шапағат, қайырым, мейірім діні. Ол тек арабтарға немесе белгілі бір ру, тайпа, ұлт, нәсілге емес, бүкіл адамзатқа түсірілген. Олар ынтымақта болсын, бірін-бірі танысын, достықта өмір сүрсін деп түсірілген. Бұл жөнінде Жаратқан Иеміз Құран Кәрімде: **«Уа, адамзат! Біз сендерді ер мен әйелден (Адам ата мен Хауа анадан)**

жараттық. Өзара қарым-қатынас жасап, араласып өмір сүрулерің үшін ұлттар мен тайпаларға бөліп қойдық. Кімде-кім Құдайдан көбірек қорқып тақуа болса, Алла алдында соның дәрежесі биік болады. Алла барлық нәрсені қамтып біледі» (Әл-Хужурат сүресі, 13-аят), – деп әрбір ұлт өз мәдениетімен, салт-дәстүрімен өмір сүру ұлттық ерекшелікті сақтаудың негізгі факторы екенін көрсетеді.

Біз әлімсақтан кісілік кейпін сақтауға, ана сүтін ақтауға талпынған, дін мен дәстүрді үйлестіріп, үйлесімді, өнегелі өмір сүрген мұсылман халықпыз. Исламның қазақ топырағына келуімен көптеген жақсылықтарға қол жеткіздік. Салт-дәстүріміз, бітім-болмысымыз Исламмен біте қайнасып, өркениетке қадам басқан қазақпыз.

Қазақстан азаматтарының діни сауаттылығын арттыруда қазақ халқының исламға дейінгі кезеңіндегі мінез-құлқын, әдет-ғұрпын исламның құндылықтарымен салыстырған, олардың ұқсастығын анықтап, әділеттілік, ықылас, әдептілік, сенімділік, үнемшілдік, сыпайылық, ынсап, жылы жүзді болу, салмақтылық, кішіпейілділік және басқа көптеген этикалық ұғымдардың қазақ мәдениетіне біте қайнасқан нақты ислам құндылықтары екендігін дәлелдеген PhD доктор, теолог Ершат Оңғаровтың «Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары» монографиясы зор маңызға ие құнды зерттеу боларына сенімдімін.

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
*Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
төрағасы, Бас мұфти*

Кіріспе

Тәуелсіз дамуымыздың жиырма бірінші жылы бастан өткеріп отырған шақта, халқымыздың ұлттық тұтастығы және мемлекетіміздің іргелі бірлігі негізінде орнығып отырған рухани-мәдени үрдістер болашақ ұрпақ тәрбиесінде насихатталатын құндылықтар жүйесін анықтап алу мәселесін күн тәртібіне қойып отыр. Бүгінгі мемлекет пен діннің арасындағы қатынас жаһандану дәуіріне негізделген жаңа ұстанымдар арқасында жүргізілуде. Рухани идеологияның ең басты аспектілерінің бірі ата-бабаларымыз ұстанған ислам дінінің құндылықтары дұрыс түсіндіріліп, дәріптелуінде болмақ. Әрбір қоғам аясында адамдар өздерінің қарым-қатынастарын негіздейтін діннің, діни қағидалардың болуы табиғи құбылыс. Тарихта дінді ұстанбайтын адам болғанымен, діннен тыс қалған қоғамның болмағандығы шындық. Олай болса, Еуразия континентінде бейбітшілік пен ынтымағы жарасқан орталық, аймақтық деңгейдегі экономикалық және саяси дамудың, халықаралық деңгейде Орталық Азия келіссөздер қақпасына айналған Қазақстанның ұлттық әлеуетін дамытуға бастайтын ең маңызды құндылықтарды анықтау, осы құндылықтарды қоғамдық санаға сіңіру, қоғамдағы тұрақтылықтың символы – исламның өміршеңдігін тану бүгінгі монографияның маңыздылығын салмақтай түседі.

Монография ислам дініндегі жалпыадамзаттық құндылықтарды, Алла өз пенделеріне нәсіп еткен қадір қасиеттерді зерделі ұғыну мақсаты оны ерекше феномен ретінде қарастырады. Адамның бойындағы ислам

құндылықтары жалпы этикалық ұғымдармен тікелей байланысты. Қазақ қызы, қазақтың өнегелі анасы, ақсақалы, бәйбіше, бозбала, бойжеткен, аға мен жеңге, абысын, ене ұғымдары ұяндық, кішіпейілдік, татулық пен дархан көңілге егіз ұғым іспетті. Бірақ Кеңестік заман қазаққа киелі саналатын осы ұғымдарға құнын төмендету арқылы сызат түсірді. Тарихи деректерден ұғатынымыз қазақ халқының дүниетанымында адамгершілік-имандылық, ар-ұят, кісілік қасиеттері жоғары бағаланған. Ол бір жағынан шығыстық менталитетімізге жақын келсе, екінші тұрғыдан имандылық пен инабаттылық халқымызға Алланың нәсіп еткен қасиеттері деп білеміз, олардың Ислам дінінен бастау алатындығы маңызды. Аталмыш мәселелердің барлығын толық дәрежеде шешіп, сұрақтардың бәріне нақты жауап беру өте қиын. Бірақ тақырыбымызға қатысты қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарының орнын айқындауда, оларды категориялық тұрғыдан тізбелеп, әрқайсысына тоқталып, мәдени антропологиялық, әлеуметтік-философиялық және діни тұрғыдан талдау жасауға талпындық. Бір жағынан ислам құндылықтарының адамның өміріне қосар үлесі зерделенсе, екінші жағынан қазақ қоғамындағы тұрақтылық пен тұлғалық өсу қасиеттері осы құндылықтардың таралу аймағымен тікелей байланысты екендігі тұжырымдалды.

Монографияның қазақ халқының рухани мәдениеті аясында ислам құндылықтарына мәдени антропологиялық және мәдениеттанулық сараптама жасауы да жаңа дәуірдің пәнаралық ізденістерді мақсат еткен талабына сай келеді.

Исламның тарихи тұрғыдан басқа діндердің территориясына енуі жаһандану үрдістерінің, халықтың

мобильділігінің, бұқаралық ақпарат құралдарының дамығандығымен түсіндіріледі. Исламның бейімделу мүмкіндігі, қысым көрсетпеу және жалпы ұлттық құндылықтарды ислам құндылықтарына орайластыру мұсылмандық дүниетанымның мазмұнды ерекшелігі болып табылады. Қазақстанның тарихи контекстілік және мәдени-этикалық ерекшелігі қазақ мәдениетінде ислам құндылықтарының кеңінен таралуына оңтайлы әсер етті.

Жаһандану кезеңінде рухани, мәдени, кәсіби біліктіліктің қалыптасуына кепілдік беру және жастардың салауаттылығын дамыту қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастырудың басымдықты бағыттары ретінде ислам мәдениетінің жастардың этикалық тәрбиесіндегі моральдық-рухани қатынастары құндылықтық бағдар қалыптастыруда ерекше рольге ие. Атап айтқанда, қазақ халқының ұлттық мәдениеті ислам құндылықтарымен байланысты. Ислам құндылықтарының этикалық категориялары «тазалық» феноменінен, оның ішінде жан мен рухтың тазалығы және тәннің тазалығы ұғымдарынан бастау алады.

Қазақстан көпұлтты және поликонфессионалды мемлекет. Ислам Қазақстанды мекендейтін түрлі этностар арасында басымдыққа ие дін ретінде қазақстандық қоғамды біріктіру жолында маңызды роль атқарады. Исламның құндылықтық мәні негізінде оның Қазақстанның көптеген халықтарының мәдениетіндегі әсері осы зерттеуде алғаш рет көрсетілді.

Қазақ мәдениеті дүниетанымдық тұжырымнамаларының қалыптасуындағы ислам құндылықтарының идеялық алғышарттарын анықтау, Қасиетті Құран Кәрім мәтіндеріне салыстырмалы сараптама жасау негізінде

қазақ мәдениетіндегі рухани құндылықтардың өзара байланысы мен ерекшеліктерін тану, Қазақстандағы дәстүрлі исламға жат, радикалды ағымдардың қоғамға таралуының алдын алу, қазақстандық қоғамда орын алған рухани құндылықтар құрылымында исламның гуманистік және әлеуметтік мазмұнына, адамның рухани болмысындағы ислам құндылықтарына мәдени антропологиялық сараптама жасау зерттеудің өзектілігін арттыра түседі.

I тарау: Қазақ мәдениетіндегі ислам философиясының орны

Еуразия өлкесінің сан ғасырлық тарихы, қазақ халқының этногенезі мен этнографиясын зерттеу барысында қазақ мәдениеті мен руханияты Ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі екендігін көруге болады. Өйткені, халық санасына ислам діні бейбіт жолмен сіңісті. Ислам философиясын, құндылықтары мен өнерін дамыту мен жаңғыртуда біздің территориямызды мекен еткен ойшылдар: Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн және т.б. мұраларының ислам өркениетінің асыл қазынасына айналуы қазақ халқының дүниетанымында исламның рөлі басымдықты әрі маңызды екендігін дәлелдей түспек. Академик Ғарифолла Есім, «Ұлттық идея – ел санасы» атты мақаласында: «Ұлттық идеяның үшінші тұғыры – интеллектуалды жасампаз қоғам туралы сөз қозғай отырып, діннің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Өз тарихында діни санасы болмаған халық жоқ. Сонымен бірге дінге деген көзқарастар да әр дәуірде, әр қоғамда әрқилы болып келген. Сондықтан діннің не екендігін, оның қысқаша тарихын танып, білу – әрбір саналы адамға мәдени қажеттілік», – деп атап көрсеткен болатын.

Қазақстанның кең-байтақ территориясы мен Еуразия аумағын мекендеген түркі ұлыстары IX ғ. басында Ислам дінін қабылдап, кейін осы территорияға иелік еткен ұлыстардың ұрпақ жалғастырған халықтары

өз дүниетанымында ислам құндылықтарын дәстүрлі бағдар етіп қадір-қасиетімен біріктірген.

Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңдерде территориямызда түрлі мемлекеттік бірлестіктер тарихында Ислам ұлттық менталитеттің негізгі діңгегі ретінде өміршеңдік танытқандығына тарихи деректер дәлел болады. Тіпті атеизм жарияланған Кеңестік отаршылдық саясат қазақ дүниетанымдағы исламды жоя алмады. Халық санасы бір Құдіретті күштен қорқып, оған жасырын түрде сиынуды тоқтатпады.

Қазақ мәдениеті ғасырлар бойы Құран мен сүннетке имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы мен имам Матуриди сенім мектебінен сусындаған.

Абай философиясындағы исламдық болмыс қазақ дүниетанымында Әлем мен адам контекстінде сипатталған.

Тоталитарлы-отаршылдық саясаттың күшімен цензураға ұшыраған тарихи жыр мен толғаулардан алынып тасталған ұлтжандылыққа, имандылыққа, ел үшін күреске шақырып, рухты оятып, жігерді жандандыратын өлең жолдарындағы «Алла», «Құдай», «Бисмиллаһир-рахманир-рахим» сөздері көркем мәтіндерінде бұл күнде өз орнына қойылып, тәуелсіздігімізбен бірге насихаттала бастады.

Қазақ даласындағы ислам ерекшеліктерін талдауда әлі күнге дейін отандық ғалымдар арасында бір тұжырымға шынайы біріккен пікірлер аз. Ислам рухани тазалық пен құндылықтардың өзегі, адам болмысының тұтастығын қамтамасыз ете алатын пәрменді күш ретінде адамзат санасына ұялай бастағандығы ең маңызды фактор.

Миллиондаған қазақстандық жастардың өз өмірін өзгертуі, салауаттылық пен парасаттылықты,

өркениеттіліктің болашағын өз бойларында ислам құндылықтарымен байланыстыруы исламның қазіргі таңдағы Қазақ даласындағы өміршеңдігін көрсетеді.

1.1 Қазақ даласына ислам діні таралуының мәдени, тарихи және рухани бастаулары

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және діни қатынастарды реттеу басымдығына ие – ислам дінінің еліміздегі орнығу тарихы өзгеше әрі бірегей. Себебі әлемнің 1 миллиард 500 миллионнан астам әр түрлі ұлттан тұратын неше мың тілдік, нәсілдік ортасы бар халық ұстанып отырған Ислам дінінің тарих сахнасында болуы он төрт ғасыр уақытты қамтиды. Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарын зерттеу мәселесінде міндетті түрде Исламның Қазақстан жеріндегі таралу мен қалыптасу ерекшеліктеріне тоқталу қажет. Бүгінгі және болашақтағы исламның Қазақстанның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі позициясын анықтау үшін Исламның таралу мен қалыптасу ерекшеліктерін, яғни өткен тарихын сипаттайтын зерттеулерге ретроспективалық сараптама жасалуы керек.

Исламның шығу тарихына көз жүгіртер болсақ, ол жазирату-л-араб деп аталатын осы күнгі Араб түбегінде пайда болды. Алла тағала қасиетті Құран Кәрімді осы елдегі Құрайыш тайпасынан шыққан Абдуллаұлы Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымызға уахи еткен. Алла тағала адам баласын қараңғылық зұлматы мен адасушылықтан – қайырым, шапағат, рақым мен мейірімге толы тура жолға салу үшін әр кездері пайғамбарларын жіберіп отырды. Оларды белгілі бір қауымдардан шығарып, Пайғамбарларға Алла тағала қасиетті кітаптарды, яғни өмір сүру заңын да қоса жіберіп тұрды. Адам баласы оны орындамағандықтан,

Жаратушы иеміз қиянатшыл қоғамдарды жойып жіберген. Соңында Алла тағала адамдарға «Алланың діннен бекем ұстап, айырылмандар» [1, Әл-Имран сүресі, 103-аят], «Ақиқатында, Аллаға қабыл дін – Ислам діні» [1, Әл Имран сүресі, 19-аят] деп таза да ақиқат дін – исламды жіберді. Адам баласы қаситетті Құранды басшылыққа алып, ешкімге де, ешнәрсеге де қылдай қиянат жасамай өмір сүрсін, қоғамы әділ де иманды болсын деп дұрыс жолды көрсету үшін Құран Кәрімді Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымызға уахи етті. Бірлік пен ынтымақты насихаттайтын, өз ізбасарларын имандылыққа ұйытатын, рух тазалығын уағыздайтын асыл дін идеясын ту еткен мұсылмандар аз жылдардан соң Араб түбегінен шағындап шығып, осы күнгі Сирия, Палестина, Ирак жеріне жетті. Исламды негізгі дін деп таныған араб қосындарының бір бөлігі Қызыл теңізден өтіп Мысырға табан тіреді, соңыра әрі қарай қазіргі Мағриб араб елдеріне де байрағын желбіретті. Ливия, Тунис, Алжир, Марокко исламға мойынсұнды. 711 жылы мағрибтық мұсылмандар жаңа дінді жалау етіп Атлант мұхиты мен Жерорта теңізін бөліп жатқан Гибралтар бұғазынан өтіп, Андалусияға қазіргі атауы Испанияға аяқ басты. Олар сондай-ақ Испания мен Франция арасындағы Пиреней тауларына да жетті. Кейінірек Ислам діні солтүстік Африка ғана емес, Орталық Африканың да біраз жерлері мен елдеріне тарады. Араб жасақтары тек Батысқа ғана емес, сондай-ақ осы күнгі Кіші Азия мен Кавказ тауларына да ат басын бұрды. Бірте-бірте жаңа дін Мауренахр деп аталған Орта Азиядағы түркілер өлкесіне де жетті. Бұқара мен Самарқанд, Шаш (Ташкент) пен Отырар, Хорезм өлкесі де исламды қабылдады. Осылайша Ислам

діні IX-X ғасырларда суниттік бағытта бірте-бірте түркілер әлемінде де нығая бастады. [2, 7 б.].

Түркілер ислам дінінің пайда болуынан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын әлемдік тарихи процестің белсенді субъектісіне айналды. Ашина державасы көршілес жатқан мемлекеттерді өзімен қуатты мемлекет ретінде санасуға мәжбүр етті. Осы уақыттардан бастап түркілер Еуразия даласындағы барлық тарихи оқиғалардың бел ортасында жүріп, өркениеттік дамудың бағыт-бағдарын айқындауға пәрменді ықпал етті [3, 223 б.]. Түркі тайпаларын исламдандыру бірнеше ғасырларға созылды. Бұл ретте Талас маңында арабтардың 751 жылы қарақытайлармен болған шешуші шайқасы үлкен рөл атқарды. Талас шайқасы туралы атақты француз тарихшысы, шығыстанушы Рене Грессэ: «Қытайша Кьюпише аталған Ташкенттің түркі билеушісі немесе түдүні қытайларға талай рет бас иді (743, 747, 749 жылдары аралығында). Бірақ сол уақыттағы Кучидің губернаторы немесе империялық комиссары Као Сьенчэ оны Қытайға барар жолдарды қорғаудағы өз миссиянды дұрыс орындамадың деп жазғырады. Као Сьенчэ Ташкентке барып, түдүннің басын алып, байлығын иеленді. Бұл осы батыс бөлігіндегі көтерілістерге түрткі болады. Басы алынған түдүннің ұлы Тарбағатайды және Балқаш көлінің шығыс жағалауынан Ертіске дейінгі Ұрынғыны мекендейтін түркі-қарлұқтардан, сондай-ақ Соғдыдағы араб гарнизонынан қолдау сұрайды. Араб генералы Зиад ибн Салих оңтүстіктен, қарлұқтар солтүстіктен келеді. 751 жылдың шілдесінде Као Сьенчэ Талас өзенінің бойында талқандалады. Бартольдтың айтқанындай, бұл тарихи жеңіс Орталық Азияның тағдырын шешті. Барлық оқиғалардың осыған әкеле жатқанындай болып көрінгенімен, Қытай ықпалында

қалудың орнына Орталық Азия мұсылмандыққа бет бұрды» [4, 148 б.].

909 ж. Еділ бойы Бұлғарларына да ислам тарала бастады. Осы елдің билеушісі Ильтебер Алмыш исламды мемлекеттік дін деп жариялады да, 920 ж. аббасид халифіне діндар адамдар мен сәулетшілерді жіберу туралы өтінді. Муктадир Халифі өтінішті қанағаттандырып, 920-922 жж. аралығында керуен жібереді. Ол керуен 922 ж. мамыр айында Еділ бойы Бұлғарларына келіп жетеді. Осы оқиғалардан соң, Еділ бойы Бұлғарлары Шығыс Европадағы түркі-ислам мәдениетінің өзінше бекітілген пункті, апорпосты қызметін атқарады [5, 59 с.]. Бұл турасында Шығыс елдеріне саяхат жасаған Гильом де Рубрук XII ғ. ортасында Еділ бойынан өтіп бара жатып, бұлғарлар туралы: «Бұл жерлерге Мұхаммедтің заңдарын қай хайуан жеткізгендігіне таң қалдым?» – деуінен үлкен мән табуға болады [6, 245 с.]

Түркілердің исламды қабылдауындағы бұқаралық сипат 1043 жылдың күзіне жатқызылады, осы кезде 10 000 шатыр иелері 20000 малды құрбан айт мерекесіне орай құрбандыққа шалып, исламды қабылдайды. Бұл түркілердің жазғы жайлаулары Еділ бойында жайылса, қыстаулары Баласағұнда болатын. Осылайша Каспий маңы жерлері мен Еділ бойын мекен еткен, қыпшақ және т.б. тайпалардан тұратын түркі тайпалары, өзіндік мұсылмандық түркі мәдениетінің орталықтарына айналады [5, 59 с.].

Исламдандырудың басты кезеңі ретінде елімізді Қарахан әулеті (X-XI ғғ.) мен моғолдар (XIV-XV ғғ.) кезеңі аталып өтіледі. Себебі Ислам діні осы уақыттар аралығында мемлекеттік дін болып жарияланған.

Атап айтар болсақ, Қараханидтік билеушілерінен бірінші болып мұсылмандықты қабылдаған Сатук-Богра хан болды. Ол өзіне 955-956 жж. мұсылмандық есім Абу ал-Керімді иемденді. Оның ұлы Мұса 960 ж. исламды мемлекеттік дін ретінде жариялады. Назкен Бакина өз зерттеуінде: «Қараханид түркілерінің исламдануы миссионерлердің белгілі бір күштеуімен емес, бірыңғай мемлекеттік діннің ықпалы негізіндегі экономикалық және саяси пайда күшімен ағымдалды» [5, 60 с.], – деп атап өтеді. Қараханидтер өздерінің көршілес тайпаларына жерді қолдануға берген кезде бір ғана талап қойған. Исламды қабылдаған кезде ғана көршілер жерге уақытша иелік ете алған. Қараханидтердің саяси және әскери жеңістері Орталық Азия территориясына исламның таралып қана қоймай, оның осы жердегі халықтың бұқаралық идеологиясы ретінде ресми статуска ие болуына жақсы жағдай жасады.

Исламның таралуы Алтын Орданың тәуелсіз мемлекет ретінде нығаюына және жаңа қалалардың дамуына ықпал етті. Оның өзіндік ерекшеліктері бар. Себебі Жошы ұлысына ислам мәдениетінің таралуына әсер еткен негізгі бес факторды атап өткен жөн.

Ең бірінші атап өтер мәселе: мұсылмандық қауымдастыққа кіруді хандардың субъективті шешімі болғанымен, араб саяхатшысы Ибн Баттута еңбектері бойынша исламның таралуына саудагерлердің рөлі зор болды. Ибн Баттута (1304-1377), 1342 ж. Қытайға делилік сұлтан Мұхаммед тапсырмасымен келген уақытында Цю-Тун (Цюаньчжоу) портында, Гуанчжоу, Ханчжоу және Ханбалық (Пекин) қалаларында ислам қауымы бар екендігін былай жазады: «Қытайдың әр қаласында мұсылмандардың жеке тұратын қалашығы бар. Онда

жамағатпен намаз оқитын, басқа да жоралғыларын жасайтын мешіттері бар. Олар үлкен құрметке, абыройға ие екен» [7, 223 б.]. Ал оның жасы үлкен замандасы францискандық монах Парденоннан шыққан Одорико Ибн Баттутаға дейін екі онжылдық бұрын Ханчжоу қаласында 40 000 ислам саудагері тұрақты түрде болғандығын жазып қалдырған [8, 3-7 сс.].

Екінші анықталған тұжырым: Таяу Шығыс маңына XI ғ. түркілердің келуі «мұсылмандық өркениетті трансформацияға ұшыратты» [9, с.32] Трансформацияға ұшыраған үмбетті қыпшақ даласы қандай да бір қарсылықсыз қабылдайды. К.Э. Босворт түрік-селжүктардың ислам әлеміндегі рөлін суреттегенде «шамандық тарихы бар түркі мұрасы сопылық ордендеріне жол тапты. Олар өз кезегінде ханафиттік мазхабтың суниттік бағытын қуатты түрде ұстанды» [9, с. 32.].

Үшіншіден, Дешті Қыпшақ жеріне ислам мәдениетінің таралуына Қожа Ахмет Яссауидің рөлі өте зор болды. Исламның түркілер арасында таралуына ықпал еткен тағы бір фактор сұлтан Бейбарыс билік құрған Мысыр елімен жан-жақты байланыс орнату болды. 1261 жылдан бастап екі жақ елшілік делегацияларымен алмасты. Бейбарыс елшілері Қырымдағы Солодажуге, ал Берке өкілдері Александрия қаласына келеді. 1263 жылы Берке мен Бейбарыс арасында парсы хандығына қарсы бағытталған келісім жасалды. Ислам өркениеті үшін бұл маңызы зор оқиға болды. Берке мұсылман әлемін қан қақсатқан Хулагуды талқандап, ислам елдерін шапқыншылықтан сақтап қалды. Ал қыпшақ даласынан сенімді одақтас тапқан Бейбарыс крест жорығын тоқтатты. Бұл жерде саяси ұстанымдармен қатар екі ел билеушілерінің арасындағы жеке тұлғалық

қарым-қатынас Жошы ұлысына да Исламның таралуына өзіндік үлесін қосты. Бартольд өз зерттеулерінде: «Сұлтан Бейбарыс (1260-1277 жж.) Берке ханның күйеу баласы болады, Беркенің мысырлық немересі сұлтан Бейбарыстың мұрагері Са'ид-хан Мұхаммед өзінің атасының құрметіне моңғолдық Берке ханның Насир ад-Дині деген ат алады. Сонымен қатар 1280 ж. Каирде қайтыс болған Беркенің ұлы Бедр ад-Дин Мұхаммед, Құран аяттарын түсіндіріп, араб тілінде өлеңдер мен діни шығармалар жазған» [10, с.142].

Төртіншіден, Дешті Қыпшақ даласындағы өзгеріске түскен исламның мәдени дәстүрі Алтын Орданың мемлекеттік әріптестері арасында мұсылмандық мәдениетті бір деңгейде эволюцияландырады.

Бесіншіден, Дешті Қыпшақ даласында исламның таралуында басқарушы династияның рөлі үлкен болса, исламдық мәдениет нормаларының сіңісуіне қалалардың рөлі маңыз берді [8, 3-7 сс.].

Бұл турасында Әбсаттар қажы Дербісәлі: «Ислам ортағасырларда қазақ даласында бұрын болған қалалар мен қорғандар, камалдар мен кенттердің ірге тасын нығайтып қана қоймай, өзге де шаһарлардың ірге тебуіне ықпал етті. Исламды уағыздайтын мешіттер мен медреселер, ғылым-білім ошақтары бой көтерді» [2, 8 б], – дей келе, Отырардың шығысындағы Сайрам, Манкент, Тараз, Түймекент, Құлан, Меркі, Баласағұн, Шу қалалары ғана емес, Сыр бойындағы Сүткент, Ясы (Түркістан), Қарнак, Сауран, Иқан, Қауған, Өзкент т. б. қалалардың жанданғандығын атап өткен.

Тағы бір қаперде ұстанатын жайт, араб тілі бірнеше ғасырлар бойы Орта Азияда ғылым мен білімнің тілі болды. Отырарлық Әбу Нәсыр әл-Фараби, Ысқақ әл-Фараби, Исмаил әл-Жауһарилер Таяу және Орта

Шығыс елдерінде білім молықтырып, әлем мәдениетінің алтын қорынан орын алатын классикалық шығармалар қалдырды. X-XII ғасырларда тек араб тілі ғана емес, сондай-ақ бірте-бірте жергілікті халықтың түркі тілінде де шығармалар дүниеге келе бастады. Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи салған дәстүрді XV – XVII ғасырларда Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали би Қасымұлы Жалайырилер жалғастырды. Сөйтіп Ислам өркениеті орта ғасырлардан күні кешеге дейін Орта Азия халықтарының әдебиеті мен мәдениетіне, рухани өміріне үлкен әсер етті. Елімізден шыққан араб, парсы, түркі тілді ғалымдардың бір тобы философия, тарих, мәдениет, астрономия, логика, музыка, әдебиет пен тіл, медицина саласындағы еңбектерімен аты шықса, енді бірі қасиетті Құран мен тафсир, шариғат, мазһабтар, фикһке арналған шығармаларымен де ел құрметіне бөленген. Бұл ретте Бұрхан ад-Дин Ахмад әл-Фараби, Имад ад-Дин Әбу-л Қасым әл-Фараби, Қауам ад-Дин әл-Фараби, Молла Ахмет әл-Женди, Хусам ад-Дин әл-Хусейн ас-Сығнақи, Әбу Абд Алла әл-Баласағұни, Әбд әл-Ғафур әл-Кердери, Мұхаммед әл-Кердери, Хафиз ад-Дин әл-Кердерилерді атауға болады. Сайрамдық Ахмад әл-Исфиджаби атты ғұламалар да өзінің терең ойлы туындыларын дін Ислам ғылымына арнаған. Сайрамнан сондай-ақ әл-Қади әл-Байдауи, Әбу-л Хасан Әли әл-Байдауи секілді қазылар да шыққан. Соңғы екеуі – туған жері Сайрамда көз жұмған. Орта ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанға соғылық ілім де тағады. Ол көбінесе көшпелі тіршілік кешкен жұртта Ислам дінінің мықтап орнығуына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдебиеті мен мәдениетіне әсер етті [12, 117-234 бб.].

Қазақстандағы діни жағдайды сараптау динамикасы ежелгі кезеңнен бастап кеңестік кезеңдегі уақытта қарама қайшылықты тенденциялар бар екендігін айшықтайды. Жалпы, Ислам өзінің өміршеңдігін және тұрақтылығын дәлелдеді. Себебі, ежелгі Түркі даласына дін ретінде енген ислам, кейін қазақ дүниетанымына мәдени негізде толыққанды енді. Халқымыздың барлық салт-дәстүрлерінің Исламнан бастау алатындығы ислам құндылықтарының халықтық санада берік бекігендегінен көруге болады. Сонымен қатар, Ислам діні Қазақстан жерінде әртүрлі кезеңде территориялық аймақтағы мемлекеттік бірлестіктерде түрлі маңызға ие саяси рөл атқарғандығы туралы тұжырымды дәйектер келтіруге болады. Оған Әмір Темір мен Тәуке ханның тұсындағы Мәуринахр мен Даладағы исламның орнын дәлелдейтін деректердің өзі жеткілікті. Әмір Темірдің (1370-1405) заңдар жинағында: «Мен өз қамқорлығымға Құдайдың діні мен Мұхаммед (с.а.у.) заңдарын насихатталуын алдым. Мен Исламды барлық жерде және барлық уақыттар бірлігінде қолдадым. Дін мен заңдарға негізделмеген өкімет пен биліктің өміршең болмайтындығын тәжірибем көрсетті. Сондықтан, әр аймаққа исламның білгірін жібердім, олар өз кезегінде исламда көрсетілген сенім бойынша бұқара халықты ұятты нәрселерден тиятын болады. Адамдардың білімін көтеру үшін медресе мен мешіттер салдырдым. Мен әр қалада Қасиетті Құранды, Ислам дінінің негізіне атақты ғалымдардың зерттеулері арқылы үйрететін иманды діни өкілдер тұруына жағдай жасадым» [13, с. 11], – деп атап көрсеткен.

Сонымен қатар, қараханидтер тұсындағы исламды қабылдау Орта және Алдыңғы Азия елдерімен түрік тайпаларының саяси, әлеуметтік және экономикалық

байланысының орнауына алып келгендігін атап өту қажет. Ислам құндылықтарының білім, отбасы және жанұялық қарым қатынасындағы баламалы басымдығы қазақ этносының генезисінің ерекшелігімен немесе тәңірлік дүниетаным іздерінің көрініс табуымен түсіндіру мүмкін емес. Өйткені, рулық шежірені білу немесе жеті атаға дейін қыз алыспау салтының өзі Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар хадистерінде көрініс тапқандығын бірі білсе бірі біле бермейді.

Сонымен қатар, қазақ этносын қалыптастыруға қатысушы найман, керейт, қыпшақ секілді көшпелі тайпалардың әскери-саяси бірлестігі территорияларында XI-XII ғғ. исламмен қатар тәңіршілдік пен христиан табысты бәсекелес болған. Ислам Хорезм мемлекетімен көршілес орналасқан және тығыз байланыс орнатқан елдерде таралды. [14, с. 150-151].

XII ғ. моңғолдардың басып кіруі нәтижесінде ислам позициясы нығая түсті. Көп жағдайда бұл мәселе моңғол басып алушылардың бір діни жүйені еңгізу ойының болмағандығымен түсіндіріледі. Ислам позицияларының нығаяу Алтын Орданың бастапқыда Берке хан тұсында (1255-1266), кейін Тудеменгі мен Узбек хандар тұсында мұсылмандықты қабылдауына алып келді.

Әрі қарай исламның бекуіне Тәуке ханның «Жеті Жарғы» деп аталатын Заңдар жинағы өз үлесін қосты. Осы заңдар жинағында мемлекеттің мұсылмандық дінге ресми қолдау көрсетуі көрініс тапқан. Мысалы, «Христиан дініне өткендердің ағайын туыстары, оларды барлық меншігінен айыруға хақы бар», «Рухани мұрагерлік тума-туыс пен молдалар қатысуымен өтеді» және т.б. [15, 8-9 б.].

XVI-XVII ғғ. қазақтардың Орта Азия халықтары мен Еділ бойы татарлармен экономикалық және мәдени байланыстары Қазақстандағы исламның интенсивті түрде кең таралуына алып келеді. Исламның жол серіктері ретінде Бұхара, Самарқанд, Ташкент, Хиуа, Түркістаннан келген миссионерлері саналды.

XVIII-XIX ғғ. Ресей империясына қосылған Қазақстанның исламдануына Ресейдің Ислам дініне деген қарым қатынасы шешуші фактор болып есептелді. Отаршылдықтың алғашқы жылдары, яғни XVII ғ. ресей өкіметі көшпелі халық арасына христиан дінін тарата бастайды, кейіннен нәтиже бермегендіктен Ислам бақылау арқылы таратылады. Р.Мұстафина ойынша, XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қазақтар мұсылманша оқудың негізімен таныс болған, әрі осы кезеңдегі исламның негізінде балаларын мұсылман мектептеріне беріп, өздері мешіттерге барып тұрған. Бұл өз кезегінде қазақ халқының даму тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде ислам үстірт, яғни мазмұны тұрғысынан етене бойлай алмады деген пікірді теріске шығарады [16, 32 б.]. Патша өкіметінің күштеп көшіру саясаты осы кезеңде исламның ұстанымдарының бекуіне айтарлықтай әсер етті. Себебі, XIX ғасырдың 70 жылдары Даланың бүкіл аймақтарына орыс және украин переселендерін көшіру басталды, 80 жылдары аталған жағдай бұқаралық сипатқа ие болды. 1897 жылы Ақмола облысында орыс халқының үлес салмағы 56,7 пайызды, Орал облысында – 40,8 пайызды, Торғай облысында – 37,8 пайызды, Жетісуда – 23,5 пайызды, Семейде – 24 пайызды, Сырдарияда – 6,2 пайызды құрады. 1897 жылы Қазақстан территориясындағы қазақтардың үлесі 81,7 пайызды құраса, ал 1914 жылы – 65,1 пайызға төмендеді [17, 67 с.]. Далада, оның ішінде солтүстік

аймақта орыс халқының көбеюі этникалық негізде Оңтүстік пен Солтүстікке территорияның бөлінуіне алып келді, сондай-ақ, бұқара халықтың Ислам дініне беріктігі Ресей тарапы XX ғасырдың басында Ресей империясының отарлау саясатына, оның біртұтастығына қауіп төндіруші фактор ретінде қабылданды. Әйтсе де 1906 жылдың көктемінде Верныйда Түркістан өлкесі мұсылмандарының I құрылтайы өтті, оған 100-ге жуық делегаттар қатысты. Құрылтай қаулысында бүкіл Ресей мұсылмандарының діни-руханият мәселелерімен айналысатын мұсылмандар діни бас басқармасын құру, муфтиден бастап азаншыға дейінгі дін қызметкерлерін жергілікті әкімшілік емес, халықтың өзі сайлауы, вакуфтер ашу, мешіттер салу және оларды жөндеуге рұқсат беру, мектептер мен медреселерді реформалау қажеттілігі атап көрсетілді. Сөйтіп сол жылдары Жетісуда өзге де саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар сияқты діни қауымдастық та ресми түрде тіркелген.

1917 жылы мемлекеттік басқару мәселесіне байланысты жалпықазақ съезі өтті. Онда қазақ облыстары территориялық ұлттық автономиясын алатын Ресей демократиялық федеративтік парламенттік республикасын құру идеясы ұсынылды. Орынбор қаласында өткен екінші жалпы қазақ съезінде жалпы ресей құрылтай жиналысы мақұлдауға тиісті қазақ-қырғыз облыстарының автономиясына «Алаш» атауын беру ұйғарылды. Сонымен қатар, осындай «Алаш» саяси партиясының Бағдарламасында мемлекеттің шіркеуден бөлектенуі, заң алдындағы барлық діндердің бірдейлігі, барлық діни оқулардың насихатталу бостандығы, Қазақстанда жеке муфтияттың құрылу мәселелері ұсынылды. Алайда осы кезеңде шарифаттың құзыретіне

кіретін мәселелер аясы кеміп, молдалар қызметіне үйлену, ажырасу, туу мен өлуді тіркеу процедуралары кіретін болады.

1917 жылғы қараша айында өткен жалпы ресей делегаттарының жиналысы «Алаш» партиясының талаптарымен келісетіндіктерін көрсетті, мысалы Семей губерниясы бойынша партия блогы 57,5 пайыз дауысты иемденсе, Торғай мен Орал облыстарында 75 пайызды иеленді. Ислам дініне, оның болашағына позициялар аясы Қазақстанның солтүстік аймағында тұратын национал-демократтардың көзқарасымен шектелмеді.

1917 жылдың қыркүйегінде «Мұсылман Одағы» партиясының құрылуын жария еткен Түркістан және қазақ мұсылмандарының съезі өтті. 1917 жылдың қараша айында Қоқанда IV Жалпытүркістандық Төтенше съезі ашылды, Съезде Ислам мемлекеттік дін ретінде мақұлданатын Түркістан автономиясының, Түркістан Халықтық Өкіметінің құрылуы жарияланды [17, с. 148-154]. Алайда ол бастама отаршыл саясат тарапынан қуғынға ұшырайды.

Кеңес Одағы кезінде Исламның алғашқы қабылдануынан Шығыс халықтарының арасында өзіндік атрибутқа айналғанға дейінгі өзгерістер эволюциясын 1917-1927 жылдар аралығында қабылданған құжаттар тізбегі мазмұнынан көруге болады. 1917 жылы қараша айында қабылданған «Ресей және Шығыс еңбектенуші мұсылмандарға» деп аталатын РСФСР халық комиссарлар Кеңесі жолдауында: «... осы бастан бастап сіздердің салт-дәстүр, наным-сенімдеріңізге қол сұғылмайды, ұлттық және мәдени ұйымдарыңыз өз қызметін еркін жүзеге асырады. Өздеріңіздің ұлттық өмірлеріңізді азат әрі кедергісіз жүзеге асырыңыздыр», – деп атап көрсетілген. 1920 жылғы қазан айындағы

КАССР еңбектенушілердің құқық Декларациясында: «осы декларация белгілеген негізгі ережеде еңбектенушілердің құқығына нұқсан келмейтін қырғыз халқының тұрмыстық ерекшеліктерін ескере отырып, Кеңестік Ресейдің халықтық революциялық соты тәжірибесінің нақты мысалында халықтық әділет құру» қарастырылып, аталған құжатта «мұсылман» термині қолданылмайды, сонымен қатар діндарларды Кеңестерге сайлау және сайлану құқығын иемдендіре отырып, осы кезде қазақтың әдет пен Шарифаттан тұратын халықтық соты трансформацияға ұшырайды [16, с. 457].

Алайда, 1921 жылы сайлауға қатысу құқығынан билер, имандар, ишандар, хазреттер, муфтилер және мұсылмандардың діни басқармасының мүшелері айырылады. Сонымен қатар, 1920 жылы Кеңес халық комиссарлар декретімен халықтық салт-дәстүрлер, атап айтқанда қалыңмал беру, құн төлеу жойылады.

1926 жылдан бастап ресми құжаттарда мұсылмандықтың «антикеңестік мазмұны» турасында тезистер пайда бола бастайды, ал 1927 жылы мәселенің мазмұны «антидіни үгіт-насихат» тұрғысына емес, «кластық еңбектенушілердің жауы» статусына ие болған «исламмен күресудің шаралары» тұрғысына ауысады.

Алайда, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде немістердің Еділ бойына жақындап қалғанынан сескенген Сталин 1937-1938 жылдары өзі жазықсыз жапа шектірген Орта Азия мұсылмандарының ризалығына бөленбек оймен ислам дініне көңіл бөлуге кірісті. Сөйтіп 1943 жылы Ташкент қаласында Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының құрылтайы ұйымдастырылды. Оның жұмысына Қазақстан делегациясын шейх Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов бастап

барды. Құрылтайда Орта Азия мен Қазақстан Республикалары мұсылмандарының діни басқармасы құрылып төрағасы, Бас мүфти болып Ишан Бабахан Абдулмажитхан (1884-1953) сайланды. Бұл діни басқарманың республикамыздағы өкілі, Алматы қаласының имамы Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов болды. Ол өз кезегінде Қазанда діни білім алған, Қазақстанда алғаш мұсылмандар қазиятын құрған діндар адам болған. 1952 жылы ол өз орнына Сәдуақас Ғылманиді кази етіп бекіттіреді. Садуақас Ғылмани өз кезегінде қазиятты 1952-1972 жылдары басқарады. Сәдуақас кажи Ғылманидан соң 1972-1979 жылдары қазият кеңсесін Жахия қажы Бейсенбайұлы басқарған. 1975-1979 жылдары Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қазақстандағы қазият хатшысы болып Рэтбек қажы Нысанбайұлы қызмет атқарады [2, 12-17 бб.].

60-жылдардың бас кезінен бастап исламның өкілдері мен басқару органдары арасындағы қарым-қатынас пен елдегі діни ситуация туралы төмендегі мұрағат мәліметтерімен саралауға болады. 1961 жылы Қазақстанда мұсылман культі 25 тіркелген мешіттерді құрады, 40 намаз оқитын мұсылманнан, оның ішінде 20 мен 30 жас аралығындағы 10-нан 20-сына дейінгі пайызды әйелдер, 5-6 пайызды ер азаматтар құрады. 25 имам арасында 21 қазақ, 3 өзбек, 1 татар болды. 15 имамның орта діни білім, 7 имамда орташадан төменгі білім сатысы, ал 3 имамда ең төменгі діни білім болды. Діни басқарма арнаулы білімі жоқ, «кезбелі» молдалар есебінен толығып отырған. Себебі, жаңа діни кадрлар Ташкент және Бұқара діни училищесінде дайындалатын, 1961 жылы аталған оқу орнында небәрі 7 қазақстандық білім алған. 25 тіркелген мешіттермен

қатар, 66 тіркелмеген мұсылман қауымдастықтары және 521 үйлерді аралап рәсімдер жасайтын «кезбелі молдалар» болған.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі негізіндегі діни культтер ісі бойынша Кеңесінің Уәкілі Б.Джумашев 1961 жылы тіркелген қауымдастық санынан сенушілердің көлемінің өспей отырғандығы туралы, әртүрлі культке жататын 72 тіркелмеген діни ұйымдар мен топтардың жабылуы негізінде тарап кетуі туралы, сенушілерді дін жолынан айыру жұмыстарының күшейгендігі туралы, жергілікті жерлерде тіркелген қауымдастық пен діни басқарма қызметін танып білу және бақылудың жақсарғандығы туралы қорытынды жасаған [18, с. 458].

Бұл діндерді оның ішінде Ислам дінін халық санасынан жою барысында жасаған басқарма органдарының қызметінің сипатты көрінісі болып табылады. Алайда Кеңес өкіметі көздеген саясаты түбегейлі жүзеге аспады. Оған бірнеше факторлар себеп болды. Біріншіден, 80 жылдары Қазақстанға жүргізілген зерттеулер бойынша тұрғылықты аймақтарға қарай дінге сенушілер 20 пайыздан 70 пайыз аралығын құрады. Бұл атеизмнің исламды ығыстыра алмағандығының нақты көрсеткіші болып табылады. Екіншіден, діни наным-сенім бостандығының формальды түрде болса да конституциялық бекінуі маңызды рөл атқарды. Үшіншіден, этноұлттық негізде кеңестік одақ мемлекетін құру саясаты барысында этникалық қайшы факторларға да байланысты еді. Төртіншіден, 50-ші жылдардағы Н.С. Хрущев кезеңінің жылымық уақыты кеңестік идеологияның дағдарысын бастап берді, бұл жағдай аталған әсер етуші факторлар арасында шешуші болды.

Кеңес кезеңіндегі құжаттар көрсеткендей, ислам ұзақ уақыт бойы патша өкіметінің переселен саясатымен отаршылдықтың Даладағы нығаюының бір факторы ретінде қарастырылды. Бұл мәселеде басты акцент өзіндік әкімшілігі жоқ Орынбор муфтиятына кіретін қазақ діндарларына қойылды. Ресей билігі қазақ дін өкілдеріне саяси құзырет беруге мүдделі болмады, діни өкілдердің саяси белсенділігі ХХ ғасырдың басында мұсылмандардың ерік-бостандығын шектеу науқанына алып келді. Кеңес Одағы исламды отбасылық тұрмыстық деңгейде кең қанат жаюына қарсы шараларды қолдануға мүдделі болды.

Қазақстандағы исламның қызметінің аяққа тұруының алғашқы кезеңі еліміздегі діни ұйымдардың қызметін регламенттейтін либералды заңнамалардың дүниеге келуімен, 1990 жылы Қазақстан мұсылмандарының Діни Басқармасының ашылуы, биліктің исламның жандануының бағдарламасын ҚМДБ жүзеге асыру және жобалар жасалуы, мұсылман мемлекеттерімен байланыстарды жандандыру, ислам мамандарын арнайы шетел орталықтарында оқытуды қолға алуымен тұспа-тұс келді. Себебі, Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы 1990 жылға дейін Ташкентте болғандықтан Қазақстанның діни-рухани өміріне әсер ете алған жоқ. Мешіттер салынып, діни әдебиеттер басылмады. Ташкентте шығатын бірен-саран журнал, газет республика халқының діни сұранысын өтей алмады. 1980 жылдардың екінші жартысындағы Кеңес империясындағы жариялылық, демократияландыру үрдісі дін саласына да өз әсерін тигізді. Сол себепті де кең байтақ Отанымызда жеке діни басқарма құру идеясы қарқын ала бастады. Оны республикамыздың сол жылдары Министрлер

Кеңесінің төрағасы Н.Ә.Назарбаев қуаттап, соның қолдауымен Мәскеу елімізде мұсылмандар діни басқармасын құруға рұқсат етті. 1990 жылы 12-ші қаңтарда Қазақстан мұсылмандарының I құрылтайында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылып, басқарма төрағасы, Бас мүфти болып Рәтбек қажы Нысанбайұлы сайланды. Бұл қызметті ол 2000 жылға дейін атқарды.

2000 жылдың 24 маусымында өткен Қазақстан мұсылмандарының III құрылтайында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти болып бірауыздан Әбсаттар қажы Дербісәлі сайланды. 2013 жылдың 19-шы ақпанында өткен кезектен тыс VII құрылтайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти болып Ержан қажы Малғажыұлы бірауыздан сайланды.

Діни ұйымдар қызметі Конституция, Азаматтық кодексі және 1992 жылы қабылданған «Діни сенім және діни қарым қатынастар бостандығы туралы» ҚР Заңы негізінде жүзеге асырылады. Бұл мемлекет басшылығының діннің рухани әлеуетіне, оның қоғамдық ортаны біріктірудің орасан зор рөліне жоғары баға бергендігінің көрінісі болып табылады. Тәуелсіздік жылдары діни ахуал жақсы дамыды. Елімізде бірнеше жүздеген мешіттер ашылды, Алматы қаласында Нұр-Мүбарак Мысыр Ислам мәдениеті университеті, Республикалық имамдардың білімін жетілдіру Ислам институты ашылды. Діни маңызы жоғары халықаралық шаралар өткізілді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өзінің төл басылымдары ретінде «Ислам және өркениет» газеті, «Иман» діни-ағартушылық танымдық журналы басылып шығады.

Қазіргі уақытта елімізде 40-тан аса конфессиялардың діни бірлестіктер мен ұйымдар саны 4000-нан асады. Соның ішінде 2337 ислам діни бірлестіктері, орыс православие шіркеуі – 281, рим-католик шіркеуі – 82, протестанттік діни бірлестіктер – 1189, иудейлердің діни бірлестіктері – 27-ні құрайды. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға төмендегілер енеді: 5-буддистік қауым, 24-индуистік, 12-кришнаиттік, 23-Бахаи, 2-трансцендентальдық медитация қауымы, сонымен қатар, Ұлы АҚ Бауырластықтың 2-қауымы, 6-саентология шіркеуі қауымы т.б. Бұлардың 40-астам мерзімді діни басылымдары шығады. Еліміздегі діни оқу-орындар саны – 19, елімізде – 2200-ге жуық мешіт, мұсылман діни бірлестіктер саны – 2337 [17, 9 б.].

Қазіргі таңда Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың және тоталитарлы секталардың көбеюі мен оның қатарына жастардың жалпы халықтың көптеп тартылуы көпұлтты мемлекетіміздің ұлтаралық татулық пен тұрақтылығына қауіпті фактор және ұлтаралық радикализм мен шиеленісті тудыратын қосымша күш болып табылады. Бүгінде Қазақстан Бүкіләлемдік діни-рухани форумның орталығы болып табылады. Ал Қазақстанның зайырлы мемлекет болуына орай, ресми идеология дінге барынша бейтарап. Сондықтан Қазақстандағы жетекші діни конфессия статусына ие ислам мен христиан діндеріне мемлекет тарапынан қамқорлық танытылатын, басқа діни ұйымдардың қызметін реттейтін жаңа Заңның қабылдануы өзекті мәселеге айналды.

2011 жылы қазанның 11-і күні «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды.

ҚР Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шариф Республикалық БАҚ-на берген мәліметінде

«Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) республикалық ислами діни бірлестік ретінде тіркеліп, барлық облыстардағы 2228 мешіт қайта тіркеуден өткенін», – айтты.

Қазақ даласына ислам діні таралуының мәдени, тарихи және рухани бастауларына тоқталған кезде Ислам дініндегі этикалық ұғымдардың тарихи философиялық маңызы туралы зерттелген ғылыми жұмыстарға тоқталып өткен маңызды. Оларды Кеңестік кезеңдегі бұрмалануға ұшыраған ғылыми тұжырымдар және еліміздің тәуелсіздік тұғырындағы жаңаша ғылыми тұжырымдар деп екіге бөліп қарастыруға болады.

Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарының орны – отандық ғылымда бұрын-соңды зерттелмеген тың мәселелердің бірі. Құндылықтарды зерттейтін аксиология ғылымы бойынша қазақ халқының рухани құндылықтары, адамдық құндылықтары, тұлғалық құндылықтары зерттелді. Алайда ислам дініндегі құндылықтардың қазақ мәдениетінің феномені ретіндегі мәселе қарастырылмаған тың тақырыптардың бірі десек қателеспейміз. Сонымен қатар, ислам құндылықтарындағы «қайырымдылық», «ерік-бостандық» категориялар әлеуметтік, психологиялық, философиялық тұрғыда белгілі бір деңгейде зерттелгенімен, исламдық басқа этикалық категориялар құндылық ретінде ғылыми негізделіп зерделенбеді және осы мәселеге қатысты мәдени антропология тұрғысынан қарастырылған еңбектер жоқтың қасы деп айтуға болады.

Атап өтетін басты жайт, Кеңестік дәуірде дінге қатысты ғылыми зерттеу өзара ішкі қайшылықтарға толы болды. Бұл мәселені бүгінгі таңда ғылыми тұрғыдан

сараптау белгілі бір байыптылыққа, жан-жақты қатаң әрі терең зерттеулерді жүргізуге шақырады.

Ислам дінін ұстанған шетелдік ғалымдарға тоқталар болсақ, Нежати Өнер жалпы исламдық құндылықтардың ішінен еркіндік мәселесіне тоқталып, сөз бостандығы, саяси бостандық, құқықтық бостандық мәселелерін қарастырады.

Сайм Иепрем болса, «Имам Матуриди және адамның ерік-бостандығы» атты еңбегінде исламдағы ерік-бостандық феноменін уақыт, мекен мәселелеріне қатысты детерминистік тұрғыдан қарастырғандығы байқалады. Бірақ аталмыш ғалымдар еркіндіктің ара жігін ажыратпайды және адамның рухани ерік-бостандығын ислам құндылықтарынан даралап ерекше рухани құбылыс ретінде қарастырмайды. Біздің зерттеуіміз ислами құндылықтарын, оның қазақ мәдениетіндегі орнын жеке зерттеу объектісі болуымен ерекшеленеді.

Ғарифолла Есімнің пайымдауы бойынша: «Алланың пендесіне берген харекет еркіндігін біз «қайрат» дейміз. Қандай іс болмасын адамнан қайратты талап етеді, ол болса, адамды жақсылыққа да, жамандыққа да бастай береді. Құдайдың адамға берген қайратын тежеп, ішіп-жеу, көру, есту сияқты сезімдерден адамның өз-өзін тежеуі күнә болмақ» [19, 55 б.]. Бұл жерде қайрат сөзі ислам дініндегі этикалық ұғымдардың маңызды категориясы ретінде қолданылған. Олай болса, жалпы ислам құндылықтарының қоғамдағы зор пайдасы мен ықпалы барынша кең әрі ауқымды екендігін байқауға болады.

Махмұд Хамди Зақзұқтың тұжырымдауы бойынша, ислам құндылықтары діндегі ерекше өркениеттілік белгісі әрі философиялық мәселе болып саналады, бұған қоса, ол адам құндылықтарының басты тармақтарына кіреді [20, 159-180 бб.].

Ж.Ж. Молдабековтың пікірінше адамның рухани құндылықтары ол адамның денелік және интеллектуалды ұмтылысының нәтижесі мен көрінісі. Адамның адам болып жетілуі, оның ақылына, еркіне және сеніміне байланысты. Аталмыш ғалымдар адамның бойындағы рухани этикалық ұғымдарды әлеуметтік-философиялық тұрғыдан қарастырады [21, 137 б.].

Ал аксиологиялық тұрғыдан тоқталған С.Е. Нұрмұратовтың пікірінше: «Қазақ жеріне келген мұсылмандық бағыт исламның суниттік ағымындағы ханафиттік мазһаб болып табылады. Ислам өзінің көп ғасырлық тарихында әлеуметтік дүниенің көптеген саласына еңдей алатын ерекше рухани құбылыс екенін танытты» [22, 75 б.], деп тұжырымдауы, исламдық құндылықтардың қазақ халқының рухани өмірінде қаншалықты маңызға ие екендігі анық байқалады.

Г.Қ. Әбдіғалиева өз тұжырымында діни құндылықтардың гуманистік мазмұнына талдау жасайды. Діни моральдың негізінде Құдайға сенім және оның алдындағы жауапкершілік діни-этикалық құндылықтардың ерекшелігін көрсетеді. Оның ойынша дін ұзақ уақыт бойы мәдениет тарихында доминатты рөлінің арқасында рухани және материалдық құндылықтардың дүниеге келуіне түрткі болды [23, 133 б.].

Н.Ж. Байтенованың ғалым ретіндегі тұжырымдалған пікірі: «Дін халықтың рухани негізі, дүниетанымдық болмысының қайнар бұлағы іспеттес» болып табылады [24, 3 б.]. С.Б. Бөлекбаев өз кезегінде діни құндылықтардың дүниетанымдық, мәдени-философиялық қарым-қатынастағы рөлінің жоғары болатындығын нақты сипаттайды [25, 33 б.].

Г.Ж. Нұрышеваның пікірінше, исламдағы ерекше мәнге ие еркіндік ұғымын ол – адамның өзіндік «Менің», өз өмірімнің мәнін, өмірлік мақсатын таңдай білу және жүзеге асыру мүмкіндігі [26, 142-143 бб.]. Абсолюттік еркіндік болуы мүмкін емес, себебі еркіндік қадам басқан сайын тәуелділікпен бетпе-бет кездесіп отырады. Ол табиғат пен қоғам, басқа адамдар тарапынан болатын сыртқы кедергілер және адамның өзінің жігерсіздігі, рухының төмендігі, ақылының аздығы сияқты ішкі кедергілер болуы мүмкін. Өз еркіндігінің абсолютті емес, салыстырмалы екендігін адам ақылының көмегімен, байыпты түрде түсіне білген жөн. Біз адамның рухани ерік-бостандығын дін философиясының негізгі категорияларының бірі ретінде қарастырамыз.

Сонымен қатар, ислам философиясын жаңаша көзқараста талдаған Ж.Алтаевтың еңбегінде, автор, философия мен теологияның ара қатынасы сананы қолдану деңгейіне негізделетіндігін алға тартады. Ислам философиясы «кулли ақыл» ұғымына яғни жалпы әлемдік санаға, жалпы адамзаттық парасатқа жүгінеді. Себебі кез-келген адамның бұл дүниедегі мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан жалпыадамзаттық парасат пен жалпы әлемдік сана қажеттілік бар. Одан пайда болуы үшін, аталған ұғымның заңын Құран деп атайды. Құран философиясын жетілген философия дей келе, автор: «Мудрый Создатель, создавший с любовью этот мир, разумеется, не оставит твои самые важные вопросы о жизни и смерти без самого полного, элегантного и четкого ответа. ... рациональный смысл осветит человеческий дух высокими эмоциями любви, сострадания и нежности, став сплавом интеллекта и души, рассудка и чувств», – деп Алланың осы әлемді жаратқан

шексіздігін философиялық тұрғыдан түсіндіреді [27, с. 227-228].

1.2 Қазақстандағы мұсылмандық дүниетанымның аксиологиялық сипаттамасы

Қазақ мәдениетінің негізгі мәселелерінің біріне кісілік пен әдептілікті айқындау жатады. Қазақ мәдениетіндегі мұсылмандық дүниетанымның әдеп мәселесін жіктегенде алғашқы мәдени-әдептік бинарлық оппозиция ретінде “адам” мен ”пендені” алуға болады. Адам діни философиялық бағытта қалыптасқан және иудей-христиан-ислам теологиясындағы жаратушы күдіреттілігімен әлемге келген туынды, барлық кісілердің арғы тегі. Кейін адам батыс философиясында да, шығыстық философияда да бүкіл адамзатты әмбебапты бейнелейтін тектік ұғымға айналады. Алла тағала адамды табиғаттан жаратқан және оған өзіндік мағына мен рух берген.

Жақсы адам – рухани адам. Осындай мұрат тұтатын адам туралы қазақтанушы Қ. Жарықбаев ойларын былай түйіндейді: “Ақылды адам өзіндік ойы, өзіндік мақсаты, өзіндік бағыты бар, кез келгеннің жетегіне еріп кетпейді. Салқынқандылық, тұрақтылық, мінезділік – адамға ауадай қажет. “Қайда жүрсең де өзінді тізгіндеп ұста”, “Адам болу үшін ерлікпен қатар ақкөңілділік те керек”, “Байсалдылық – ізгі қасиет”. Адамның осындай жақсы қасиеттерін тізбектей келе, жұртты жаман мінез, жат қылықтан жирендіреді. (“Сараңның жұрт түгілі өзіне де дәрмені жетпейді”, “Топасқа қылығы да қырсық болып жабысады”, “Ұятсыздан үйдей пәле шығады”). Адамға төмендегідей қылықтар, атап айтқанда – өтірік айту, дандайсу, ішкілікке салыну, нәпсіге құмарту,

іштарлық, күншілдік пен басараздық, бұзық жолға түсу, босқа күйіп-пісу, ашушаң болу, адамның өзін өзі ұстай алмауы және тағы басқалары еш уақытта опа бермейді. Ақылды адам бұларды бойына дарытпау үшін ылғи да қам жеп, сақ жүреді. Жақсы адам ылғи да жеке басымен қоса, отбасының да берекесін ойлап жүреді. Бақытты болу, асыл мұратқа жету жақсы қасиеттерсіз жүзеге аспайды. (“Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды”). Ал бақ пен бақытқа жету адамның өз қолында. Кісі – өз бақытының қожасы. Бұл үшін ол аянбай еңбек етіп, өз бойына адамгершілік қасиеттерді егіп отыруы тиіс. Адам өзінің ақыл-парасатымен қатар сезім дүниесін де билеп-төстеуі керек, яғни өз көңіл-күйінің де қожасы болсын, солғын, қораш сезімді адам – бұл әлде де болса тәрбиесі жетіспеген адам. (“Жанұшырушылық – топас адамның белгісі”, “Ашу шақыру – ақылға нұқсан келтіреді”, “Ақылдылық ашумен бірге жүрмейді” [28, 39 б]).

Этиканың зерттеу нысаны «әдеп» ұғымы арнаулы әдебиетте бірнеше мағынада қолданылады. Әдеп – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіретін ұғым. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтіруімен байланысты. Бұл сипатта әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасу барысында ізгі мінез-құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отырған. Әдеп өлшемдері арнаулы қаулы арқылы жарияланбайды және олар данышпан адамдардың ойлап тапқан құндылықтары емес. Әдеп ережелері өркениет пен мәдениеттен сұрыпталып алынған. Қазіргі заманғы ғылым әдептің қалыптасуына әсер еткен үш басты факторды атап өтеді. Олар: жыныстық қатынасты реттеу арқылы

аналық рудың пайда болуы; тайпа мүшелерін өлтіруге тыйым салу; қариялар мен балаларға қамқорлық ету. Мәдениеттің өзегін салт-дәстүрлік әдеп құрастырады. Егер соқыр сезім жануарлар тіршілігіне қалай әсер етсе, салт-дәстүр де алғашқы адамдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқына, ақыл-ойына сондай әсер етеді. Дәстүрлі қоғамдағы әдептің қарапайым түрін кейін рационалды имандылық қағидалары алмастырды. Алайда бұдан көне әдеп жоғалып кетті деген ой тұмайды. Себебі көне мәдениет қазіргі ұлттық мәдениеттің архитипті қызметін атқарады. Қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесі сонау көшпелілер мәдениетінен нәр алады. Ол қазіргі заман талаптарына сәйкес жаңара түскенімен, бастапқы негізін сақтап келеді.

Қазақ мәдениетіндегі әдеп мәселесіне қатысты әлі де мағынасы терең ашылмаған, зерттеуді қажет ететін ұғымға “кісі” жатады. Бұл ұғым туралы сан-алуан түсіндірмелер бар. ”Қазақ даласының ойшылдары (XIII-XV ғасырлар)” кітабының авторлары орта-ғасырлық түркі ойшылдары мен хакім Абай да адамның теріс қылықтарына сай “кісі” деген ұғым қолданды дейді де, мынадай қорытындыға келеді: “...әдетте, хакім де пендені адамнан бөліп алады да, оны адам қатарына жатқызбай, ол туралы тек ”кісі” деген ғана ұғымды қолданады”. Алайда “кісі” ұғымы жақсы адамды бейнелеуге де қолданылады [29, 28 б.].

Кісілік қасиеттер әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде арнайы қарастырылады. Оның пікірінше, кісілік белгілер, әсіресе, елбасыға тән болуы қажет. Осындай кісіге қойылатын талаптар: “Біріншіден, бұл кісінің мүшелері мүлдем мінсіз болуға тиіс: жаратылысынан өзіне айтылғаның бәрін жете түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек,

алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын ділмар болуы шарт; өнер-білімге құштар болуы, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болуы керек; тағамға, ішімдік ішуге, сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болуы керек; шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көруі керек; жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылысынан пысық істердің бәрінен жоғары болып, игі істерге ынтазар болуға тиіс; дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарауы керек; жаратылыстан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көру керек; қыңыр болмау керек; өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болуы керек”, – дейді. Сонымен, “кісі” шығыстық мәдениетте инабатты адам мағынасына жақын қолданылатын адамдық келбет болып табылады [30, 105 б.].

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде “кісі” ұғымы өзіндік Менін және сөз өнерін жете меңгеру арқылы үлгі боларлық адамды да білдіреді. Бұл, әсіресе, ақын-жыраулардың перформативтік дискурсына тән. Бұл дискурста кісілік алдыңғы қатарға шығады. Асан Қайғы толғауындағы кісі өзінің ерекше әдептілігімен көзге түседі:

Ақың болса біреуде,
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да,
Атың шықпас дұрысқа.

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа.

Әрине, дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі ”кісілік” ұғымы тек эпикалық дәстүрден ғана емес, сонымен бірге мұсылмандық әлеммен қатысты ортағасырлық жазба мәдениетінен де бастау алады. Ұлттық қазақ философиясында “жетілген адам” мәселесі жалпы шығыс философиясы шеңберінде қарастырылып, адамды этика, адамгершілік тұрғысынан қарай отырып, сонымен қатар оны білімділікке, парасаттылыққа шақыруға ерекше көңіл бөлінеді. “Түркі тілдес халықтарының Конфуцийі” деген беделге ие болған Жүсіп Баласағұн Конфуций сияқты адам мен адам, адам мен мемлекет арақатынасы, әсіресе мемлекетті басқару мәселесін айшықтағанына байланысты жетілген адам мәселесін осы тұрғыдан қарастырады. Ал әл-Фараби бұл мәселені “Мұрат қоғамды” ұйымдастырумен байланыстырады. Әл-Фараби бақыт мәселесіне, ең алдымен адамның осы дүниеде бақытты өмір сүруінің жолдарын іздестіруге өзінің философиясын бағыттады. Сонымен қатар, әрбір жеке адамның жетілуіне ақыл-ойдың, парасаттылық пен білімнің рөлін ерекше жоғары бағалады.

Кетеген болса – түйең жау,
Тебеген болса – биең жау,
Ұрысқақ болса – келін жау,
Бәйбішең аю болса аса алмассың,
Қарау болса, «әй» деуге бата алмассың,
Мейманға отыңның басы болса суық,
Еліңе жақсы жігіт атанбассың! [31, 23 б.].

Үмбетей жыраудың осынау жыры әдепті адам болмақтың басты шарты үй ішінен, отбасынан баста-

лады деген ойды тарқатады. Азаматтың өз ортасында, елінде ісі жүріп, абыройы биіктеп кетуі үшін бар жағдай отбасынан басталып, көңілі тыныш, көкірегі жүйрік болуы керек екен. Бұлай болмаған жағдайда, яғни, отбасында сені түсінетін, ақыл бөлісетін кісі табылмаса бейне “арқаңа тұз артқандай” еңсең езіліп, ілгері басқан аяғың кері кетіп, күнкөрістің қамымен кеткенің. Ақын-жыраулар сан тараулы өмірдің қиындығы мен қуанышын, шер мен қайғысын, байлығы мен кедейлігін, ылдиды мен өрін кезек алып, сырластыра суреттеп көзге елестетуге шебер. Адам бойындағы кісіні кері кеткізер кесапат қылықтарды қанын шығара ашумен қатар, жақсы мен жаманның айырымын таразылап көрсетуімен қымбат. Ақылгөй даналарды тыңдаған жас қауым іштей жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтыла жүреді, өзін ар таразысының алдында әрқашан салмақты, таза ұстауға тырысып бағады. Жыраулар өмірдің өткіншілігін, дүниенің опасыздығын айтып, пәлсапалық түйіндеулер жасайды. Пенденің көзі мен көңілі тойымсыз, ашқарақ көңіл ішсем, жесем, байысам, қуансам, құшсам, сүйсінсем деп, еш басылып болмайды. Дүниені жиған үстіне жинай берсем, жұрт менің байлығыма қызыкса, тіпті кезі келгенде аяғыма жығылса деп армандайды. Тоқтамы, шүкіршілігі кем адамдар сол арманының соңына шам алып түсемін деп жүріп жарық тіршіліктің баянсыз боларын, бәрінің де бүгін бар, ертең жоқ екеніне ой жібермейді. Намысты ұмытады.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде кісілікке жетелейтін рухани күштердің арасында намыс ерекше рөл атқарады. Намыс адамдық Менді қайрай түседі. “ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді” дейді халық. Қазақ руханиятындағы өмірдің мәні мәселесімен айналысқан ғалым Г. Нұрышева намысты кісілік пен елдікті

(қауымды) тұтастырып тұратын фактор ретінде қарастырады [9, 142 б.].

«Намыс» ұғымына Д.Кішібеков өзінің «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең» [32, 45 б.] деген монографиясында арнаулы тоқталып өтеді. Оның пікірінше, намыс адамгершілік қасиеттің ең бағалы көріністерінің біріне жатады. Әрине, намыстың түрлері көп. Ол отандық намыс, ұлттық намыс, діни намыс, жершілдік намыс, рулық намыс, жыныстық намыс, семьялық намыс, мамандық намыс болып бөлініп кете береді. Намыс бар жерде жігер бар, қайсарлық, алған мақсатқа жету үшін қиындықтарды жеңе алатын табандылық бар. Намысы жоқ адам ар-ұяттан, тіпті адамдық бейнеден айырылады. Намыс азаматтықтың басты бір көрінісі. Қазақ халқының тегі нашар емес. Ол мықты халық. Онда намыс та, жігер де, батырлық та болған. Оның негізі де бар. Тарихқа үңілейікші. Александр Македонский қалың қол Орта Азия жерлеріне енгенде мықты қаруланған күштің қарсылығына тап болған, олардың ішінде әсіресе ерекше қимыл көрсеткен сақ-скифтер екендігі тарихтан белгілі.

Осындай ұғым-нормалар арасында қазақ мәдениетінің әдеп жүйесі мен тұлғааралық қатынастарды реттеу қызметтері бойынша «күнә» мен «кінә», «обал» мен «сауап», «тәубе», «киелілік», «бейнет» пен «зейнет», «қанағат», «рахымдылық» т.т. маңызды рөл атқарады. Қазақы түсінікте аталған ұғымдар тек рухани дүниемен шектелмей, нақтылы тіршіліктегі кісілік өсиеттердің маңызды бөлігін құрастырады. Енді оларға қысқаша талдау беріп өтелік.

Күнә ұғымы халық санасында ислам діні арқылы кең жайылған. Бұл Алланың қаһарына ұшыраған адамның басынан жиі кездеседі. Күнәға жалпы адамгершілікке

жатпайтын көптеген теріс қылықтар (нәпсіқұмарлық, арамдық, азғындық, опасыздық, екіжүзділік, жауыздық, т.б.) жатады. Өз күнәсін кешіру үшін адам қателігін мойындап, ізгілік бағытында аянбай қызмет етуі тиіс.

Күнәхардың кешірілуі екіталай. Сойқан мінездің көрінісі болса, кінә күнделікті өмірде жиі кездесетін құбылыс. Кінәні әдетте ықылас қойып түзеуге, жуып-шаюға болады. Кей жағдайда дұрыс секілді көрінген іс-әрекеттердің өзі де адамдарды кінәлі етіп қоюы мүмкін. Мәселен, аңдамай сөйлеу, қателесіп кету, осыған жатады. Кінә мен күнә ұғымдары қазақ ақын-жазушылары мен даналарының қашанда жиі талқыланған мәселесі болып келген. Оларды қазақ өмірінің айнасы деп қарастыруға болады. Мысалы, Шәкәрім өз заманындағы теріс қылықтармен күрес жүргізе отырып, замана мәселелерін, адамның өміріндегі адал еңбек пен маңдай тер төгіп, жасаған кәсіптің орны мен маңызын, адамзат қоғамының дамуы барысындағы өнер мен ғылымның, мәдениеттің пайдасын шабыттана айтып, мынадай тұжырым жасайды: «Өзінің қадір-қасиетін жақсы білетін адам өзгелерді де қорламайды. Ол ісінде де, сөзінде де ешқашан пасықтыққа бармайды, әрқашанда сабырлы, ұстамды болады. Өзін құрметтейтін адам өзі барда өзгелердің де өзін лайықсыз ұстауына, бейпіл сөздер айтуына немесе дауыс көтеруіне жол бермейді. Орындай алмайтын жеңілтек уәде бермейді. Ондай адам берген сөзінде тұру қажет екенін біледі. Өзінің қадір-қасиетін сезінетін адам сенімді бағалай біледі».

Күнә ұғымы әр мәдени-өркениеттік жүйеде әр түрлі мазмұнға ие болуы мүмкін. Мысалы христиандық мәдениетте басты күнәларға жататындары: өзін құдайдан жоғары санау («грех гордыни»), пайдакүнемдік

(«грех корысти») және нәпсіқұмарлық («грех сладострастия») болып есептелсе, онда мұсылмандық өркениетке бұлардың қатарына шарап ішу, бес парызды орындамау, несиеге берген ақшадан пайда табу т.т. қосылады.

Көшпелі қазақ мәдениетінде «обал» және «сауап» түсініктерінің моральдық реттеуші қызметі жоғары болған және бұл ұғымдар діни мазмұн шеңберінен шыққан.

Обал – қиянат жасама, деген ұғымды білдіреді. Бұл – қоршаған ортаға зиян келтіруге, жамандық жасауға, яғни жындыны жәбірлеуге, жансызды бүлдіруге болмайды деген сөз. Мәселен, біреуге қиянат жасау – обал. Нанның түйірін аяққа басу, не оны рәсуа ету де обал. «Судың да сұрауы бар» дегендей тамақты босқа ысырап ету, соны жасау үшін төгілген терді, қажырлы еңбекті бағаламау деген сөз. Көргенсіздік пен әдепсіздіктің осындайлардан шығатынын түсіну қиын емес. Сөйтіп обал ұғымы біреуге қиянат жасаған жағдайдың бәрінде де орын алады.

Сауап – айналадағы жанды-жансыздың бәріне бірдей жақсылық жасауға, қамқорлық көрсетуге байланысты айтылатын ұғым. Мәселен, құстың ұясын түзеу, жетім-жесірге қарайласу, аяқ астындағы нан қалдықты көтеріп алу. Обал мен сауап қазақ ырымдарында жан-жақты көрініс тапқан:

«Қазақ шашты далаға тастамайды, жерге көмеді».

«Құс шашты ұясына салса бас ауруға шалдырады, бас айналғыш болады, ұмытшақтық, жеңілтектік дертке шалдырады» деп пайымдайды.

Обал мен сауап нормалары ауызекі мәдениетте кие түсінігімен астас келеді. Оның негізінде анималистикалық, тотемистік және фетишистік көне нанымдар да жатыр.

Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намысты болу, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар әруағы мен ақсақалдарды сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, әділдік, қанағатшылдық және т.т. Басқаша айтқанда, этностың басты ұғымдары әдептіліктің, кісіліктің төңірегінде топтасқан [33, 241 б.].

Бірақ қазақ дәстүрлі мәдениетінде айшықталған әдеп ұстанымдары батыстық этика ұғымдарынан басқаша, өзіндік бітімі бойынша тұжырымдалады. Біріншіден, кісілік қасиеттер ауызекі поэтикалық арнада көркем суреттемелер арқылы берілген. Екіншіден, әдеп нормалары (кісілік белгілер) қазақы руханиятта құқықтық, діни, көркем өнерлік нормалармен синкретті әрекет еткен. Үшіншіден, әдеп нормалары ақын-жырауларда ауызекі мәдениеттің көне үлгілерін қамти отыра жырланған.

Жақсылық пен жамандықты айыру жолы табиғат құбылыстарын көргенде Құдайға жалбарыну арқылы, Алладан мейірім күту, бата беру, сыйыну, құрбандық шалу сияқты қазақы рәсімдермен, бәдік өлеңдерде анық байқалады. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірнеше дерек келтірейік.

Жаңа туған айды көрген кезде:

Ай көрдім, аман көрдім,

Баяғыдай заман көрдім.

Ескі айды есірке,

Жаңа айды жарылқа!

Наурыз күні берілетін батаның бір түрі:

Ақ мол болсын,

Қайда барса жол болсын,

Ұлыс бақытты болсын,
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін
Бәле-жала жерге енсін!

Бәдік өлеңінде жамандықты аластау басты тақырып ретінде алынады:

Көшер болсаң, әй, бәдік, жыланға көш!
Құйрығы жоқ, жалы жоқ құланға көш!
Көш айласын білмесең мен айтайын,
Жердің жүзін қаптаған тұманға көш!» .

Әдеп, тіпті, жалпы рухани мәдениет, жақсылық пен жамандықты айыра білу қабілетінен басталады. Жануардың жануар болып қалатын түп-негізі осы қабілеттің жоқтығында. Қ. Жарықбаевтың қосавторлықпен жазған “Әдеп негіздері” кітабында бұл ұғымдарға мынадай анықтамалар беріледі: “Жақсылық – жалпы әдептің баламасы, адамгершілік пен имандылықты білдірудің ең жалпылама ұғым-түсінігі. Адамға жағымды нәрселердің бәрі жақсылық ұғымына кіреді... жамандық – керісінше, адам күнкөрісіндегі жағымсыз көріністердің жалпылама аталуы. Оған қоғамдық пікірмен айыпталатын теріс қылықтар мен пиғылдар жатады” [28, 112 б.].

Қазақы дүниетанымда жақсылық пен жамандық ұғымдары ақын-жыраулар шығармашылығында жан-жақты әрі көркем суреттелген. Бұл түсініктер таза поэзия аумағынан шығып, халық даналығы үлгілеріне, философиялық пайымдауларға айналған. Жақсылықтың отаны – Жерұйықтың қандай басты белгілері бар? Бұл сұраққа жауапты заман талаптарынан, халықтың арман-аңсауларынан, өкініштері мен мұқтаждарынан іздеу керек. Шоқан Уәлиханов – осы мәселеге алғаш назар

аударғандардың бірі. Ғалымның сараптауы бойынша, қазақтардың аңыздарында ноғайлармен көрші отырған кездері алтын заман болғаны туралы айтылады. «ноғайлы мен қазақтың бағы жанған заманда» дейді олардың эпостары әрбір қиссаларының басында [34, 235 б]. Қазақ әдебінде жақсылық пен жамандық синкретті: әрі әдептік, әрі тәлімдік, әрі өнегелік категориялар ретінде баяндалады және олар кісілік қасиеттердің санатында жүзеге асу мүмкіндіктерімен жырланады. Бұл өмірлік философияда жақсылықтың өлшемі адамның өз атына сай тіршілік етуі болса, онда жамандық тіршілікті шектеу деп түсіндіріледі. Яғни, жақсылық адам мен әлем арасындағы үйлесімдік. Тек нағыз адамның қолынан ғана жақсылық жасай білу келеді. Жамандық – үйлесімсіздік, шектен шығу, теріс қылық, “ғаріп” нәрсе:

Бұл заманда не ғаріп ?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп,
Замандасы болмаса,
Қария болар тез ғаріп,
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп,...
Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса пір ғаріп [29, 8 б.].

Жоғарыдағы жолдардан жақсылық пен адамдық қасиеттер көрінісі ғана емес, оған қоса жалпы ізгілікпен тепе-тең, абсолютті бастау ретінде қарастырылатынына көзіміз жетеді. Қазақ философы Қ. Әбішев жазғандай, жақсылықтың айшықты өлшеміне адамдардың дүниемен қатынасына да, өзара қатынастарына да олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, оларды

сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, оны былғайтын, оны тәрк ететіннің бәрін де жамандық деп қарау [35, 259 б]. Бұл сипатта жамандықтың жиі кездесетін түрі – жетесіздік, қадірлей білмеу:

Ауылдағы жамандар
Ер қадірін не білсін!
Көшіп-қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін!
Көшсе, қона білмеген,
Ақылыңа көнбеген
Жұрт қадірін не білсін! [29, 28 б.].

Жақсылық пен жамандықтың ара қатынасын зерттеу әдептанудың басты мәселесіне жатады. Жақсылықтың үш түрлі түсінігін атап өтуге болады: 1) ізгілік ретіндегі жақсылық – этикалық ұстаным, онтологиялық бастау, әдептің жалпы принципі; 2) кісілік қасиет (жақсы адам); 3) әрекет (жақсылық жасау). Жамандық әдетте кісілікке қарсы бағытталған әрекет ретінде қаралады. Жамандық күнә, кінә және мәдениетсіздіктен (мәкрұх) тұрады.

Кісілік құндылықтары туралы жалпы пайымдаудан кейін, олардың қазақтың әдеп мәдениетіндегі нақтылы көріністеріне назар аударалық. Академик Әлкей Марғұлан қазақ халқының эпикалық мұрасында мынадай құндылықтар басты орын алады дейді:

“... қаһармандық жырлар, сұлу ертегілер туғызуға патриархалдық дәуірдегі негізгі сарындар мынадай еді:

- а) бейбітшілік;
- ә) ел қорғаған ерлерді ардақтау;
- б) жұртқа ақылшы болатын қарияларды қадірлеу (Қорқыт, Жиренше шешен, Асан қайғы);
- в) алып ер туатын ананы құрмет тұту;

- г) алпыс басты “ақ орданың аяулысы” – жас әйелді біреуге олжа түсірмеу;
- д) келешекте ана болатын қыз баланы тәрбиелеу;
- е) ер баланы баулап, садақ аттыру, жапан түзге жалғыз жіберіп аң аулатып, ерлік сынаудан өткізу (мергендер типі);
- ж) жүйрік жылқыны тануды бағалау. Міне, осының бәрі аталық дәуірдегі жұртшылық тілегін білдіреді” [36, 362 б.].

Жақсылық, әділеттілік, достық, махаббат сияқты әмбебапты кісілік қасиеттермен қатар, ақын-жыраулар шығармашылығында мұсылмандық (имандылық, сауаптылық, тәубешілдік, рахымдылық және т.б.), көшпелілік (тектілік, төзімділік, шешендік, сөзге тоқтау, қауымшылдық, балажандық, меймандостық, киелілік және т.б.) құндылықтары жырланады.

Ақын-жыраулар шығармашылығында тектілік мәселесі балажанды қазақ үшін текті әйел алумен байланысты қойылады. Белгілі жазушы-ғалым А. Сейдімбектің атап өткеніндей, миф, әфсаналардан бастап ортағасырлық жырауларға дейін әйел тектілігінің маңызы туралы талай ғибрат сөздер айтылған: “Шығыс халықтарының ішінде қазақ сияқты санаулы ғана халықтың әйелдері бетіне паранжы салмай, дидарын ашық ұстап, қымсынбай еркін жүруі де көшпелілер өмірінде әйел баласы ер адаммен бірдей, тең дәрежеде болғандығынан шығар. Әйел-ананы құрметтеуге, қастер тұтуға деген дархан этиканың қалыптасуына не себеп?! Себеп біреу-ақ, ол – көшпелі өмір салтынан туындайтын әлеуметтік қажеттілік демекпіз. Талдаңқырап айтқанда, көшпелі өмір салтында әйел-ана еш уақытта еңбектен қол үзіп ажыраған емес. Яғни отбасы бақыты, ру амандығы, ел тағдырына қатысты қазақ әйелдерінің қоғамдық

жауапкершілігі ерлерден еш кем болмаған” [37, 7 б.]. Тектілік кісілік құндылық ретінде қазақ халқының күнделікті тіршілігіне етене еніп кеткен. Оның нақтылы көріністеріне жататындары: ата-баба әруағын ардақтау, ата-ана алдындағы перзенттік борышын ақтау, ағаны арқа тұту, “құданы құдайдай сыйлау”, күйеу баласын туған ұлындай көру, қыз баланы ерекше құрметтеп, әпке – екінші ана, “келіннің аяғынан, қойшының таяғынан”, “келін келді – құт-береке келді”, “балалы үй базар”, “бала бауыр етің”, “бір үйде қанша болсаң, бір-біріңе қонақсың”, “жақсы жеңге – анадай абзал”, “әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін”, “төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бөле тату”, “інім де, інім дегенше – күнім де”, “ағасы бардың жағасы бар” және т.б.

Қазақ этикасының басты құндылықтарының бірі – төзімділік (толеранттылық) мұраты. Біз өткен құндылықтарды жаңа заманға әдейі таңып отырғанымыз жоқ. Бұл жерде құндылықтар сабақтастығы туралы айтуға болады. Мәселе тек терминде емес, ол осы терминмен белгіленетін ұғымның мағынасында. Қазіргі философияда “дискурс” деген термин бар. Түсініктемелері көп. Біз оны қысқаша “мәдениеттердің мағыналық деңгейінің сұхбаттық табиғаты” деп аударар едік. Егер төзімділікке келсек, онда С. Айдарбаев оған мынадай түсіндірме береді: “саяси төзімділік (толеранттық) деп өзгеше көзқарасқа жол беруден тайынбайтын белгілі бір саяси күштердің тұрғысын (позициясын) түсіну керек. Егер бұл күштер билік басында болса, саяси төзімділік барынша кең түсінілетін конституциялық шеңберде оппозицияның қызметіне жол беру саясатынан көрініс табады. Жеке тұлғаға келетін болсақ, саяси төзімділік терминін саяси қарсыластар пікіріне құлақ асуға дайын болуды, оларды

логикалық дәлелдеу арқылы өз жағына тартуға тырысуды білдіреді” [38, 176 б.].

Төзімділік тек саяси ұстаным ғана емес, оның діни, этикалық, мәдениеттанулық және тағы басқа қырлары бар. Қазіргі кезде кейбір саясаткерсымақтар ислам төзімділікке қарсы дін деп пікір айтады. Қазақ ақын-жырауларының исламдық дүниетаным шеңберінде болғаны белгілі. Көп талқылауға бармай-ақ қасиетті Құрандағы 109-шы сүреден бір үзінді келтірейік: “Мен сіздердің табынатындарыңа табынбаймын ғой, сіздер де менің табынатыныма табынбайсыздар. Сіздерге өзіңіздің дініңіз, маған болса өз дінім”. Бұл жолдарда төзімділіктің негізгі қағидасы анық әрі дәл тұжырымдалған.

Қазақ халқына тән төзімділіктің көрінісін “таспен ұрғанды аспен ұр” деген мақал береді. Халық даналығының мағынасы төзімділік танытып, мәселелерді зорлық-зомбылықсыз шешуге шақыруда. Осыған ұқсас мағынаны “сабыр түбі – сары алтын” деген мақал береді. Бұл жерде де қиын істің бәрін сабырлылықтың, төзімділіктің негізінде асығыстық жасамай, күйгелектікке, ашуға берілмей шешу қажеттілігі көрсетіледі. Атап өткен және басқа да қазақтың мақал-мәтелдері қазақтың халық философиясы негізінде төзімділік пен зорлық-зомбылықты болдырмау идеяларының жатқанын жарқын көрсетеді.

Жалпы адамзаттық құндылық болып саналатын сүйіспеншілік, қайырымдылық, еркіндік, имандылық, ар-намыс, ар-ождан, ерлік, инабаттылық сияқты кісілік қасиеттерді тұлғаның адамгершілік өлшемі деп санасақ, кісі бойына қуат берер осынау ізгі қасиеттерге баулуда қазақ этикасынан аларымыз өте көп. Әдептілік кісілік қасиеттің айшықты белгісіне жатады. Әдептілік,

ибалылық, ізеттілік пен түзулік сияқты жақсы қасиеттерді, тәлім-тәрбиені, біздің ата-бабаларымыз өз баласының, немересінің құлағына сәби күнінен құя береді. Олар кісілердің алдында беделі өте жоғары, сүйікті адамдардың өсиеті сәбиінің жадында ұзақ сақталатынын жақсы білген. “Уәде берсең қайтпа, қолыңнан келмесе айтпа” дей отырып, “кісілік қымбат емес, кішілік қымбат”, “тіліңді бақ, басың аман болады”, “сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады” сияқты нақылдарды кісілік бағдар деп айшықтаған. Шынайы әдептілік сезімі өз қылығыңның өзге біреудің жанына бататыны мен қуанышқа жетелейтінін түйсінуді, басқа біреудің қажеттерін ұғынуды, уайым-қайғысына ортақтаса білуді талап етеді. Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға тырысады. Әдепті болу үшін өзіңді-өзің ойша болса да басқа адамның орнына қоя білу керек. Әдепті адам өзінің басқа адамды жек көретінін байқатпайды және шамадан тыс ұнатқандық сезімін де білдірмейді, мұның өзі айналадағыларды ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін қажетті.

Қазақ әдебіндегі кісілік құндылықтардың тізбегі көптеген ұғымдарды қамтиды.

Заңгер ғалым З. Кенжалиевтің пайымдауынша, қазақта тәртіп адам еркіндігін шектеуге бағытталмаған. Қоғамдық тәртіп жайлы халықтың көзқарасының негізінде бейбіт өмірге деген құлшыныс, тыныш өмірді аңсау жатыр. Бір ғажабы, қоғамдық тәртіп заңмен, құқықтық нормалармен тікелей байланыстырылмайды. Тіптен, қоғамдық тәртіп туралы ойдың өзі әлі жеке-дара боп шықпаған еді. Ол ел ішінің тыныштығы, ағайын татулығы, ел жарастығы тәріздес ой-ағымдардың бір қабаты, ажырамас бөлігі түрінде өмір сүрді. Халықтың бірлігі, ынтымақтығы, тату-тәттілігі – оның

өз азаттығынан, еркіндігінен айырылып қалмауы үшін қойылар ең бірінші талап. Алауыздықтан бойын аулақ сала білген ел ғана еркін өмірге лайық, әйтпесе құлдық пен күндікке душар болу қаупі әрқашан дайын [39, 47 б.].

Өзінің өткен тарихындағы шынайы рухани құндылықтарды сақтаған, оларды ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра етіп қалдырған халықтың өркениетті ел ретінде жарқын болашағы бар.

Мәдени антропологиялық ахуалдың негізін құрайтын ұлттық болмыстық құндылықтар мен рухани құрылымның ерекше саласына жататын діни құндылықтарды зерттеу, олардың арасындағы диалектикалық байланысты анықтау, құндылықтарды зерттейтін сала **аксиологияның** бүгінгі күнгі өзекті мәселесі болып табылады. Себебі, аксиология діндердің проблемаларын зерттеу арқылы адам болмысының құндылықтық аспектісін ашып көрсетеді. Аксиология бойынша, дін әлемді түсіну, оны бағалауды ғана ұсынбайды, өз кезегінде адамның рухани болмыстық негізіне әсер етеді. Сондықтан, құндылықтарды зерттеу тұрғысында дін, – әлеуметтік интеграция құралы ғана емес, сонымен қатар әлемді түсініп, оны қабылдаудың тәсілі болып табылады. Әлемде әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы діни құндылықтармен астасып жатады. Бұл ислам құндылықтарына да байланысты. Әлемдегі ислам дінінің ерекшелігі – ол қоғамның барлық саласын, жеке адамның өмірінің көп сәттерін қамти алатындығында. Адам дүниеге келген күнінен бастап мұсылмандық елдерде шарттың, рәміздің, дәстүрдің, салттар мен тәртіптің ықпалында болады. Сондықтан ислам дінінің ішкі тұтастығының

мықтылығы адам мен қоғамның игілігін мақсат етуімен түсіндіріледі.

Ислам дінін қазақ мәдениетіндегі орны мен тарихи ерекшеліктері жөнінде көптеген еңбектер жазылған. Солардың тақырыбымызға қатысы барына шолу жасасақ. Белгілі тарихшы, исламтанушы Назира Нұртазина өзінің «Қазақ мәдениеті және ислам» монографиясында «Ислам діні қазақ қоғамының, мемлекетінің, мәдениетінің идеялық, құқықтық, саяси және рухани-адамгершілік фундаменти болды. Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін біз көшпенділікпен байланыста дамыған көне түркі мұрасы мен бүкіл адамзат тарихына пәрменді рухани фактор болып келген ұлы ислам дінінің бір-бірімен кездесіп, байланысып, сіңісуінің заңды қорытындысы, жемісі деп бағалауымыз керек. Тарихылық пен диалектикалық ойлау тұрғысынан қарасақ, ежелгі түркі дәстүрі өзгермей, бір орында тұруы мүмкін емес еді. Ол уақыты келгенде міндетті түрде түбегейлі өзгеріске, трансформацияға ұшырап, түрленіп, руханилануы керек болды. Ислам діні арқасында түркілер қоғамы жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, моральдық, идеологиялық, мәдени-гуманитарлық жағынан толыққанды өркениеттік негіздерді қабылдауға мүмкіндік алды», – дей келе, «Қазір Орталық Азия мен бүкіл әлемде өз ықпалын көрсетіп отырған ислам факторы жұртшылықты алаңдатып, ислам өркениетінің даму заңдылықтары, өткені мен келешегі, жалпы бұл діннің мазмұны жайлы пікір таластар туғызуда. Исламның күшті энергиясын, пассионарлығын, белгілі мағынадағы батылдығын оң жолға бұрып, шынайы тарихи шығармашылыққа, мәдени-саяси өрлеуге негіз етуге бола ма? Бұл дінде гуманистік құндылықтар

қаншалықты бағалы» [40, 136 б.], деген нақты сауалдар қояды.

Ал исламтанушы Фон-Грюнебаум өз кезегінде: «Ислам арабтардың өркениеті емес, құрамында көптеген халықтар мен мәдениеттердің үлесі бар универсалдық, гетерогендік өркениет болап қалыптасты» [41, с. 95], деген болатын.

Немесе «Ислам: проблемы идеологии, права, политики и экономики» ғылыми жинағында: «Ислам даналығы сонда, ол аристократизм мен демократизмді ұштастыруды, өмірге, нақты жағдайға сай икемді, әр қилы әрекет қылуды міндеттейді. Жалпы, Құран мен Хадис демократиялық негіздерге шақыратыны белгілі. Онда мұсылмандардың теңдігі туралы көп айтылады. Исламның артықшылығы да сонда. Бұл дінді ұстанған қоғамда нәсілдік ақсүйектік (родовая аристократия) деген түсінік жоқ, ата-бабаларының данқы, қызметтері ұрпағына ешқандай нақты әлеуметтік артықшылықтар, ерекше құқықтар бермейді, мәртебе тек жеке адамның өз басының қасиеті, қабілеті, еңбегіне байланысты беріледі» [42, с. 45], – делінген.

Сонымен қатар, А.Қамалиденова «Особенности ислама в Казахстане. Обычное право» еңбегінде: «Шариғат мұсылманның іс-әрекетінің заңды нормалары ретінде қазақ жерінде өзінің қатаң ресми шарттарына орай сіңіспеді. Алайда Шариғат заңдарын енгізу ісі сонау XVI ғасырдан бастау алған. Атап өтер бір жайт, ежелден қазақ әйелінің мұсылман қоғамындағы әйелдерден жағдайы өзгеше дамыды. Ол кезінде ер азаматтармен тең құқылы болған. Исламды қабылдай отырып, қазақ әйелі паранжа кимеген. Қазіргі таңда дүние жүзі бойынша мұсылмандар саны 1,5 млрд-тан астам. Арабтың «мүсілім» сөзі исламды қабылдаған

адам яғни мұсылман деген мағынаны білдіреді» дей келе, **Исламды екіге бөліп қарастырады, атап айтқанда:** «Нақты дін тұрғысынан Ислам салттар мен ритуалдары бар күрделі жүйені құрайтын заңдар жиынтығы және «халықтық» ислам тұрмыстық ережелермен, дәстүрлермен арнайы бекітілген өмір негізі. Қазақстанда жоғарыда аталған исламның екінші нұсқасы көрініс тапқан, яғни ислам діни тұрғыдан «халықтық» сипаттағы тұрмыстық формамен бекітілген» [43, с. 382], – деп атап көрсетеді.

А.Қамалиденованың «қатаң ресми шарттарына орай сіңіспеді» деген пікірімен келісу қиын. Өйткені, совет өкіметі атеизмді ту етіп, социалистік жүйені орнату арқылы қазақ даласын отарлау үшін, қазақ халқы исламды толық орындамаған, шарифатқа енжар қараған деген сияқты пікірлерді таратты. Ондағы мақсаты қазақтың рухын әлсірету еді. Алайда, егер біз тарихымызға үңілсек қазақ мәдениеті исламның кемел қағидаларынан, рухани құндылықтарынан нәр алғанын оңай байқауымызға болады.

Ислам дінінің негізі Құран мен хадистерде исламның адамзатты бақыттылыққа, кемелдікке жетелейтін дін екенін баян етеді. Мысалы, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с): “Ақиқатында ислам діні – жеңіл дін. Кім оны өзіне қиын, күрделі етіп алатын болса, ол адам түбінде жеңіледі. Сондықтан, дінді жеңіл етіп жеткізіңдер, ауырлатпаңдар. Қуантып айтыңдар, қашырып жібермеңдер!» – деген сөзінен ислам дінінің кез келген қауымның, кез келген заман талабына жараса ұстануына әбден қолайлы дін екендігін көрсетеді. Олай болса, Камалиденованың: “Исламды қабылдай отырып, қазақ әйелі паранжа кимеген”, деген сөзі, керісінше, қазақ халқы исламды дұрыс түсініп, жоғардағы хадиске

айтылғандай ауырлатпай, жеңіл түрде берік ұстанғанына дәлел етеді.

Иә, қазақ әйелдері паранжа кимеген. Бірақ, Құран: “(Әй, Мұхаммед!) Әйелдеріңе, қыздарыңа және мұсылман әйелдерге айт! Орамалдарымен бүркенсін...” [11, Ағраф сүресі, 57-аят] – деп бекіткен заңға сәйкес етіп кимешек, сәукеле жас қыз балалар үкілі тақия-бөрік киген. Жоғарыда айтылған хадиске амал жасап, паранжа киіп дінді өздеріне қиындатпаған. Демек, қазақтар исламды толыққанды ұстанғандығы анықталады.

Ал С.Кляшторный, Т.Сұлтанов, Ю.Зуев сынды ғалымдар пікірінше елімізде өзіндік тұрмыс-тіршілігі бар қазақстандық исламның негізі қаланған. Ал К.Шүлембаев, А.Артемьев, А.Сұлтанғалиева, Я.Трофимов секілді ғалымдар Қазақстандағы діни ахуалға нақты әсер еткен бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетеді. Алайда, еліміздегі исламның ерекшелігін анықтайтын оқиға ретінде мемлекет, халық және конфессия арасындағы әр сарынды қатынас, яғни діннің міндеттерінің кеңейтілуі ерекше маңызға ие екендігіне тоқталады.

Алдыңғы бөлімде аталып өткендей, Орталық Азия мен Шығыс Түркістан аумағындағы түркі халықтың исламдануы ІХ ғ. аяғы мен Х ғ. бас кезінде етек алып, Қараханидтер мен Селжұқ мемлекеттік бірлестігі тұсында бұл процес негіздік дамуға ие болды. Исламданудың Қазақстандағы старттық кезеңіне жете тоқталған кей ғалымдар заманауи Қазақстан территориясында исламдану процесін көшпелі тұрмыс салтымен байланыстырады. А.Қодар пікірінше, «көшпелі халыққа ислам таза күйінде сіңісуі мүмкін емес, яки бұл отырықшы халықтың діні, сондықтан қалалық инфрақұрылымды талап етеді» [44, с. 59-60]. Номадтар

дүниетанымында пантеистік ұстанымдарды баламалау идеясы да кең таралған тұжырым болып табылады.

А.Қодардың бұл пікірі ақиқатқа ұштаспайды. Себебі, ислам тарихына үңілген адам Құранның араб тілінде, әсіресе бәдәуи арабтарға түсінікті тілде түскенін байқайды. Бәдәуи сөзінің терминдік мағынасы «көшпенді» дегенді білдіреді. Ол жөнінде Құранда көптеген дәлелдер бар, соның біреуімен шектелсек: “Бедәуилер «Біз мүмін болдық» деп айтты...” [11, Хужурат сүресі, 14-аят] - деп, көшпенді арабтардың мұсылман болғандарын көрсетеді. Демек, ислам діні тұрғылықты да, көшпенді халықтарға да бірдей арналған дін екені анықталады. Олай болса, бәдәуи арабтар ислам құндылықтарын өз мәдениеттеріне қалай сіңірсе, көшпенді қазақтарға да оның шариғи құндылықтарын ұстану, салт-дәстүріне сіңіру дәл солай жеңіл, қолайлы болады деген тұжырым шығады.

Шубаева Ұлтай: «Қазақстандағы исламға исламның қатаң ортодоксальді ирандық немесе арабтық моделі, түріктік жұмсақ моделі де тән емес. Ол ислам қоғам мен азаматтардың жеке өмірін реттейтін араб мемлекетіндегі исламнан ерекшеленеді. Сондықтан ислам бүгінгі таңда қазақтар үшін өмір салты мен мінез-құлықтың негізі емес, өзіндік ерекшеліктің символы болып табылады» [45, 10-б.] дей келе, тағы келесіндей пікір айтады, «Жалпы, ислам дінін қазақ халқының менталитетінде екі негізгі ерекшелік арқылы анықтап керсетуге болады. Біріншіден, архаикалық мәдениеттің орнына келген ислам діні жетілген өркениетке жол бастаушы болу арқылы ұлттық менталитеттің рухани мүддесі мен рухани дүниетанымының өнегелі жетілуіне септігін тигізді. Суниттік-ханафиттік мазһабты түсіну арқылы шығармашылық өнер дамыды. Ислам халықтық «мен»

ұғымын қорғауға мүмкіндік берді. Екіншіден, мұсылман діні халық санасынан орын алып фольклор, дәстүр мен әдет-ғұрыптардың күнделікті өмірде қолданыс табуына мүмкіндік беріп, ұлттық менталитеттің қалыптасуына септігін тигізді. Қазақ жеріндегі бостандық пен елдің бірлігі деген мәселені шешу үшін, менталитетті дұрыс дамыту үшін «дәстүрлі діндерді» ұстану дұрыс деген көзқараста болудың пайдасы зор деп тұжырымдаймыз. Соның ішінде халықтың көпшілігі ұстанатын Ислам дінінің орны ерекше ықпал етіп, ханафиттік мазаһб арқылы Қазақстан жерінде өз туын тігіп отыр» [45, 7-б.], – деп, қазақ халқының өз табиғатына сай діні орташа жолмен ұстанғаны жөнінде ой білдірген.

С.Кляшторный мен Т.Сұлтанов позициялары өзгеше. Олар қараханид түріктерінің исламдану интенсивтілігін Орталық және Алдыңғы Азияның мәдени-шаруашылық аймақтарына түркі тайпаларының ену жолының бұрыннан қалыптасқан сабақтастығы негізінде жүзеге асырылды деп ойлайды. Оның өзінде исламның әсер ету аймағы мәдени-шаруашылық аймағының өзара байланыстырылады [23, с. 150-151].

Отандық ғалымдардың бір бөлігі, жалпы отандық ислам тарихын саралағанда көшпелі түркілердің исламдануының тағы бір кезеңін сопылық ілімнің әсерімен байланыстырады. Атап айтқанда, исламға дейінгі дәстүрлі элементтер мен сопылық түсініктердің органикалық синтезделуі аталған кезеңде қарастырылатын ерекше феномені болып табылады. Түркілік дәстүрге негізделген сопылық ілімнің көшбасшысы Қожа Ахмет Яссауи әулие тұжырымдамасында «кемелденген адам» бейнесінің жарқын көрінісін көрсетеді, ежелгі дәстүрлерді

исламдық келбетке көшіру арқылы сопылық ілім жалпы бұқараның халықтық діні рөлін атқарған [41, с. 83].

Әлеуметтанушы С.Жүсіпов бұл турасында «... На распространенность идей суфизма повлияло также их сходство с традиционными образцами мировидения древних тюрков, в основе которых лежала идея о единстве мира. Преобладающее влияние неортодоксального ислама объяснялось тем немаловажным обстоятельством, что в отличие от других мусульманских регионов в кочевой среде суфийские братства не считались еретическими, а значит, не было четкого деления между официальным и «народным» исламом» [26, с 460] дейді.

Камаладинова А: «В Казахстане присутствует ислам в форме сунизма ханафитского мазхаба. Говоря о специфике ислама в Казахстане, следует отметить его тесную связь с древними народными верованиями. В Казахстане присутствует не классический и традиционный ислам, а ислам «со следами шаманства», «народный» ислам. До сих пор на нашей земле почитаются культ предков, обращаются к Небу – Кок-Тенгри и Земли – Умай, соблюдаются древние обряды, обычаи и ритуалы» [43, с.110], – деген ойлары ешбір нақты дәлелмен дәйектелмеген.

Сағиқызы А: «Позиции ислама в Казахстане противоречивы. Казахи, в большинстве случаев, считающие себя мусульманами, не являются правоверными мусульманами в классическом смысле. Классический ислам – это религия закона, которая не признает принципиального различия между религиозным и светским. Каждый мусульманин должен соблюдать и свято придерживаться всех норм поведения, предписанных ему Шариатом», дейді де, іле шала мынандай пікір

келтіреді: «Ислам предъявляет своим adeptам очень жесткие правила поведения, гораздо более сложные ритуалы, чем в других конфессиях, которые необходимо выполнять ежедневно. Это прежде всего касается ортодоксального ислама. Ислам, тот, что сформировался из своеобразного синтеза с тенгрианством тюрков, и который бытует у казахов, можно сказать, куда более либерален из-за выбранных им языческих ценностей», [43, 429 б.] – дей келе, Гегель айтпақшы, «халықтық дін», яки адамдардың тұрмыстық мүддесіне жақын келетін, олардың жүрегін, сезімін, сарабын анықтайтын жалпы діни бұқараның көзқарасын орындайтын принциптер туралы ой білдіреді.

Шоқан Уалиханов өзінің исламға деген көзқарасын «Қырғыздар туралы жазбалар» еңбегінде атап көрсетеді. Ол: «Все дикокаменные киргизы исповедывают мусульманскую религию, или, лучше, называют себя мусульманами, не зная ни догматов веры, ни его требования. Все обряды их и поверья до сих пор сохранили полный оттенок шаманства, справедливо считаемого первой религией среднеазиатских рас» [34, с. 72] дейді.

Соңғы пікірлерде айтылған «Тәңіршілдікті» дін деп айту өте қиын. Өйткені, дәстүрлі діндер белгілі бір жүйені қалыптастыратын кітабы, сол кітап түсірілген пайғамбары болуды талап етеді. Мысалы, Мұсаға (ғ.с.) Таурат, Исаға (ғ.с.) Інжіл, Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) Құран түсірілген сияқты. Бұлардың арасында бейтарап уақыт кезеңдері болды. Мысалы, Мұса мен Исаның (ғ.с.) арасында шамамен 1800 уақыт кезеңі болса, Иса мен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) арасында 610 жыл бейтарап уақыт өтті. Бұған қоса пайғамбар жіберілмеген халықтар да өмір сүрді. Олардың бәрі бір жаратушының бар екенін мойындап, арабтар «Илаһ»,

еврейлер «Яхуда», парсылар «Худа», түркілер «Тәңір» деп жалбарынып, мінажат жасаған. Қазақ халқы Жаратушыны танып, Оған Тәңірі деп жүзденген. Бір құдайдың бар екенін мойындаған. Демек, тәңіршілдіктің түбінде бір Құдайға табыну жатыр. Бұл кейін ислам дініндегі ең жоғарғы құндылық болып саналатын Алланы тану, Одан басқа тәңір жоқ екенін мойындауменен ұштасып жатыр деп ойлаймын.

Қазақ халқы тек «бір Алладан басқа тәңір жоқ» екенін мойындап қана қоймай, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) үмметіне лайық кемел мұсылман болуға ұмтылған деп білемін. Өйткені, қазақ даласы тек ислам әлеміне ғана емес, тіпті, бүкіл әлемге аттары әйгілі мұсылман ғалымдарын шығарды. Әсіресе орта ғасырларда. Ол жөнінде профессор Ә. Дербісәлі былай деп нық тұжырымдарды ұсынады: «Ислам ортағасырларда қазақ даласында бұрын болған қалалар мен қорғандар, камалдар мен кенттердің іргетасын нығайтып қана қоймай, өзге де шаһарлардың ірге тебуіне ықпал етті. Исламды уағыздайтын мешіттер мен медреселер, ғылым-білім ошақтары бой көтерді» [12, 8 б], – дей келе, Отырардың шығысындағы Сайрам, Манкент, Тараз, Түймекент, Құлан, Меркі, Баласағұн, Шу қалалары ғана емес, Сыр бойындағы Сүткент, Ясы (Түркістан), Қарнақ, Сауран, Иқан, Қауған, Өзкент т. б. қалалардың жанданғандығын атап өткен.

Тағы бір қаперде ұстанатын жайт, араб тілі бірнеше ғасырлар бойы Орта Азияда ғылым мен білімнің тілі болды. Отырарлық Әбу Нәсыр әл-Фараби, Ысқақ әл-Фараби, Исмаил әл-Жауһарилер Таяу және Орта Шығыс елдерінде білім молықтырып, әлем мәдениетінің алтын қорынан орын алатын классикалық шығармалар қалдырды. X-XII ғасырларда тек араб тілі ғана емес,

сондай-ақ бірте-бірте жергілікті халықтың түркі тілінде де шығармалар дүниеге келе бастады. Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи салған дәстүрді XV – XVII ғасырларда Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали би Қасымұлы Жалайырилер жалғастырды. Сөйтіп Ислам өркениеті орта ғасырлардан күні кешеге дейін Орта Азия халықтарының әдебиеті мен мәдениетіне, рухани өміріне үлкен әсер етті. Елімізден шыққан араб, парсы, түркі тілді ғалымдардың бір тобы философия, тарих, мәдениет, астрономия, логика, музыка, әдебиет пен тіл, медицина саласындағы еңбектерімен аты шықса, енді бірі қасиетті Құран мен тафсир, шариғат, мазһабтар, фикһке арналған шығармаларымен де ел құрметіне бөленген. Бұл ретте Бұрхан ад-Дин Ахмад әл-Фараби, Имад ад-Дин Әбу-л Қасым әл-Фараби, Қауам ад-Дин әл-Фараби, Молла Ахмет әл-Женди, Хусам ад-Дин әл-Хусейн ас-Сығанаки, Әбу Абд Алла әл-Баласағұни, Әбд әл-Ғафур әл-Кердери, Мұхаммед әл-Кердери, Хафиз ад-Дин әл-Кердерилерді атауға болады. Сайрамдық Ахмад әл-Исфиджаби атты ғұламалар да өзінің терең ойлы туындыларын дін Ислам ғылымына арнаған. Сайрамнан сондай-ақәл-Қади әл-Байдауи, Әбу-л Хасан Әли әл-Байдауи секілді қазылар да шыққан. Соңғы екеуі – туған жері Сайрамда көз жұмған. Орта ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанға сопылық ілім де тағады. Ол көбінесе көшпелі тіршілік кешкен жұртта Ислам дінінің мықтап орнығуына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдебиеті мен мәдениетіне әсер етті [21, 487 б.].

Әбсаттар қажы Дербісәлінің бұл сөзіне толық қосыламын. Қазақ даласынан осыншама ғалымдар шығып, тіпті, іштерінен «қазии» шариғат соты қызметін атқарған ғалымдары бар қоғамға ислам дінін тұрмыстық

деңгейде ғана ұстанған деп баға беру, қазақтың мәдениет тарихына жасалған қиянат деп білеміз.

Қазақ хандығы құрылмай тұрып, XVI ғасырда Мұхамед Өзбек (Жүзбек) Алтын-Орда сұлтаны болғаны белгілі. Сол кезде Өзбек ханның Сарай қаласындағы ордасында әйгілі араб саяхатшысы Ибн Баттута 734 хижра жылының (шамамен 1334 ж.) рамазан айында қонақта болған. Ол жөнінде саяхатшы: «Сұлтан Мұхамед Өзбек ханның мемлекетінің қарамағына кіретін Қирам деген үлкен, көркем қала бар екен. Өзбек хан оған Түлкітемірді әкім етіп сайлаған. Бұл қалада қазилардың ішіндегі ең ұлығы, ханафилік қази Шамсиддин Сайилиді жолықтырдым. Сондай-ақ ірі фақиһ (шариғат заңгері) Шейх Салих ел-Абид Мұзаффариддинмен таныстым. Ол Сұлтан Мұхамед Өзбек хазіретіге Сарай қаласына бізбен бірге серік болып барды» деп, қазақ даласының діни ахуалына шолу жасап, әрі қарай қазақтың арба үстіне тігілген киіз үйін суреттейді. Ибн-Баттута Қазақтың жылқы етін жеп, сүтін ішетінін, оны «қымыз» деп атайтынына дейін айта келіп, қазақ даласын мекендеген халықтың исламға берік екендігіне тоқталған. Өзбек ханның жұма намазын халықпен бірге оқитынын, оның төрт әйелі болғандығын, қазақтың табиғатын, физиономиясын, діни ұстанымын, исламда бұйырылған аманатқа беріктігін жоғары бағалаған.

Ибн Баттутаның жоғарыда айтылған сөзіне сүйенсек, орданың жоғарғы соты ханафи мазһабының қазиы Шамсиддин Сайили болған. Оны «қазилардың ішіндегі ең ұлығы» деп, жалпы ислам әлеміндегі қазилардың арасынан жарық жұлдыздай орын алатынын атап отыр. Бұл Өзбек ханның алтын орданы шариғат заңымен басқарғанына бұлтартпас дәлел болмақ. Оған қоса кез келген мемлекеттің қаржы бірлігі (валютасы) сол

мемлекеттің рәмзі, стратегиялық объектісі болып саналады. Ал, Өзбек ханның тұсында Алтын орданың теңгесі исламдағы һижри жыл санауымен мерзімделгенін көреміз. Мысалы, 737 һижри жылы (1337 ж.) басылған теңгеде «Ас-Сұлтан әл-Ағзам Өзбек хан» деп сұлтанның өз аты жазылған (сурет № 1) [46, 294-308 б.б.].

XV ғасырда Қазақ хандығы құрылып, ислам әлемінің ажырамас бір бөлігі болғандығы (сурет № 2) тарих бетінде мәңгілікке қалды. Сонымен қатар I мыңжылдықтың аяғы мен II мыңжылдықтың басындағы әлемдік діндер мен ұлы даланың ахуалы көрсетілген картаға қарайтын болсақ, қазақтың киелі даласындағы исламның дамуы территориалдық шекара арқылы көрсетілген (сурет № 3).

Қазақ мәдениетінің кеңістік пен уақытты меңгеру бітімдеріне, оның автохтондығы мен гомогендігіне, сұхбаттық ареалына, архетиптері мен хронотоптарына, шаруашылық-мәдени және әлеуметтік типтеріне сүйене отырып, төмендегідей дүниетанымдық діни типтерді атап өтуге болады: а) генотиптік діндер жүйесі; ә) сырттан қабылданған, «кірме» діни жүйелер; б) ислам. Олардың үлес-салмағы тарихи жағдайлар мен уақыт кезеңдерінде әртүрлі болды. Генотиптік діни жүйе деп рулық-тайпалық қауымға тән арғы ата-текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдар бірлігін айтады.

Қазақстандағы «Мәдениеттану» ғылымының негізін салушылардың бірі, көрнекті философ Т.Х. Ғабитов: «Дін тек салт-дәстүр, әдет-ғұрып шеңберімен шектелмейді. Ол – рухани мәдениеттіліктің баламасы, дүниетанымның бір бітімі, дүниедегі бағдар мен жол көрсетуші. Кез келген дін нақтылы бір сенім жүйесінен

тұрады. Дінді тек құдайға ғана сенушілік деп шектеуге болмайды. Құдай ұғымы жоқ діндердің де болуы мүмкін (буддалық, конфуцийлік, даостық, шамандық). Мәдениеттану тұрғысынан, тіпті, кейбір әсіре дәріптелген және оған адамдардың көпшілігі иланған әлеуметтік жүйелер мен автократтық тәртіптердің де дінге ұқсастық белгілерін байқаймыз (мысалы, социализм, бонопартизм, сталинизм, әр елдегі кішігірім «құдайлар» т.б.). Танымға адам қандай құмар болса, сенім де адамзаттық мәдениеттің түбегейлі қасиетіне жатады» [47, 296-297 бб.], – дейді.

Исламға дейін қазақтың рухани мәдениетінде маңызды рөл атқарған діни ұстанымға тәңіршілдік жатады. Оның астарында бір Құдайға сенушілік тән екендігін көрсеткіміз келеді.

Н.С. Бакина пікірінше: «б.з.д. V-III ғғ. Түркілерде құлшылық ету объектісі ретінде КөкТәңірі болғандығын зерттеушілер ойының бір арнада тоғысқандығы мәлім. Дүние жүзілік тарихта ол монотеистік діндердің алғашқысы ретінде белгілі. Тәңіршілдік идеясында бір Құдайға табыну идеясы орын алған» [15, 39 б.] деуі, исламның әр түрлі мәдениеттерді бір өркениеттік ағымға біріктіргендігін көрсетеді. Ислам осы дінді қабылдаған халықтардың мәдениетін жойып жібермей, керісінше жаңа сатыға көтерді. Қоғам мен мәдениет үнемі қозғалыста, дамуда болатын жүйелер. Түркі мәдениеті мен ислам өркениеті туралы айтқанда олардың бір-бірін толықтырып отырғандығын ескеруіміз керек. Түркілердің түсінігінде Тәңір Алланың синониміне айналған. Ислам дінінің басты ерекшеліктерінің бірі тұрғылықты халықтың наным-сенімдерін өзінің канондарына бейімдеп, негізгі қағидаларын нығайта алуында деп ойлаймыз. Ресми исламға қарағанда көшпенді

түркілер арасында сопылық бағыт кеңінен таралды. Сопылық бағыттың таралуына осы жерлерде исламға дейін қалыптасқан «әулиелерді пір тұту» дәстүрі көп ықпал етті. Рухани тазалығы, емшілік қасиеті, тақуалығы арқылы халық арасында кең танылып, беделге ие болған сопылардың аты тірі кезінде-ақ аңызға айналды. Ал қайтыс болған соң олардың бейіттері қасиетті орындарға айналды. Осындай кейбір ерекшеліктеріне қарамастан көшпенділер арасында исламның таралуына сопылықтың маңызы зор болды. Сопылық арқылы исламның моральдық принциптері бұқара халық санасына сіңірілді. Ал қоғамдық өмірдің ресми деңгейінде Әбу Ханифа мәзһабы қолданыс тапты. Отырықшы түркі халықтары арасында бұл мәзһабтың қолданыс аясы көшпенділермен салыстырғанда әлдеқайда кең болды. Көшпенділер қоғамдық өмірді реттеуде әдеттік заң нормаларына көбірек жүгінгенімен, ислам шарттарын орындау мен ғибадат мәселелерінде осы мәзһабтың ұстанымдарын басшылыққа алды. Бала туғанда азан шақырып ат қою, неке қию, жерлеу рәсімдері, ораза тұту, намаз оқу тәртіптері осы мәзһаб шарттарына сәйкес атқарылды. Басқа да мұсылман халықтары сияқты көшпенділер де ораза айт, құрбан айт сияқты мейрамдарды атап өтіп отырды.

Орта ғасырларда ислам түркі мемлекеттеріндегі діндер арасындағы бәсекелестікте жеңіске жетті. Оның бірнеше себептері бар. Ислам ілімі басқа діни ілімдермен салыстырғанда қарапайым әрі түсінікті болды. Екіншіден, «ислам әрқашан синреттілігімен ерекшеленді. Ол өзіне дейінгі діндердің көптеген идеяларын игерді. Оны жиі-жиі өзі аққан өзеннің жағаларымен салыстырады» [48, 182-б.]. Үшіншіден, қабылдаған халықтардың мемлекеттілігі мен мәде-

ниетінің дамуына Ислам діні жаңа серпін бере білді. «... Арабтар жаулап алған халықтарға ислам өркениеттендіруші рөл атқарды, оларға ауқымды мәдениет әлеміне және халықаралық тіл аясына еруге мүмкіндік берді. Көшпенді халықтарға мемлекеттік пен құқықтық қалыптасуға ықпал етті» [49, 172-б.]. Ислам мен оны қабылдаған халықтар мәдениетінің синтезі А.Мец «Мұсылман Ренессансы» деп атаған өркениеттік құбылысты дүниеге әкелді. Ислам таралғанға дейін Орталық Азияны мекендеген халықтардың мыңдаған жылғы мәдениеті мен тарихы бар еді. Ислам халық руханилығының осы терең қабаттарын жаңғыртуға, осылайша негізгі ұлттық менталитетте біріктіруші бастау күші болды. Оның мәнісі исламның жергілікті дәстүрлерге төзімділікпен қарауында ғана емес. Ислам әмбебапты өркениеттік сана, идентификациялық деңгей ретінде қабылдағанмен ол этикалық ерекшеліктерді теріске шығармады. Құранда бұл туралы Жаратушы адамзатты бір-бірін білсін, танысын деп әр түрлі етіп жаратқандығы туралы айтылады. Сонымен қатар, ислам саясат философиясы мен басқару мәдениетінің жаңа үлгісін орнықтырды. Билік Алланың аманаты ретінде қарастырылды. Қазіргі таңда халық санасында Елбасы Алланың жердегі көлеңкесі деген мәдени тұжырым қалыптасып, халық арасында таралуы кең етек жайып барады. Бұл өз кезегінде қоғамда әлеуметтік тәртіп орнатуға бағытталған құндылықтық негіз болып табылады. Төртіншіден, Ислам ғылым мен өнердің гүлденуіне қамқорлық жасады. Алла жаратқан әлемді тану, ғылым мен білімге ұмтылу және дүниедегі үйлесімділікті сақтау адами парыз деп танылды. Осындай іргелі принциптерді басшылыққа алған ислам құндылықтарының маңызы Кеңес одағы тұсында бұрмаланып, ғылыми айналымға

отарлау мүддесі тұрғысынан жалған тұжырымдар орын алды. Бірақ осыншама қысымға ұшыраған ислам діні қазақ халқының этномәдениетінде мәдени-тарихи пәрменді күш ретіндегі орны өзекті. Бұрмаланған дінді Кеңес саясаты бізге былайша түсіндіреді:

1. Исламда фундаменталистік ағым басым, ол фанатиктердің діні.
2. Қазақ халқы үшін ислам сырттан келген дін. Сондықтан ол халық санасында тұрмыстық деңгейден әрі аса алмады.
3. Ислам қазақтардың дәстүрлі мәдениетін тежеп тастады.
4. Ислам өркениеті басқа өркениеттерден көш бойы кейін қалды.

Әрине, бұл батыстандыру саясатының мүддесі үшін айтылған ой-пікірлер алаңы. Басты атап өтер бір жайт, пәрменді миссионерлік мәдени экспанциясын жүргізген Ресей империясы халық санасында қалыптасқан исламдық этномәдени жүйені құрта алмады. Себебі Алланы өз еркімен қабылдаған қазақ дүниетанымын қандай да қатыгездік саясаты өшірмейді. Сонымен қатар, исламдағы фундаментализм мәселесіне келер болсақ, фундаментализм дәстүрлі мәдениет күйзеліске ұшырап, жаңа тарихи жағдайларға икемдене алмаған маргиналдық қоғамның жемісі, яғни мәдени дамуды көне бітімдер шеңберінен шығармау талпынысы деп білу қажет. Иран, Ауғанстан және Алжир мемлекеттерінде орын алған фундаментализм Қазақстандағы ислам дүниетанымында жоқ. Ислам барлық халықтарды біріктіретін және барлық халықтарға арналған дін [50].

Жалпы жоғарыдағы ғылыми пікірлерді сараптай отырып, тарихи деректер қараханидтер (IX-X ғғ.) кезінде Ислам мемлекеті ретінде танылғанымызға Қытай

билеушілерімен жүргізілген келіссөздерге қойылған мөр дәлел. Қараханидтер мемлекетінің негізін құрушы Қарахан 960 жылы қайтыс болғаннан кейін оның баласы Мұса исламды мемлекеттік дін деп жариялағаны белгілі. Мұның бәрі қазақ халқының оған дейінгі отқа, айға, күнге, пұтқа табыну сияқты қараңғылық нышандарынан арылып, мұсылмандықты берік ұстанып, ондағы барлық құндылықтарды қадірлеп санасына сіңіргеніне дәлел болады. Демек біздің ел – қазақ болып танылғалы мәдениетінің негізі мұсылмандықтан басталып, ондағы құндылықтарды бойына сіңірген. Қазіргі күнде де халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы Құран мен сүннеттен нәр алатынын осы зерттеу арқылы дәлелдейміз.

Тарихи процестің бірлігін қамтамасыз ететін, рухани сабақтастық пен ынтымақтастыққа негіз болатын ислам құндылықтары еркіндік пен имандылық, қайырымдылық пен ізгілік, шығармашылық пен әділеттілік секілді руханилықтың мәңгі категорияларының арқасында қалыптасып, дамыған. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің тарихи дамуындағы ислам құндылықтарының рухани заңдылықтарын мәдени-философиялық талдау арқылы заманауи қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарының маңызын ашуға болады [51, 75 б.].

«Ислам» сөзінің араб тіліндегі мағынасы лингвистикалық тұрғыдан «мойынсұну, бағыну, амандықта, бейбітшілікте болу» дегенді білдірсе, діни термин ретінде «ең соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) Жаратушы Иенің Жәбірейіл періштені жіберу арқылы бүкіл адамзат баласын екі дүниенің бақытына жеткізу жолын баяндайтын, Алланың тыйымдары мен бұйрықтарын қамтитын, әрі бір Аллаға ғана бас июге шақыратын» дін атауын білдіреді. Ислам сөзі сеніммен ар-ұждан

мәселелерін қамтумен бірге амандықты, бейбітшілікті, татулықты насихаттайды, бір ауыз сөзбен айтқанда тұтастай келісімде бейбіт өмір сүру салтын білдіреді [52, 5 б.].

Бүгінгі әлем мұсылмандарының 90 пайызын сунниттер, ал қалған 10 пайызын шииттер құрайды. Соңғы статистикалық есепке сүйенсек, сол тоқсан пайыз сунниттің 87,2 пайызын «матуридилік» пен «әшғарилік» мектебін ұстанатын «Әһли сүннет уәл-жамағат» жамағаты құрайды екен. Ал қалған 2,8 пайызы исламның ішіндегі «қадиянилік-ахмадилік», «уаһабилік», «хизбут-тахрир» т.б. ағымдарға тармақталады. Әһли сүннет фиқһта Ханафи, Шафи, Ханбали, Малики болып бөлінсе, сенім мәселесін Матуриди және Әшғари мектептерінің қағидалары арқылы таниды [53]. Бұл екі мектепті де ұстанатындардың қағидалары мен жолдары бір. Алдымен нақылға (аят пен хадиске) сүйеніп, одан кейін ақылға да белгілі бір дәрежеде мән береді. Яғни, Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетіне амал етудегі бағыттары, пікірлері бір жерден шығады.

Қазіргі кезде әлемдегі сүннит мұсылмандардың жартысынан көбі (шамамен 53%) Ханафи мазһабын ұстанады. Ал ханафилердің басым көпшілігі Имам Матуридидің бір жүйеге келтірген сенім негіздерін басшылыққа алады. Матуридилік мектептің ғұламалары бір жүйеге келтірген иман негіздері – Орта Азия, Түркия, Балқан түбегі, Қытай, Үндістан, Пәкістан аймағындағы мұсылмандар арасында кеңінен жайылған. Әсіресе, бұл жүйе түркі халықтары арасында көбірек таралған. Әрине, оның ішінде Қазақстан мұсылмандары да бар.

Осы орайда «Әһли сүннет уәл-жамағат» деген сөздің мағынасына тоқтала кеткен жөн. Құран Кәрім мен Хазреті Пайғамбардың (с.ғ.с.) сахи́х хадистерін

ұстанып, жол бастар етуші, Аллаһтың елшісі Хазреті Мұхаммед (с.а.у.) және оның сахабаларының сенім (акида) мәселесінде ұстанған жолымен жүрушілерді «Әһли сүннет уәл-жамағат» деп атайды. Әһли сүннет уәл-жамағаттың қазақшасы – «сүннет жұртшылығы және жамағат» дегенді білдіреді. Яғни, сүннетті ұстану – Хазреті Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жүрген жолын ұстануды білдіреді.

Ал мұның «Әһли сүннет уәл-жамағат» деп аталу себебі хазреті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үмметі жайлы айтқан мына хадисінен туындайды:

«Яхудилер 71 топқа, христиандар 72 топқа, үмметім де 73 топқа бөлінеді. Осы 73 топтың ішіндегі біреуі ғана жәннатқа барады, қалған 72-сі тозақтық болады», – дейді. Сонда қасында тұрған сахабалардың біреуі тұрып: «Уа, Расулуллаһ, жәннатқа баратын топ қайсысы?» деп сұрағанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің және асхабымның (ізбасарларымның) жүрген жолымен жүргендер», – деп жауап береді (*Әбу Дәуит*) [54, 192 б].

هل يسو مياع لله اى لص لله لوسر تعمس : لاف ، لك لام بن بس نأ ن ع
فلاتخلا مهيار اذاف ، ةللاضى لى لى مع محتجة لا ي تما ن ا : لوقيد
«هلها و قحلا : مظهلاً داوسب مكيلعف»

Анас ибн Маликтен жеткен басқа бір хадисте: «Шын мәнінде, үмбетім адасушылықта бас қоспайды (бірікпейді), егер қарама-қайшылықтарды көрсеніздер (душар борлсаңыздар), міндетті түрде көпшілікке қосылыңдар!» (*Ибн Абу Асым «Әс-сунна»*) [55, 79 б.] деген өсиеті бүгінгі күнде сунниттердің 87,2 пайызын құрайтын «Матуридилік» пен «Ашғарилік» мектебін ұстанатын «Әһли сүннет уәл-жамағат» жұртшылығын меңзейді. Бүгінгі таңда қазақ қоғамында «Матуридилік»

пен «Ашғарилік» мектептерін ұстану дұрыс емес деп, оны адасушылық деп санап, тіпті оны «Әли сүннет уәл-жамағат» қатарына жатпайды деп санайтын қате пікірдегі топтар бар. Олардың мұндай пікірлері, көзқарастары жоғардағы хадистегі «міндетті түрде көпшілікке қосылындар!» деген Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өсиетіне қарсы келеді. Өйткені қазіргі таңда көпшілік – сунниттердің 87,2 пайызын құрайтын Матуридилік пен Ашғарилік (*Әшғарилік мектептің құрушысы Әбул Хасан Әли ибн Әби Бишр Исхақ Әл-Әшғари х.260/м.873 жылы Басра қаласында дүниеге келді. Имам Әшғари әйгілі сахаба Әбу Мұса әл-Әшғаридің (өл.44/665) ұрпағынан тарайды*) мектебін ұстанатындар. Міне, осы топқа қосылмай, бүйректен сирақ шығарып жүрген бөлінушілер бар. Бүгінде қоғамымыздағы мұсылман қауымы жік-жікке бөлініп, мешіттегі жамағат түгілі бір отбасындағы екі ағайын бірін бірі кәпір, пасық санап, бір-біріне алакөз болулары да осылай бөлінгендердің кесірінен туындап отыр. Оларды Алланың қаһарынан қорқуға, Абу Дардадан жеткен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Жамағатпен бірге болындар! Өйткені бөрі бөлінгенді жейді (*Хадисті Имам Термизи, Әбу Дәуі, Нәсәий, Байһақи сунандарында, Ибн Хиббан, Ибн Хузайма сахихтарында, Хафизул-Хаким мустадракында риуаят еткен дұрыс хадис*)» [54, 195 б.] деген өсиетіне амал етіп, шайтанның арбауына түспеуге шақырамыз.

Исламда сенімді, илануды «и’тиқад», сенім жүйесін – «Ақида», ал осы салаға қатысты мәселелерді зерттейтін ғылымды «кәләм» дейді.

Ақида дегеніміз – дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі дегенді білдіреді. Оны иманның

негізі, сенімнің өзі десек болады. Иман негізі алты шарттан тұрады, оны «әмәнту билләһ» дейміз.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп жырлаған Абай атамыз да:

– Әмәнту айтпаған кісі бар ма,

Уә кутубиһи дегенмен ісі бар ма? – деп дұрыс сенімнің маңызы жайлы ой қозғаған. Бұл жерде Ұлы Абайдың көздеген «әмәнту» сөзі арабшада былай: **«Әмәнту билләһи уә мәләикәтиһи уә кутубиһи уә русулиһи уәл-яумил ахири уә бил-қадари хайриһи уә шарриһи мин Аллаһи тағала, уәл-бағсу бағдәл-мәути хаққун. Әшһәду ән лә иләһә илла Аллоһу уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу»** болып айтылады.

Мағынасы: «Мен Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтың жаратуымен болатындығына иман еттім. Өлгеннен кейін қайта тірілуге. Аллаһтан басқа ешбір тәңірі жоқ екеніне, Хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһтың құлы және елшісі екеніне куәлік етемін».

Әһли сүннеттің сенімге (әрі қарай – ақида) байланысты саласында алғаш зерттеу жүргізгендердің бірі – 699 жылы Куфа қаласында дүниеге келген көрнекті ғалым Имам Ағзам Әбу Ханифа Нұғман ибн Сабит болатын. Имам Ағзам ақидаға байланысты көптеген құнды пікірлер айтқаны белгілі. Әбу Ханифаның ақидаға байланысты мынадай еңбектер жазған: **«әл-Фикһул әкбар», «әл-Фикһул әбсат», «әр-Рисалә», «әл-Алим уәл-мутааллим», «әл-Уасия»**. Олардың ішінен «әл-Фикһул әкбар» деген кітапты ғұламалар ерекше бағалады. Өйткені Имам ақида жүйесіне арнаған аталмыш кітабын «әл-Фикһул әкбар»

(Ең үлкен фикһ – шарифат заңы) деп атады. Негізінде исламдағы «фикһ» ғылымы – «шарифат заңы» дегенді білдіреді. Ол ғибадат, мәміле, сауда-саттық, жалға алу, азаматтық (неке, ажырасу, ата-ана, бала, мұрагер) құқықтар, қылмыстық кодексі, қылмыстық іс жүргізу кодексі сияқты көптеген салаларды қамтиді. Алайда Әбу Ханифа (р.а.) ақида жүйесіне арнаған еңбегін «әл-Фикһул әкбар» (Ең үлкен фикһ – шарифат заңы) деп атауы ақиданың исламдағы ең маңызды сала екендігін алға тартады. Сондықан да Ол «әл-Фикһул әбсат» кітабында: **«Діннің негізін (ақида жүйесін) жіті түсіну діни үкімдерді (шарифат заңын, нормаларын) білуден абзал екендігін жадында сақта!»** деп өсиет айтқан. Демек, мұсылманның құлшылығы, ізгі амалдары Аллаһ тағаланың алдында қабыл болу үшін ақиданы дұрыс оқып, жіті түсіну қажет деген қағида туады.

Десек те, Имам Ағзам уақытының көп бөлігін «фикһ» ғылымын – шарифат заңын зерттеп, оны бір жүйеге келтіріп, шәкірттер тәрбиелеумен айналысты. Соның нәтижесінде, оның «мазһабы» – құқықтық мектебі құрылды. Ал ақида саласында Құран мен сүннетке сүйенген негізгі жүйені түзіп, өзінің шәкірттеріне, ізбасарларына жол көрсетіп кетті. Олардың ішінде әйгілісі, барша әлемге атағы шыққан *«Әһли сүннет уәл-жамағаттың»* жарық жұлдызы, Әбу Ханифаның (р.а.) еңбектерін жалғастырушы **Имам Матуриди** болды [56, с. 92].

Оның толық есімі – **Мухаммад Абу Мансур Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди әс-Самарқанди**. Самарқандағы көне Матурид ауылында (шамамен х. 238/ м. 862 жылы) дүниеге келген. Мұсылмандардың жүрегінен үлкен орын алған Имам Матуриди **«Имам ул-һуда»** («Тура жолдың имамы»),

«Имам ул-мутакаллимин» («Ақида ғалымдарының имамы») деген құрметке ие болды.

Имамның өмірбаяны жайында мағлұмат өте аз. Имам Матуридидің еңбектерін оқи отырып, оның қалам, мазһабтар тарихы, фикһ әдістемесі мен тәпсір саласында өзіндік орны бар ірі ғалым екендігін пайымдауға болады. Еңбектеріндегі тұжырымдарын жоғарыда айтылған әһли сүннеттің басты қағидаларын, нақли (Құран аяттары мен хадистерге) әрі ақли дәлелдерге сүйену арқылы жүйелеген. Әсіресе ол кісі муғтазила мен шииттік түсініктегі мұсылмандарды қатты сынға алған.

Әбу Мансур әл-Матуриди Ханафи мазһабын ұстанатын ортада өскендіктен әрі фикһта, әрі ақидада (сенімде) Имам Ағзам Әбу Ханифаның жолымен жүрген. Сондықтан Имам Матуриди Ханафи мазһабын ұстанып, ақидада Әбу Ханифаның пікірлерін одан ары дамытқан. Бір жағы соны ескергендіктен болар, *қалам* ғалымдары «Матуридилік» деп аталатын мектептің негізін қалаушы ретінде Әбу Ханифаны атайды. Ал Имам Матуриди болса, Әбу Ханифаның айтып кеткен негіздерін ақли және нақли (аят пен хадис) дәлелдермен қуаттап, талдап, жүйелеп бір ізге түсіруші ретінде танылған [57, 44-45 б.].

Ислам әлемінде һижра жыл санауының II ғасырынан бастап пайда болған адасқан мазһабтарға, соның ішінде, әсіресе ақылға көбірек көңіл бөлетін Муғтазила мазһабына классикалық әдіспен төтеп беру біршама қиын болды. Мұндай әдіспен «Әһли сүннет» сенімін қорғау жеткіліксіз еді. Неге десеніз, классикалық, яки дәстүрлі әдісте ақыл ақида мәселесінде негізгі рөл ойнамайды. Осыдан келіп, «Әһли сүннет» сенімін қорғау жолында жаңа бір әдіске мұқтаждық туды. Яғни, иман

негіздерін түсіндіруде аят пен хадиске қоса, ақылға да орын беру керек болды. Өйткені логикалық талдаулар жасалып, мәселенің мазмұнын ашу, мақсатын түсіндіре білу қажеттілігі туды. Осы бағытта Матуриди және Өшғари мектептері қалыптасады.

Имам Матуриди ақида саласында аят пен хадиске қоса, дінді түсіндіруде ақылды да, қажетті қағида ретінде пайдаланды. Матуридилер бірқатар мәселелерде алғашқы ғұламалардың тәсілін ұстанғанымен, Өшғарилерге қарағанда ақылға көбірек жүгінді. Дегенмен, имам Матуридидің тәсілі бойынша, ақылды өз орнымен қолданып, оған шектен тыс басымдық беруге жол бермеу қажет.

Имам Матуридидің ғасыры ислам әлеміндегі сенімге байланысты арпалыстың ең өршіген уақытына тұспа тұс келді. Ислам халифаты күн өткен сайын ұлғайып, көптеген халықтар ислам дініне кіріп жатты. Бір жағынан халифа Мәмун (813-833) дәуірінен бастап, ежелгі грек және үнді пәлсапасы араб тіліне көптеп аударылды. Мұсылмандардың өзара мазһабқа бөлінгендері аздай, сырттан келген яхуди, христиан пәлсапашылары мен дін басылары сенімге байланысты түрлі пікірлер айтып, халықтың санасына көптеген күмәнді мәселелерді ұялатып, жұртты дел-сал күйге түсіріп қойды. Осындай сәтте исламның иман негіздерін қорғау мақсатында ақыл мен қисындық қағидаларды пайдалану қажет болды. Нәтижесінде, иман негіздерін әрі нақылмен (аят-хадис), әрі ақылмен бекітетін «Калам» атты жаңа әдіс пайда болды. Мұның латынша ұғымы – «теология». Имам Матуриди осы дәуірде шыққан әйгілі мутакаллим, яғни теолог еді. Имам Матуридидің шыққан жері Мауараннахр өлкесі болғандықтан, ғалым сол аймақтағы

Ханафилардың ақида мектебінің имамы атанып, сенім негіздерін жүйеге келтіруші болып саналады.

Имам Матуриди «Әһли сүннет уәл-жамағаттың» ғұламасы, әрі ұлы имамы. Ол жөнінде көптеген ислам ғалымдары, тарихшылар өз еңбектерінде атап өткен. Солардың бірі орта ғасырда өмір сүрген Қазақ даласынан шыққан ғалым, 628/1230-31 жылы Алмалық қаласында (қазіргі Жаркент өңірі) дүниеге келген **Әбул-Фадл Мухаммад ибн Омар ибн Халид**, (лақабаты – **Жамал Қарши**) «Мулхақат ас-сурах» («Сурах» сөздігіне толықтырулар) атты еңбегінде былай дейді:

«Жақын кезеңде өмір сүрген Құран тәфсіршілерінің ішінен біздің имамдарымыздың, мырзаларымыздың бірі, «әт-Тәуилатул – Құран» кітабының авторы – **Мухаммад Абу Жағфар Мансур ибн Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди әс-Самарқанди** «Әһли сүннет уәл-жамағат» ғалымдарының ұлығы, тура жолдың биік байрағы (туы), заһид (тәркі дүние, тақуа) – имам [56, с. 103].

Бірде Бағдат халифасының бұйрығымен Самарқандқа пәтуа жіберілді. Хабаршы пәтуаға жауап алу үшін Имам Матуридидің бақшасына кіреді. Беліне жүзім сабағын байлаған, басында қамыстан қайық кескінді бас киімі бар, жұпыны киінген, арық шалды көреді де оған:

– Біздің мәулана (қолдаушы) қайда екен?»– деп сұрайды. Қария:

– Біздің қолдаушымыз Аллаһ, дейді әлгі кісі. Сонда хабаршы:

– Ал, жол көрсетушіміз қайда екен? Ол:

– Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.), – дейді әлгі ақсақал.

Хабаршы:

– Абу Мансур қайда екен? – деп сұрады.

– Ол пірадар алдыңызда тұр, – деп жауап береді.

Пәтуаны ақсақалдың қолына ұстатып, жауабын алғаннан кейін хабаршы өз жөніне кетеді.

Имам Матуриди Самарқандта 335/946-47 ж. қайтыс болып, Чакардизе кентінде жерленген» [58, с.92].

Жамал Қарши бабамыздың бұл сөзінен мынадай бірнеше тұжырымдар жасауға болады:

1. Ұлық имам Абу Мансур Матуридиге: «Әһли сүннет уәл-жамағат» ғалымдарының ұлығы, тура жолдың биік байрағы, заһид имам, деп баға беруі ғалымның «Әһли сүннет уәл-жамағат» ғалымдарының ішінде үлкен дәрежеге ие болғанының айғағы;
2. Сол кездегі Ислам әлемнің астанасы Бағдатта отырған мұсылмандардың Халифасы елші жіберіп Имам Матуридиден пәтуа сұрап, санасуы – имамның бүкіл ислам әлеміндегі беделділігіне, ғұламалығына дәлел болмақ;
3. Қазақ халқы да орта Азия халықтары сияқты шарифатты Имам Матуриди мектебі арқылы орындағанына белгі береді;
4. Осыншама әйгілі бола тұра, өте қарапайым күй кешіп, кез-келген шаруаны өзі атқаратындығы және кішіпейілділігі тек ықыласты ғалым бойынан ғана табылатын қасиеттер.

Әбу Мансур әл-Матуриди әртүрлі ғылым салаларында көптеген еңбектер жазды. Атап айтқанда, кәләм, ақида, фикһ негіздері, Құран Кәрім тәпсірі ғылымдары бойынша.

Құрамы күрделі көне мәдениеттер мен діндердің өзара ықпалдасуы мен қосылуы нәтижесінде пайда болған рухани феномен Қазақстан мәдениетіне сипат-

тама бере отырып, келесідей ислам құндылықтарын анықтауға болады. Сонымен:

- Ислам – бір Аллаға ғана бойсұну деген мағынаны білдіреді. Яғни, Оған ғана шынайы ықылас пен нағыз бағыну.
- Ислам тек бір Алла сеніміне ғана сүйенеді, әрі Оған ғана құлшылық етуді насихаттайды. Сондай-ақ бүкіл әлемді әу баста жоқтан бар еткен тек Алла тағала екендігі баса айтылады.
- Періште сияқты рухани жаратылыстарға сенуді уағыздайды.
- Адамдардың өлгеннен кейін, қайтадан тірілетіндігі жайында және мәңгі о дүниелік өмірінен хабар береді.
- Ислам таухидке негізделген дін. Адамның абыройы мен қасиетіне зиян келтіретін, Аллаға серік қосу сияқты сенім бұзықтықтарынан мүлде алыстатылған. Бұл жерде көрініс тапқан **адамгершілік құндылығын** көреміз.
- Ислам адамның рухына азық беретін құлшылық-ғибадат діні. Адамзат орындауға жауапты болған түрлі ғибадаттар денені де рухты да жақсылықтарға жетелейді. Әрі дене мен рух тазалығын қатар қояды. Қоғамның рухани жетілуі мен тазаруы жеке адамнан, отбасынан басталады. Сондықтан Ислам **тазалық құндылығына** ерекше мән берген.
- Ислам – әлемдік дін. Алдыңғы пайғамбарлар жеткізіп, баяндаған діндер тек қана белгілі бір ұлтқа, халыққа келсе, Ислам діні бүкіл дүние жүзіндегі халықтарға жіберілген. **Әділдік принципі** тек мұсылмандарға ғана емес, діні бөлек болса да, қоғамдағы барлық адамдарға ортақ болып табылады. Бұдан байқайтынымыз ислам

адами құндылықтарды құрметтей отырып, қоғам бірлігін сақтауды мақсат етеді.

- Ислам мейірімділік пен қамқорлық діні. Адамзатқа әлсіз, бейшара жандарға қол ұшын беруді, оларға зиян тигізбеуді қоғамда түсінікті қалыптастыруға негіз болады. Сол арқылы қоғам мүшелері арасында **мейірбандығын** насихаттайды.
- Ислам діні ғылым, білім үйренуді, адал жолмен күн көру мақсатында жұмыс істеп, еңбектенуді, табыс табуды құлшылық деп санайды. Дүние мен ақырет арасында тепе-теңдік құрып, екеуінің пайдасы үшін жұмыс істеп, еңбектенуді бұйырады. **Ислам еңбексүйгіштік арқылы тағы бір басты құндылық – сабырлықты** алға тартады. Сабырлық – адамның жігерінің көрсеткіші.
- Ислам дінінің үгіт-насихатында зорлау, күш қолдану сияқты іс-әрекеттерге орын жоқ. Адамдардың сүйіспеншілікпен және өз қалауымен Исламға көңіл бөлуі ең негізгі мәселе. Бұл жерде **қайырымдылық** руханилықтың негізгі құндылығы болып табылады.
- Ислам діні қоғамның салауатты өмір сүруге қол жеткізуін, осы жағдайды үнемі сақтап қалу үшін «жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыю» негізін ұсынады. Тыйым жолында **ізгілік құндылығына** бастау жатыр деп білу қажет.
- Ислами мемлекетте мұсылман мен мұсылман емес дін өкілдерінің барлығы халық төрешісінің алдында тең құқылы. Басқа діндегілер өз діндерінің бұйырған міндеттерін атқаруға ерікті. Үйлену, ажырасу, құлшылық пен мойынсұнулары өз діндерін заңдары бойынша атқаруға құқық беріледі. Дінде зорлық жоқ, дегенмен дін адам

руханиятындағы бағыт-бағдар, ол адамзаттың ғасырлар бойы ізденісін, табыстары мен қателіктерін саралап, жақсысын жинап, зиянынан бас тартқан ғасырлық тәжірибенің жиынтығын бойына дарытқан әлеуметтік құбылыс.

- Ислам жеке басқа зиян келер болса да туралықтан айырылмауды бұйырады. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) Алланың үкімдерін орындауда адамдар арасында ешқашан алалық танытпаған. Сондай-ақ Ислам бір Аллаға иман келтірген барлық адамдарды бір-біріне (діндес) бауыр деп жариялайды. **Ислам қауымдастығындағы адамдардың қарым-қатынасы басты бауырмалдық қағидасын құндылық ретінде қолдап отырады.**
- Ислам діні адам баласын бірлікке шақырып, араларында бауырмалдықты насихаттайды. Сондай-ақ олардың барлығын Жаратушы алдында тарақтың тісіндей бірдей, тең екендігін, артықшылық тек тақуалық (Алладан шынайы түрде қорқу, шарифат үкімдерін толық орындау) пен көркем мінез-құлықта екендігін паш етеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, олардың жаратылысына және психологиясына сәйкес түрде реттеп отырады. Бейбітшілік пен тыныштық исламдағы негізгі құндылықтардың бірі болып табылатындығын атап өткен жөн.

Аталған құндылықтарды біліп, мәдени-философиялық тұрғыдан саралау, жалпы алғанда адамның жетілуіне, кемелденуіне, үйлесімді өмір сүруіне қызмет етеді. Қазақ халқының мәдениетіндегі ислам құндылықтарының орнын анықтағанда, дәстүрлі қоғамның құрылымының ғасырлар бойы негізін сақтап келген халық мұраларының тарихи процесінде

жоғалып кетпеуіне себепші болған күш – адамгершілік принциптеріне негізделген руханилық болғандығын басты ұстам ретінде қарастыру қажет.

Исламның осындай қарапайым әрі жалпыға бірдей түсінікті мұраттары мен нормалары оның кең таралып, әр түрлі қоғамдар мен жеке адамдардың өмірінде бекуіне алып келді. Қазақ хандығы тұсында да бұл нормалар мен құндылықтар Тәуке ханның, Қасым ханның, Есім ханның заңдар жинағына еніп, қазақ қоғамының ілгерілеп дамуына ықпал етті. Қазіргі қоғам ішінде ислам құндылықтары өзінің позитивті ықпалын жоғалтқан жоқ, ислам негіздерімен, құқықтық-адамгершілік нормалармен терең танысу қоғамға да, жеке адамға да игі ықпалын тигізетіндігі күмән келтірмейді [59, 75 б.]. Осы тұрғыдан алсақ, гуманистік, этикалық принциптердің қазақ жерінде ежелден келе жатқандығы әрі дәстүрлі басым рөл атқаратындығы, тіпті ислам құндылықтарының дамып орнығуына басты дәнекер болғандығы сөзсіз.

1.3. Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарының мәдени-әлеуметтік құрылымы

Әлемде әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы діни құндылықтармен астасып жатады. Бұл ислам құндылықтарына да байланысты. Исламның келуі – он бес ғасыр бойы әлемнің, миллиардтаған адамдарының, әртүрлі этникалық қауымдастықтың, оның ішінде қазақ этносының да тұрмыс пен салт, дүниетанымына әсер еткен күрделі тарихи құбылыс. Ол туралы өз заманына атақты философ Бертран Рассел: «Еуропа варварлыққа бой алдырғанда Шығыс басымдығы әскери істе ғана көрініп қоймай,

Мұхаммедтің (с.а.у) әлемінде ғылым, философия, поэзия және өнердің барлық түрлері дамыды. Еуропалықтар өз көзқарастарының танымдық тарлығы аясында бұл кезеңді «қараңғы ғасыр» деп атайды, бірақ христиандық Еуропа үшін қараңғылық басқанымен, бұл кезеңде Андалусияда Мұхаммедтің (с.а.с) керемет өркендеген мәдениет қалыптасқан болатын», – деп суреттеген [60, с. 754]. Тарихи деректерді сараптай келе, исламдану үрдісінің ортағасырлық Қазақстанда сонау VIII ғасырдан бастау алып, X-XII ғасырларда шарықтау кезеңінен өткені (Қарахандар дәуірі), одан кейін екінші діни-мәдени өрлеу Алтын Орда кезінде Қазақстанның далалық аймақтарында толық және біржолата ислам үстемдік құрып, осы негіздер болашақта сақталып отырғаны себебінен қазақ хандығы толыққанды мұсылман мемлекеті ретінде дамығанын көреміз және бұл үрдіс сол кезеңдегі ауыз әдебиетінде көрініс тапты. XIX-XX ғғ. бас кезінде де ислам діні Қазақстанда жалпы бір қалыпты деңгейде болды, маңызды қоғамдық рөл атқарды, тек саяси жағдайларға және Еуропа өркениетінің келе бастауына байланысты оның мазмұны мен қоғамдық өмірінде көрініс беру формаларына белгілі өзгерістер енді [52, 217 б.].

Алланың елшісі Мұхаммед (с.а.у) былай деген: «Ислам діні бес тірекке негізделген»:

I. «Әшһаду ән лә иләһә иллАлла уа әшһәду әннә Мухаммәдән расулуллаһ» Алладан басқа ешбір тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік беру». Куәлік сөзі. Бұл Ислам негіздерінің мағыналарын қамтиды. Куәліктен кейінгі Исламның басқа негіздерінің мағынасын түсіндіреді. Оның түсініктемесін мұсылманның өмірімен байланысты-

рады. Әрбір мұсылман осы негіздерге сай өмір сүру керектігін айтады.

II. Намаз оқу. Күніне бес рет намаз оқу – Исламның ең маңызды парыздарының бірі. Оны орындаған адамды Алла ұлы сыйға бөлейді. Намаз белгілі шарттарға сай орындалады. Ол фикіхтің ғылымхал кітаптарында түсіндірілген.

III. Зекет беру. Белгілі бар дәулеті бар кісілер дүниелерінен кедейлердің ақыларын беріп, байлардың жүректерін сарандықтан тазартып, кедейлерге деген мейірімділікті ояту үшін беріледі. Бұл жайында да шариғат үкімдерінде түсіндірілген.

IV. Рамазан айында ораза ұстау. Ораза. Рамазан айында ораза тұту әрбір мұсылманға парыз. Ораза мұсылманның тақуалығын (Алладан қорқу) күшейтеді, әрі ол үшін Алла ұлы сый береді.

V. Шамасы келсе, қажылыққа бару. Өмірінде бір рет Меккедегі Алланың үйіне барып қажылық міндетін өтеу, шамасы келген әрбір мұсылманға парыз [61, 12-15 бб.].

Баса атап өтер жайт, осы мұсылман тірегі Х ғасырда қазақ ауыз әдебиетінің мәйекті дiңгегі болуында. Американдық антрополог Клакхон Клайд Кей Мейбен: «Белгілі бір мағынада тіл дегеніміз – философия» [62, 123 б.] десе, халқымыздың асыл қазынасы ауыз әдебиетіміз арқылы Ислам құндылықтарының діни-рухани насихаты – поэзия, музыка, шешендік сөз, көркем өнердің көмегімен діни насихаттың жүргізілгені анық. Қазақ жерін мекен еткен кез-келген түркі-ислам өркениетінің тұлғалары сөз басын Ұлы Алланың құдіретінен бастаған. Мысал келтіретін болсақ, ерте ортағасырдағы ұлы тұлғалардың бірі, ғұлама, ойшыл, мемлекетшіл ақын Жүсіп Хас Қажыб Баласағұни. Ғұламаның «Құтты

білік» дастаны әлеуметтік-философиялық трактат, әрі түрік дүниесінің алғашқы поэзиялық жазба кітабы болып табылады. Оның:

Алла атымен бастадым сөз әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Шексіз құрмет, шүкіршілік мың да бір,
Ол мәңгілік, Хаққа лайық кіл қадір.
Жаратты Ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді.
Қалады да жаратты бар болмысты,

«Бол!» деді де, бірден бәрін болғызды [63, 88 б.] – деген жыр шумақтарынан терең философиялық ой, кең ауқымды дүниетаным, болмыс тәрбиелеудің діни бітімгершілігінен хабардар боламыз.

Қарахандар дәуіріндегі деректерге сүйенсек, түркі дүниесінің мәдениетінің гүлденіп, әлем өркениетімен байланысы өркен жайып дамығандығы көрінеді. Осы кезеңнің дарынды ойшыл Махмұд Қашқари өз кезегінде былай деп жырлаған:

«Алла соққан бұ ғалам, Шыр айналып дөңгелер.
Жұлдыздары жыпырлап, Күнді аударып, түн келер. Алла аспанды жаратты, Ақық сеуіп таратты. «Таразыны» бар етті, Күнді аударып, түн келер. Бір Иемді мақтаймын. Білім жинап, сақтаймын, Жақсылықты жақтаймын, Бар көңілімді бағыштап». [64, 25 б.] Түркі тілтану ғылымының негізін қалаған, әлемнің көне картасын, оның ішінде түркі халықтарының географиялық орнын белгілеп дөңгелек карта сызған ғалымның Алла туралы жыр жазуы ХІ ғасырда қазақ даласындағы идеология негізі Ислам діні болғандығын көрсетсе керек.

Сонымен қатар,
«Иә, Аллах, көп мінәжат етем Саған,
Рахметіңді үміт етіп мен аңсағам.

Дәріптеуге Өзіңді тіл жетер ме,
Тіл өнерін төгейін, жар бол маған.
Ұшқан құс, жүгірген аң – барлығы да,

Паш етер Сені «бар» – деп, жөн бар соған!» [65, 15 б.], – деп те жырлаған, XII ғасыр аяғында XIII ғасырдың басында өмір сүрген Әдиб Ахмед ибн Махмұд, яғни Ахмед Иүгінекидің сөздері Ислам дінінің шарифатын насихаттайды:

Дін мұсылман баласы,
Адамдықтан жерімес,
Тіл мұсылман, қарашы,
Арамдықтан шегінбес.
Дәніккесін бұл шіркін,
Адал бір дәм жегізбес!
Қарап жатқан жыланның,
Құйрығын неге басасың?

Шағайын деп шапсыса, шоршып неге қашасың?– деген Үмбетей Тілеуұлының халық мүддесіндегі осы сөздері мұсылмандықтың адамдықты, адамгершілікті көрсетеді. Сонымен қатар, ел бірлігі мен халық татулығы мұсылмандық құндылықтардың таралуында деп білген.

Қазақтың кемеңгері Абай Құнанбаев ақын ғана емес, исламды терең түсінген теолог болған десек артық айтқан болмас едік.

Абай Құнанбайұлы – адамзаттың алтын қорына қазақ атынан өз үлесін қосқан ғұлама, «Қазақтың бас ақыны», «Отанды сүю – иманнан» деп, елін-жерін шын сүйген отаншыл кемеңгер. Ол халқының өсіп-өнуін армандап, қайтсем кемшілігін түзеймін деп ел-жұртын адал еңбекке, ғылым-білім үйренуге үндеді.

Бүкіл халқымызды толғандырған Абайдың теңіздей терең таланты күн өткен сайын биіктеп, ақындар үшін

– арманға, ойшылдар үшін – маржанға айналды. Оның әрбір сөзі жібекке тізген меруерттей мөлдіреп, көз жауын алса, салмақты да салиқалы ойлары жаныңды тербеп, жігеріңді жанып, қиялыңды қырымға, көңіліңді биікке көтерері сөзсіз. Бұл тұрғыда қазақтың біртуар философы Ғарифолла Есім «Абай дүниетанымындағы Алла мен адам болмысын биік ғылыми парасаттық зердеден өткізуі ұрпақ тәрбиесіндегі орнықты рөлдің бекем қазығы аталы сөзден үлгі іздеуі деп білеміз. Абай дүниетанымындағы этика мәселелері ретінде адалдықты, парасаттылықты, отансүйгіштікті, имандылықты, адам-гершілікті, ғылым мен еңбекке құштарлықты, сенім мен әдеп мәселелерін алға тартуға болады» [66, 345 б.].

Бір өлеңінде Алланың болмысынан сөз қозғап, шарифат бойынша Алланы танудағы бүкіл ислам әлеміндегі ғалымдардың бір ауыздан қабыл еткен негізгі доктринасының (Матурида мен Ашағаридан тұратын «Аһлі сүннет уал-жамағат») сенімі бойынша Алланың мекенсіз болмысын меңзеп былай деген:

«Мекен берген, халық қылған Ол – Лә мәкан,
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың Оны ойламай,
Басқа мақсат ақылға тола ма екен?!» [67, 153 б.].

Абай атамыздың осы сөзіне мәдени антропологиялық талдау жасар болсақ, Абайдың “Ла Макан” – «мекені жоқ», мекенсіз», – деген сөзді қолдану Имам Матруди ақидасын жақсы меңгергендігін көрсетеді. Қазіргі кезде әлемдегі сүннит мұсылмандардың жартысынан көбі (шамамен 53%) Ханафи мазһабын ұстанады. Ал ханафилердің басым көпшілігі Имам Матуридидің бір жүйеге келтірген сенім негіздерін басшылыққа алады. Матуридилік мектептің ғұламалары бір жүйеге

келтірген иман негіздері – Орта Азия, Түркия, Балқан түбегі, Қытай, Үндістан, Пәкістан аймағындағы мұсылмандар арасында кеңінен жайылған. Әсіресе, бұл жүйе түркі халықтары арасында көбірек таралған. Әрине, оның ішінде Қазақстан мұсылмандары да бар [68, 158-164 б.б.]. Ислам ақидасындағы негізгі ұстаным бойынша: “Алла кеңістікті, мекенді жаратпастан бұрын бар болған. Мекенді жаратқаннан кейін оған мұқтаж да болған емес. Мекенге мұқтаждық жаратылыстың сипаты. Мұқтаждық – әлсіздіктің белгісі. Ал, әлсіздік күдіретті Аллаға лайық сипат емес”, деген қағида бар.

Ғұламалар: «Ақылға салып қалай пайымдасаң да Алла бәрібір оған ұқсамайды» деп ескерткен. Осы себепті, әһлі сүннет ғұламалары Аллаға: «Мұхалафатул лил-хауадис» деген ерекше сипат берген. Мұның мәні: «Алла тағала кейіннен жаратылғандардан өзгеше, олардың ешқайсысына ұқсамайды» дегенді білдіреді.

Қазіргі қоғамда Құрандағы астарлы мағыналы «Алла аршыға (таққа) үстемдік етті» [11, «Таха» сүресі, 5-аят] деген аятқа ұқсас «муташабиһ» аяттарға «Алла аршыға (таққа) шықты, орнықты, отырды» деген сияқты Алла тағалаға лайық болмаған адами, антропологиялық сипаттарды тіркеп, Алланы жаратылысына ұқсату сияқты келеңсіз пікірлер кең тарқалып бара жатыр. Мұндай пікір Абайдың да кезінде заманауи мәселеге айналған болса керек. Ал ислам ақидасындағы негізгі ұстаным бойынша, Алла тағаланы адами, антропологиялық сипаттармен, жалпы жаратылысқа тән сипаттармен сипаттауға тыйым салынған. Ол сипаттар Алла тағала хақында кемшілік болып табылады. Бұл негіз: – “Оған ұқсайтын еш нәрсе мүлде жоқ!” [11, «Шура» сүресінің 11-аяты], “Алланы еш нәрсеге ұқсатпаңдар” [11, «Нахл» сүресінің 74-аяты], “Алла тағаланың еш теңдесі жоқ”

[11, «Ықылас» сүресі, 4-аяты] секілді аяттарынан алынған.

Ислам мәдениетіндегі ең жоғарғы құндылық Алланы танудағы басты қағидаттар мынадай:

- Алла тағала Өзі жаратқан жаратылыстардың ешқайсысына ұқсамайды. Алла тағаланың бар болуының белгілі бір бастауы жоқ – әзәли, соңы жоқ – мәңгі. Ал Алладан өзгенің барлығы, яғни бүкіл әлемнің белгілі бір бастауы және кеңістіктен алатын орны бар.
- Аллаға мекен мен заманның ықпалы жүрмейді. Себебі бұлар кейіннен жаратылған. Ал Алла тағала мекен де, уақыт та жоқ кезде бар еді. Түптеп келгенде, мекен мен заманның өзі Алла тағаланың билігіндегі нәрселер. Құранның: “(Уа, Мұхаммед!) «Көктегілер мен жердегілер кімге тиесілі? Бәрі Алланикі» деп айт оларға», – деген мекеннің де, оның ішіндегілердің де Алланың иелігінде екендігін білдіреді [11, «Әнғам» сүресі, 12 аят].

Осылардың қатарына Алланың Аршысы да кіреді. «Әл-буруж» сүресінің 15-аятында “(Алла) Ұлы Аршының иесі”деп арнайы атап көрсетіледі. Оның өзіндік сыры бар. Аршының сөздіктегі тура мағынасы «тақ» дегенді білдіреді. Діни деректерге сүйенсек, оның астында «Күрси» деп аталатын текше бар екен. Пайғамбарымыздан Әбу Зарр жеткізген хадисте: «Жеті қабат көк (аспан) курсидің жанында сахарада жатқан жүзік секілді. Сахара әлгі жүзікпен салыстырғанда қандай болса, Аршы курсиден сондай үлкен» деп түсіндірілген [69, 403 б.].

Мұхаммед Али әс-Сабунидің айтуынша: “Бұл аятта Алла тағала алпауыт аршыны өзіне атап тіркеуінің

себебі, аршы күллі жаратылыстағы ең үлкен дене болып табылады. Ол көк пен жерден әлдеқайда үлкен. Аршының осыншама кең болып жаратылуы оны Жаратқанның ұлықтығын ұғындырады”.

Ал Орта Азиядан шыққан әйгілі теолог Абдулла ән-Нәсәфи былай дейді: «Жоғарыдағы аятты тәпсіршілер былай түсінген дұрыс дейді: «Аршы барлық галактикалардың үстінде орналасқан. Оны Алла жаратып, құдіретін көрсету үшін жоғарыда Өз билігімен сақтап қойған. Жаратылыстағы ең алпауыт дене – аршыны сақтап тұрған Құдіретті Алла тағалаға аршының жанында арзымайтын көлемдегі мына дүниені және ондағы тіршілік иесін сақтау еш қиын емес» [70, 347 б.].

Мұсылмандардың төртінші халифасы Әли ибн Әбуталиб (VII ғ.): «Алла тағала Аршыны өзіне мекен үшін емес, керісінше құдіретін паш ету үшін жаратты», «Алла тағала мекен жоқ кезде де бар еді. Ол бұрын қалай бар болса, қазір де дәл солай бар» [71, 234 б.], – деп, Аллаға мекен тән еместігін білдірген.

Әбу Жәғфар әт-Тахауи (853-933) өзінің әйгілі «Тахауия ақидасында» былай дейді: «Алла тағала шектеуліліктен, ұстындардан, ағзалар мен құралдардан пәк. Оны кейіннен жаратылғандар тәрізді алты тарапты (оң, сол, алдыңғы, артқы, жоғарғы, төменгі жақтар) қамтымайды [72, 88 б.]» деп Алла Тағаланы бір заттың оң, сол, алдыңғы, артқы, жоғарғы, төменгі жағында орналасқан деп шектеп немесе салыстыруға болмайтынын айтқан.

Абай өлеңнің екінші жолында Алланы көксеу туралы айтады. Көксеудің мағынасы махаббат, ғашықтық, сүю. Мекен берген, халық қылған, жаратқан Иенді сүйіп, барша әрекетінді сол үшін атқармай, “Және оған

қайтпақсың оны ойламай”, – дейді. Ойлау – Алланы еске алып, зікір ету. Мұнсыз “Өзге мақсат ақылға тола ма екен”, – деп, Абай атамыз өзіне дейінгі өмір сүрген ислам ғалымдарының жолын ұстанғанын бізге байқатады. Ислам ғылымдарының ең бір қиын да, күрделі саласы кәләм, ақидаға жататын мәселені Хәкім Абайдың өлеңге қосып жырлауы, сол кезеңдегі қазақ халқының діни сауаттылығының едәуір жоғары дәрежеде болғанына дәлел етеді. Мұның қазақ халқы ислам дініндегі тұрмыстық қағидаттарды ұстану ғана емес, ақидадағы күрделі мәселелерді дұрыс түсіну талабынан туындағаны анықталады. Абай адам баласының бұл фанидегі орны, тіршілік мәні мен мақсаты туралы пәлсапалық түсініктерін, ойларын «Ғаклияда» жан-жақты дамытты. Өмір, дүние-тіршілік, қоғам мен адам, адам мен билік, адам мен Алла арасындағы қарым-қатынастар, Жаратушы заңдары туралы ғұламаның пікірі, тұжырымдары ақиқатқа негізделгендіктен, әркез қажет тұжырымдар болып қала бермек деген ойдамыз.

Осындай философиялық мәні тереңге бойлаған қариялардың бата мәтіне үңілсек:

«Әуелі Құдай жарылқасын,
Пайғамбардың берекесін берсін.
Әбу бәкір Сыдықтың салауатын берсін.
Әділ Омардың айбатын берсін,
Әзіреті Оспанның ұятын берсін,
Әзіретін Әлінің қуатын берсін,
Ибраһим пайғамбардың малын берсін,
Әкім Ұлықманның жасын берсін,
Әкім Сүлейменнің тақытын берсін,
Ескендір Зұлқарнайынның бақытын берсін,
Атымтай жомарттың даңқын берсін,

Дәуіт пайғамбардай отыз ұл берсін» [40, 169 б.], – деген халық дүниетанымының мағыналы сөз өрнегі, тілегінің көрінісі іспетті. Осы батада аты аталған адамдар ислам тарихынан өте маңызды орын алады. Мұхамед пайғамбардың (с.ғ.с.) сахабалары Әбу бәкірдің (р.а.) өте шыншыл болғандығынан қаумы оны «Сыддық» яғни, аса шыншыл, Омардың (р.а.) тайсалмай ақиқаттан зәлімдікті ажыратқандығы үшін «айбатты» деп атағанын, Оспаннан (р.а.) періштелердің өздері ұялатын болғандығын, Әліге (р.а.) Алла ерекше күш-қуат бергені ислам тарихынан мәлім. Ал Ұлықманның пайғамбар емес, көп жасаған хакім болғанын ислам тарихын көп зертеген адам ғана білетінін атап өту қажет. Демек, қазақ халқы ислам мәдениетінен құнды орын алатын мәліметтерді бата арқылы ауызекі насихаттап отырғаны байқалады.

Қазақ әдебиетінің, исламданған мәдениеттің көрнекті өкілі Бұхар жырау шығармашылығына келер болсақ:

Ей, айтшы, Алланы айт,
Аты жақсы Құдайды айт.
Төрт шарияр Мұстафа,
Мұсқап ашқан ғаламды айт.
Тәңірім сөзі бұрқанды айт,
Кәләм Алла Құранды айт.
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт, [73, 10 б.].

Немесе,
Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа...
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытта бес намаз,

Біреуі қаза болмасқа [73, 11 б.] дей келе,
«Құдайды білмес бейнамаз» [73, 12 б.], «Сабаны әкел ордаға, Құран оқыт молдаға» [73, 13 б.], «Таңертең азан шақырған дауысы сұлу молланы айт» [73, 14 б.], «Қарсы болма Аллаға» [73, 15 б.] деген толғауларындағы сөз тіркестері жыраудың имандылығын, кемел ғалымдығын, сонымен қатар, қазақ ақын-жыраулар шығармашылығының шариғатқа деген ерекше құрметін танытады. Айта кететін бір жәйт, Бұқар жыраудың шариғаттан терең білімі барлығын байқауға болады. Мысалы: «Мұстафа» деген Мұхамед пайғамбардың (с.ғ.с.) бір лақаб аты. Мағынасы «таңдаулы» дегенді білдіреді. «Шарияр» парсы тіліндегі «чор-иор» торт дос деген сөз тіркесінен алынған. Яғни Мұхамед пайғамбардың (с.ғ.с.) төрт досы, мұсылмандардың төрт әділ халифалары Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Әлиді (р.а.) мензеген. Мұсылмандар үшін бұл төртеуін құрмет тұту имандылықтың кемелдігі болып саналады. Сондай-ақ, «Мұсқап» және «Бұрқан» сөздерінің мағынасы Алланың сөзі «Құран»-ның қосымша атаулары екенін шариғаттан терең білімі бар адамға ғана мәлім деп білемін.

Сол заманда Шал ақын:

Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, Алланы ойыңа алсаң,
Жарлығы екі болмас хақ Құдайым,
Жанында серігі жоқ тақ Құдайым,
Жанымды алсаң, Құдая, иманмен ал,
Шайтанның қазасынан қақ, Құдайым... [74, 408 б.],

Немесе,

Мекке менен Медине – жолдың ұшы,
Иман таба алар ма барған кісі?
Ата-ананы, мейманды құрметтесең,

Меккеден де нұрлы ғой үйдің іші [74, 409 б.] – деп, бес тірекке негізделген Ислам дінінің құндылықтарынан сыр шертеді.

Ислам діні құндылықтарының басты идеялары Қабан жыраудың (Қабылиса) шығармаларында айқын көрініс береді.

Бақыт, қайда барасың?
Шариғат сөзін тыңдаған,
О дүниені ойлаған,
Аллалы үйге барамын...
Үйінде тұрған Құраны,
Расулалла ұраны
Тәртіпті үйге барамын...» [74, 148 б.] немесе

Әй, мұсылмандар, жараңдар,
Малыңнан зекет беріңіз.
Бірлігін Хақтың біліңіз,
Хақ жолымен жүріңіз,
Пәк болады дініңіз.

Сондай-ақ, Шал ақын (Тілеуке Күлекеұлы) өз кезегінде:

Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.
Жігіттер, ғибадат қыл маған нансаң,
Намаз оқы, Алланы ойыңа алсаң,
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі өлмей қалсаң.
Кәрі өлсе соққан дауыл тынғандай-ақ,
Жас өлсе бәйтерегің сынғандай-ақ,
Жігіттер, жас кезінде тәубаға кел,

Ажал деген көзді ашып-жұмғандай-ақ [74, 163 б.], деген өнегелі жыршумақтары Исламға терең талдау

жасайды. Терме жолындағы «Тәубеге кел» сөзі Кеңес Одағы кезінде дәстүрлі әншілер уысында «ойна да күл» боп өзгертілгендігі бәрімізге мәлім.

Дулат Бабатайұлы: адамның іс-әрекеті, мінезі туралы:

Әуелі Алла айталық,
Ағузы билляһи әліпті,
Қайыр беріп сыйлаңыз,
Мүсәпір мен кәріпті.
Кәріпке қайыр берсеңіз,
Ақыреттің дәулеті,
Қараңғы емес, жарықты,

Құдай білер деген сөз [74, 168 б.], – деген өлең жолдары өнеге мен иманжүзділікке толы.

Адамы бұ заманның арамтамақ,
Көңілі қара, аузы ала, ерні жалақ.
Дін ісіне шамшыл аттай шегіндейді,
Дау десе жауыр атын кетер сабап.
Қалмады жұрт ішінде ұят-әдеп,

Құдайға онша қылмайды құлдық, тағат [74, 170 б.], – деген жыр шумақтарының авторы Ақмолла Мұхамедиярұлы 1831-1895 жылдары өмір сүрген. Ақын өлеңдерінде рушылдық, бектік, көрсеқызарлық, жалқаулық сыналып, ғылымға бетбұрыс, имандылық, әдептілік насихатталған.

Кеңестік дәуірде қазақ халқының ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің халқымыздың дүние-танымындағы сенімге негізделген, мықты рухты жырлаған тамаша жыр шумақтарында қазақ баласын білім-ғылымға шақырған насихаты бұрмаланып, басқаша айтылып келгені де рас.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!
Істің болар қайыры,
Бастасаңыз Аллалап,
Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап [75, 101 б.].

1858-1931 жылдар аралығында өмір сүрген талантты ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы да Алланы тануға шақырады. «Мал жимақ» өлеңінде Алланың алдында таза ниетті адамдардың орны туралы сөз толғайды. Мысалы:

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,
Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде,
Ғибадат пен адалдық, ар үшін жи.
Ерінбесең еңбекке, дәулет дайын,

Жаратқан жоқ жатсын деп бір Құдайың [76, 55 б.],
– деген өлеңі арқылы мақтаншақтық сияқты исламға жат қасиеттерден қазақ болмысының аулақ болуын көкसेген.

Әбубәкір Кердері «Насихат толғауы» өлеңінде:
Әуелі, Аллаһ, жараттың,
Топырақтан халық етіп.

Қараңғыдан жарыққа [77, 89 б.], – деген сөздерінде қазақ дүниетанымындағы Алла болмысының мәнін аша түскендей ой қалдырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Баласы дін мұсылман ояныңдар!» өлеңінде қазақ баласына білім алуды насихаттайды. Ал өлең атауында қазақ халқының балаларын дін Мұсылман деп теңеуі сол кездің өзінде иісі қазақ баласының мұсылмандылығының мықты болғандығын және менталитеттің берік дінгеі мұсылмандық деп көрсеткен. Өзінің «Ғылым» шығармасында: «Ғылым-

білім немен болады? Ең алды Құдайды, Құдай Тағаланы танымақ. Ол Құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, Сонда тәңірісін таниды» [74, 40 б.], – ойлары әлі күнге дейін, атап айтқанда Қазақстанның «Интеллектуалды ұлт - 2020» жобасын жүзеге асыруда да өз маңызын жоймақ емес. Сонымен қатар, оның «Ықылас» сүресі» деп аталатын өлең шумақтары ислам құндылықтарынан терең сыр шертеді. Атап айтсақ,

Құдайға шексіз шүкір, сана сансыз,
Өлім хақ, ол келеді бір күн аңсыз.
Алланың бірлігіне тәсбих айтар,
Жаралған күллі ғалам жанды-жансыз.

Баршасы зікір етер есім сәтін,
Әрбірі, әр Лафызда айтар атын.
Құранда сүре «Ықылас» аятында,
Білдірген күдіретімен өз сипатын.
«Ықылас» атты бұл сүрені әркім көріп,
Оқыса ниет қойып көңіл бөліп.

Дүниеде ризығы көп болады,
Фазылы мен берекетін Алла беріп [74, 324 б.], – дей келе, «Бес қымбат» атты өлеңінде иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп құндылықтарын насихаттайды.

1867 жылы Қарқаралы уезінде дүниеге келген Әсет Найманбайұлы:

Халық етті жоқтан бар ғып Алла бізді,
Мақфузға рух қылып бұрын тізді.
Жанған жан болғаннан соң, көрдік жарық,

Аспан, жер, ай менен күн, жаз бен күзді [74, 327 б.] – деп, «Ләухул-махфузда сақталған» [11, Буруж сүресі, 22-аят] деген Құран аятының сырын ашып жыр жазған. Құран метафизикасы бойынша барша жаратылыстың қиямет күніне дейінгі тағдыры әуелде, Алла тағаланың ежелгі қалау (ирада) және білу (ілім) сипатымен

“Лаухұл Махфузда” жазылып, анықталып қойылған. Өйткені Алланың білімі осы заманда да, келешекте де болатын барлық нәрселерді қамтиды.

Мұхамеджан Сералинның «Айқап» журналының редакторы болғандығы баршаға мәлім. Ғашықтықтан туған «Қыз хаты» өлеңінде Алла тағаланы атап өтіп, Ислам дініндегі этикалық ұғымдарды жазған. Егер мысал келтірер болсақ,

«... Ғұмырлық зор қайғыдан құтқар, Аллаһ,

Қара күн келешекте басқа салма.

Болмаса Өзің қосқан халал жолмен

Қауыштыр құдіретіңмен сүйген жарға» [74, 330 с.], – деген сөздерін талдап көрелік. Қазақтың халық даналығында сабақты ине жіпті иесімен қайырлы болуы үшін Алладан тілеп алуы керектігі бар. Бұл тұрғыда өмірлік жарды тілеу маңызы арқылы отбасылық құндылықтар қаншалықты дәріптілетінінен хабардар боламыз. Шариғатқа сай ақ некесі қиылып халал жолмен құрылған отбасы мәселесінің өмірлік мәні ашылады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Алаш» партиясы, «Алашорда» өкіметінің негізін қалаушы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын әрі аудармашы, «Қазақ» газетінің бас редакторы ретінде өзінің «Тілек батам» өлеңінде Алланы Хақ деп атап өтіп, Оның аққа жақ екендігіне, Алладан тілек тілеу қажеттігіне тоқталады.

Міржақып Дулатұлы «Я, Аллаһ» өлеңінде жалғыз Жаратушыға шүкіршілік етеді.

Кеңестік дәуірде өмір сүре тұра, Мұқағали Мақатаевтың лирик ғана емес, сонымен қатар Мұсылмандықты, Дін Исламды насихаттаған ақын екенін бірі білсе, бірі білмес. Отаршылдық саясаты

негізінде білім алған ер азамат дүниетанымы мен ақындық болмысы отаршылдық езгіге еш берілмегендігін көрсетеді. Оның «Дін – ғылымның анасы» деген сөздерінде терең мағына бар.

Ал «Бүкіл дүние мұсылмандарына хат» өлеңінде:

Қаймағы бұзылмаған қайран дінім,

Қаймағың быт-шыт болды қайдан бүгін?!

Құбылаға бет алып қол қусырып,

Сәждеге бас қоятын қайда күнім?

Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен,

Өлмейтін, өшпейтұғын күнім білем.

Таппайтын күнде тыным, түнде тыным,

Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін.

Бәрі рас айтқанының Ақ Алламның,

Құм менен топырақтан жаралғанмын.

Құдайдың құлымын мен – мұсылманмын,

Денемде түйірі жоқ арам қанның [78, 123 б.], – дейді. Бұл өлеңдегі ислам құндылықтарының көрініс табуы болса, мақал-мәтелдерде исламның ықпалы, Хадистердің әсері қатты сезіледі. Мақал-мәтел арқылы қазақ халқы жас ұрпақты, бүкіл халықты арлылық, мәрттік, құдайшылық – адамгершілік қағидаларына сәйкес өмір сүруге үйретті, осы киелі құндылықтарды қоғам мүшелерінен талап етті. Имандылық, жақсылық-жамандық, тәлім-тәрбиеге, дүние заңдылықтарына қатысты мақалдар халықтың биік мұсылмандық бейнесін айқындайды. Мысалы, көшпенділерге тән ар-ождан тазалығын сақтау әдетімен Пайғамбардың ар-ұят, намыс, мәрттік, руханият туралы айтқан хадистерінің тамаша үйлесуінен туған сөздер: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Ұят бар жерде иман бар», «Өлімнен ұят күшті», «Ұялмаған бұйырмағаннан ішеді», «Ер

болсаң нәпсіңді жең», «Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі, Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі», т.б. Тікелей Құдай, о дүние, имандылық жайында айтылған мақалдар санатына, «Аққа Құдай жақ», «Адамнан асса да, Құдайдан аспайды», «Адам асыққанмен Құдай асықпайды», «Құдай деген құр қалмас», «Құдайсыз қурай да сынбас», «Жалғыздың жары – Құдай», «Құдай бергенге құлай береді», «Аллаға жағамын десең азанды бол», «Сабырлылық – Алладан, сабырсыздық – шайтаннан», «Құдайға сенген құстай ұшар, адамға сенген мұрттай ұшар», «Жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер», «Тәкаппар – Құдайдың дұшпаны», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», т.б. мақалдар жатады [79, 91 б.].

Қазақстанның болашағы – оны мекен еткен азаматтарының бойында рухани қасиеттердің дамуы, адамзатты құрмет тұту, үйлесімділік, шынайы өмірлік ұстаным мен құндылықтарды анықтау идеяларының әр жүректе алау жағуымен тығыз байланысты. Оң ғасырлық көркем әдебиеттердегі құндылықтық бағдар ислами қасиеттердің қазақ халқының мызғымас біртұтастығының кепілі болды және алдағы уақытта мемлекетіміздің болашақ табысты дамуына үлес қосар тәрбие кілті ретінде маңызы зор.

II тарау: Ислам құндылықтары – мәдени антропологиялық феномен

Құрандағы құндылықтар жүйесінің негіздеріне – Аллаһ, Алла тағаланың өзіндік сипаттары, Алла тағала тарапынан келетін құндылық сипатындағы жеке ерекшеліктер, Құранда Алла тарапынан түсіндірілетін құндылықтар, *Алла тағаланың адам баласынан қалайтын нәрселері*, Адамның жеке (дара) жауапкершілігі, Ахирет, Адам өмірі жатқызылады.

Құрандағы құндылықтар жүйесі көлденең құндылықтар болып, олар өз алдына іс-әрекет құндылықтары ретінде жүрекке қатысты құндылықтар, ақыл-есіне негізделген құндылықтар, сену, тәубә, Алланы еске түсіру және оған жалбарыну, Аллаға сенім арту жатқызылса, деректі іс-әрекет құндылықтары салауат, амал ету, табыну, ал уәжділік және мақсат құндылықтарға Аллаға шүкір айту, азаптан құтылып мәңгілік бақытқа бөлену, Алланың ризашылығына бөлену жатқызылады. Сонымен бірге тік құндылықтар жүйесіне адамға көрсетілген мақсат тұрғысынан құндылықтардың иерархиясы, Алланың адамның бойында мақсат тұрғысынан жүзеге асыруды қалайтын құндылықтар эрархиясы және қайғылы әрекеттерге қатысты құндылықтар иерархиясы жатады.

Жаһандану дәуірінде басты мақсат Исламның ғылыми толық жолдарын, әл-Фараби, Ибн Сина секілді Ислам ғұламалары ұстанған ғылым жолдарын қайта жаңғырту керек. Қазіргі табиғат ғылым табыстарын ислами негізде қорытып қабылдау керек.

Ислам барлық діндерді құрметтейді. Жаһандану дәуірінде Ислам өркениеті әлемге экономика, саясат және мәдени өмір салаларына реформалық-өркениеттік үлгілер ұсына алатындағы оның күш-қуатын көрсетеді.

Құндылықты сананы, құндылық пен бағаны санадағы ақиқаттың көрінісі ретінде, сондықтан құндылық санасының құрылымын ғылым, әлеуметтік, құқықтық және моральдық салалардың бірлесуі арқылы қарастыру қажет.

Құндылықтың қалыптасуында адамның физиологиялық құрылысы, сезімталдық бағыты, қоғамдық ортасы және ақыл-ойға негізделген дене-бітімінің әсер ететінін дөп басып айта аламыз.

Құран адамдарды тура жолға, ақылды ең жақсыға бағыттайды. Адамдардың іс-әрекеттерін жақсы жолға жетелеуді мақсат тұтады.

2.1. Ислам философиясындағы гуманистік құндылықтардың типологиялық сипаттамасы

Ислам мәдениетіндегі гуманизмнің әмбебап принциптері мен ерекшеліктері бар екендігін ескерсек, кез келген мәдениет және өркениет, өзінің гүлдену заманында басқалардан ерекшеленіп тұратын гуманизмнің жеке өзіндік моделін жасақтайтындығы белгілі. Мұсылмандық мәдениеттен гуманизмнің түрлі формаларын кезіктіруге болады. Шығыста алғаш рет «гуманизм» құбылысы Хосрова Ануширвананның билігі тұсында танылды, ол Салман Пак, Барзуя және Павел Перс арқылы насихатталды [].

Әрмен қарай гуманизм идеясы эллинистік гностицизм, неоплатонизм және герменизм ағымдарының ықпалымен дамыды. Мұндай гуманистік ізденістер

«Кемелді адам» мәселелерінің айналасына шоғырланып, Ибн-Араби, әл-Халадж, Сухраварди және әбд әл-Кәрім әл Джили еңбектерінде көрініс тапты. Сопылықтың гуманистік бағдары Универсум-макро-антропос және Адам-микрокосм прототипі саналатын «Кемелді адам» концепциясында көрініс тапты.

Философтар мен сопылар арасындағы айырмашылық сол, философтар дүниетанымды Санамен негіздесе, сопылар Махаббатпен негіздейтін. Адамға және адамзатқа махаббат алғашқысында және екіншілерінде де кездесетін. Философтар мен әдептер арасында діни тұрғыдан адамға құрмет көрсету, рухани өресі биік мінез-құлық қандай да бір марапат үшін немесе қорыққандықтан емес, жалпы мейірімділікке шақыру басымдығынан туындаған. Танымал әдеп және философ ат-Таухиди (X ғасыр) басқа танымал әдеп және философ Мискавейхпен ой бөліскенде, «зиндик» (еретик) пен «дахрит» (атеист) арасында жақсылық жасауға, әділетті болуға не итермелейтіндігін пайымдайды. Ойшылдың пікірі бойынша мұндай мінез-құлық бір нәрседен қорыққанда немесе марапат күту үшін емес, күнделікті тіршілікте орын алуы қажет екен. Осы секілді идеялар және идеалдар мұсылмандық гуманизмнің негізін құрайды. Жалпы зерттеуші, профессор А. Сагадеевтің пікірінше, классикалық мұсылман мәдениетіндегі гуманистік ілімдер Орта-ғасырлық, Ренессанс және Жаңа кезеңдегі Еуропаның ой-санасын дамытуда оңды ықпал етті.

Гуманизмнің келесі бір түрі – адамзаттық ақыл-парасаттың айбындылығына екпін қою болып табылады. Мұны Мұхаммед Ибн Закария ар-Разидің жазбаларынан көре аламыз. Ол батыс Еуропалық ағартушылық стиліндегі адамзат санасының автоно-

миясын қолдайды. Оның ойынша, мұсылман мәдениетін шарифат принциптерімен және Араб халифатының тарихи болмысымен негізделген көп қырлылығы «не?» деген сұрақтың бітім-болмыстық, эзотерикалық, әлемдік және сакральды мазмұн қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Әлемдік шарифаттың орасан зор рөлін негіздей отырып, адам ойы мен мінез-құлқындағы өмірлік ұстанымдарға айқын басымдық беретін ислам мәдениеті ғарыш пен этика арасында тұрақты өзара байланыс сақтаған және сақтауда. Осы ұстанымдардың арқасында ислам «Жат ел ғылымы» саналатын философияны өз мәдениетіне қосып, Еуропа мәдениеті мен ғылымына заманауи деңгейде өз есігін айқара ашты.

Сана мен сезім мәселелері контекстінде эзотерикалық және экзотерикалық таным түсініктің қатынасын анықтай отырып, олардың бірін бірі толықтырушы екендігін көруге болады. Сананың қатысы және сенімді жасаудағы мәселелердің шешімін теологиялық және философиялық талдай отырып, мынадай түйін жасауға негіз бар. Атап айтқанда, ойшылдардың әртүрлі ұстанымына қарамастан олар ақылға басымдық беретін эзотерикалық дәстүрлі арна таңдауына бірікті. Осылайша, суфийлік-эзотерикалық ілімдерге шарифат пен тариқат арасындағы үйлесімді байланыс орнатуға жасалған әрекетке жақсы негіз қалыптасты. Сопылық ілімде сана мен сенім арасындағы қатынас «өз-өздігіндегі маңызды мәселе» ретінде қарастырылмады, ол «Шарифат-Тариқат-Хақиқат» ұстанымы ретінде қалыптасты. Осы қатынастағы ортақ жүйені көрсетті. Адам өзінің жеке абсолюттік іздеу арқылы жоғарыдағы жүйенің негізінде іс-әрекеттің «логикалық формасын» қолданды. Осының арқасында көптеген ілімдер дүниеге келді. Олардың қатарында

әл-Ғазали еңбектерін атап өтуге болады. Суфизм – тарихи және біртұтас құбылыс болып табылатындықтан, сопылық мәдениеттің архитиптерін ескере отырып, зерттеу маңызды. Қазіргі таңда Шығыстың ислам мәдениетін және ислам мәдениетінің философиялық негіздерін тану, оларға философиялық анализ жасауда гуманизмнің әлеуетін аша түседі.

Олардың нәтижесінде ислам мәдениетінің парадигмасы аясында оның дамуындағы тұрақтылықты, сондай-ақ, өзгерістерді анықтау зор маңызға ие болады. Өз кезегінде батыс мемлекеттерінде ислам дамуының батыстық, өзіндік моделін жасақтаудың көптеген әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. Сәтсіздіктердің басты себебі Батыс ғалымдарының ислам мәдениетінің дәстүрлі, негізді деп саналатын қағидаларын тарихи тұрғыда жоққа шығаруға деген ұмтылыстарында жатыр. Қазіргі таңда батыс мемлекеттерінде ислам философиясы, ислам фундаментализмі және ислам экстремизмі ұғымдары негізінде жалған ақпаратқа тола. Батыс тарихнамашыларының бір қателігі ислам мәдениетін христиан дәстүрі негізінде тануға негізделген. Христиан және исламды аналогиялық салыстыру арқылы исламнан шіркеу идеологиясын, ортодоксияны және тағы да басқа мұсылман мәдениетіне жат феномен іздестіруінде. Бұл тұрғыда әр түрлі мемлекеттерде және әр түрлі тарихи кезеңдерде ислам және ислам мәдениетінің өзінің бет пердесі болғандығын атап өткен жөн. Сондай-ақ батыс зерттеушілерінің исламның гуманистік мазмұнын жоққа шығаруын, Ибн Арабидің сопылық ілімдерін жалпы сопылықтың ең негізгі нұсқасы деп танудың Еуропа ғалымдарының әдістемелік қателігі ретінде танимыз.

Алайда әлеуметтік-тарихи және саяси нақтылық, исламның саяси-құқықтық мәдениетінің негізгі қағи-

далары, күнделікті дамушы ислам аясындағы басымдыққа ие идеологиялық және мәдени құбылыстар аспектісі – исламның дәстүрлі, қала берді заманауи концепцияларының арасындағы өзара байланыс қажеттілігін көрсетіп отыр. Әл-Маварди, әл-Ғазали, әл-Джувейни секілді исламдық саяси ойшылдарының мемлекеттік классикалық теориясына сараптама бере отырып, Араб халифатының тарихи нақтылықтарын саралағанда аталмыш ойшылдар концепцияларында Шариғат принциптерінің еш кедергі келтірмегендігіне көз жеткізуге болады. Концепциялардың құрамдас бөлігі ретінде Шариғаттағы мемлекет туралы ілімдерді атауға болады. Басқа мәдениеттегі сияқты ислам мәдениетінің құндылықтары іргелі құндылықтар болып табылады. Ол адам санасының біртұтастығына алып келеді. Классикалық араб-мұсылман мәдениетінің ерекшелігі сол, ол өз кезегінде жалпы мұсылман мәдениетінің құрылымдық компоненті ретінде ислам өркениеті мен мәдениетінің ортақ ұстындарын қалыптастыруға негіз болды. Мәселенің түйіні мынада: нақты саяси билік кімнің қолында, «билік», «бедел» ұғымдарының астарында нені ұғынуға болады, мұсылмандардың азаматтық қоғамында руханилық пен адамгершілік негізіне нені жатқызуға болады және оларды біріктіруші компонент не? Дін мен мемлекеттің бірлігі идеясының негізінде діни өзара келісім сезімімен қатар экономикалық-әлеуметтік және саяси қатынастардағы теңдік пен әділеттілік ұстанымдарының исламға қатысты екендігі мен қажеттілігінің таным түсінігі жатыр. Мұсылмандық мемлекеттің саяси ұстанымдарын тануда исламды мемлекеттік дін ретінде ғана танып қоймай, сондай-ақ

күнделікті тұрмыс тіршілігіндегі заманауи дүниетаным деп таныған жөн.

Ислам мәдениетіндегі гуманистік құндылықтардың дамуында ерте замандағы мәдени, ғылыми, философиялық дәстүрлерін сақтау үлкен рөл атқарды. Араб халифатының дамыған, өркендеген кезеңдегі мәдени үрдіс мұсылмандық классикалық мәдениет болып табылады. Араб халифаты VII ғ. Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымыздың арқасында Гибралтардан Индонезияға дейінгі орасан зор территорияда билік құрды. Бұл территорияларда сол кезеңде монотеистік ислам діні пайда болды. Осы кезеңде Араб халифаты түрлі мәдени дәстүрлердің өзара ықпалдасқан және дамудың жаңа орталығына айналды. IX-XII ғасырларда, яғни, мұсылман мәдениетінің алтын ғасырында ислам өркениетінің негізінде дамыды және мұсылман мәдениеті материалды және рухани дамуда ең негізгі басымдыққа ие болды. Классикалық ислам мәдениетінің негіздік компоненттеріне ғылыммен қатар, құндылықтық бағдар жататындығын атап өткен жөн. Соңғысы өз кезегінде идеологиялық ағымды қалыптастырды. Ислам дініндегі гуманистік құндылықтар әлем бейнесінің гносеологиялық аясын кеңейтіп, танымды қалыптастырады. Олардың бәрі ислам дүниетанымында бір құрылымға кіріп адам болмысы мен оның әлемдегі рөлі туралы, табиғатпен, ғарышпен байланыстарын орнықтырды. Ислам мәдениетінің гуманистік бағыттағы сипаттамасына адамдардың бойында адамгершілік қасиеттерін дамытып, адамның жоғары құндылығын танытуды жатқызуға болады. Осы тұста гуманизм ұғымының тарихи аспектісіне тоқталған маңызды. «Гуманизм» ұғымы жаңа заман кезеңінде Еуропа қоғамында дүниеге келген тарихи феномен болып

табылады. Оған тән сипаттама жалпы әлемде, оның ішінде социумда адам статусының орнығуында жатыр. Баршамызға белгілі гуманизм философиялық және әдеби бағыт ретінде Италияда XIV ғасырдың екінші жартысында пайда болды және Ренессанс мәдениетінің негізгі аспектісін құрады. Гуманистік дүниетанымның ядросына адамның еркіндігінің алуан түрлі аспектіде көрініс табуы жатқызылды. Гуманизм өз кезегінде адамды индивидтен бірегейленген тұлға ретінде қалыптастырды. Адамның өркениеттік деңгейдегі дамуы, оның өзіндік құндылығын тануы мәдени үрдістердің жоғары даму деңгейінде ғана айқындалады. Бұл арада гуманизм таза батыс мәдениетінің туындысы деген ойдан аулақпыз. Ғылыми айналымға енген салыстыруларды келтірсек рухани әлемнің гуманистік мұралары адамзат даму тарихының барлық кезеңдеріне және барлық халықтарына тән құбылыс екендігін айқындаймыз. Бұл жерде әр мәдени үрдіске қатысты, адамның тәуелсіздігінің түрлі дәрежелерін тану мәселесі қозғалады.

Жалпы классикалық мұсылман мәдениетінің кезеңіне – Жерорта теңізі өркениеттерінде авраамиялық діндердің теоцентризмдік билігі кезеңімен тұспа тұс келуі жатады. Бұл кезеңді профессор А.Сагадеев ренессанстық гуманистердің күнгірт тартқан Жерорта кезеңі деп суреттейді. Бірақ авраамиялық діндердің теоцентристік гуманизм бағдарындағы антропоцентрлік бағдарына абсолютті деңгейде қайшы келмеді. Құдайшыл ашық діндер адамға бейнелі метафоралық және символдық деңгейдегі адамдар арасындағы қатынастарды, құндылықтарды, идеалдарды норма ретінде таратты. Сондықтан адамның гумандылығы ол адамның өзіне байланысты құбылыс болып есептелінді.

Бұл арада маңызды дүниеге адамның дінде қалыптасатын гуманистік потенцияларын мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қабылдауында және тануында жатты.

Исламның бірегей маңызды тұсына аталмыш діннің Құдай мен адам арасында ешбір делдалсыз сенім арқалауы жатқызылады. Адамның әлемдегі орны және болмыстың негізгі жағдаяттары өзіндік деңгейде Құран мәтіндері арқылы түсіндірілді. Тәжірибе негізінде Құранды рәміздік-аллегориялық талдау ортағасырлық мұсылман ойының үш негізгі бағыттарының – калам (теология философтары), философтар (философиялық ойлаудың эллиндік және эллинистік моделін ұстанатындар), сопылар (мұсылмандық мистицизм) өкілдеріне берілетін.

Ортағасырлардағы мұсылман философтары ислам білімінің идеяларын негізге ала отырып, кез-келген мәселені оқшау қарастырды. Осылайша ортағасырлық мұсылман қоғамдық-саяси және философиялық ағымдары таным мәселелерін түрлі аспектіде зерттеуге тырысты. Сондықтан саясат, философия, құқықтық ғылым, адамгершілік, этика мәселелерін кең көлемде таныды. Мұсылмандық әлемнің мәдениетінде білім идеяларының ерекшеліктері шариғатпен анықталды. Сол негізде сана мен сенім білім саласында бірін бірі толықтырушы болып табылады. Осыған қарап ортағасырлық ислам мәдениеті білімнің кешенді идеалдарына бағдар ұстанады. Оған мысал ретінде танымал ортағасырлық ислам ойшылы әл-Фазалидің (1058-1111) «Діни ғылымдардың өрлеуі» еңбегін қарастырсақ, онда философиялық, мәдениеттанушылық ұғымдар мен зерттеулерді бір өзіне жинақтағанын көре аламыз. Мұсылман қоғамында адам Алла тағаланың ең жоғары жаратылысы болғандықтан көптеген ғасырлар бойы

адам тағдыры Алланың нәсіп еткен ғұмырымен анықталатын. Мұндайда адам тағдыры мен мінез-құлқының айқындалуы Құран Кәрімнің көптеген сөздерімен бекітіледі және соқыр фатализм теріске шығарылады.

Мұсылман теологиялық дүниетанымның негізіне нақты фаталистік идеялар енгізілді. Бұл идеялар әл-Газалидің еңбектерінде көрініс тапты. Атап айтсақ, әл-Газали өмірдің барлығы Аллаһ тағаланың қолында, табиғатты адамды жаратқан құдірет иесі— Алла деп жырлаған өлең жолдарынан білуге болады. Автордың «Дін туралы ілімдердің қайта жандануы» еңбегі бүгінгі күнге дейін құндылығын жоймайтын ғылыми еңбек болып қала береді.

Танымал философ ибн-Рушт әл-Газалидің ғылыми еңбектеріне жоғары баға бере отырып, оның ұлылығын тамсана суреттейді. Ибн-Рушттың ойынша әл-Газали өз заманында философтармен, сопылармен, мутакалимдармен бір тілде сөйлесе білген ойшыл. Қаламның көптеген өкілдері өз ойларын тек діни бағытта ғана емес, сондай-ақ философиялық, жаратылыстану, математикалық ғылым бағыттарында жеткізе білген. Мұның астары Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың мына сөздерінде жатыр: «Білімді алыстағы Қытайдан да іздей біл». Американдық ориенталист Ф.Рузентал өзінің «Білім салтанаты» атты еңбегінде ортағасырлардағы араб-мұсылман өркениетінде «білім» ұлы маңызға ие болғандығын және білімге деген дәл осындай көзқарас бұрын сонды бірде-бір өркениетте орын алмағандығын жазады. Роузентал айтып отырған «білімнің» мәні, бұл зайырлы және діни бірліктің ортағасырлардағы мұсылман қоғамында қалыптасқан біртұтас құндылықтар жүйесінде маңызды орын иеленеді. Бұл

мысалдардың барлығы – мұсылман қоғамының жоғары білімді адамдар қатарынан тұрғандығын көрсетеді. Бұған дәлел ретінде біздің заманымызға жеткен жүз мыңдаған данамен саналатын қолжазбаларды келтіре аламыз.

Ортағасырлық әдеп әдебиеті сол кезеңдегі мұсылман қоғамының білімді бөлігінің құндылықтық бағдардағы бағытын көрсетеді. Әдептер білімді және мәдениетті адамдардың біріккен образын танытатын жарқын өкілдері болып табылады. Әдеп дегеніміз – тәрбиелілік пен білімділік нормаларының бірлігі. Әдепке тек діни білім ғана емес, сондай-ақ зайырлы ғылымдар, атап айтқанда, философия, астрономия, математика, жаратылыстану, этика арнайы мінез-құлық моделін жасақтады. Осылайша ислам мәдениетіндегі құндылықтардың гуманистік бағыттылығы анық көрінді. Бұл бағыт адамдар бойында адамгершілік қасиеттерін сіңіруді негіз етті. Орта ғасырлардағы ислам мәдениетінде гуманистік құндылықтар үш аспектіде көрініс тапты.

Біріншісі: діни гуманизм, адамды Алланың ең жоғары жаратылысы ретінде тану;

Екіншісі: әдеп гуманизмі, жалпы адамзаттық құндылықтардың насихатталуы;

Үшіншісі: Әбу-Хайн ат-Таухиди жазбаларындағы «Адам адамға қайшылық тудырады» идеясында нақты анықталған философиялық гуманизм.

Мұсылмандық гуманизм туралы ибн-Арабидің еңбектерінде көп жазылды. Оның ойынша, адам – универсумның ең жетілген болмысы. Адам – микро-косм, ол жаратушы мен әлемді байланыстырушы арқау. Өз кезегінде ғарыштық болмыс пен феноменалды болмысты біріктіруші ибн-Араби ойынша адам

Жаратушының аялауындағы асыл тасқа тең. Сопы Құранға (33:72) сілтеме жасай отырып, адамның жердегі бітімін көрсетеді. Адамның өмірінің мәні оның өзін-өзі жетілдіруінде, яғни жоғары парызды орындауында. Ол үшін қоғамдық тәртіп нормаларын сақтау аздық етеді.

Сопылық ұстаздардың ең жоғарысы – «әл-инсан әл-камил» (кемелді адам) деп аталады. Егер ибн-Араби шығармашылығында «Кемелді адам» концептісіне метафизикалық принциптердің функциясын атқаратын құндылықтар алға шықса, онда кейінгі сопылық дүниетанымда алдыңғы орында Адам және Жаратушы алға шықты.

Осылайша әл-инсан әл-камил ұғымын метафизикалық және діни тұрғыда түсіндіру әдептің интеллектуалды деңгейіне қарай рухани жетілгендік принципін жасақтауға мүмкіндік берді. Әл-инсан әл-камил ұғымының түсіндірмесі метафизикалық тұрғыдан гуманистік әлеует қалыптастырды.

Гуманизм идеяларының негізіне жасалған тарихи экскурстан кейін, мұсылмандық гуманизм идеясының негізін қалаушы өкілдеріне кеңінен тоқталып өту маңызды. **Әбу-Л-Уәлид Мұхаммед ибн Рушд** (араб.: *أبو عبد الله محمد بن إسماعيل بن محمد بن أحمد بن يوسف بن عبد البر بن رُشد*; лат. Аверроэс; 1126 – 1198) – Кордова халифаты кезеңінде Испанияда өмір сүрген ортағасырлық араб философы. Әбу-Л-Уәлид Мұхаммед ибн Рушд қос ақиқаттылық ілімінің негізін қалады. Оның Аристотель шығармаларына жазған түсініктемелері еуропалық философтардың ежелгі грек философиясымен танысуына елеулі ықпал етті.

Аверроэс ілімі (аверроизм) мұсылмандық және христиандық қатаң қағидаларды өзгертпей сақтауға тырысушылар тарапынан қуғынға ұшырады. Әбу-Л-Уәлид Мұхаммед ибн Рушдтың негізгі шығармалары:

“Терістеулерді терістеу”, “Философия мен діннің арасындағы байланыстарға қатысты қорытынды жасайтын пікір”. Ибн Рушдтің әйелдердің жағдайы туралы ой-тұжырымдары қоғамдағы адамдардың тең дәрежелілігі туралы ұғымның дамуына қосқан елеулі үлесі болып табылады. Ол бұл мәселеде өз заманындағы қоғамдық құрылымды сынға алды. Ол былай деп атап өтеді:

«Біздің әлеуметтік құрылымымыз әйелдерге өз қабілеттерін танытуға мүмкіндік бермейді; біздіңше ол бала тууға және оны тамақтандыруға жаралған сияқты және оның құлдық (күндік) жағдайы ондағы қандай да бір парасатылыққа деген мүмкіндігін жойып жіберген».

Осылайша Ибн Рушд барлық адамдардың тең дәрежелілігін олардың қабілеттерін ашудың алғышарты ретінде жақтады.

Мұсылмандық гуманизмнің келесі бір көрнекті өкілі, **Ибн Хазм, Әбу Мұхаммед Әли б. Ахмет** болып табылады. Ол 994 – 1064 жылдар аралығында өмір сүрген, Андалус теологі және факих, заһириттік құқық мектебінің түлегі. Халифа әл-Мансұр халиф уәзірлерінің шаңырағында, Кордовада дүниеге келген. Кейін саяси өмірге белсене араласып, көтеріліске шыққан берберлерге қарсы күресте омейялықтарды қолдады. Әбдірахман әл-Мұстазхир (1023) және Хишам әл-Муталд билік құрған кезде (1027) уәзір болды. Берберлер партиясы үстемдік құрған кезде ол қамауға алынып, жер аударылды. Ол 20 жылдардың соңында саяси қызметтен кетті. Ибн Хазм әл-Андалұстағы маликиттерден қауіптеніп, 1029 ж. Майорка аралына көшіп кетті. 1047 жылдан бастап, елдің оңтүстік-батысындағы өзінің меншікті жеріне көшіп барып қоныстанып, сонда

дүние салды. Захириттер дәстүрін ұстанған Ибн Хазм қасиетті кітап сөздерін сол қалпында түсініп, орындауды талап етті, фикһ негізі іс жүзінде тек Құран мен сүннет қана болуы керек деп білді. Құқықтанудың қияс, рай, истихсан, тәліл сияқты түрлерін теріске шығарды; кәләмның барлық түрлеріне, соның ішінде ашариттік түріне де қарсы шықты. Ибн Хазм, сонымен қатар, тек Пайғамбардың ғана жолын ұстау керек деп, тақлидті (соқыр еру) сынға алды, логиканы заңдастырмақ болды, оны құқықтық және діни сипаттағы үлгі деп таныстыруға тырысты. Ибн Хазмның мұсылмандарды толып жатқан мектептер мен бағыттарға бөлетін «әл-Фисал фи-л-милал уа-л-ахуа уа-н-нихал» деген еңбегі мен құқықтануға арналған «әл-МұхАллаһ» деген шығармасы кең тарады.

Әбу Мұхаммад әл-Ғазали *Әбу Хамид Мұхаммад бин Мұхаммад ат-Туси әл-Ғазали* (1058 – 1111) – аса ірі діндар, философ және факихші (мұсылмандық құқық білімпазы). Тус қаласында (Хорасанда) туған, Нишапурда әл-Джувейнидің (имам әл-Харамайн) шәкірті болған. Ұстазы қайтыс болған соң, 1085 жылдан бастап салжұқ уәзірі Низам әл-Мүлктің жанында болады. Ол мұны 1091 ж. Бағдатта өзі негізін қалаған Низамийа медресесіне фикһтан дәріс беретін ұстаз етіп тағайындайды. 1095 ж. исламшылар Низам әл-Мүлкті өлтіргеннен кейін Әбу Мұхаммад әл-Ғазали қажылық сапарды сылтау етіп, Бағдатты тастап кетеді де, 11 жыл бойы Шамда (Дамаск), Туста т.б. бірқатар қалаларда болады. 1106 ж. Низам әл-Мүлктің ұлы Фахр әл-Мүлктің (салжұқ сұлтаны Санжардың тұсындағы уәзір) шақыруымен Нишапурдағы Низамийа медресесінде сабақ бере бастайды. Қайтыс болардан аз ғана бұрын туған жері Тусқа қайтып оралады.

Әбу Мұхаммад әл-Ғазали адамдарды танымдық қабілеттері бойынша “қалың бұқара” (әл-һамма, әл-һауамм) және “таңдаулылар” (әл-хасса) деп екі топқа бөлді. Діни дәстүрлер соңынан көзсіз еретін қарапайым қауым мен ислам қағидаларын қорғаумен ғана шектелетін мутакалимдерді ол алғашқы топқа жатқызды. 2-сіне – ең алдымен сенімді дәлелдер мен дәйектемелер көмегі арқылы ақиқатқа жетуге тырысатын философтарды ендірді. Сонымен қатар “таңдаулылар” қатарына тұрмыс-тіршілік мәнін логикалық қисындардан бұрын түйсік арқылы түсінетін сопылар да кіргізілді. Әбу Мұхаммад әл-Ғазали сопылықтың өзін-өзі жетілдіру бағытынан оның пайдалы жақтарын көрді, бірақ сопылар ұсынған құдаймен онтологиялық бірлікке жету бағдарын теріске шығарды. Өйткені ол “бірлікке жетуді” ең жоғары танымдық күш-қуат – зерде түйсігі арқылы күдіретті пайымдау нышаны ретінде ғана таныды. Әбу Мұхаммад әл-Ғазали бірқатар шығармаларында әлемнің мәңгілігі проблемалары, себептілік теориясы т.б. бойынша мұсылман философтарымен, Шығыс аристотелшілері өкілдерімен (Әбу Наср әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина т.б.) пікірталасты өрістетті. Философтар көзқарастарына түсініктер жазып, олардың іс жүзінде мұсылман әлеміне таралуына себепкер болды. Ол өзінің басты еңбегі “Ихйа улум әд-динде” (“Дін ғылымын жандандыру”) діни-философия, этика қағидаларын саралап, онда суннит дәстүршілдігі қағидаларын сопылық түсініктермен үйлестірді (мысалы, шарифатта көрсетілген ғұрыптарды сопылық дәстүрлермен толықтырды). Адам еркі мен жазмыш туралы мәселеде Әбу Мұхаммад әл-Ғазали “таңдап алу” ұғымын (касбаны) дамытады, оған сәйкес адам Алланың ұсынған жақсы-жаман әрекеттерінен өзіне

қажетін таңдап алуына ерікті екендігін, бірақ соған орай жауап та беретіндігін айтады. Әбу Мұхаммад әл-Ғазали мұсылмандық ақыл-ойдың дамуына, сондай-ақ орта ғасырлық еуропалық философияға зор ықпал жасады. Әбу Мұхаммад әл-Ғазалиды әдетте хужжат әл-ислам (ислам дәйекшісі) деп атайды.

Мұсылмандық әлемде гуманизм инфрақұрылымы қалалардың және қала мәдениетінің дамуымен анықталды. Бұл әлемнің урбанизациясын мына сандармен түсіндіруге болады. Атап айтқанда Савадтың (Оңтүстік Месопотамия) үш үлкен қаласында және Мысырдың үлкен екі қаласында XIX ғасырда Батыс Еуропа мемлекеттерінен басым түсетін халық тұрған. Мысалы Бағдадтың өзінде сол кезеңдегі халық саны 400 мың адамды құраса, Фустат, Кордова, Александрия, Куфа, Басра қалаларында 100 мыңнан 250 мыңға дейін халық тұрды. Сауда мен салықтан түсетін пайда бұл қалаларда ортағасырлық зиялы интеллегенцияның рухани өмірін белсендіре түсті. Осы кезеңде орталық назары Адам саналатын, оның шежірелік болмыс-бітімі және әмбебаптылығы зерттеу объектісіне айналған ғылым, әдебиет пен өнердің дамуы айқындалды. Осы негізде ортағасырлық мұсылман мәдениеті қалалық немесе далалық болып бөлініске түскен жоқ. Мұсылман қалаларының дамуы исламдағы гуманизмнің өркендеуіне өз үлестерін қосты.

Тағы бір ислам гуманизмінің өкілі – **Жалал әд-Дин Руми** болып табылады. Ол ерік бостандығын капиталмен салыстырған және оның ойынша ерік бостандығын кім тиімді қолданса, сол табысқа жететін болған. Ал кімде кім оны дұрыс қолданбаса Қиямет күні оны жаза күтеді. Руми құдайшыл детерминизмнің жолын ұстанушылар мен олардың қарсыластары

арасында пікірталас орнықты жолмен шешілуі мүмкін еместігін түсінді. Сондықтан ойшыл бұл пікірталасты сана-ақыл саласынан жүрек әмірі саласына көшіру қажеттігін ұсынды. Осы арқылы адам жүрегінен туындайтын Жаратқанға махаббатының арқасында сол махаббат айдынының бір бөлшегі ретінде оңтайлы іс-әрекеттер жасайтындығын алға тартты. Құдайға деген толыққанды махаббат адамды өзгертетіндігі соншалық, адам үшін ерік бостандығы мәселесі маңызын жойып, ол өз кезегінде шынайы болмыспен бірігіп, «Мен Құдайлықпын!» сезімін тудырады деген идея ұстанды.

Ал, Мансұр әл-Халладж өз уақытында сорақы ойға ерік бергені үшін 922 жылы жазаланған болатын. Атап айтқанда, «Оның рухы ол менің рухым, ал менің рухым, ол Оның рухы» деген ойлары «Мен нені қаласам, Ол да соны қалайды, Ол нені қаласа, мен де соны қалаймын!» деген ұғымдарын дүниеге алып келді. Руми болса, Мен – Құдайлықпын! деген халладждық ойды сабақтағанда, оны таккәппарлық емес, керісінше ұлы мойын ұсынушылық деп бағалайды, себебі оның ойынша «Мен – Құдайдың құлымын» деген адам, осы арқылы оның Құдаймен тікелей байланысын, өзін түбегейлі Құдайға арнағанын аңғартады», – деген идеяны алға тартады.

Теология мен сопылық ағымдағы бұл үрдістер өз кезегінде исламдағы гуманистік үрдістер болып саналады, алайда атап өтетін басты мәселе осы үрдістер кең ауқымда толыққанды даму айналымын тудыра алмады. Бірақ соған қарамастан мұсылман реформаторлары XIX-XX ғасырларда Мұхаммад Икбал сөзімен сипаттағанда «исламдағы діни ойдың реконструкциясын» жасақтауға күш салды. Бұл мұсылмандардың рухани өмірінің өзіндік феномені ретінде гуманистік

ілімдердің дамуына тежеу болды деген сөз емес. Керісінше, исламдағы діни ойларда гуманистік идеялардың нақтылы бекуіне бағытталды.

Ортағасырлық мұсылмандық бюргерлікке тәрбиелі және ағарту ілімдерін бойына сіңірген референтті топқа – әдеп жатқызылды, оларға кең ауқымды гуманитарлық қызығушылықтары бар, білімдері жинақталған жоғары руханилық тән адамдар кіретін.

Әдеп дамуының гуманистік тұрғыдан толысу жағдайында кемеліне келуінің нәтижелі кезеңіне – Харун ар-Рашид дәуірін жатқызуға болады. Одан кейін халифаттың іргесі кеңейіп, үнді-иран әлемімен біріккен кезеңі, түрлі мәдениет дәстүрлері мен конфессиялық топтардың бірін бірі байытып, толықтыру орталығына айналған сәттен басталады. Халифаттың әртүрлі этностарды біріктіруі өз кезегінде гуманизмнің басты белгісі – әмбебаптықты дүниеге алып келді. Осы әмбебаптылық принципі теориялық тұрғыдан қаламға еніп, рационал-философтардың дүниетүсінігіне және сопылардың негізгі ілімдеріне айналды. Мутакаллимдердің ілімдері бойынша жақсылық пен жамандықты айыратын басты критерий, ол өзінше адамның ерік-жігерінің бостандығын танытатын «Адам санасы» болып табылды. Философтар кез-келген адам бақытты болуға ерікті, адамның адамдығы философтардың ойынша адамзат санасының бірыңғай прогресін тудырады, бұл жол бақыт жолы болып есептеледі.

Басқа зерттеулерге сүйенсек, еуропалық латын аверроизмінен Жаңа заманға дейінгі аралықтағы адамзат туралы, оның ортақ ұстындары мен рухани және интеллектуалды даму бірлігі турасындағы ой-пікірлердің ғылыми сипат алуы – осы классикалық мұсылмандықтың гуманистік бағытына сай келеді.

Ендігі кезекте ислам философиясының гуманистік құндылықтарына типологиялық сипаттама беретін болсақ, мәдениеттану құндылықтарды және құндылықтық бағдар мәселелерін идеологиялық, саяси, моральдық, эстетикалық және қоршаған ортадағы субъектілердің өзін сезінуі, қоршаған ортаны бағалауы негізінде зерттейді. Құндылықтық бағдар мәселесін бұл тұрғыдан зерттеу оны социумның бір компоненті, тұлғаға қатысты нормативті қызметін тануды ұсынады. Жалпы өмірде құндылықтық бағдар және құндылықтар өрісін қоғамдық сананың және жеке тұлғаның рухани әлемімен, сондай-ақ қоғамдық және индивидуалды болмысты байланыстырушы арқау ретінде таниды. Бүгінгі таңда адамдар табиғатындағы құндылықтар және олардың адамдар дүниетанымына әсерін зерттеу маңызды. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар құндылықтық бағдарды танымдық және ерік-жігер процестерімен, тұлғаның шынайылыққа негізді қатысуының мазмұндық бағдары бойынша зерттейді.

Психологиялық тұрғыдан құндылықтық бағдардың реттеушілігі адамның мінез-құлығын болжау үшін қажет. Бүгінгі таңда ислам құндылықтарының қазақ мәдениетіндегі рөлі қарастырылғанда, сұранысты қалыптастырудағы ислам құндылықтарының мақсаты, мотивациясы және тұлға дүниетанымын қалыптастырудағы орны сараланады.

Ислам философиясындағы гуманистік құндылықтардың типологиялық сипаттамасына тоқталар болсақ, 2002 жылы К.Харск ұсынысымен құндылықтардың типологиясы ғылыми айналымға енген. Құндылық түріне идеологиялық, материалдық, эмоционалдық және витальды құндылықтар жатқызылады.

Идеологиялық құндылықтар дегеніміз – моральдық, идеялық және ақпараттық деңгейде бірлескен құндылықтар. Мысалы, еркіндік, жаңаны тану, демократия, даму және т.б.

Материалдық құндылықтар өз ұғымында саяси капитал, активті қаржы, тауарларды біріктіреді. Бұл нақты құндылығы бар, арнайы баға көлемінде, қаржы бірлігінде таныған заттар болып табылады.

Эмоционалды құндылықтар – кез-келген сезімді, эмоцияны адамға тән басқа да сезімдерді білдіреді. Мысалы, махаббат, қуаныш, тәкаппарлық және т.б.

Витальды құндылықтар – өмірді жалғастыру және салауатты өмір сүру мәселелерін қамтитын құндылықтар. Мысалы, тамақтану, экология, денсаулық, ұрпақ жалғастыру, ру шежіресі болып табылады.

Типологиялық тұрғыдан басымдыққа ие құндылықтар типін топтарға жіктеуге болады. Идеологиялық топтар турасында айтатын болсақ, онда міндетті түрде регламент, ереже, инструкция және т.б. маңызды құжаттарды басты бағыты ретінде танимыз. Материалдық топ, оның басты белгісі – бизнестің немесе басқа қызметтердің қаржылық тұрғыдан пайда әкелуі жатқызылады. Эмоционалды топтар: бұл жерде ақшадан гөрі қарым-қатынас басымдыққа ие болып табылады. Витальды топтар: бұл жерде отбасы патриархалды негізде құрылады және отбасының отағасы отбасылық қарым-қатынасты өзі реттейді.

Құндылықтардың құрылымы мен класификациясын сипаттар болсақ, жалпы құндылықтар адам өмірінің барлық маңызды салаларын қамтитын болғандықтан олардың типологиясын жасақтауда нақты пәндік мазмұнын анықтаған жөн. Біздің ойымызша исламдағы гуманистік құндылықтарды құрылымдық

тұрғыдан әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани құндылықтарға топтастырған абзал. Исламның әлеуметтік құндылықтарына жасалатын ғылыми сараптама оны отбасылық құндылықтар, еңбек құндылығы, білім құндылығы болып бөлінеді. Осылардың ішінен ислам қоғамының негізі саналар отбасылық құндылықтарға энтотәдени сараптама жүргізелейік. Отбасылық құндылықтар дегеніміз өздерін ата аналық, туысқандық, отбасылық, некелік қарым қатынаспен байланыстырған адамдардың ортақ қызмет бірлігін сипаттайтын, осы деңгейде адам өмірінің адамзат мүддесінің талап сұраныстарын бірыңғай әлеуметтік тұрғыда біріктіретін құндылықтар болып табылады.

Отбасылық құндылықтардың классификациясына тоқталар болсақ, оларды құндылық пәнін құраушы объектілер бойынша классификациялауға болады. Оларды негізінен отбасының ішкі байланыстырушы элементі және әлеуметтік институт ретіндегі қызметі бойынша жіктеуге негіз бар. Осылайша исламда отбасылық құндылықтар жоғарыда көрсетілген екі жіктемеге сай қарастырылады. Бірінші жағдайда отбасылық құндылықтардың үш тобын анықтауға болады, олар ерлі-зайыптылыққа қатысты құндылықтар, ата-аналарға қатысты құндылықтар, туыстыққа қатысты құндылықтар.

Осылардың ішінде ерлі-зайыптылыққа қатысты негізгі құндылықтардың өзін бөліп қарастыруға болады. Оларға неке құндылығы, отбасындағы ердің және әйелдің рөлі, отбасындағы ерлі-зайыптылар арасындағы тұлға аралық коммуникациялардың құндылығы, ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынасы жатқызылады. Ата-аналардың негізгі құндылықтарына бала құндылығы, көп бала сүю құндылығы, сондай-ақ отбасындағы

балалардың әлеуметтенуіне жағдай жасау және оларды тәрбиелеу құндылығы жатады. Туыскандық құндылықтарға тумалық, бірлескендік құндылықтары, тума-туыс арасындағы қарым-қатынас құндылығы, нуклеарлық отбасының ұрпақ сабақтастығы құндылығы жатқызылады.

Отбасылық құндылықтарды жіктеудің тағы бір нұсқасы отбасының әлеуметтік қызметіне қатысты болады. Атап айтқанда:

1. Репродуктивтілік – негізгі отбасылық қызмет болып табылады, бала тәрбиесінің құндылығымен тікелей қатысты, себебі ұрпақ жалғастыру және халықтың санының көбеюі шарттылығымен тікелей байланысты.
2. Экзистенционалды – отбасы мүшелерінің өмір сүру қызметімен байланысты. Оған отбасы ішілік коммуникациялар, жанұялық микроклимат құндылығы жатады. Әр адамның жеке мені сақталатын, денсаулық, салауаттылық, ұзақ өмір сүруге құштарлық құндылығы жатқызылады.
3. Экономикалық қызметіне отбасылық бизнес құндылығы, отбасылық сұраныстардың қанағаттандырылу қызметі жатқызылады.

Н.И. Лапиннің зерттеулері бойынша нақты пәндік мазмұны бар құндылықтардан бөлек іргелі құндылықтар ғылым үшін өте маңызды болып табылады. Іргелі құндылықтар адамдардың құндылықтық санасының негізін және олардың өмірдегі ұстанымдарын көрсетеді.

Кез-келген құндылық және құндылықтар жүйесі екі бірлікті: атап айтар болсақ, индивидте өзіндік рөлі бар субъект ретінде және қоғамда әлеуметтік-мәдени жүйе ретіндегі рөлді негізді көрсетеді. Индивид

деңгейінде адамның іс-әрекетін білдіретін мінез-құлық, соған итермелеген алғышарттар негіздерін көрсетсе, әлеуметтік-мәдени жүйе ретінде құндылықтар қызметі аталмыш жүйенің қызметін құрушы және құндылықтарды әлеуметтік мәдени жүйе анықтаған типіне жататындығын көрсетеді. Ғылыми деңгейде құндылықтардың әлеуметтік мәдени жүйесі, оларды осы құндылықтар туындатқан өркениеттер типімен сараптау мәселесін алға тартады.

Осы тұста, сенатор, қоғам қайраткері, Европадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының мұсылмандарды шеттету және кемсітумен күрес жөніндегі уәкілі Әділ Құрманжанұлы өзінің «Мұсылмандарды кемсіту мен шеттетудің ЕҚЫҰ аумағындағы себеп-салдары мен оларды еңсерудің түйінді жолдары» атты мақаласынан мына мәліметтерді келтірген орынды: «Бүгінгі таңда бүкіл әлем халқының төрттен бірі – мұсылмандар. Бұл жер шарын мекендейтін 6.8 миллиард адамның 1.57 миллиарды немесе әрбір төртіншісі мұсылман деген сөз. Демек, мұсылмандар, шамамен 2.1 несесе 2.2 миллиардқа жуық христиан дініндегілерден кейінгі екінші орында тұр. Бұл дерекетер АҚШ діндер мен қоғам өмірін зерттейтін (Pew Forum on Religion and Public Life) агенттігінің үш жыл бойы жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жасалған қорытынды есебінен алынып отыр. Сол есеп бойынша, мұсылман әлемінің таңдандыратын тұстары да жоқ емес. Мәселен, саны жағынан Индонезия мен Пакистаннан кейінгі үшінші орында келе жатқан Индиялық мұсылмандар Мысырдағы мұсылмандардан екі есе көп екендігі байқалады. Сол сияқты Германия мұсылмандарының саны Ливан мұсылмандарынан басымдау. Ал Қытайдағы мұсылмандар Сириядағылардан артықтау болса, Ресей

мұсылмандары Иордания мен Ливияда тұратын күллі мұсылман қауымынан да көбірек екен. Эфиопиялық мұсылманның мөлшері Ауғанстан мұсылмандарымен шамалас. Және бір назар аударатын нәрсе әлемдегі күллі мұсылманның 60 пайызынан астамы Азияны мекендесе, 20 пайызы Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада, 15 пайызы Сахараның етегіндегі Африкада, 2.4 пайызы Еуропада, 0.3 пайызы Америка континенттерінде қоныс тепкен. Бірақ сан жағынан Азия мұсылмандарынан аз болғаныменен, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка мұсылмандары әлгі аймақтағы халықтардың басым көпшілігін құрайтын болып шықты. Керісінше, әлем мұсылмандарының бестен бірі, шамамен 317 миллионы, мұсылман діні мүлдем басымдыққа ие емес елдерде орналасқан: Индияда – 161 миллион, Эфиопияда – 28 миллион, Қытайда – 22 миллион, Ресейде – 16 миллион, Танзанияда – 13 миллион. Осыған қарамастан әлгі елдерде миллиондап саналатын мұсылмандар тек ұсақ диаспора статусын ғана иемденеді. Жоғарыда аталған Агенттіктің және бір дерегі бойынша, әлем мұсылмандарының үштен екісі 10 елде, атап айтқанда, Азиядағы Индонезия, Пакистан, Индия, Бангладеш, Иран, Түркияда және Солтүстік Африкадағы Мысыр, Алжир және Марокко сынды үш мемлекетте, ал қалғаны Сахараның етегіндегі Нигерияда орналасқан. Мұсылмандардың ең көп шоғырланған жері – Индонезия. Ол елде 203 миллион, яғни күллі мұсылманның 13 пайызы мекендейді. Сосын, әлемде бұрыннан қалыптасып қалған жаңсақ пікір бойынша, Еуропа мұсылмандары келімсектер болып есептелінеді. Ал шындығында, тек Батыс Еуропадағы мұсылмандар ғана иммигранттар, болмаса Еуропаның қалған бөлігіндегі, атап айтқанда Ресей, Албания, Косово сияқты

мемлекеттердегі мұсылмандар сол елдердегі әлмисақтан бері мекендеп келе жатқан жергілікті халықтар. Тұтастай алғанда, Еуропадағы мұсылмандардың саны 38 миллионға теңеледі. Бұл күллі мұсылманның бес пайызын құрайды, бірақ соған қарамастан олар Орталық Азиядағы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан мемлекеттердегі мұсылмандардың санынан басымдау. Жоғарыда аталған агенттіктің және бір мәліметі бойынша, Америка континенттерінде шамамен 4.6 миллион мұсылман бар және олардың жартысынан көбі АҚШ-та тұрады делінген. Алайда президент Барак Обаманың 2009 жылы 4-маусымында Каирдің Аль-Азхар университетінде оқыған лекциясында келтірген деректеріне сүйенсек, тек АҚШ-тың өзінде ғана 7 миллионға жете қабыл мұсылмандар тұрады. Тіпті ондағы мұсылмандар саны одан да көбірек болуы мүмкін. Себебі Америкада жүргізілетін халық санағы кезінде толтырылуға міндетті сауалнамаларда азаматтардың қай дінді ұстанатыны талап етілмейді. Мұндайда нақты дерек алудың мүмкін еместігі айтпаса да түсінікті», – дей келе, мұсылмандардың таралу аймағын танымдық тұрғыдан жан-жақты ғылыми негіздейді.

Заманауи деңгейде ғалымдар құндылықтарды:

– «Дәстүрлі құндылықтар» (Осы өркениетте бұрыннан пайда болып, дамып, сақталған құндылықтарға индивидтің тәуелділігін айтуға болады);

– «Либералды немесе заманауи құндылықтар» (Бұл құндылықтар «modernity» қоғамында дамиды, басымдық тұлғаға беріледі, индивидтердің рационалды мақсатқа қол жеткізу алдыңғы орында көрінеді);

– «Жалпы адамзаттық құндылықтар»;

– «Интегративті және дифференциалды құндылықтар» деп бөледі.

Құндылықтың әмбебаптылығы оның ынтымақтастықты қызметін күшейтеді немесе керісінше. Бірақ, бұл құндылық сол қоғамның дамуының әр сатысында түрлі қызметтер атқаруы мүмкін. Әлеуметтануда іргелілік негіздемесіне орай, құндылықтар мақұлданатын және мақұлданбайтын құндылықтар болып бөлінеді. Ол респонденттерге тікелей қатысты мәселе, сауалнама жүргізіп, респонденттердің басым көпшілігі қабылдаған құндылықтарды мақұлданған құндылықтар дей аламыз.

Қазақстан мемлекетінде ислам құндылықтарын тұлға мінез-құлқына әсер ету деңгейіне қарап, терминалды және инструменталды құндылықтар деп бөлуге болады. Терминалды құндылықтарға мақсатты мүдделерді білдіретін құндылықтар жатқызылады. Оған адам өмірінің, отбасының тұлға аралық қарым-қатынастың, еңбектің құндылықтары жатқызылады. Ал инструменталды құндылықтар – ең жақын адамға және бірінші жақынға, яғни, туысқа қарым-қатынас белгілерін көрсетеді. Оларда нормалар, құралдар және адами қасиеттері көрініс табады. Терминалды құндылықтар институционалды құндылықтармен салыстырғанда тұрақты және жоғары мәртебеге ие болып келеді. Жалпы құндылықтардың, оның ішінде қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарының мәдени антропология феномені ретіндегі басты ерекшелігі – құрылымы, әлеуметтік мәдени жүйесі және типологиясы жағынын бір-біріне қарама-қайшы болып табылатын құндылықтар бір адамның санасына сіңіп, оның дүниетанымында көрініс табуында. Өз тарапымыздан кез-келген индивид бірнеше құндылықтарды өз бойына

жинақтайды және ол құндылықтар өзара бірлеседі деген идеяны қолдаймыз. Нәтижесінде жүйе құрылып, ол жүйе адамның «іс-әрекетін, мінез-құлқын қалыптастырады. Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтары заманауи Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы адам, индивид және топ мүдделеріндегі құндылықтық бағдарды танытады.

Құндылықтық жүйе бағдары – толысқан адамның тұлғалық және психологиялық мінездемесін, орталықтанған құрылымдық білімін көрсете отырып, адамның әлеуметтік нақтылықтың маңызды қатынасын танытады. Осы жағдайда оның барлық қызметінің жан-жақтылығына мәні бар ықпалдың және мінез-құлық деңгейін көрсетеді.

Ал құндылықтық бағдар өз кезегінде адамдардың күнделікті тұрмыс тіршілігіндегі өмірлік мақсаттарын, жоспарларын жүзеге асыруы болып табылады.

Бүгінгі таңда ғылыми тұрғыдан мұсылмандық өркениет және мәдениет ерекшеліктері батыс және шығысты өткені мен бүгінгі, көне және жаңа, рационалды және дәстүрлі, ұлттық және діни контекстінің бірлігінде зерттелуі қажет. Мұсылмандық шығыс елдерінің пост индустриалды дамуын негізге ала отырып, мұсылмандық мәдениеттің философиялық құндылықты бағдарын гуманистік арнасының гуманистік феномен ретінде қарастыру маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 бет. ISBN 9965-822-10-7

3. А г к о и н М. L'humanisme arabe en IV-e/X-emes siecle: Miskawayh, philosophe et historien. Paris, 1982, p. 357.
4. Kraemer. Humanism of the renaissance of Islam. Preperaiary Studies. Journal of American oriental society. V. 104, № 1. Baltimore, 1984, p. 155.
5. Акбашева Диляра. О ПРОБЛЕМЕ ГУМАНИЗМА В ИСЛАМЕ. Россия и мусульманский мир. Москва, 2005., 173-183
6. Сагадеев А. Гуманизм в классической мусульманской мысли. Историческая психология и социология истории. Том 2, №1. 2009.
7. Имам Абу Ханифа ән-Нуғман. Алматы, 2005, 20 бет
8. Rumi J. Mathnawī. Mathnawī-i-Mana (парсы тілінде). Vol.1-8. London, 1925-1940. P. 1752-1753
9. Discources of Rumi. New York, 1977, P. 55-56
10. Iqbal M. The Reconstruction of Religions Thought in Islam, 1962.

2.2 Қазақ мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы дискурсындағы ислам құндылықтары парадигмасы

Парадигма – қазіргі таңда ғылым методологиясындағы негізгі ұғымдардың бірі. Ол білімнің қандай да бір саласының ғылыми пайымдалуының даму сатысын белгілейді және оларға тән ерекшеліктерді көрсетеді, білім дамуының сатысындағы ғылыми бейнелеудің объектісін зерттеу әдістемесінің өзіндік сипатын анықтайды [80, 36 б.].

Парадигма ұғымының құрылымы:

- ғалымдардың қазіргі бірлестігіне тән ғылыми принциптердің, сенімдердің, құндылықтардың жиынтығы, осының негізінде ғалымдар өздерінің зерттеу объектісінің ғылыми картинасын, яғни ғылым пәнін жасайды;

- ғылыми зерттеулер үшін қолданылатын «пәндік матрица» деп аталатын техникалық тәсілдер, ғылыми инструментарийлер жүйесі және мұны игеру мен пайдалану нәтижесінде бірін-бірі түсінетін ғалымдардың бірлестігі жасақталады деген қағидаларды қамтиды.

Ғылыми таным дамуының парадигмалық идеясын американ тарихшысы және философы Томас Самюэл Кун өзінің «Ғылыми революцияның құрылымы» атты еңбегінде негіздеді.

Біздің түсінігіміздегі парадигма – ғылыми проблемалар мен оны зерттеу мәселесінің қойылуы мен қалыптасуының логикалық моделі деп қарастырар болсақ, ХХІ ғасырдың нақ парадигмасы жаһандану дәуірі болары анық.

Көрнекті мәдениеттанушы ғалым Ақтолық Құлсариева бұл турасында: «Жаһандану қандай да болмасын процестің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мемлекет, өркениет немесе континент шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық – жұмыр жерлік, бүкіл жаһандық деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым» [81, 52 б.], – деп нақты тұжырым жасайды. Жаһандану процесі орын алып отырған әлі тәмамдалмаған іс екендігі анық, «Жаһандану» бүкіл жер жүзіне жайылу, тарамдалу деген мағынаны да, әлемдік көптүрлі көпшілік қауымның біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесі, ғаламдану деген мағынаны да өз бойына сыйдыра алады [81, 54 б.].

Қазіргі философиялық әдебиетте құндылық түсінігі әр түрлі мағыналарда қолданылады. Құндылықтың онтологиялық ерекшелігін білу үшін, алдымен болмыс

түрлерін анықтап алуымыз керек. Ибн Синаның пікірінше болмыстың екі түрі бар: 1) түйсіктен тыс болмыс; 2) түйсікке негізделген болмыс [82, 30 б]. Түйсіктен тыс болмыс шын болмыс деп танылады. Өйткені сезімдерімізбен түйсінеміз. Түйсікке негізделген болмыс, түйсіктен тыс бір нәрсенің бейнесі секілді, түйсіктен тыс баламасы жоқ ұғым да болуы мүмкін. Мысалы, мына адамның болмысы түйсіктен тыс шындық. Оның түйсігіндегі бейнесі түйсікке негізделген болмыс болып табылады. Осындай қысқаша түсініктемелерден кейін тақырыбымыздың негізгі нысаны болып табылған – онтологиялық ерекшелікке тоқталғанымызда, ойымызға мынадай сұрақтар келеді:

1) Құндылық шын болмыс па, әлде түйсікке негізделген болмыс па?

2) Құндылық іс-әрекетке негізделген болмыс па, әлде күшке негізделген болмыс па?

Құндылық ұғымын анықтаған кезде оның екі танымдық ерекшелігінен сөз етіледі: тасымалданған құндылық; нақтыланған құндылық. Бұл пайымдаулар құндылықтың ең алдымен тасымалдық танымын, содан кейін нақтыланып толықтырылғанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, тасымалданған құндылық, тасымалдаушысына жеке жағдайды танытатын ұғым; ал, нақтыланған құндылық, тасымалданған құндылықтың, тасымалдаушысынан нақтыланып қалыптасқан екінші қадамы болып табылады.

Тасымалданған құндылық жайында сөз етілгенде, әрдайым жеке заттарға байланысты жеке құндылық ұғымдары негізге алынады. Мына «көрніс әдемі» немесе «әдемі көрніс» деген кісі жеке пейзажды «әдемі» сөзі арқылы пайымдап тұр, яғни жеке жағдайда, түйсікті эстетикалық тұрғыдан көрсетіп тұр. «Әдемі»

сөзіне этимологиялық тұрғыдан түсініктеме берер болсақ, «Мына көрніс көзге жағымды, басқа заттарға қарағанда көздің әрін алып тұр», – деген мағынаны білдіреді. Көзге жағымды келу, көз тартарлық деген орамдар тек қана көрніспен байланысты жағдайларда ғана қолданылмайды. Кезкелген заттың әдемілігін көрсететін, көз тартарлық мағынада қолданыла келе, әдемі сөзінен «әдемілік» деген сөз туындайды. Әдемілік сөзі тасымалданушылардан нақтыланып, құндылықпен ұшырасады. Осы «әдемі» сөзіне «–лік» сөз тудырушы жұрнағы жалғану арқылы жасалған «әдемілік» сөзі морфологиялық құрылысы жағынан нақтыланған құндылықтың, тасымалданған құндылықтың екінші қадамына мысал бола алады.

Адамның құндылық тасымалдаушыларынан құндылықтарды нақтылай білу қабілеті жаратылысынан бар қасиет. Адамзат осындай ерекшеліктерге ие болғандықтан, әділеттіліктің жақсылығын, залымның жамандығын жоғары түрде бағалап, ортақ түсініктер бере алады.

Құндылықтардың классификациясын жасау үшін құндылық пен құнды (бағалы) сөзінің арасындағы айырмашылықтарды білу керек. Сонымен қатар, құндылықтарды мәдени антропология тұрғысынан тасымалданған және нақтыланған құндылықтар деп бөлуге болады. Маңыздылығына қарай құндылықтарды адамның табиғи болмысында туғаннан қалыптасқан құндылықтары және сыртқы жеке құндылықтары деп екі топқа бөліп классификациялауға негіз бар.

Құндылықтарды, қимыл-құндылық қатынас арқылы әрекетіне қарай, танымдық тұрғыдан төмендегідей классификациялауға болады:

- 1) Ішкі құндылықтары;

2) Сыртқы құндылықтары (нақтыланған қимыл құндылықтары)

Құндылықтардың адамдарға таралымы тұрғысынан да екі топқа бөліп классификациялауға болады:

- 1) әлемдік;
- 2) жергілікті.

1. Негізінде құндылық белгілі-бір өмірлік танымдар арқылы ерекшеленіп, белгіленеді. Сондықтан ол тұлғалық және әлеуметтік феномен ретінде оның мәні нақты идеялар жинағы көмегімен ашылады. Дегенмен, құндылық қалай болса да идеялармен сәйкес бола алмайды, себебі олардың арасында елеулі айырмашылықтар бар. Идеялар ақиқатты және ақиқатты емес, ғылыми және діни, философиялық және мистикалық болуы мүмкін. Ол өз кезегінде соларға керекті импульс беретін ойлау типі арқылы сипатталады. Бұл қатынастағы басты критерий – белгілі-бір идеяның ақиқаттылық деңгейі. Құндылықтарға келетін болсақ, олар да адам қызметін белгілі-бір бағытқа бағдарлағанымен, әр кезде таным нәтижелерімен сәйкес келмейді. Мысалға, ғылым барлық адамдар өледі деп тұжырымдайды. Бұл өз кезегінде әрбір тұлғаның белгілі датталмайтын ойды игілік ретінде қабылдау дегенді білдірмейді. Керісінше, құндылықты әрекет саласында адам келтірілген тұжырымның дәйектігін даттағандай болады. Адам өзінің әрекетімен өз тіршілігінің шектігін даттай алады. Соның өзінде, кейбір мәдениеттердің дәстүрлері «адамға өлім тән» деген пікірді әшкерелейді. Адам өзіне не киелі, қандай қасиеттілер қымбат екенін өзі анықтайды. Дегенмен, адамдардың рухани абсолюттері, көбінесе, сәйкес, бірдей болып келеді. Адамның өзіне деген қымбат өмірлік ұстанымдар болатыны жайлы ой бұрыннан белгілі. Алайда, осы түсінікті қатайтатын

жалпы қабылданған ережелер болмады. Ол тек ХІХ ғ. пайда болды. Философтар қасиетті өмірлік бағдарды құндылық деп атады. Яғни, адам онсыз толыққанды өмір сүре алмайды. Зерттеушілердің тұжырымдауынша, құндылық адамға қасиетті нәрсе. Тұлға әрдайым ғылым бойынша өмір сүруге тырыспайды. Керісінше, көбі оның ой көріністі ұсыныстарына арнайы көңіл бөле отырып, мән беріп, жалпы белгіленген шынайылықтарға қарсы қиял әлеміне көңісі келеді. Адамдар, көбінесе, өздерін мәңгі өлмейтіндей ұстайды. Адам өзінің өмірлік энергиясын суық ғылыми дәйектерге қарсы келетін көздерден алады. Сонда, құндылық дегеніміз – рухтандыратын шындық [83, 123 б.].

2. Құндылық адамзаттық өлшемге ие субъективті образ және қабылдау ретінде түсіндіріледі. Құндылықты субъективті сипатпен, индивидуалды артықшылықпен, яғни жалпылық аналитикалық пікір пайымдауға қарсылығында пайда болу нәтижесінде сәйкестендіруге болмайды. Құндылықтар аспектері қандай да бір мәдениетте өте кең, бірақ шексіз емес. Адамның қайбір бағдарларды таңдауы өз еркінде. Бірақ, ол абсолютті еркіндік нәтижесінде пайда болмайды. Басқаша айтқанда, құндылықтар мәдени контекстпен белгіленіп, құрамына белгілі-бір нормативтілікті енгізеді. Адамның өміріндегі фактілер, құбылыстар, оқиғалар, табиғаттағы өзгерістер, қоғам тек логикалық білім жүйесі арқылы ғана емес, сонымен қатар адамның дүниеге деген қарым-қатынасының призмасы, оның гуманистік немесе антигуманистік түсінігі, оның құлықты және эстетикалық жүйесі арқылы сезіледі. Құндылықтар субъективті, ал ғылыми ақиқаттар объективті бола тұрып, олар әрдайым бір-біріне қарсы келмейді. Рақымшылдықтың игілік екенін кімде-кім дәлелдей

бермейді. Дегенмен де, рақымшылдықты түсіну – адамның жеке таңдауы мен терең қажеттілігі. Таным мен бағалау бірдей болмаса да, бұл тұжырым олардың қайтпас бөлінгенін білдірмейді.

3. Құндылық мәдени-тарихи стандарттарға сәйкес келеді. Адамдар әрқашан өздерінің әрекеттерін мақсаттарымен, жалпықабылданған нормалармен өлшейді. Тарихта түрлі идеалдар, абсолюттер және қасиеттілер көрініс табады. Әр мәдениетте оның құндылықты табиғаты, яғни ондағы құндылықты бағыттары анықталады. Мысалға, технократиялық сана адамдарға инженерлі-техникалық рецептер бойынша өмір сүруді ұсынады. Қоғам олар үшін барлық адамзаттық байланыстар жатқан құдіретті машина ретінде көрінеді. Дегенмен, адамдар бұл императивтер жолын әрдайым ұстанбайды. «Адамдар бағынышсыз», – деп технократтар күйінішпен айтады. Сондықтан да, көпшілік ғылымды адамдардың кез-келген мәселесін шеше алатын жалғыз әрі бәріне күші келетін жолы деп қараудан бас тартады. Олар тіптен ғылымды ұтымды жобаланған әлемдік тәртіп жолдарында үндестікке жету әдісі ретінде дағдайды. Құндылықтар мәдени-тарихи стандарттарға қарағанда, қозғалмалы болып табылады. Бір мәдениет шеңберінде құндылық бағдарларының ауысуы жүзеге асырылуы мүмкін. Американдық мәдениеттанушы Даниэль Белл «Капитализмнің мәдени қайшылықтары» атты еңбегінде капиталистік формацияның тарихи тағдырының барысында құндылықты бағдарлардың радикалды түрде протестанттық этикадан модернизмге дейін, яғни жаңа өмірлік-тәжірибелік ұстанымдар біртұтастығына өзгергенін көрсетеді [83, 125 б.].

4. Құндылық «лайықты» іс-әрекет түрімен, нақты өмірлік стильмен байланыстырылады. Құндылықтың

әрекет стиліндегі тура байланысы ретіндегі төртінші түсіндірмесімен дауласып, өзгерту мүмкін болып табылады. Басқаша айтқанда, ойша мақсат, мұраттарды да иеленуге болады. Қандай да болсын бағдарлар шынайы істермен де негізделмеуі де мүмкін, яғни ол өз кезегінде өмірлік стильде жүзеге асырылмайды. Мысалға, тұлға рақымшылдықты сөзсіз құндылық деп санаса да, шынайы рақымды істерді жасамайды.

Сонымен, аксиология үшін орталық болып табылатын «құндылық» түсінік тұжырымдарының әр тараптылығы онтологиялық, танымдық, әлеуметтік, объективті-субъективтілі, материалды, идеалды, тұлғалық-қоғамдық мәселелерін шешуде айырмашылықтармен белгіленеді. Сол себептен, құндылықтар жүйесі сипаттамасына, қолданысына, мәдениет әлемінің аксиологиялық интерпретацияларының түрлілігін тудырады.

Дегенмен, аксиологияның негізі ретінде тұрмыс құрылымындағы құндылықтардың өмір сүру мүмкіндіктері мен олардың жалпы пәндік шынайылықпен байланыстарын белгілеу мәселе болып табылады. Осы көзқарасқа сәйкес құндылық рухани түрлілікті санаға, адам сезімдері мен еріктеріне тартады. Ол қоғамдық сананың адамдық өлшемін сипаттайды. Өйткені, ол тұлға және оның ішкі дүниесі арқылы өтеді. Егер идея тұлғалық және қоғамдық өмірдегі тұрмыстың бөлек жақтарына жетудегі үлкен секіріс болса, онда құндылық – білім мен ақпарат арқасында ғана емес, сонымен қатар адамның өмірлік тәжірибесі негізінде пайда болатын тұлғалық сипатта боялған дүниеге деген қарым-қатынас.

Адам өзінің іс-әрекетін үлгі, эталон ретінде қарастырылатын мақсатпен, нормамен, идеалмен өлшейді. «Қайырымдылық» пен «зұлымдық», «сұлулық» және

«ұсқынсыздық», «жақсы» және «жаман» түсініктерін құндылықтар деуге болады. Өз кезегінде адамның көзқарастары, көндірулері құндылық идеялар түрінде қарастырылуы мүмкін. Олар қолданымды және қолданымсыз, оптимистік және пессимистік, белсенді-шығармашылық және пассивті болуы мүмкін.

Дәл осы мағынада адам әрекетін белгілейтін бағдарларды құндылық деп атайды. Сонымен, мамандардың қызығушылықтарына ғылымның адамзат қызметінің, адамзат шығармашылығының аксиологиялық аспектілеріне жайдан-жай түспей отыр. Құндылықтардың қазіргі замандағы адам мен қоғамның өмір сүру игілігіндегі рөлі аса маңызды. Р.У.Сперридің көрсетуінше, «біздің өтіп жатқан жаһанды дағдарыстарымыз үлкен үлесті дені дұрыс емес әлеуметтік құндылықтар мен танымдардың нәтижесі болып табылады. Адамзат тағдыры күллі биосфераның тағдыры келесі ұрпақтар таңдап алатын құндылықтарға және танымдарға толықтай тәуелді болады». Бұл жерде жоғарғы құндылықтарды жаңаша түсінуге адамзаттың рухани қаратпасы жайлы. Оның мәні түсінігінде ғана емес, құндылықтардың пайда болуында және олардың адамдар қабылдай алуында жатыр. Мұндай танымдар мен құндылықтарды сана образы, қызмет пен таным саналығының сипаты, адамдар арасындағы қарым-қатынас, табиғатқа деген қатынас анықтайды. Ол өз кезегінде адамзат дамуы саналатын тұрмысқа қатысты тұрақтылыққа жету жолы болып табылады.

Тәңірлік-ғаламдық немесе космостық сипат өзінің шыққан тегі мен құндылық заты қандай да болсын сипатты иемденсе де, олар жөнінде біз өмірімізде олардың шынайы көрініс табуынан ғана сынай аламыз. Осыған орай, қоршаған шынайылықты сипаттайтын,

қоғамның әлеуметтік-тарихи қалыптасулармен белгіленген құндылық түсінігінің көп мағыналығы қалыптасады.

Ешбір ғалым мәдениеттің құрылуы мен қызметінде құндылықтардың рөлі бар екеніне күмән келтірмейді. Оған қоса, мәдениетті әлеуметтік феномен ретінде құндылықты бағдарлар арқылы анықтайды. «Мәдениет дегеніміз – адам қауымдастықтарындағы дүние мағынасын анықтау болып табылады», – деп өзінің пленарлы баяндамасында Ф.Дюмон атап өткен болатын. Мәдениеттің қазіргі философиялық жетістіктерінде негізгі түрде оның аксиологиялық табиғаты өзектеле бастайды. [84, с. 306]

Белгілі ғалым Р. У. Сперри «біз тұрып жатқан әлем тек санасыз күштермен ғана емес, сонымен қатар жоғарғы дәрежеде адамзаттық құндылықтармен де қозғалмалы болып табылады... Және де планетаны құтқару үшін, жаңа тәртіптегі құндылықтар үшін күресу болып табылады. Сперри аксиологиялық ғылымның құру қажеттілігін негіздеді. Соның өзінде, ол ғылыми дүниеде құндылықты әдістің барлық ғылыми білімдерді «жалпылық теориясына» әкеліп соқтырады деген қалыпты дәлелдеді. [85, с. 61]

Құндылықтар арқасында, тұлға өзінің қажеттіліктеріне еркін сүйеніп, олардың қоғамдық мәнін дамыта алады. М.С.Каган құндылықты рухани сипатқа ие субъектінің объектіге қарым-қатынасы деп анықтайды. Оның жұмысында бағалау факторы объектінің байланысын субъектінің қажеттіліктерімен бейнелейді. [86, с.63]

С.Ф.Анисимовтың пайымдауынша, құндылық қызмет субъектісі үшін жарамды пәндік мән болып табылады. Өйткені, бұл пән оның белгілі-бір қажеттілігін

қанағаттандырады. Құндылықты қатынас – ол субъект пен пән арасындағы қарым-қатынас болып табылады. «Егер құндылықтарға ең маңыздысы қоғамның, таптың, тұлғаның жаратымды, саналы нақты қажеттіліктерін қанағаттандыратын қабілеті болса, онда ол өзінің мағынасы бойынша теріс бола алмайды». [87, с.41]. Дегенмен, эмпирикалық жағдайда сол пән кері мағынаға ие болуы мүмкін.

И.Т.Фролов пен Б.Г.Юдин өздерінің еңбектерінде құндылыққа келесідей анықтама береді: «бұл субъект пен объект арасындағы қарым-қатынастардың ерекше көрініс табуы. Ондағы объект қасиеттері субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес бағаланады» [88, с.67.].

Өз кезегінде В.П.Тугаринов «Қоғамдық құндылықтар қолда бар, жүзеге асырылғаны емес, сонымен қатар әлі де іске асырылмаған және тілектегі нәрсе болып табылады», – деп пайымдайды [89, с.8.].

О.Г.Дробницкий «Адамгершілік» атты еңбегінде моральды сапа түсінігіне назар аударады: «бұл адам мінезінің ең тұрарлық қасиеттерінің бірі болып табылады» [90, с.50.].

Осыдан келе, құндылықты анықтау мәселелері мен оның мүмкін көріністері өте кең екені көрінеді.

Жалпы, «құндылықтар мәдениеттің құрамдас бөлігі» болып табылатыны және олардың адамға әсер ету мүмкіндігі жеткілікті болады. Олардың шынайы тәртібін, іс-әрекетін анықтай алатын ықпал объектілі пәндік категорияларымен қатар субъект қызметін суреттейтін субъектілі-телеологиялық категорияларды пайдалану қажет деп табады. Чавчавадзе Н.З. ескертуінше, адамның рухани тұрғыдан әлемді меңгеруін түрлі әдістерімен байланыстыра отырып

құндылықтарын қарастыру қажет. Адам қоршаған оқиғалармен объектілі түрде ғана емес, сонымен қатар оларға субъект ретінде қатысты болып келеді. Сол себептен, ол құндылықты адамның мақсаттары деп қарастырады [91, с.15].

Чавчавадзенің ұсынуынша, пәндерді олардың құралы ретінде жарамдылығын және тұрарлық қасиетін қалыптастыру көмегімен сынауға болады. Басқаша айтқанда, пәндер телеологиялық түрде бағалау, яғни оның жаратылыстық қасиетін анықтау емес, оның бола алатын жағдайын бағалау. Сәйкесті міндеттер жайлы сөз талқылау құндылықты санамен ашылатын оқиғалардың телеологиялық қасиеттері адам үшін оқиғалар маңыздығын көрсетеді. Өйткені, олар оның тәжірибелік қызметінде қатыстырылған. Оқиғаның маңызды қасиеті оның құндылығы болып табылады. Ол құндылық санаға, әдетте, оның иесімен қатар беріледі. Чавчавадзенің теориясына сәйкес, мәдениет феномені іске асырылған құндылық пен оның бірлігі болып табылады. Ол объективті бағдарлы және әлемді меңгерудегі субъективті құндылықты әдістерге бөлінбеген біртұтас санаға ғана қолданылады. Сонымен қатар, ол құндылықтар түп тамырын мақсатты құндылықтардан көреді. Мақсаттар жүзеге асырылмай тұрып идеалды бола алады. Ол өз кезегінде, мақсатты қызметтің детерминанацияланған және құндылықты бағдарланған қажеттілігін тудырады [91, с.170].

Сонымен, мәдениет феномендеріндегі құндылықтардың болуы адамның мақсаттылық қызметінің нәтижесі арқылы түсіндіріледі. Адам қызметінің қандай да болсын түрі объективті түрде табиғи адам және оның пәнінің дәлелдік қасиеттерімен анықталып, шектеледі.

Мәдениеттің қазіргі аксиологиясындағы жағдайды сараптай отырып, Г.П. Выжлецов жекелеген жағдайлардан көңілі ауып, бастапқы аксиологиялық ерекшелігін анықтауды үш негізгі әдісті көрсетеді.

Бірінші және кең таралған нұсқасы ретінде құндылықтың нақты оқиғалар мен пәндерінің адамға қатысты түсінігі. Ол адамның рухани және материалдық құндылықтарын қанағаттандыратын мүмкіндігі болып табылады. Бұл жағдайда құндылық маңыздылық ретінде субъекті мен объектінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын феномен ретінде қарастырылады.

Екінші нұсқа құндылығының жақтаушысы И.С.Нарский құндылыққа тек жоғарғы қоғамдық идеалдарды жатқызады. Олардың көзқарасынша, құндылық құрал емес мақсат болып табылады. Өз кезегінде бұл концепция этикада өте танымал статусқа ие болды. Адамзаттық қажеттіліктермен идеал құндылықтармен генетикалық түрде ғана байланысты. Бір мезгілде алғашқы екі әдістермен қатар тікелей түрде үшінші әдіс қалыптасады. Онда құндылық маңызды да идеалды. Бұл концепцияны ең алдымен В.П.Тугаринов, О.Г. Дробницкийлар қарастырған. О.Г.Дробницкийдің байқауынша, «сырт жағынан қарағанда, адамның затқа немесе заттың адамға қатынасы, негізінен ол адамның өзіне, басқа адамдарға немесе қоғамға деген қатынасы» [89, с.3].

Г.П. Выжлецов ұсынған құндылық құрылымында үш өзара әрекеттескен элементтер бар: «маңыздылық, норма, идеал». Осы құрылымға сәйкес, қандай да болсын құндылықтар маңыздылықпен, пайдалылықпен байланысты. Құндылық тек жарамды маңыздылық бола алады. Құндылықты қатынас міндетті және қалайтын нәрселерден тұрады. Мәдениет құндылықтардың және

адам қызметінің барлық салаларындағы құндылықты қарым-қатынастарды жүзеге асыру дәрежесімен анықталады.

Классикалық философиялық дәстүрге сене отырып, кеңестік кезеңнің зерттеушілерінің жұмыстарына сүйене отырып, Г.П. Выжлецов мәдениеттің құндылықты концепциясының перспективті және сәтті түрін жетілдірді. Оның ойынша құндылықтардың ерекшелігін түсінуде мынадай ойға келеміз: құндылықтар қоғамда субъективті-объективті және субъект арасындағы қатынастар арқылы қызмет етіп, қалыптасады. Оның ойы бойынша, субъектінің объектігі қатынасы оның бағалы ерекшелігін анықтайды, ал құндылықтар кез-келген деңгейдегі субъектімен тұлғадан қоғамға дейінгі қатнастарды белгілейді.

Бағалау, бір жағынан, әлеуметтік құбылыс ретінде салыстыру, таңдау, анықтау қызметтерімен сәйкес келеді. Басқа жағынан, бағалау эмоциямен түсіндіріліп, психофизикалық негізді білдіреді. Кейбір авторлардың айтуы бойынша: «Құндылық әрқашан бағалаумен байланыстырылады. Бізде оны анықтайтын басқа түрі жоқ» [92, с.46].

Г.П. Выжлецов бағалауды өзінің дәлделдеу және санадағы саналылық ретінде қарастыруды ұсынады. Ол – бағалау тезисі. Адамды тек қана қоршаған табиғатпен және әлеуметтік ортамен ғана емес, сондай-ақ тікелей басқа адамдармен де, оларды жалпы адами құндылықтар әлеміне алып келе отырып, өзінің басты әлеуметтік-мәдени қызметін орындайды. Басқаша айтқанда, сезімде логикада да бағалаудың ерекше қасиеттерін және ерекше құқығын құрамайды, себебі ол сана секілді олардың біртұтастығы болып табылады. Өзіне қандай түсінік жөнінде мәселенің болып

жатқанын білмей, мысалға, ғылыми және кәдімгі сезімді немесе логикалық, тәжірибелік, теоретикалық түсінікте онымен бағаны сәйкестендіруге мүмкіндік жоқ. Сонымен, бағалау түсінікпен бірге құралады. Түсінік бағалаусыз және бағалаудан тыс болуы мүмкін емес. Сондай-ақ түсінбей жатып бағалауға да болмайды. Шындық құндылық ретінде өзара қарым-қатынасының нәтижесі болып табылады. Бұл мағынада таңдаудың акті немесе құндылыққа жауап беруі ғана емес, ол бағалық құрылымдық сананың жүзеге асуын білдіріп, оның өзін түсінікті және бағалық құрылымның өзара байланысының біртұтастығы ретінде қарастыру қажет. Бағалау қатынасы әр түрлі тәсілдермен білдірілуі мүмкін, сондай-ақ интонацияның, жасанды жүйенің көмегімен білдірілуі мүмкін, бірақ әлеуметтендірудің құралы шынайы тіл болып табылады. Тілде тәжірибелі санадағыдай, бәрінен бұрын, оның танымдық және бағалық құрылымы жүзеге асырылады. Бағалау қызметі тілдік стандарттың құрылымымен түсінікті дәрежеде иемденген, яғни бағалық түсініктік сөз иелері болып табылады, өйткені алғашында тәжірибелік санаға тән тілмен қатынас процесінде жүзеге асады. Сондықтан, бағалау бағытталған ықпалдың құралы, функцияның әрекеттегі формасы болуы мүмкін. Немесе баға беру адамның бағалық құрылымының өзгеруіне бағытталған, ал танымның көмегімен бағалық қатынасына өсе отырып, субъектінің бағалық бейімделуінің құрылуына әсер етуі мүмкін [92, с. 43]. Өзінің мағынасы бойынша бағалық қатынас бұл адамдардың бастан кешірген идеалдарын шынайылыққа іске асыру. Сондықтан, бағалық қарым-қатынас сыртқы күштеу болмайды (сүйіспеншілікті, бақытты болуды күшпен енгізуге

болмайды), олармен билік немесе байлық ретінде иемденуге болмайды.

Егерде танымдық талқылауда объективті әлемнің көрмесінің мәні жөнінде білім белгіленген, яғни бағалау талқылауы бағалық қатынас жөніндегі білім болып табылады. Мұнда әрбір білімнің нәтижесіндей эмоционалдың рационалдықпен шешілген, яғни шынайы бағалық қатынастың әр түрлі түрлерін белгілейтін нәтиже ретінде және қоғамдық сананың феномені ретінде шығатын нәтиже ретінде белгіленеді. Э.Фроммның психологиялық көзқарасына сәйкес «құнды пікірлер біздің әрекеттерімізді анықтайды, олардың шынайылығында біздің рухани денсаулығымыз бен бақытымыз жасырылған» [93, с. 307] және бағалауды тек санасыз, иррационалдық мүдделерді рационалдық ретінде қарастыру автордың бекітуі бойынша, біздің бейнелерімізде біртұтас тұлға секілді тарылтуы және бұрмалануы мүмкін, сондықтан да адами табиғатты түсіну және құндылығын тану бір-бірімен тығыз байланысты.

Жоғарыда келтірілгеннен бағалау мәдениеттің аксиологиялық категориясы ретінде бағалық қатынастың біртұтастығын білдіретінін көруге болады. Субъектіге объектінің оңтайлы және кері маңыздылығын анықтап, құндылық құрылымына оның бірінші сатысы және негізі ретінде енеді.

Сонымен, құндылықтың мәнді және тиісті ережесі немесе идеалы ретінде мүдденің объектісі ретіндегі әр түрлі анықтамалар, артықшылықтар және бағалаулар құндылықтың біртұтас құрылымына кіреді және болып жатқан оқиғаға сәйкес тиісті мағынада мәдениетте көрініс табады. Мәдениет құндылығының негізгі

маңызды мәселесі - оның үдемелі қатарын, яғни иерархиялы анықтамасы болып табылады.

Құндылықтыр қатарының анықтамалық қажеттігі адам өмірімен мәселелерінің сәйкестігімен туындайды. Әсіресе, бұл аралық тарихта, жаңа заманғы кезеңде пайда болған құндылықтарды қайта қарау процесінде өте маңызды.

Ғылыми әдебиетте және қолданылатын көптеген терминдерде олар әр түрлі. Кей жағдайда мағыналары жағынан қарсы келеді және де олар түбірі жағынан мәдениеттануға қатысы бар (мәдениет, құрылым, құндылық иерархиясы). Ғылыми ізденістер отандық ойшылдар мен шетелдік ойшылдардың ғылыми ізденістерінің арқасында бұл ұғымның мазмұнын және құндылықтың мағынасын осы мәдениет туралы және оның құрылымы туралы ұғымды мазмұндауға рұқсат етілді.

Құндылықтың адам өміріне қатыстылығы байланыстылығын қарастыруда ашылуы мүмкін, оларсыз құндылықтар мағынасын жоғалтады. Көптеген авторлар, оның ішінде Г.П.Выжлецов құндылық дегеніміз – қайталамалы шарт және адамның мәңгілікпен кездесер орны деп белгілейді. Құндылық бұл өз мағынасында өзінің тегінің сапасында мәңгілікке деген бастапқы мағынасы болып табылады. Егер құндылық шын мағынасында адам мен тұрмыс арасындағы делдал болып табылса, демек жоғары мағынасында құндылықтар бұл иерархиялық баспалдақпен адамның жоғары көтерілуіне мүмкіндік. Бұндай жоғары көтерілуді мәдениет пен біртұтас қоғамдағы шынайы прогресс деп айтуға болады. Автор бұл мәселе төңірегінде көптеген жұмыстарды талдайды. Аксиологиялық құнылықтармен абсолюттік релятивизімді жеңу дегенмен, білім барлық құндылықтар қатысты және субъективті Шеллердің иерархиялығын

мойындай отырып, “жағымды, жағымсыз” және оларды: сезімдік, өмірлік, рухани, моральді, құқықтық және т.б. классификациялау осы принцип бойынша жүргізіледі. Құндылықтар эрархиясын қалыптастыруда әлеуметтік функциядан және оның ішкі көрінісіндегі ішкі шарттарымен емес, сыртқы мазмұны мен құндылықтың бүтін құрылымынан шығу керек деген ойға келді. Оның әрбір мазмұнынан элементті объектіні алып жүрушілік, мәнділік, қалыптылық және идеал шығады. Құндылықтар мәдениет әлемінде өмір сүреді, ажарланады. Бұл сөзсіз адамның жемісі. Сондықтан өз кезегінде құндылықтар адамға тәуелді. Құндылықтар иерархиясы әртүрлі әлеуметтік, құқықтық, моральдық, діни система және класстық, этникалық және ұлттық және адамзаттың әртүрлі тегінде іске асатындығын адамзаттың мәдени тарихы растайды.

«Құндылық» – идеялар жиынтығы, социологиялық зерттеулер төңірегінде жазылған жұмыстар мәдениеттің құндылық аспектілерінде қаралған, алдыңғы тәжірибеде қолданылуымен кезектесулік сатысын таңдауда, әлеуметтік психологиялық білімде амал және іс-әрекеттің әдісі ретінде әлеуметтік-мәдени қатынастарды тасымалдау шартында оның маңызы мен мәні көрсетілген, идеология мағынасын құптағанда спецификалық мақсат пен тапсырма негізге алынады.

«Өзіндегінің барлығын ауыстырып өзіңе барлығын бағындыр» идеясын құндылықтармен ауыстыру қажет, құндылық бағдарларымен қоғамдық мәдениет құндылықтарын кесіп алу белгіленеді. Мәдениеттің деңгейі адамзат құндылықтарының жүйесімен анықталады және құндылық бағдарының құрылымы, адамның әртүрлі материалдық, саяси және басқа да құндылықтармен қатысы белгіленеді. Осы зерттеу барысында, негізгі

құндылық бағдары және оның ислам құндылықтарымен ара-қатынасы анықтау жүргізілді. Бұдан шығатыны, “жанұя құру”, “адамға қайырымдылық жасау”, “салауатты болу” т.б. өмірлік қажеттіліктерді қазақстандық респонденттер терминдік құндылықтар қатарына қосты. Терминдіктен басқа, жалпы иерархиялық құндылықтардың өз ішінде мәртебелі құндылықтар бөлінеді, ол әлеуметтік мәртебе ұғымына қатысты. “Мәртебелі жұмыс иелену”, “жоғары айлық алу” т.б. Жалпы құндылықтар жүйесінде рухани құндылықтар басым болып табылады, оған әділдік, білімділік, өзіңнің жеке сезімді сақтау, ар және басқалары енеді. Жоғарыда айтылған барлық болжамдар, грузин философы Н.З. Чавчавадзениң ойымен сәйкес келеді, иерархиялық құндылықтардың түп мәнінде «әрбір жоғары қатар төмендегісінен маңызды, әрі – құнды болып келетін, ал барлық қатардың құндылығы ең жоғарғы сатының құндылығымен анықталатын өрлеу қатарын құрайды» [91, с. 25].

Құндылықтар қатарын реттегенде 3 негізгі принцип бойынша бөлінеді.

1. Басқаларын екінші орынға қойғанда, иерархиялауға немесе құндылық доминантын бөлуге негізделген. Құдай, билік, байлық, адам, прогресс, демократия және т.б. әртүрлі мәдени жүйелер мен орталарда бұл басымды орын алады.
2. Құндылықтарды әртүрлі салада қызметі жөнінен бөледі. Мысалы, тәжірибелі жұмыстың рационалдылығы, музыка, дұға, ойын, көңіл көтеру яғни рухани жоғары шығарумен ауысуы мүмкін.
3. Құндылықтарды әртүрлі әлеуметтік жіктерге бөлу. Егерде саяси элита үшін басты

құндылық билік болып табылса, ал діни элита үшін – моральдық құндылықтар, ал интеллектуалды элита үшін – білім басты құндылық болып табылады. Дұрыс құрылған қоғам бұл барлық құндылықтарды іске асыруды реттеу компоненттеріне зәру, яғни қай құндылық маңызды екенін қарастыру жөніндегі қайшылықты шешетіні сөзсіз [94, с. 46].

Шынында, қоғамда немесе жеткілікті құндылықтың қандай маңызды орын алатыны оның құнды басымдылық есебімен болашақты болжауға болмайды, мәдениет құрайтын барлық элементтер “сапа” анықтамасын иемденеді, яғни мәдени дамуда және мәдени қажеттілік деңгейіне үлкен потенциалды әсер етеді. Сонымен, құндылық және құндылықтар иерархиясы қоғамдық мәдениеттің даму векторын анықтайды және сол себепті қоғамда құнды болып табылады, мәдениеттің деңгейінде қандай құнды басымдылық мемлекеттің тұрақты сақталуына және дамуына көп көңіл бөлетіндігін де анықтайды.

Құндылықтардың қазіргі заманғы иерархиясын қалыптастыруда Г.П.Выжелецовтың тұжырымдамасы бойынша құндылықтың ішкі мазмұны мен тұтас құрылымынан шығып, әлеуметтік функция мен оның көрінісінің ішкі жағдайын анықтап алу керек [92, с. 74]. Оның әр мазмұнды элементі – объект алып-жүруші, мән-мағыналық, норма және идеал – жеке құндылық ретінде көрініс тауып, негізгі мәдениеттің деңгейіне сай қалыпқа келеді. Сонымен бірге жоғарғы құндылық, яғни сәйкес мәдениеттің сәйкес түрін анықтайтын, әр деңгейге қол жетерлік реализация болып табылады. Бұл шеңбер әр жоғарғы рухани құндылық енген деңгейімен орнатылады. Бір сөзбен анықтағанда, мәдениет адам-

дану мен рухтандыру арасындағы қатынасқа сәйкес деңгейімен анықталады. Идеал деңгейінде рухани құндылықтар, сенім, махаббат және әдемілік сияқты жоғарғы өнегелік түрлерін қалыптастырады. Идеал құндылықтары адамзат байланысы мен ара-қатынасының барлық деңгейінде көрінеді. Әлеуметтік, моральдық экономикалық құндылықтары құқық, саясат, экономика және мәдениеттің сәйкестік деңгейінде қалыптасқан әрекеттесулер деңгейінде шектеледі.

Г.П. Выжелецов жазғандай өнегелік пен моральды қосатын жоғары құндылық қайырымдылық болып табылады. Г.П. Выжелецовтың ойына сүйенсек, қайырымдылық және өнегелік құндылықтарды көрсететін моральды мәдениет және мораль төңірегіндегі мәдениеттің негізі ретінде қарастырады. Өнегелік мәдениеттің иерархиялық сатысы жоғары құндылық сапасында моральға әділдікті таңады, мораль адамзат жатақханасының болашақ нормалар жиынтығы болып табылады. Сондықтан нормалар, құқықтық мәдениеттің негізі мен мақсаты болып табылады. Басқа құндылықтардың шегін былай тыныстыруға болады, Яғни қоғамдық өмірдегі әрбір жеке бөлігіндегі негізгі анықтамалық мағыналар иеленеді және құндылық иерархиясы әрбір адам өмірінің сферасында әртүрі көрінеді. Осы саламен жоғарғы құндылық дегенге жету және қымбат көру, бұл салада айналысатын адамдар үшін үлкен мағына береді. Саяси мәдениет халықтың еркіндігін қамтамасыз етпесе көздеген деңгейіне жеткізе алмайды және сол себепті, саяси мәдениеттегі иерархиялық сатысында жоғары құндылық болып билікпен халық еркіндігінен шыққан әлем болып табылады.

Құндылықтар нормативтіліктің механизмі ғана болып қана қоймайды. Олар адамның әлемді тануында өткеннің мән жүйесін қайтадан қалыптастырады.

Сонымен құндылықтың ішкі тұтас құндылық мазмұны мәдениеттің түрі мен деңгейін қалыптастыруға қабілеттенеді, құндылықтың иерархиялық сатысы мен мағынасы деңгейіне барып тіреледі. Қатынас пен мәдениеттің деңгейінде қалыптасқан, құндылықтың құрылымының ішкі мазмұнында құндылық иерархиясын жинақтап бекітуге болады. Үйлесімі бойынша құндылықтарды бөлу туралы және оның қоғамдық өмірдің әртүрлі аумағынан шығатын мәдениет құндылықтың рөлі мен классификациясын бөлу В.П.Тугариновтың ұсынысы болатын. Адамдардың түрлі мінездеріне, іс-әрекеттеріне қатысты қоғамдық өмір үш аумаққа бөлінеді:

1. Материалдық құндылықтар тобы – материалдық өнеркәсіппен оған байланысты адам іс-әрекеттерінің пәні, заттылық және т.б. қайта қалыптастыру процессінде туындаған пәндер жатады.
2. Әлеуметтік-саяси құндылықтар тобы – билік үшін таласта өзіндік қоғам өміріндегі форманы қайта бейімдеу немесе қорғау бұл топтың мақсаты болып табылады.
3. Рухани құндылықтар тобы – бұл іс-әрекеттің табиғаты мен мазмұны жоғалған физикалық күшпен тұжырымдалмайды, адамдарға берілетін күшпен тұжырымдалмайды. Бұл құндылықтардың адамдардың тұрмысымен байланысты қатысын ескеретін болсақ, оны әлеуметтік құндылықтар тобына жатқызуымызға болады.

Бұл үш топта кеңінен талданатын болса олар әлеуметтік өмірді бейнелейді. Өмірлік іс-әрекетте қолданылатын материалдық құндылықтарға техника, тұрмыстық заттар, ақшамен қамтамасыздандыру және басқада өндірістік заттар жатады [89, с. 8].

Жоғарыда атап өткен мәдениет құндылықтары қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады. Әрбір құндылықтар тобы жалпы құндылықтар иерархиясында өзіндік орын алады. Барлық құндылықтар тобын жеке жеке ежіктеп отырмай, бірден мұсылмандық құндылықтармен ішкі байланысы берік болып табылатын моральдық құндылықтардың мазмұнын ашып көрсетейік, өйткені олар біздің зерттеу мақсаттарына сай келеді.

Қайырымдылық тек жақсы мағынаға ие. Өмірде адамдар жақсылық жасауға ұмтылады және армандайды, өздеріне де жақсылық жасауын тілейді, барлығы жақсылық арқылы жүзеге асады. Қайырымдылық кезкелген қоғамның тұрақтылық және шыдамдылық кепілі болып табылады. Қайырымды қарым-қатынас адамдарды табысқа, шығармашылыққа итермелейді.

Игілік өмірді сақтау мен бекітудің рахаты болып сипатталады. Спиноза үшін өмірін сақтап қалу ол адам потенциалды түрде түбінде кім болды, соған жету. Спиноза бойынша адам періштеге айналғанда өзінің өмір сүруін тоқтатар еді немесе әрбір зат өзінің табиғатында болғандықтан, өз кейпінде өмір сүруі тиіс. [95, с. 3-5]. Игілік – адамның өз күштерін игілік істерімен бекітілуі бойынша жетілдіру.

Борыш – тұлғаның жоғарғы өнегелік жауапкершілігін сезінуін сипаттайтын, оның ішкі жетістігіне айналған түсінік. Борыш жоғарғы өнегелік міндет.

Бұл моральды және басқа да құндылықтарға жету және сақтау үшін мәжбүрлеусіз өзін еркін мақсатқа бағындыру. Мысалы, қызмет талабы бойынша адамдарды құтқару, немесе өзінің азамат ретінде борышын атқару, адамдық ары бойынша қандай ащы не жағымды болмасын шындықты айту және т.б.

Адамзат қатынасында күшті әсер ететін факторларының бірі ретінде махаббат маңызды рөл атқарады. Құқықтық, діни және моральдық нормалар жүйесі арқылы қарым-қатынастарды реттейтін пәні болған және болмақта. Әлеуметтік мәдени жүйенің маңызды міндеттері махаббатты реттеу болып табылады. Сол арқылы оны әлеуметтік шеңберге енгізу, оның нормативті принциптерді бұзатын эффектілі жағын шектеп отырады. Сонымен қоса, әрбір қоғам белгілі бір салалар мен формаларда махаббат қатынастарына аксиологиялық форма беру арқылы культке айналдырып отырған. Махаббатқа қатысты Эрих Фром былай деген: «Махаббат – жоғарыдан күштелетін немесе адамға міндеттелген борыш емес, жоғарғы күш те емес: ол өзінің күші, сол арқылы ол әлеммен жақындасады және оны шынымен де өзіне жақын етеді».[93, с. 457]. Оның айтқаны дұрыс емес пе? Өйткені махаббат түсінігі адамсыз өзіндік мәнге ие бола алмайды. Мысалы ананың балаға деген махаббаты өмірдің толықандылығын, ана бақытын қанағаттандыру мақсатындағы ұлы құндылық болып табылды. Бірақ ақылға бағынбайтын махаббат ессіз және соқыр сезімге айналса, тек қоғамның қажеттіліктерімен қатар жетілген адамды, азаматты тәрбиелеуде анти құндылыққа айналмақ. Сонымен қатар ана үшін асыра еркелеп өскен баласы кейін уақыт өте келе кәрі анасына қарамай кетуі де мүмкін. Сонымен, астыртын ойсыз, әрі дана махаббат физи-

калық, ақылдылық және өнегелік денсаулыққа қажет өмірлік күш болып табылады .

Намыс адамды сипаттайтын қасиеттері ретінде маңызы зор. Адамның өзінің алдындағы жоғарғы жауапкершілігі оның намысында көрініс табады. Намыстың құндылығы мен оны сақтаудың қажеттілігі туралы: «намысыңды жастайыңнан, көйлегіңді жаңалығынан сақта» – деп айтқан және оны бекерге айтпаған. Адамның намысы мықты болса оның ұқыпты, жаман ойсыз екендігін және қиын жағдайда оған арқа сүйеуге болатындығын көрсетеді. Намыс пен адамдық қасиеті – бұлар өзара байланысқан екі ұғым. Екеуі бірін-бірі толықтырып, мағыналарын кеңінен ашып тұрады. Намыстың жоқтығы тек барлығын алаңдатып қоймайды, сонымен қатар олардан сатқындық, алдау, араздық, ақыр соңында қоғамда қауіпті адам пайда болуы мүмкін. Бұл тұлғаның ішкі мәдениетін, өзіне қатынасын сипаттайтын белгі болып табылады.

Ол әлеуметтік-этикалық категория ретінде дәстүрлі құқықтық мәдениет принциптері бойынша қалыптасқан, құндылық санасын анықтайтын, адам өмірін қамтамсыз ету үшін қажетті жағдайларды қалыптастыратын, өзара қоқамдық қатынаста өзі үшін жауапкершіліктің көрінісі. Әділеттілік өнегеліктің негізі болып табылады. Өз заманында Абай атамызда «әділеттілігі жоқ адамда, намыс та жоқ» деп дөп басып айтпап па еді?!

Ар – адамдардың өзара қатынастарында олардың қасиеттерін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте адамның өз істері үшін жауапкершілік сезімін анықтайтын категория болып табылады. Мына бір нәрсені есте сақтау керек «адам болып тумайды, тек адам болуға талпыну керек», осы қасиет қандай да бір адамды анықтайды. Егер Ницше таза емес ар-ұжданның сыншысы ретінде

негізгі ұжданды өзін-өзі мойындату, өзінің «меніне» иә дегізу қасиетінде көрсетсе, М.Шелер ұжданды ойға емес, сезімге негіздеп бағалайды. Ал белгілі ғалым, қоғамдық дамудың психологиялық және әлеуметтік факторларының әсерлесуін зерттеген Э.Фромм «ұждан әрекетті тиімді реттеуші» деп көрсетеді [93, с. 457]. Сонымен, біз көрсеткен әрбір құндылық категориясы өзіндік мән мағынаға ие, субъектаралық қарым-қатынаста өзіндік мәнмен адамдардың қатынасына сапалық сипат беріп, адамдардың мәдениетінің өлшемі болып табылады.

В.П.Тугаринов пен Б.С.Ерасовтың ұсынған құндылықтар классификациясының сараптамасы олардың әрекет пен құндылықтардың өзара ықпалдасу мәселелерін қарастырғанда және адамның қоғамның даму динамикасымен шектелген, әрекетті және тәуелді мәдени регуляцияға негізделген өз әрекетіне қатысына байланысты көзқарастарының ортақтығы анықталады. Адамзат іс-әрекетінің мәдени реттелуі құндылықтар жүйесі арқылы жүзеге асатындығын көрсетеді. Құндылықтар қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, мінсіздік пен қалыпсыз күйді, ақиқат пен адасушылықты, сұлулық пен ұсқынсыздықты, рұқсат етілген мен тыйым салынған нәрсені ажыратуға көмектеседі.

Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша қоғамдық құндылық санасын қалыптастыру қазіргі замандағы маңызды, мәдениеттің дамуына әсер ететін әрі оны құндылықты бағыттаушы аксиологиялық мәселе. Бұл мәселе жалпы құндылықтарды сақтаудан және мәдени тарихи құндылықтарға қатынаспен қанағаттанбаушылықтан, құндылықтарды рухани-өнегелік негіздеуден туындаған

Әлемді құндылықтар арқылы қабылдайтын құндылық санасының сипатты белгілері. Категориялары жайлы Н.З.Чавчавадзенің «Мәдениет және құндылықтар» еңбегінде айтылады. Құндылықты сана әлемге деген субъектілі-шығармашылық қатынаспен, оның түрленуімен тығыз байланыста, ол әлемді субъект-жаратушының жаратқан дүниесі арқылы көреді. Чавчавадзе құндылықты сананың еркшеліктерін ашып көрсететін шығармашылық әрекеттің спецификасының сараптамасына көңілін бөледі. «Адам әрекеті себепті-шартталғанымен қатар мақсатты бағытталған сипатқа ие, әлемді осы әрекеттің субъектісінің көзқарасымен қарастыратын сананы телеологиялық деп сипаттаса болады. Өйткені ол өз пәні жайлы құрал мен мақсат категориясы тұрғысынан қарастырады [91, с. 35]

Қазіргі ассимиляция мен этникалық консолидация процесстерінің көптігі құндылық мәселелерін шешуде жаңа міндеттер мен тәсілдердің өзгеруін талап етеді. Біздің мемлекеттеріміз арасындағы мәдени қатынастарға қажеттілігі, мәдениет аралық сабақтастық пен жетістіктер сияқты сақталуда және жаңа құндылық бағдарлары бекітілуде.

Қазіргі заманғы мемлекеттік басымдылықтардың құрылу шарттарында және жаһандану процесіне қатыстылығы қазақстандық сананың құрылуы мен дамуына әсер етпеуі мүмкін емес, олар мәдени және рухани құндылықты бағдарға негізделген оңтайлы ұстанымдарға бағытталуы тиіс. Құндылық түсінігінің қалыптасуы және оған баға беру, құндылық туралы санасыз мүлде мүмкін емес. Яғни өнегелік сана, қоршаған ортада тұтынушылық қатынасты қалыптастырады, материалды құндылықтар басқалардан жоғары тұратын, тіпті кейде адамзат өмірінде осы

мәселелердің шешімін іздеуде құндылықты деген бағдардың жоқтығы. Бұл мәселелер адамзат баласының өміріне, басты құндылық болғандықтан үлкен қауіп қатер төндіреді. Бүгінгі күні қоғам зұлымдықтың түрлі көріністеріненің қатеріне ұшырап отыр. Мұның себебі ішкі мәдени бірліктің жоқтығы және қоғамдық санада моральдық құндылықтардан гөрі материалдық құндылықтар басым екендігі көрінеді. Жаһандық мәселені шешудің нақты екі бағытын көрсетуге болады: біріншіден, бар құндылықтардың **эмбебап және сапалы бағасын шығаратын жаңа философиялық негіздемелер жүйесін жасайтын аксиолог мамандар тарапынан белсенді шығармашылық болу керек;** екіншіден, - өзінің терең ішкі реакциясы негізінде, өзінің «ұждан түйсігін» қолдана отырып, әрбір саналы адам өзі бөліп қарастырып отырған табиғи және жасанды жақтарын ажыратуға қабілетті.

Құндылық – адамзат пайда болғаннан бері ұрпақты ізгі ниетте тәрбиелеуде насихатталатын этикалық категориялар болып табылады. С.Е. Нұрмұратов өз зерттеулерінде құндылықтарды рухани өндіріс өнімінің нәтижесі, қоғамдық сананың элементі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, құндылықтарды адам өмірінің мәнділігін, бағыт-бағдарын анықтаушы рухани күш депте атайды. Және әлеуметтік практикадағы субъект аралық, адам аралық қатынастарды реттеуші рухани мәнділік деп тұжырымдаған [83, 123 б.].

Философиялық зерттеулерде құндылықтар жүйесі және олардың құрылымы жөнінде әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Әлемдегі құбылыстарға адамның құндылықтық қатынасы екі түрлі формада – «нәрселік құндылықтар» және «субъектілік құндылықтар» түрінде көрініс береді. Әлемнің түрлі құрылымдары «нәрселік

құндылықтар» түрінде сипатталады. Оларға адамды қоршаған табиғи орта және өз қолымен жасаған туындылары, яғни материалдық және рухани құндылықтар жатқызылады. Ал, субъектілік құндылықтарға әр түрлі нормаларды танытатын принциптер, рәміздер, ұстанымдар, талаптар, бағалаулар, шектеулер, ділдік ерекшеліктер жатқызылған [96, с. 306]. Сонымен қатар, философиялық әдебиеттерде құндылықтар қолданыс аясына қарай мақсат құндылықтар, абсолютті, инструменталды, материалды, рухани, оң және теріс сипатты құндылықтар болып жіктеледі.

Отандық – мәдени антропологиялық мектепте мәдениет аксиологиясын зерттеу мәселелеріне Г.К. Әбдіғалиеваның «Мәдениет философиясындағы аксиологиялық дискурс» түрінде жазылған еңбегі арналған. Бұл еңбекте құндылықтар мәселесі кең көзқарастағы қалыпқа сай оның мәдениеттің болмыстық негізі ретінде зерттеледі. Автор, құндылықтар мәселесін талқылауда негізгі философиялық әдістерді зерттей келе, олардың тек теориялық зерделеуін ғана айтып қоймай, сонымен қатар бұл феноменнің күрделілігін, жанжақтылығын атап көрсетеді. Оны зерттеудің маңыздылығын және жаңа әдістемелік әдістердің енгізу қажеттілігін айқындайды. Қоғамда таңдалған әрі бекітілген идеалдар мен құндылықтар сараптамасы негізінде аксиологиялық категориялардың мазмұнының мәдени айырмашылығын көрсете отырып, мәдени-тарихи сипатты екендігін, оның адамның нақты мәдени шынайлықтағы субъективті-құндылықты әлемді сезінуінің қайталанбайтындығын көрсетеді. Г.К.Әбдіғалиева, мәдениеттің құндылық негіздерін қалыптастыру мақсатымен қазақ ойшылдарының мәдени философиялық мұраларын зерттей келе діни-этикалық

бағыт олардың шығармашылықтарын айқындайтын моделі болып табылады деген тұжырымға келеді. Қазақ философиясы мен мәдениетінің ерекшелігі ол адамның рухани өрлеуін қарастыру, оның қалыптасқан дүниеге көзқарасының түсініктерін, оның субъективті ішкі толғаныс призмасы арқылы қарайтындығында екендігін автор атап өтеді. Тұлғаның әлемді мәдени игеру тәсілінде көрініс табатын құндылық аспектілеріне назар аудаылған. Солардың бірі – адамның өнегелік таңдауына ықпал ететін «дін» болып табылады. Құдай мен адам игілік, мейірімділік, қайырымдылық, әділеттілік секілді түсініктерді қамтитын қарым-қатынасына сай адамның қасиеттері анықталады. Қоғамдық өмірдің құндылық сипатын анықтайтын адамның ішкі әлемінің тірегі ретінде руханилық бекітіледі [97, 95 б.].

Мәдениет философиясы мен тарихы шеңберінде құндылықтар мәселесінің сараптамасы құндылықтар жүйесінің басымдылығын орнатуға түрлі тарихи кезеңдер және мәдени-тарихи парадигмалардың ауысуы әсер ететіндігін көрсетеді. Сонымен, құндылық спецификасы мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде құндылық мәдениеттің адами өлшемін, адам болмысының, өмір сүру формасына қатыстылығын өз бойында жүзеге асырады. Ол адамның барлық рухани түрлілігін сезімге, парасатқа және адам еркіне жинақтайтындай. Осы ойлардың негізге ала отырып, құндылық бұл - өмірдің сапасын тек саналы түрде ғана емес, сондай-ақ экзистенциалды сезіну деген тұжырым жасауға болады. Ол қоғамдық сананың адамдық өлшемін тұлғадан, оның ішкі әлемінен өткізіп сипаттайды. Егер идея – бұл болмыстың жеке және қоғамдық өмірдің жеке-леген тұстарына жетуге деген ұмтылыс болса, онда құндылық – бұл тек білім мен ақпарат негізінде ғана

емес, сонымен қатар адамның өмірлік тәжірибесінен туындайтын тұлғаның әлемге деген қатынасының әрленген қатынасы.

Енді қасиетті Құран Кәрімдегі құндылықтар жіктеуіне назар аударатын болсақ, көңіл қалауымен жасалатын іс-әрекеттердің бет-пердесі болып табылатын құндылықтардың ерекшелігі, олардың қандай жүйеге негізделгендігі назар аудартарлық жайт. Басқаша айтқанда, Құран – адам баласының қимыл-әрекеттерінің құндылықтарға сай жасалуын қалайды. Осы құндылықтардың бір-бірімен байланысы қалай? Олардың өз араларында қандай дәрежеде эрархия орнатылуда? деген секілді сұрақтар төңірегінде дұрыс жауаптардың берілуін талап етеді.

Бұл Құраннан жауап табу үшін іскерлік сауаттылық қажет. Теологтар бұл мәселелерге жақындау үшін рационалистік жетекшілерден кейін өз көзқарастарына тірек бола алатын Құран аяттарын дәлел ретінде көрсетеді. Әйтседе, мұндай мәселелердің тереңнен ашылуы үшін, ең алдымен өзіндік тілдік сипатқа ие Құранның мәтініне және оның ерекшелігіне көңіл бөлінуі тиіс. Мәтіндік контекстке көңіл бөлу қажет деген пікір, олар Құранмен бір тұтас болу деген сөз.

Әйтседе, Құрандағы аяттарды жете түсініп, ұғыну үшін мәтіндік контексті ғана білу жеткіліксіз болатындығы, сондықтан тарихи контексті де жетік білу қажет екендігі ескерілуі қажет.

Құранның аяттарын олардың тарихи контекстерін назарға ала отырып, мағыналық қажеттілігін Фазлур Рахман «İslam ve Çağdaşlık «Ислам және өркениет» атты аударылған еңбегінде амал деп көрсетеді [98, 55 б.]. Автордың осы еңбегінде Құран құндылықтарын дәлелдеуге қатысты айтылған ой иірімдері, біз үшін бір

бағыт-бағдар деп айтуға болар еді. Фазлур Рахманның осы тақырып аясындағы көзқарастарын былайша түйіндеуге болады: Құран пайғамбарымыздың заманындағы әдептілік нормаларына және қоғамдық жағдайларға, әсіресе сол кезеңде сауда-саттықпен айналысқан Мекке халқының қоғамдық мәселелеріне, одан кейін Мединедегі мәселелерге қатысты Иллаһи жауап деп қарауға болады. Сондай-ақ, мұнда қамтылған мәселелер адам баласының өмір сүрудегі мінез-құлық қағидалары, діни және қоғамдық жағдайы бойынша қарстырылған. Мұндағы түсініктемелер жеке жағдайларға қатысты жауаптар ретінде танылумен қатар, ашық немесе құпия Иллаһи өкімдердің хикметтерін де қамтиды. Мінеки, осындай жеке-жеке жәйттардан бастап, олардың жалпы құндылықтарына, принциптеріне қол жеткізуге және оларды бір жүйеге келтіруге болады.

Ол үшін, құндылық ұғымы, мен адам баласының қимыл қатынастары мен құндылықтың тілдік танымы тұрғысынан анықтау қажеттігі туындайды. Осы қажеттілік негізінде ең алдымен зікірге қатысты тақырыптар қарастырылады. Құндылықтың тілдік танымын анықтау, Құран мәтінінен осы құндылықтарды дәлелдеп шығу методологиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Құранды дәлелдеуге бағытталған зерттеулердің көбі әдеттегідей мұсылман құқығымен байланысты еңбектермен шектеліп қалған. Ал, біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны - мәтіннің ішінен «құндылықты» дәлелдеп шығу болғандықтан, ең бірінші құндылықтың тілдік танымын, тілдік ұғымын, сондай-ақ, құндылық сөзінің қолданыс ерекшелігіне тоқталып өтсек артық болмас еді. Бұл тіл білімінің прагматикалық саласымен тікелей қатысты. Осы көзқарасқа негіз ретінде, Мұсылман ғалымдары Ибн

Фарис және Әс-Сәккәкидің пікірлерін ұсынуға болады Ибн Фарис «تغلا مقوفي فب حاصلا» атты еңбегінде [99, 188 б.] сөздің он түрін көрсетеді. Олар: хабар, бұйрық, тыйым, дұға, қалау, сөгіс, ұрысу, тілеу және ұнату. Ал Әс-Сәккәки болса, «مولعا حاتفم» атты еңбегінде [100, 163 б.] сөзді алдымен хабар және талап деп екіге бөліп: тілек, сұрақ, бұйрық, тыйым, және тілек деген тақырыпшаларға бөліп зерттейді. Осы мәліметтер негізінде құндылықтың тілдік танымын анықтауға болады.

Құндылық ұғымын анықтау үшін, ең алдымен құндылық сөзінің тілдік қолданыс ерекшелігіне тоқталып өтсек орынды болар еді.

Ғалым Франкеана құндылық сөзінің ағылшынша баламасы «value» сөзінің бір нәрсенің құнын білдіреді десе, «valuation» сол нәрсенің құндылығын бағалау мағынасын білдіреді – дейді. Автор, «value» сөзінің экономика әлемінде немесе осыған ұқсас ұғымдарда қолданылатынын айта келе, осы қолданыс негізінде осы сөз, бір заттың әдемілігін, дұрыстығын, сенімділігін, жақсылығын білдіретін мағынада қолданылмайтындығында ескерткен. Кең мағыналық қолданыс аясы алдымен экономика ғылымы немесе саяси-экономикалық ғылымдарымен байланысты екендігін тілге тиек етеді [101, 229 б.].

Қазіргі түрік тіліндегі құндылық сөзінің техникалық мағынада қолданылатынын айтуға болады. Осы сөздің мағынасын терең ұғыну үшін, алдымен сөздің түбіріне көңіл аударайық: (değ) етістігі тақау, тию мағынасын, яғни бір заттың басқа бір затқа жанасуын білдіреді. Осы негізгі мағына, бару, ұстау, соғу, үйлесу, кездейсоқ келу сияқты деректі мағынадағы сөздердің тууына себеп

болады. (Мысалы, мына кітаптың құны осыншалықты ақшаға тұрады) [102, 41 б.].

Күнделікті ауызекі тілдегі сауда-саттық әлемінде белсенді қолданылатын түрік тіліндегі (değ) тию етістігінен, (değer) құндылық зат есімі жасалса, (değer) құндылық сөзіне түрік тіліндегі -Li(ли) жұрнағы жалғану арқылы (değerli) құнды, (қадірлі) сын есімі жасалған. Мысалы, *değerli kitap* (құнды кітап). Құндылық (değer) сөзінен түрік тілінде құндану (değerlenmek) етістігі туындаса, осы құндану (değerlenmek) өнімсіз етістігінен, бағалау (değerlendirmek) өнімді етістігі жасалған. Қазіргі түрік тілінде бағалау (değerlendirmek) етістігі ауызекі тілде екі мағынада қолданылады. Олар:

- 1) Белгілі бір жасалған жұмысқа немесе іс әрекетке баға беру;
- 2) Бір нәрсені іске асыру, пайдаға жарату немесе өнімді жарату болы табылады. Осы көрсетілген екі ұғымның біріншісі құндылық сөзіне мағыналық тұрғысынан жақын деуге болады [103, 345 б.].

«Құндылық» сөзінің жасалу жолдарына жасалған қысқаша талдаудан кейін «құндылық» ұғымын анықтау әлдеқайда жеңілірек болары сөзсіз.

Ислам түсінігі бойынша құндылық тақырыбын бейнелейтін сөздер «хусн және кубх». Кубх пен хусн сөздерінің мағыналық тұрғысынан үш түрлі қолданыс ерекшеліктерін көрсетуге болады. Олар:

1) Бір нәрсенің адам баласының болмысына қолайлы немесе керісінше, қайшы, кереғар болуы. Жеке мағыналық тұрғыдан қарағанда, адам болмысы бір-бірінен өзгеше болып келеді. Айталық, жақсы, әдемі, жаман, көріксіз. Сондай-ақ, әділеттілік, тәртіптілік, сыпайылық, әдептілік сияқты жақсы қасиеттердің

бойынан табылуы және де осы қасиеттерінің арқасында бір-бірімен жақсы түсінсе алуы адам болмысының, басқа тірі жандылардан айырмашылығын көрсетеді.

2) Бір нәрсенің жақсы, толысқанын немесе жаман, кемшілігін, сипаттайды (яғни *منسحلا* «әл-хусн»- жақсы, *حسبًا* «әл-қубх»- жаман). Бұл ұғымдар көбінесе білімділік, көзі ашықтық және қараңғылық, сауатсыздық тақырыптарында белсенді қолданылады. Айталық, оқу-білім адамды жетілдіргені үшін «хусн», қараңғылық, сауатсыздық адам баласына зарар келтіргені үшін «қубх» делінеді.

3) Осы дүниеде мақтанышқа кенелу және кінә артылу, ахыретте алғысқа бөлену және жазаға тартылу сияқты сипатта қолданылады. Сондықтан осы дүниеде мақтанышқа кенелген, ахиретте алғысқа бөленген «хасан», осы дүниеде кінә артылғанға, ахиретте жазаға тартылғанға «қабих» делінеді. Бұл жағдай көбінесе адамның жасаған іс-әрекет, қимылдарына байланысты. Осы көрсетілген үш мәселенің үшіншісі исламда әртүрлі көзқарастардың туындауына негіз болған. Муғтазилеттердің көзқарасы бойынша, адам баласының бір істі жасауға қақысы болса жақсы, қақысы болмаса жаман болып есептелінеді. Ал, Ашарилер, алғысқа бөлену мен жазаға тартылуға қатысты жақсы мен жаманды Алланың әмірімен бұйрығымен байланыстырады. Олардың ойынша, Алланың бұйрығы жақсылық, тыйым салғандары жамандық болып саналады [103, 116 б.], [104, 615 б.].

Исламда пікір-талас тудырған «хусн және қубх» тақырыбы құндылықтың қалыптасуында, жалпы осы мәселенің түп-төркінінде адам болмысының ақыл-ойы мен иландыру қабілетінің ықпалы бар. Басқаша айтқанда, жалпы адам өз болмысында бір нәрсенің

құнды немесе құнсыз екендігін ақылымен, сенімімен байқайды [103, 118 б.].

Батыс ілімінде құндылыққа қатысты әртүрлі көзқарастардың қалыптасқандығын жоғарыда атап өттік. Тақырыпқа қатысты көзқарастардың алуан-түрлілігі адамның әртүрлі бағытта әрекет етуімен байланысты. Мұндай мысалдар құндылықтың қалыптасуына жеңілдік емес, адамды түрлі бағытта құндылық тұрғысынан саралауға бағыт бағдар деп айтуға болады. Осыған байланысты адам баласында құндылықтың қалыптасуында ықпал етуші төрт фактордың болатынын айтуға болады:

- 1) адамның физиологиялық құрылысы;
- 2) адамның сезімталдық құрылысы;
- 3) адамның қоғамдық ортасы;
- 4) адамның ақыл-ойға негізделген құрылысы. Осы факторлар бір-бірімен тығыз байланысты.

Адамның физиологиялық құрылысы мен құндылықтық санаға келсек, тірі жан болғандықтан адам өзінің тұрмыс-тіршілігін жалғастыру үшін мұқтаждығымен қанағаттануы керек. Ашыққан кезде жүрек жалғау, шөлдеген кезде су ішу, ұрпағын жалғастыру үшін әйел алу, ауырған кезде дәрі ішу сияқты. Бұл ерекшеліктері жағынан адамдар аңдармен пара-пар. Іс-қимыл тұрғысынан қарағанда, бұл мұқтаждықтар ағзаны қанағаттандыратындықтан ең негізгі құндылық болып табылады. Құндылықты білдіретін деректі нәрселер тұрғысынан қарағанда, тамақ, су, дәрі. Бұлар адам ағзасы үшін аса құнды болып саналады. Оларды құнды ететін адамның физиологиялық мұқтаждығы. Басқаша айтқанда, адамның физиологиялық қанағаттана білуі осы тұрғыдан алғанда ең негізгі құндылық болып табы-

лады. Адамдар осындай негізгі қажеттіліктерді ішкі жан-дүниесімен сезінеді.

Адам биологиялық қажеттіліктерін ішкі сезімдері мен қоздырғыштары арқылы сезінеді. Мұндай негізгі қажеттіліктерде заттық (материалдық) ауруларды түйсінуде физиологиялық құрылыспен байланысты жүйке жүйелерінің рөлі де ерекше. Тікен кіріп кеткенде немесе қолымызды пышақ кескенде, біреуден таяқ жеген кездерде ауырып қалған жерлерді сезінгенде, ауыру мәні себебі «жаман» сөзімен сипатталады.

Мұқтаждықты және ауруларды түйсінуден қатар, адам физиологиясында негізгі мұқтаждықтардың қамтамасыз етілуіне, заттық ауруларды аластату үшін, оның сыртқы әлемімен байланыс жасап тұратын көмекші сезім ағзалары бар. Бұл сезім мүшелері сыртқы әлемдегі ақбарларды ақылға жіберіп тұратын каналдар. Сезім мүшелері арқылы берілетін ақылдан тыс әлемдегі заттар ақбар объектісі ретінде қабылданады. Осы кезде адамда ол затпен бірге құндылық танымы да пайда болады. Басқаша айтқанда, түйсік объектісінің оятқан ынтызарлық сезімі арқылы адам құндылықты сезінеді, ал жоғырада айтылған құндылық адамның табиғи болмысында туғаннан қалыптасқан құндылықтары болып табылады.

Осы жерге дейін айтылғандар теологтар арасында пікір-талас тудырған «хусн және қубх» тақырыптарына қатысты берілген бірінші түсініктемемен пара-пар.

Адамның сезімталдығы және құндылықтық сана туралы айтар болсақ, кейбір адамның сыртқы көрінісінің мүлде тартымсыздығына қарамастан, ортаға сүйкімді, қадірлі болады. Бұл жерде адамның қадірлі болуы дене бітіміндегі ерекшеліктеріне байланысты емес, сезімталдық қасиетімен байланысты болып тұр. Бұл

жағдайда, адамның сана-сезімінде сезімдерді алға жылжытып отыратын өз сезімдері болады. Басқаша айтқанда, сүйіспеншілік-жеккөрушілік, қызғаншақтық-мәрттік, күншілдік сияқты сезімдер алға жылжытушы қасиеттер. Бұл деректі сезімдермен қатар қимыл-әрекеттер де бар. Кейбір қасиеттер мен іс-әрекеттердің құндылығын тану, білу түгелдей сезімге байланысты. Сондықтан кейбір біз байқамайтын іс-қимылдарымыз құндылық сезімінің қалыптасуына негіз болады және де әрбір қасиет құнды болып көрінеді. Бұлардың барлығы біздің ішкі дүниемізде қалыптасатын жәйттар.

Адамның қоғамдық ортасы және құндылығы туралы сөз қозғағанда, әуелі адам қоғамдық ортада өмір сүретіндігін естен шығармау керек. Осы қоғамдық ортаның мәдениеті адамның сана-сезіміне әсер етеді. Адам баласы іс-әрекеттері арқылы жаңа әлем құрып, осы әлемінде құрғандарын сыртқы әлемімен байланыстырып сана-сезімін бейнелейді. Бұл Қасиетті Құран Кәрімде құндылық деп аталады. Құндылықтар ішкі сана-сезімнің бір формаға келуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, адам қоғамдағы құндылықтар арқылы субъектіні көріп, осы субъектілердің құндылығына қарай жаман мен жақсыны айырады. Адамның қоғамдық қатынастары тіл арқылы жүзеге асырылады. Тілмен бірге, мәдениеттің рухани бөлшектері болып табылатын мінез құлық, діни, этикалық құндылықтары, басқаша айтқанда іс-қимыл құндылықтары бейнеленеді.

Адамдардың қимыл-әрекетіне сырттан бақылап қарағанда, олардың тек қана тұлғалық әрекеттері байқалады. Осы тұлғалық әрекеттер, сана-сезімдегі түсінікпен, құндылықпен, қарым-қатыныспен бір-бірлерінен ажыратылады. Осы санадағы түсініктер, құндылықтар, қарым-қатынастар тіл арқылы түсін-

діріледі. Өлу, қырылу, қайтыс болу сөздерінің санадан тыс әлемде атқаратын қызметтері бірдей, бірақ әртүрлі кісілердің қабылдау түйсігінің дәрежесіне қарай қолданылады. Сөздердің осылайша құндылық тұрғысынан саралануы, бала кезден бастап өмір сүрген қоғамдық ортаның ықпал-әсері болып табылады. Аллаһ, пайғамбар, шариғат сияқты сөздерді діни ортада өсіп-жетілген кісі мен дінге немқұрайлылық танытқан ортада өскен кісінің қабылдап, ұғынуы екі басқа.

Демек, түйсіктен тыс әлемде жасау, істеу әрекеттері бар. Бұл әрекеттер сөз шаблондарына айналып, мағыналық мәнге ие болады. Сөздердің мазмұны, қоғамдағы әлемдік көзқарасқа ие. Жеке адам өмір сүріп жатқан қоғамда тілмен қатар сол тілдің мазмұндық құндылығына, тілдің мағыналық ерекшелігіне, тілдік мәнге ие немесе тілдік мәні жоқ қимыл-әрекет құндылықтарына яғни, этикалық, діни, әдептілік құндылықтарына ие болады. Адамның ақыл-ойға негізделген бағыты және құндылық. Ибн Сина өзінің «Ишарат» атты шығармасында ақыл-ойға негізделген ләззаттың, сезімдік ләззаттан жоғары екендігін айтады. Осыған байланысты адамдар мен жануарларға қатысты мысалдар береді. Кейбір адамдар шахматтан ұтқанда, нарды ойынында жеңіске жеткенде, тамақ жегенде алатын ләззатты таңдайды. Аң аулауда тазының аңды ұстап алып аш болғанына қарамастан иесіне әкеліп беруі, хайуандардың да ішкі сезімге қарағанда сыртқы сезімдік ләззатты таңдайтынын көруге болады.

Ибн Сина құндылық сезімінің қалыптасуында ақылдың физиологиялық мұқтаждықта және сезімдерде маңызды рөлге ие болатынын айтады. Автор, мысалдарында көрсеткендей шахмат ойыншысы ойындағы

жеңісін физиологиялық мұқтаждықтан жоғары бағалап тұр. Бұл жердегі құндылық, ойындағы жеңістен алған ләззаттың басқа ләззаттардан жоғары болуында [82, 7-89 бб.] деп түсіндіреміз.

Кейде адам бір қимыл-әрекеттен ләззат алғанына қарамастан жағымсыз сезімде болуы мүмкін, ал, керісінше кейбір әрекеттен ләззат алмаса да жақсы әсерде болады. Жүріс-тұрсын, мінез-құлқын да осы бағытта көрсете алады. Бұл жағдай оның әдептілік және діни әрекеттерімен байланысты. Айталық, ішімдік ішуден ләззат алған адам, имандылығы жоғары болғандықтан оны бұрыс деп деп бағалауы мүмкін. Мұндай жағдай тек қана қоғамдық мәдениеттіліктен емес, кісінің жеке тұлғалық тәжірибесінің молдығымен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, кейбір кісі таңертең ерте тұрудан ләззат алмаса да, ақылға салып, саралай келе оның дұрыстығын біледі. Демек, жүріс-тұрысымызға бағыт-бағдар болатын қимылдық құндылықтарымыз ерік-жігерімізбен тікелей байланысты болса да, оны жүргізетін ақыл-ойымыздың маңыздылығы жоғары.

Негізгі құндылықтар – басқа құндылықтардың өсуінде ең негізгі қабатын қалыптастыратын құндылықтар. Айталық, адамның биологиялық мұқтаждығы негізінде пайда болған құндылықтар, басқа құндылықтардың жүзеге асырылуында негізгі бөліктерді құрайды. Ал, жоғарыда аты аталған құндылықтар, басқа құндылықтардың дұрыс орындалуы үшін қажет.

Мақсат құндылықтар – бір мақсатқа бағытталған бірнеше құндылық. Негізгі құндылықтар мен мақсат құндылықтар арасындағы қарым-қатынаста құрал құндылықтар мен бөлшек құндылықтарды да көруге болады. Мысалы, намаз оқу, дәреталу мақсат құндылық, шүкіршілік құрал құндылық болады. Ал,

бөлшек құндылықтар, бөлшегі бола алған барлық құндылықтармен байланысы болғандықтан құндылық болып табылады. Айталық, сәжденің құндылығы, намаздың бір бөлшегі болғандығында. Жалпы айтқанда, мұқтаждықтың қанағаттандырылуы үшін, мақсаттың болуы, мақсат үшін құралдың болуы, барлығының қажеттілігіне қарай бір бөліктің болуын құндылық деп атаймыз. Мақсат құндылықтар басқа құндылықтардың орындалуы негізінде пайда болатындықтын, оған сай құрал бола алатын құндылықтар, қимыл құндылықтары деп айтылады. Мысалы, ахирет бақытына бөлену мұсылман үшін мақсат, оған себеп болатын құндылықты қимыл құндылығы дейміз.

Құндылықтардың өзара байланысы қандай?

Адам іс-әрекеттерінің қалыптасуында құндылықтар жүйесінің рөлі мен құндылықтар жүйесінің әсері қандай? Зерттеу жұмысымызды әрі қарай осы сұрақтар төңірегінде жалғастыруды жөн санадық. Құндылық жүйесіне қатысты жоғарыда берілген пайымдауларды негізге ала отырып, бір-бірімен байланыста болатын құндылықтар тұтастықты, бірлікті қалыптастырады деп айта аламыз. Айталық, құндылықтар жүйесі деп көпше түрде айтылған кезде, демек бірден көп құндылық жүйесінің болатынын байқауға болады. Енді құндылықтардың бір-бірімен жүйе қалыптастыру ерекшеліктеріне тоқталайық.

Құндылықтардың бір-бірімен көлденең қатынас жасау негізінде қалыптастырған жүйелері, адамның түйсігіне бірлесу, бірігу екпінін түсіреді. Осы бірлесу екпінін түйсікте тірілтіп, жандандыру үшін оларды адамның дене бітіміне ұқсату керек. Адамның денесінде әрбір мүшесінің өзіне тән қызметі бар, бірақ бәрі бір-бірімен байланысты.

Құндылықтардың бір-бірімен көлденең қатынасы адамдардың дене мүшелерімен пара-пар. Мәлімет құндылықтары этикалық құндылықтарға әсер етеді. Этикалық құндылықтар биологиялық құндылықтарды тежейді, биологиялық құндылықтар салауатты ойлауға, салауатты әдепті іс-қимылдар жасауға ұйытқы болады. Жүйенің салауатты түрде жұмыс жасалуында оны қалыптастырушы элементтердің дұрыс болуы маңызды. Бір кемшіліктің өзі жүйеде ақаудың орын алауына себепкер болады. Бір-бірімен байланысты құндылықтардың құндылық бола білуі олардың арасында тұтастық және көлденең қатынастардың орнауы себебінен туындайды.

Енді құндылықтардың тік қатынасына тоқталайық. Тік құндылықтар жүйесі – құндылықтардың бір-бірімен иерархиялық қатынасын білдіреді. Бұл иерархиялық қатынастар өзара ерекшеліктеріне қарай қалыптасады [105, 89 б.].

Құндылықтар арасындағы иерархиялық қатынасты жеткілікті дәрежеде түсіну үшін оны қабаттардан тұратын пирамидаға ұқсату қажет. Негізгі мақсат ретінде қабылданған пирамиданың ең жоғарғы шыңы құндылықты қалыптастырады. Басқа құндылықтар өзінен төменгі құндылықтар үшін мақсат болса, өзінің қатарындағы құндылықтар үшін құрал болып есептеледі. Ең төменгі құндылықтардың өзі, өзімен қатарлас құндылықтармен байланысы болғандықтан ол да өзінше бір құндылық болып көрінеді. Сонымен қатар, құндылық сипатындағы кейбір құндылықтар өзіндік ерекшелігімен құнды болады.

III тарау: Жаһандану дәуіріндегі Қазақстанның мәдени даму аясы және ислам құндылықтар жүйесі

Ислам діні ақырғы дін, барлық діндердің керек асылдарын бойына жинаған дін, адам баласының даму жолындағы рухани, ғылыми, мәдени жетілген кезіне арналған дін. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у) Алла өзінің бір хадисінде: «кімде-кім ғылымды сүйсе және ғалымды сүйсе, жәннатта ол менің көршім болады», – деген.

Ислам ғылымының үш тірегі бар. Олар: құран аяттарын үйрену, пайғамбардың хадистерін білу, қияс жолы, яғни өлшеу, салыстыру. Ол үшеуі біріне-бірі қайшы келмей, сәйкес болса ғана – шындық.

Ислам дінінде ешқандай кемшілік жоқ. Бар мәселе біздің оны дұрыс түсінбеуімізде. Ислам әлемінің өз кемеліне келмей, көштен кенже қалып, тоқырауы дінге байланысты емес, оның себебі – азған ақыл, зейінсіз жүрек, түйсіксіз түсініктің салдарынан дін мен түйінді мәселелері көп қазіргі өміріміздің өзара үйлесімін терең түсіне алмауда.

Ислам дініндегі қазіргі індет секталар мәселесінің тарихына жалпы мәдени антропологиялық сипатына жүгіну арқылы, келешек ұрпақты ол індеттен құтқарудың жолын іздедік. Себебі, нақты ғылыми тұжырымдалған фактілерді білген жастар имандылық жолын табуда адаспайды деген ойдамыз.

Қазіргі таңда, жаһандық процестердің етек алған тұсында, адам тағы ұмыт қалып барады. Осыған орай

ислам философиясына оның әмбебаптық құндылықтық жүйесіне деген сұраныс пен ұмтылыс белең алып отыр. Исламның таңқаларлық өміршеңдігі мен мыңжылдықтағы рухани әлемге ықпалының өсе түсуінің себебі ислам полицентризм мен демократиялылыққа негізделген қазіргі дәуірдің негізгі принциптеріне сай келеді.

Ислам, Шығыс пен Батыстың дін мен ғылымның тиімді диалогына, әріптестігіне, бірлесе жұмыс істеуіне, ашық басқа діни сенімдер мен мәдениет феномендерімен рухани қарым-қатынас әрі мәдени-тарихи өзара ықпалдастық жасауға бейім. Исламға төзімсіздік пен фанатизм пиғылдары жат. Сол үшін де ол жер шарының түкпір-түкпіріндегі халықтарға жетіп, уақыттың қиыншылығына қарамастан, әлі күнге дейін өзінің теологиялық тұжырымдамаларының бірегейлігі мен өзіндік болмысын сақтап, өз тұғырларын өзгерткен жоқ. Таза исламды бетперде етіп, түбінде жеке мүддені көксейтіндер жетегінде кетуден елімізді аман-сақтауда діни сауаттылықты дамытудың маңызы зор.

Ислам шын мәнінде адамның мүддесін қорғайды. Сондықтан адамзат мүддесін көздейтін мәдениетті қабылдамауы мүмкін емес. Біз осындай сындарлы көзқарас ұстану арқылы мәдениетіміздің дұрыс бағытта дамуына ықпал ете аламыз. Ендеше, өз ғасырымыздың тыныс-тіршілігінен де, оның озық мәдениетінен де оқшауланбай, мұның бәрі заңды құбылыс екенін түйсініп, қоғам мүддесіне сай тұстарын қабылдап, дұрыс іс-әрекет жасағанымыз абзал.

3.1. Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтар жүйесінің этикалық категориялары

Адамдардың дағдыланған құндылықтары мен әрекеттері бір-бірімен тығыз байланысты. Осыған байланысты адамдардың қуанған, ренжіген сәттерін негізге ала отырып, олардың құндылығы жайлы сөз қозғауды жөн санап отырмыз.

Адам баласы биологиялық болмысы жағынан жануарлармен ұқсас келеді. Ал жануарлардан рухани болмысымен ерекшеленеді. Адамзат осы рухани байлығының арқасында өзіне тән мәнді, мағыналы бір әлемде өмір сүреді.

Адамның биологиялық және рухани болмысына негізделген құндылық жүйелері адам баласының ішкі әлемінен өзіне лайықты орын тауып, оның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына ықпалын тигізеді. Сондықтан адамдар жануарлардан тек қана биологиялық қоздырғыштарымен ерекшеленіп қана қоймай, ең жоғарғы дәрежеде сана-сезімі арқылы қалыптастырған мағыналы әлеміне сүйене отырып әрекет етеді.

Құндылық жүйесінің қалыптастырған адамның мәнді әлемі мен жүріс-тұрысы арасындағы айырмашылығы, кісінің үш түрлі мінез-құлқы арқылы байқалады:

- 1) Кісінің жеке басына қатысты мінез-құлқы;
- 2) Кісінің басқалармен қарым-қатынасында байқалатын мінез-құлқы;
- 3) Кісінің болмысынан қалыптасқан мінез-құлқы.

Адамның жеке басына қатысты мінез-құлқын басқаратын биологиялық немесе рухани болмысы. Бұл жерде мәселеге құндылық жүйелері тұрғысынан қарағанда, биологиялық негізгі құндылықтар мен адамның рухани болмысы басты назарға алынады.

Рухани құндылықтарды орындауды өзіне міндет етіп қойған кісі, алдымен негізгі құндылықтарды мұқтаждығымен қанағаттандырады, содан кейін барып өзі үшін ең маңызды болып табылатын рухани құндылықтарға бағытталады. Қарапайым шарттардың өзінде негізгі құндылықтарды құндылық ретінде мойындамайтын кездері де болады. Экономикалық ахуалы тұрақты, күнделікті тұрмысқа қатысты қажеттіліктерін жеңіл жолмен қамтамасыз ете алатын бір кісінің, білім нәрімен сусындау, парасатты болу, жақсы өнер адамы болу, атаққа бөленуге сияқты негізгі рухани құндылықтарға қол жеткізу мүмкіндігі, мүмкіндігі шектеулі, экономикалық жағдайы төмен адаммен салыстырғанда әлде қайда жоғары. Іс, жұмыс, ақша табу рухани құндылықтардың қалыптасуына демеу болатын құрал құндылықтар болып табылады. Экономикалық жағдайы төмен адамның санасы-сезімі көбінесе негізгі құндылықтардың орындалуына кері әсерін тигізеді. Рухани құндылықтарды жоғары құндылық ретінде қабылдағанымен, негізгі құндылықтардан асып, шыға алмағандықтан оларды жүзеге асыра алмайды [106, 114 б.]

Негізгі құндылықтарды өмірдің мәні деп санайтын адам, экономикалық жағдайының өте жоғары болғанына қарамастан, рухани құндылыққа аз көңіл бөлгендіктен, биологиялық болмысы арқылы ләззат алғанмен тең болады. Ақша, жұмыс, экономикалық жағдайды көтеру осының барлығы физиологиялық ләззатты сезінуге арналған құрал құндылықтар сияқты көрінеді. Этикалық, кәсіби, ғылыми, экономикалық, құқықтық, діни, өнер т.б. құндылықтарды бойына сіңірген бір адамның мінез-құлқы, жүріс тұрысы да осы құндылықтарға бағыныштылығымен бағаланады.

Бұндай адам этикалық құндылықтарға тәуелді болғаны үшін кәсіби құндылықтарды бойына сіңіруде күш жұмсайды. Шынымен бұл жолды құндылық деп тани білсе, ғылымның соңына түседі, құқыққа зиян келтірмеуге тырысады, өнерге мән береді, сенім артқан дінін сақтау жолында тер төгеді. Осы теориялық құндылықтардың біреуі немесе бірнешеуі жетіспеген жағдайда, сөзсіз оған қатысты әрекеттерде ақсап қалады. Айталық, дінге сыртқы ерекшелігі жағынан мән беріп, этикалық тұрғыдан көңіл бөлмеген кісінің мінез-құлқында, осы жағдайдың көрініс табу әбден мүмкін. Адамның намазды уақытында оқып, шектен тыс ықылас қоюы, бірақ этикалық құндылықтарға немқұрайлы қарап, шарттарды дұрыс орындамауы жоғарыда айтылып кеткен құндылық жүйесінің теориясына қайшы әрекет. Сол сияқты әдепке, дінге қатты ықылас қоймаса да, құқыққа сый-құрмет көрсететіндер де табылады. Өмірдің бар мәнін өнер деп танып, басқа құндылықтарды мойындамайтындар да арамыздан табылып жатады.

Адамның бәз біреулермен қарым-қатынас жасау барысында басқа жүйелер де маңызды рөл атқарады. Бұл рөл, әсіресе бойына сіңірген құндылықтар иерархиясындағы ерекшеліктерде байқалады. Адамдар арасындағы келіспеушіліктің орын алуының бір себебі, осы ерекшеліктермен тығыз байланысты.

Ең жоғары құндылықтардың нышаны болып саналатын өмір сияқты негізгі құндылықтардан бас тартып, өзін құрбан ететіндерде баршылық. Еліміздің тәуелсіздігін қорғау, отанын дұшпандардан қорғау үшін соғыста жанын құрбан ету құндылықтар иерархиясында ең жоғарғы құндылықтардың қатарынан көрініс табады.

Адамның қабылдаған құндылықтары мен іс-қимылдары арасындағы паралель байланыстар оның ішкі әлемінде жан тыныштығының орнауына және де сырт көздің сұқ көздерінен сақтануына жол ашады.

Құндылықтар мен іс-қимылдар арасындағы байланысқа қатысты, мысалдар ретінде көрсетілген құндылықтардың жеке жағдайларда жүзеге асырылуы қалай? – деген сияқты сұрақтар түйсікке біраз күш түсіреді. Мысалы, ақшаны жұмсау үшін қандай жағдайда жомарт, қандай жағдайда, мейірімді, сараң болу керек? Құндылықтар бұл жағдайды қалай реттейді? Осы мәселелер аясында Аристотельдің ізгілік, мейірімділікке қатысты пікіріне негізге алуға болады. Аристотельдің пікірінше, ізгіліктің екі түрі бар:

- 1) Ой-сана ізгілігі;
- 2) Мінез ізгілігі.

Ғұлама, түсіністік және жан-жақтылық бұлар ой-сана ізгілігі; жомарттық, үнемшілдік – мінез-құлық ізгілігіне жатады. Осы құндылықтың ізгілік бола білуі үшін ол өмір бойы үздіксіз практикада қолданылуы тиіс.

Этикалық құндылықтарды ғана бойына сіңіру, жақсы адам болу үшін жеткіліксіз. Ең маңызды нәрсе, дұрыс пен бұрысты айыра біліп ізгілікті іс атқара білу. Айталық, олимпиядаларда құрметке бөленіп, абыройлары артып жатады, ол жерде ең әдемі және ең күштілер емес, жарысқандар (өйткені жеңіске жететіндер солардың ішінен шығады), сол сияқты өмірде де іс-әрекет жасағандары үшін, абыройға, мақтауға кенелгендер де баршылық.

Адам ерік-жігерінің арқасында алдына мақсат қояды, жақсы ақыл, саналы түйсік алға қойған мақсаттың орындалуына мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ, адамдар

әрдайым жақсылық жасай жүріп, жақсылық кездеседі. Әрдайым жамандық жасаған кісі жамандықпен ұшырасады. Білгір, білімдар адам, қабілеттілігімен жеке мәселелерде түйсік құндылықтарна және ізгілікке сүйенеді.

Жасалған жұмыстарға баға берілу мәселесінде адамдардың бойына сіңіп кеткен құндылық жүйелерінің ықпалы бар. Бұны да екі топқа бөліп көрсетеміз:

- 1) өзінің құндылық жүйесіне тән бағалануы;
- 2) іс-әрекетті орындаушының құндылық жүйесіне тән бағалануы.

Баға беруші, кісілердің жасаған жұмыстарын бірінші таңдауға сай бағалағанда, олардан өзіндік құндылық жүйесіне тән үйлесімділікті іздейді. Оған үйлесімділік танытқандар жақсы, үйлеспегендер жаман болып саналады.

Екінші таңдау бойынша бағалар болсақ, алдымен жасаған жұмыстары бағаланған кісінің құндылықтары мен жүріс-тұрысының арасында үйлесімділік болуы көзделеді. Өзінің ұстанған құндылықтары мен жүріс-тұрысының бір-бірімен үйлесімділік таппауы, жаман деп сипаттауға себепкер болады. Мұндай үйлеспеушілік баға берушілердің назарында сол кісінің сый-құрметін жоғалтуына себеп болады.

Мұсылман өмірінің барлық аспектісі діни тұрғыдан жоғары маңызға ие. Сондықтан, Ислам құндылықтары қоғамдағы әлеуметтік реттеудің басты тетігі болуымен ерекшеленеді.

Роттердамдағы Ислам университетінің ректоры, профессор, Ахмет Акқұндыз ислам дінінен тарайтын құндылықтарды бес категориядан құрайды. Олар: «өмір, ақыл, тектілік, дүние-мүлік және дін». Ғалымның тұжырымы бойынша адамзат құндылықтары осы бес

категориядан бастау алады. Сонымен қатар, ислам құндылықтарын инструменталды құндылықтардан құралады деп жіктеп, оларды үш деңгейге топтастырған:

I. Адамның зәруінен, яғни аса жоғары формадағы мұқтаждығынан туындайтын құндылықтар;

II. Қоғамдағы маңыздылығы жоғары құндылықтар, яғни мұрат құндылықтар. Оларды С.Е. Нұрмұратов рухани құндылықтар деп атайды.[83, 55 б.];

III. Адамзат өмірінің кемелденуіне, оның дамуына үлес қосушы құндылықтар қылып бөлген [107, 2 б.].

«Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз» атты кітабында, автор Ш.Әділбаева «Пайғамбарымыздың әрбір тұлғаның ислами болмысқа ие болуы үшін жол көрсетуші, мұғалім, тәрбиеші ретінде қандай тәсілдерді қолданғанын, осының нәтижесінде қандай қоғам қалыптасқанын білу үшін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) нұрлы бейнесімен шуақтанған бақыт ғасырын, яғни алғашқы ғасырды көз алдымызға елестетейік. Әрбір тұлғанын тәрбиесі үшін Рақым Пайғамбары алдымен олардағы жаман қасиеттердің теріс әсерлерін түсіндіріп, олардан бас тартуларына қол жеткізді» – деп атап көрсетеді. Адамдардың рухани құндылықтарына Хазіреті Пайғамбардың теңдессіз мінез-құлқы жатқызылып, оған сабыр, туралық, кішіпейілділік, баршаны бауырына басқан мейірімділік, құлшылығы мен тақуалығын, Пайғамбарымыздың отағасылық сипатын, Пайғамбардың басшылық қасиетін, ықыласты келтірген. Ал бауластық-достық құндылықтары туралы автор: «Алла тағала Құран Кәрімнің Хужурат сүресі 10-аятында: «Мұсылмандар – бауыр», – деген. Хақ Расулы (с.а.у.) да өз хадистерінде осыны ескертіп: «Мұсылман – мұсылманның бауыры. Мұсылман – бауырына қастандық жасамайды, оны дұшпанға таста-

майды. Кім мұсылман бауырына жәрдем етсе және оның кем-кетігін толықтырса, Аллаһта оған жәрдем етеді. Кім өз бауырын қиыншылықтан құтқарса, Аллаһ тағала осыған сай қиямет күні оның қиыншылықтарының бірін жояды. Кім мұсылман бауырының бір кемшілігін жасырса, Алла тағала ақыретте оның кемшілігін жауып жібереді», – дейді. Ал, жомарттық турасында: «Мұсылманды кемел кемеңгерлікке жеткізетін асыл қасиеттердің бірі – жомарттық. Құран Кәрімнің Бақара сүресінің 274-аятында бұл жайлы: «Мал-мүліктерін күндіз-түні, құпия және ашық түрде игілік үшін сарп еткендер бар емес пе, міне оларға берілетін сый Алланың жанында. Олар үшін қорқу да, қайғы-мұң да жоқ», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдардың сыйластығын арттыра түсетін жомарттық жайында: «Жомарттық – жәннаттағы ағаштардан бір ағаш, бұтақтары осы дүниеге қарай салбырап тұрады. Кім оның бір бұтағын ұстаса, ол бұтақ оны жәннатқа алып барады»,– деген. Аллаһ расулы (с.а.у.) жомарттық пен сараңдықты хадисінде: «Жомарт адам Аллаға жақын, адамдарға жақын, жаннатқа жақын, жәһаннамнан алыс. Сараң адам Алладан алыс, адамдардан алыс, жаннаттан алыс, жәһаннамға жақын. Алланың алдында жомарт болған бір қараңғы адам, сараң болған ғалым адамнан сүйкімдірек. Ең күшті ауру – сараңдық ауруы»,– деп суреттейді. Өркөкіректік туралы Ш.Әділбаева: «Адамды өзін өрде жүргендей сезіндіретін, ал шын мәнінде оны өрге емес, керісінше құрдымға сүйрелейтін жағымсыз қасиеттердің бірі – өркөкіректік. Ол – шайтанға тән сипат. Сол үшін Құран Кәрім өркөкіректікке тыйым салып: «Исра сүресінің 37-аятында Жер бетінде көкіректеніп жүрме», «Ақыреттегі ол жерді жер жүзінде өздерін жоғары санамайтын және бүлік

жасауды көздемейтіндерге лайық еттік. Тақуалар ғана жақсы нәтижеге қол жеткізеді», – дейді. Алла елшісі (с.а.у.) бір хадисінде: «Сізге тозақтықтарды айтайын ба? Олар – дөрекі, сараң және өркөкіректер», – деген. Пайғамбарымыз өркөкірек, тәкаппар адамдар жайлы: «Бір күні бір адам әдемі киімдерін киіп алып, маңғазданып кетіп бара жатыр еді. Шашын тараған, өз-өзіне көңілі толып, жұртқа өзін көрсеткісі келген әлгі адамды Алла жердің түбіне түсіріп жіберді. Қиямет күніне дейін жердің астында тыпырлаған күйінде қалды» [108, 32-35 бб.], – деген. Жоғарыда келтірілген хадистерден қарапайымдылықты, кішіпейілділік пен қайырымдылықтың адамды көркемдейтін асыл қасиеттер жастарды тәрбиелеудегі өрелі һәм ізгі құндылықтар болары сөзсіз.

Махмұд Хамди Зақзұқ «Ұмытылған құндылықтар» кітабында ислам құндылықтары ретінде өнегелі жауапкершілік, мейірдандылық, адамгершілік, қарапайымдылық, ар-ұят, қайырымдылық, ғылым-білім, ақыл-ой, іс-әрекет, ерік-бостандық, әділеттілік, қауіпсіздік, аманат, адалдық, жүйелілік, уақыт, ата-анаға құрмет, жәрдем беру, тазалық, достық, шүкіршілік, отансүйгіштік, дін, болмыс заңдылықтарына деген таным, жайдарылық, үміт, демалыс, мерекелеу құндылықтарын алға тартады [3, 225 б.]. Әр құндылыққа Қасиетті Құран Кәрімнен сүрелер, хадистер келтіріп, соңынан өз ойын тұжырымдайды. Мысалы, «... Ата-ана мен балалар арасындағы сабақтастық және оның өмірдегі маңыздылығы туралы Алла тағала: «Сендерге Тәңір тек өзіне ғана бой ұсынуды бұйырды, ата-аналарыңа жақсылық жасауды өсиет етті», – деген. Құрметтеу құндылығының жан-жақтылығы, адамның

өзін-өзі бағалауы негізге ала отырып, өміріздің барлық саласында өзара араласудан туындайды», – деген.

Макс Вебердің пайымдауы бойынша құндылық дегеніміз өз өміріміздегі тұрақты назарда тұратын күнделікті бағыт. Кант категориясы бойынша «кеңістік» пен «уақыт» ұғымдары секілді Вебер құндылық адамның «хаосты» (игерілмеген кеңістік пен ұйымдас-тырылмаған уақытты) «ғарышқа» (өзара байланысқан әрі ұйымдастырылған кеңістік пен уақытқа) айналдыруы десе [109, с 325.], Б.В. Вышеславцев, құндылықты біржақты түсінетін императив емес, ол тек қана маңыздыдан нақтылыққа өтетін статус деп көрсеткен [110].

Біздің түсінігімізде кезкелген қоғамдағы жалпы құндылық атауының туындауына генератор болатын алтын дінгек – сол ортада берік бекіген іргелі құндылық болып табылады. Іргелі құндылықтар дүниеге келген өркениет аясындағы тұрмыстық мәдени нормаларды және өздерінің рухани шеңберінде құрылымдық элементтерін нақтылайды. Сонымен қатар, іргелі құндылықтар туындаушы өркениеттер тоғысында жаңа сипаттағы құндылықтарға негіз болатын және алдыңғы өткен құндылықтарды ассимиляцияға ұшыратып, жоятын күшке ие механизм болып табылады. Ал іргелі құндылықтардың туындау тоғысында оларды өзінің дүниетанымдық көзқарастарымен қабылдап, өз өміріне сіңіретін жеке тұлғаның рөлі жоғары. Осы негізде Исламдағы іргелі құндылық «Әшһаду ән лә иләһә иллАллауа әшһәду әннә Мухаммәдән расулуллаһ» яғни, «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік беру» болып табылады. Бұл жерде Бір Аллаға сену, бір Алланы мойындау – бірінші іргелі құндылық болса, осы құндылықты

халыққа жеткізуде аянбай еңбек еткен Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарды оның елшісі деп білу – екінші іргелі құндылық болып тұр.

Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымыздың миссиясын философиялық тұрғыдан әлем мен өмірдің қайнар бұлағын анықтау, өмірдің болуының басты себебін адамзатқа түсіндіру, оның түпкілікті маңызының шынайылығы Алла тағала арқылы өмірді түсіну және әлемді пайымдау, танып білген шындықты Құдай арқылы үйлесімдеу, тылсым әлемді Аллаға деген сенім арқылы түсінікті жүйеге келтіру деп тұжырымдауға болады.

Исламдағы үшінші іргелі құндылықтар туралы Е.А.Резван: «Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымыз рухани әрі зайырлы көшбасшы ретінде өз қызметін умма құруға бағыттаған. Умма дегеніміз – бір мағынада тоғыспайтын күрделі ұғым. Мекке сүрелерінде ол діни сенімді насихаттаған рухани ұстазға жиналатын адамдар қауымдастығы» – деген болатын. Осы тұрғыда іргелі құндылықтар иерархиясы тағы бір категорияға толыққандығына мән беру керек. Біріншісі - Бір Аллаға сену, екіншісі - Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарды оның елшісі деп білу, үшіншісі – умматуллах (Алланың уммасы). Алланың қалауы оның елшісі арқылы оның қауымында жүзеге асады. Осы іргелі құндылықтар бүкіл ислам тарихында иерархиялық жүйеде ұстанымдарын өзгертіп және мазмұны жағынан өзгеріске ұшырағандарымен исламның негізін қалады [111, с. 241].

Ал «Иманнан Ихсанға Тасаввуф» атты зерттеу авторы Осман Нұри Топбаш: «Тасаввуф – Исламның санасы. Оның жүректегі өмірі. Оның асылы мен руханияты. Исламның ішкі сырындағы асылдығы мен

руханият қабілетті адамдарда көрініс тауып, мүмин көңілдердегі руханият пен фәйз (рухани нәр, рухани күш), махаббат пен шаттық ерекшеліктерін өз шыңына жеткізеді» [112, 436 б.] – деген. Кітапта Исламның ғибратты құндылықтарынан адамның рухани деңгейінің жемісін анық әрі ғылыми жатық тілде көрсетеді. Парасаттылық туралы, автор, «Парасаттылық – Алла тағаланың сүйген құлдарына берген нұры. Яғни, ақылдылық, жоғары дәрежедегі зеректік, сезімталдық, білу және түсіну сияқты халдердің рухани түсінік қабілеті түрінде жүректе көрінуі» [112, 7 б.], – дейді.

М.Ф. Рифаидің «Ислам мәдениеті» кітабында: «Ислам принциптері – үздіксіз дамуға итеруші әрекет, сонымен бірге ол еңбекті қадірлейді, әдептілікті құрметтейді, жұмыссыздық пен болымсыздықтан тыяды. Өйткені бұл жағымсыз сипаттар адамның дүниеге келудегі асыл мақсатына нұқсан келтіреді. Мұсылманның басқа адамдардан ерекшелігі оның білім алуы Алла тағаламен болған байланысына барып тіреледі. Өзінің көкірегіндегі құпияларды Алла тағала өте жақсы білетінін еш уақытта есінен шығармайды. Өлімнен кейін жауапқа тартылу үшін қайта тірілетініне кәміл сенеді. Міне, бұл – әдеп. «Әл-Исра» сүресінде: «Расында, бұл Құран жолдың ең турасына алып барады» деген болатын [113, 40 б.]. Бұл ретте белгілі ғалым Г.Қ. Әбдіғалиева: «Коран наделяет Единого всеми характерными чертами могущества и величества. Аллах – создатель Вселенной, верховный Властитель неба и земли. Ему подчиняется и повинуется все в мире, ничто в Универсуме не может совершиться без его воли и его знания о нем. Он является вечным бытием и целостной реальностью. В Коране часто подчеркивается конкретность проявления единственности и Величия Аллаха. В

Коране и в других мусульманских источниках насчитывается девяноста девять имен Аллаха. Несмотря на многовариантность решения проблемы Единого, все представители суфизма рассматривают Бога, Аллаха как высшую ценность» [6, с. 57.], – деп тұжырымдауы Араб-ислам мәдениетінің негізгі діңгегі – Құран, ол ислам әлемінің дүниетанымдық өзегі екеніне көз жеткізеді.

Ал, Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының бұрынғы төрағасы, Бас Мүфти Әбсаттар Қажы Дербісәлі: «Менің ойымша, ислам дінінен ғылымды, не болмаса ғылымнан Ислам дінін бөліп тастау қате. Бұл екеуі бірігіп, қосыла келе ғаламдық өркениетке жеткен. Сондықтан ислам дінін ғылым десек те, ғылымды дін десек те болады» [114, 122-123 бб.] – деп білім мен ғылым құндылығы исламда да өрбитіндігін сенімділік пен орнықтылық ұялататын қорытынды айтады. «Әл-Алақ» сүресі, 1-аяты: «Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы!», – деп басталады. Оқы сөзі – Алла тағаладан елшісі Мұхаммедке (с.а.у.) түскен ең алғашқы уахи. «Оқы! Раббың – аса жомарт. Сондай (білімді) қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйретті». Бұл аяттар надандықты, сауатсыздықты жоюға шақырады. Жеке тұлғаны қалыптастыру оқып үйренуден басталады. Осы аяттардан ғылымның және ғұламалардың Исламдағы орнын аңғарамыз. Құран мен хадистерде ғылымның абыройы көтеріліп, ғұламалар ардақталған. Сол себептен Пайғамбардың орнын басқан сахабалар мен олардың ізбасарлары білім үйренуге және білім беруге баса көңіл бөлген. Құранның «Әл-Мужәдәлә» сүресі, 11-аятында: «Алла сендердің іштеріңдегі иман келтіргендер мен білімділердің дәрежелерін көтереді», «Әз-Зумәр» сүресінің 9-аятында: «Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?», «Фатыр» сүресі 28-аятында:

«Алладан құлдарының ішінде тек қана ғұламалар қорқады», – делінген. Ал «Таһа» сүресінің 114-аяты: «Раббым, білімімді арттыра гөр», – деп айт. Бұл аяттарда тек діни білім ғана емес, сонымен қатар адамның қадірін жоғарылататын, ізгі амалға жетектейтін, адамзат баласына пайда келтіретін бүкіл білім түрлері де қамтылып отыр.

Исламда ғылыммен шұғылдану сауабы нәпіл амалдардан да жоғары тұрады. Ислам ең алдымен білімді иманның серігі қылып, қадірін көтерді. Сондай-ақ, ғалымдарды ардақтауға бұйырды. Білім мен иман – Ислам өркениетінің негізі.

Исламдағы құндылықтардың негізгі таралу аймағы бес жүгінеді. Олар: Исламдағы бірінші және ең маңызды құндылық – дін.

Дін дегеніміз жаратылысы бөлек нәрселер мен олардың бейнелерінің адамдардың жанына сәулеленуі. Ол – адамдардың рухани қиял елесіндегі қабыл алатын, ереже тұтатын, сыйлайтын, ардақтайтын және құлшылық ететін тылсым күштер жиынтығы болып табылатын қоғамдық сананың бір түрі. Осы тұрғыда Ислам діни имандылық арқылы өз принциптерін түсіндіреді, басқалардың онымен танысуына мүмкіндік береді. Иман – ақыл-ойдың оянуы мен рухани сенімнің, ақиқатты парасатпен танып, одан соң ақиқат жолына түсудің нәтижесі. Сонымен қатар, Аллаға иман дегеніміз – Алладан басқа шынайы түрде құлшылық етуге лайықты ешкім жоқ әрі Оның серігі, теңі жоқ екеніне толық сену. Иман негіздері: Бір Аллаға сену. Аллаға иман дегеніміз – бұл шын жүрекпен бір Алла қана құлшылыққа лайықты екеніне толық сеніп, мойындау. Оның періштелеріне сену. Періштелерге иман дегеніміз – олар нұрдан жаратылған, ешқашан Аллаға қарсы

келмейтін, бұйырылған нәрсені бұлжытпай орындайтын Алланың жаратқан махлұқаттарының бірі екеніне сену. Мысалы: Жәбірейіл (а.с.) уахи жеткізуші періште. Кітаптарына иман – Таурат, Забур, Інжіл және Құран. Оның түсірген кітаптарына сену. Елшілеріне иман – олардың саны көп, Құранда жиырма бес пайғамбардың аты аталады. Ақырет күніне сену. Ақырет күніне иман – ақырғы күннен кейінгі Махшар, Мизан, Сырат, т.б. оқиғаларға сену. Тағдырға, оның жақсылығы мен жамандығына сену. Тағдырдың жақсылығы мен жамандығына сену дегеніміз – Алла тағала барлық адамдардың амалдарын, ғұмырларын және өмірлерінің барлық жағдайларын өз білімімен жазып қойғанына сену. Өлгеннен кейін қайта тірілуге сену. Өлгеннен кейін қайта тірілу дегеніміз - әділ есеп-қисаб беру үшін, өлімнен кейін қайта тірілу, әрбір адамның амалына сай жазасын алуы, не мәңгі жұмаққа, не тозаққа (Алла одан сақтасын) түсетін күнге сену. Жаратушыны танып, мойынсұнған адам өміріндегі сенімнің алатын орны ерекше. Сенім адамға осы дүниеде де, о дүниеде де игілік әкеледі. Игілік адамның дұрыс сенімге ие болуына байланысты. Ислам да бір Алланы мойындап, Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарды оның елшісі деп білу – деп аталады [99, 101].

Исламдағы басқа да басты құндылықтарының бірі – өмір болып табылады. Исламда өмір Алланың, кез-келген тіршілік иесіне берілген сый атаулысының ең ұлы, ең бағалысы ретінде қабылданады. Өмір сыйлау және одан айыру – тек қана Құдайдың иелігінде. Мұсылман өз кезегінде өмірдің Құдайдың сыйы екенін мойындайды, мұсылман үшін бүгінгі дәуренді сүру қасиетті міндет болып саналады. Исламда өз-өзіне қол жұмсау секілді басқа адамның өмірін қию да ауыр күнә

ретінде аталады. Өз-өзін өлтіргендер ішінде ақыл-есі ауысқан адамдардың күнәсі ғана кешіріледі.

Сонымен қатар, меншік те исламның басты құндылықтарының бірі. Еңбек исламда өте маңызды рөл атқарады. Меншік адал, таза ниетті еңбек нәтижесінде келеді. Ислам еңбексүйгіштікті насихаттай отыра, еріншектік пен масылдықты мақұлдамайды. Себебі, адам өмір тіршілігінде басқаларға ауыртпалық әкелмеуі керек. Адамның жатып ішерлік әдетін тәртіпсіздікке жатқызған. Исламда сұрампаздық сөзсіз тыйым салынған.

Міне, осы құндылықтары негізінде Ислам діні қазақ қоғамының, мемлекетінің, мәдениетінің идеялық, құқықтық, саяси және рухани-адамгершіліктің іргетасы болды.

Құрандағы негізгі құндылықтық тірек жан, ақыл, насаб (тектілік), дүние-мүлік болып табылатындығын естен шығармау қажет.

Құранда: «...Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық жасамаған біреуді өлтірсе, сонда шын мәнінде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны өлімнен құтқарса барлық адамды құтқарғанмен бірдей деп жаздық» [11, «Мәйдә» сүресі, 32-аят].

Ислам ақылды аздыратын нәрселерге тыйым салып, оны харам деді. Мысалы, арақ, есірткі, ойнастық секілді жаман істер. Ислам ақыл-ойдың дамуына жаңа кеңістіктерді ашты. Алла тағала білімнің қадірін арттырып, адамға көк пен жердің арасындағыларға ой жүгіртуді бұйырды. Әлемнің кеңдігі мен үлкендігіне, сондай-ақ күн мен айға, аспан мен жерге, құрылықтар мен теңіздерге, атмосфераға назар салуға шақырды. Мысалы, Құранда: «...Күннің айды қуып жетуіне болмайды және түн де күндізден оза алмайды, әрқайсысы

аспан кеңістігінде қалықтауда», [11, «Йа-син» сүресі, 40-аят].

«Алланың аспаннан су түсіріп (жанбыр жаудырып), одан жердің бетінде қайнарлар ағызғанын көрмедің бе? Кейін ол арқылы алуан түрлі егін шығарады, кейін ол (егінді) әбден кураған, сынғақ қиқымдарға айналдырады» [8, Әз-Зумар сүресі, 21-аят]. «Жұмсақ еттен жеулерің үшін және түбінен әшекей тастарды шығарып, әсемденулерің үшін теңізді бағындырды. Оның айдынын қақ жарып, жүзіп бара жатқан кемеңі көресің. Сондай-ақ, Оның қазынасынан ризық іздейсіңдер. Мүмкін, шүкіршілік етерсіңдер. Сендерді шайқап теңселмеуі үшін жерге мығым тауларды орнықтырды, әрі жол табуларың үшін өзендер мен жолдар жаратты. Тағы басқа (бағыт көрсететін) белгілер жаратты, олар жұлдыздар арқылы да жол табады. Жаратушы (Алла тағала) жаратуға шамасы келмейтін (мақлұқтарға) ұқсай ма? Ойланбайсыңдар ма?!», [11, Ән-Нахыл сүресі, 17-аят]. – делінген.

Осылайша Құран бізге теңіз бен құрлықтан, жер мен таулардан шығатын күш-қуаттардың Алла тағала тарапынан екендігін баян етеді. «Әлбетте, көктер мен жерде, түн мен күндіздің ауысуында, ақыл иелері үшін дәлелдер бар» [11, «Әли-Имран» сүресі, 190-аят].

Ислам діні адам тегін сақтауды қамқорлыққа алады. Сол үшін ер мен әйелдің шариғи ақ неке арқылы ғана қосылуларын талап еткен. Сонда ғана адамның тегі тазалыққа, кәміл дәрежелерге жетеді. Ол жөнінде Құранда: «Әй адам баласы! Сендерді бәр кісіден (Адам атадан) жаратқан және Одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ерлерді, әйелдерді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар» [11, «Ән-Ниса» сүресі, 1-аят], «Алла тағала өздеріңнен жұбайлар

жаратты. Жұбайларыңнан сендерге балалар, немерелер пайда қылды. Сондай-ақ сендерге тап-таза нәрселерден рызық берді» [11, «Ән-Нахыл» сүресі, 72-аят], «Ей, мүміндер! Өздерінді әрі үй іштерінді (отбасыларыңды) отыны адамдар мен тастардан болған (тозақ) отынан қорғандар» [11, «Әт-Тахрим» сүресі, 6-аят].

Алла тағала адамзатты жаратып, оларға ризық пен нығметтерді үлестіруде оларды бірдей дәрежеде етпеді. Өзінің даналағы мен қалауына сай оларды бір-бірінен өзгеше қылды. Бұл өзгешелікті біз олардың дене бітімдерінен, ақыл-ойларынан, дүние-мүліктерінен байқаймыз. Құранда: «Біз олардың тіршіліктеріндегі несібелерін араларына үлестіріп, біреулері екіншілеріне жұмыс істеулері үшін кейбіреулерінің дәрежелерін көтердік», [11, Әз-Зухруф сүресі, 32-аят]. – делінген.

Әл-ауқаты төмен адамдар болса, Ислам оларды тіршіліктеріне қажетті қаржымен қамтамасыз ету міндетін өз қамқорлығына алды, ол қаржы Ислам тіректерінің бірі – зекеттен түседі.

Ислам әр адамға жеке меншік құқығын берді. Адам бір дүниеге иемденіп, оны шариғат белгілеген шеңберде пайдалануға және пайда келтіруге жарамды қылса, онда ол сол дүниенің қожайыны, иесі бола алады.

Исламның экономикалық жүйесі әмбебап ережелерге, нақтылы негіздерге және шариғат белгілеген шектерге негізделген. Ислам қоғам игілігін қорғау үшін жеке адамның алдына бірнеше міндеттер мен аттауға болмайтын шектерді қойды:

1. Ислам тіршілікке қаржы табудың түрлі жолдарын ұсынды. Адал мен арамның арасын ажыратты. Адамдарға зиян келтіретін, этика мен жүріс-тұрыстарына зиянды іс-әрекеттердің барлық түріне тыйым салды. Ислам шариғаты мас қылатын ішімдіктерді қабылдауға, оны

біреуге ұсынуға, сатуға, сатып алуға қатаң тыйым салды. Сондай-ақ, зинақорлықты әрі оған итермелейтін ойын-сауық мекемелерін тұрғызуға, газет-журналдарды басуға, көркем фильмдерді шығаруға, әдепсіз киімдерді тігуге, адамның құмарлығын қоздыратын өлеңдерді, билерді, әуендерді шығаруды арам етті. Мұнымен қоса, өсім алу, кісі ақысын жеу, пара алу, құмар ойындары, монополия, қанаушылық сияқты т.б. қоғам үшін зиянды еңбек түрлеріне тыйым салды. Ислам адам баласына дүниені өзіне де, өзгелерге де пайдалы болатын адал жолдармен ғана табуды бұйырды.

2. Ислам адам баласына дүниені адал жолмен табуды бұйырғаны сияқты, оның тек адал жолға ғана жұмсалуын талап етеді. Сол үшін мұсылман адам тапқан дүниесін арам жолға, күнәлі іс-әрекеттерге жұмсамайды. Оны ысырап етпейді. «Әлбетте, ысырап етушілер – шайтанның бауырлары» [11, «Әл-Исра» сүресі, 27-аят].

3. Адам баласының иелігіндегі дүние-мүлкі өзінің тіршілігіне жұмсауынан, отбасын асырауынан артылып жатқан болса, оны жинап, шарифатқа сай сауда түрлерін жүргізуіне, өнеркәсіптерді іске қосуына толық құқылы. Кейін түсіп жатқан пайдасынан пақырлардың үлесі зекетін беріп отырады. Мемлекеттің немесе қоғамның, болмаса туысқандарының одан көмек қажет ететін жағдайларында шамасы келгенше бар ықыласымен жәрдем береді. Адам дүниеден өткен соң дүние-мүлкі отбасысына үлестіріледі. Ең алдымен ең жақын туыстарына бөлінеді. Бұл үлестіру шарифатта толық баяндалған. Егер оның артында ешбір туысы болмаса, дүниесі мұсылмандардың қаржы орталығына өтеді.

Исламдағы әрбір парыздың өзіндік пайдалары мен хикметтері болғаны сияқты зекеттің де алтыдан астам пайдасы мен хикметтері бар. Олар:

1. Зекет алдыменен зекет берушінің өзін барлық күнәларынан арылтып, зекетін берген мал-мүлкінің берекесін асырып, көбейтеді. Зекет бәле-жаладан апат, ауру-сырқаудан, ұрлықтан сақтап, байлығының құрып кетпеуіне үлкен мүмкіншілік жасайды. Әз Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өзінің хадис шәріпінде:

2. «Кімде-кім малының зекетін берсе, жамандығы кетіпті», – десе, екінші бір хадисінде: «Малдарыңды зекет беру арқылы қорғандар, ауруларыңды садақа беру арқылы емдеңдер, бастарыңа келетін бәлелерді тілейтін дұғаларыңмен тойтарыңдар», – деп өсиет еткен.

3. Зекет қоғамдағы бай мен кедейдің арасындағы байланысты жақсартып, бауырмалдыққа, кедей-кепшіктерге мейірімменен қарауға тәрбиелейді. Мал-дүниесі аз кедейлердің орташа өмір сүруіне ықпал жасап, өзара байланысты нығайта түседі, мемлекетті әлсіздіктен сақтайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) «Зекет исламның көпірі», – деп әлеуметтік өмірдегі табиғи түрде бай, кедей деп бөлінудің мәнін жойып, зекет арқылы бір дастархан басына жиналатындығына ишарат етеді. Өйткені зекет бай мен кедейді жақындастыратын маңызды ғибадат.

4. Зекет қоғамдағы ұрлық-қарылық, алдап-арбау, адам тонау кісі өлтіру, құмар ойнау (казино, ойын автоматтары т.с.с) сияқты жаман әдеттердің алдын алады. Мысалы бір нәрсеге мұқтаж болған кембағал кісі мақсатына жету үшін жоғарыдағы айтылып өткен істердің кезкелгеніне баруы әбден мүмкін.

5. Зекет ғибадаты, Алла тағаланың берген байлық нығметіне шүкір болып саналады. Зекет беруші мұсылман әрқашан қолындағы байлықтың Алла тағала тарапынан берілген жақсылық екенін түсініп өзінен де зерек, қабілетті, ден-саулығы мықты талай адамдардың бұл нығыметтен мақұрым екендігін түсініп сол нығметтерді өзіне нәсіп еткен Алла тағалаға шүкір етуі керек. Әр нығмет өзіне сай шүкір талап етеді. Ілімнің шүкірі оны басқаға үйретуменен дене мүшеміздің шүкірі ораза ұстап, намаз оқу тәрізді ғибадаттармен орындалатыны сияқты байлық нығметінің де шүкірі мұқтаждарға көмектесіп, зекет беру арқылы жүзеге асады.

6. Ең маңыздысы, барша пенделердің арманы болған ақыреттегі ұлық мәртебеге жету. Алла тағала Құранда өзінің әмірлерін орындап, тыйған тыйымдарынан тиылған құлдарын ақыретте сый-сыйяпатқа кенелтіп, өзінің мархаметіне бөлейтіндігі турасында сөз беріп уәде еткен. Зекет те Алла тағаланың бұйырған әмірлерінің біреуі, сондықтан орындаушысы уәде етілген сый-сыйяпатқа кенеліп, Алланың ризашылығына шомары сөзсіз. Сонымен қоса зекет – [11, «Тәубе» сүресінің 103-аятында] білдірілгендей күнәлардың кешірілуіне себеп болады. «Олардың малдары көбейіп және өздері күналардан тазалануы үшін мұсылмандардың малдарынан садақа ал», – деген.

Жоғарыда жазылған бөлімдерде келтірілген зерттеулер бойынша айтылмаған исламдағы орны ерек құндылықтарға тоқталмастан бұрын, ислам құндылықтарының негізгі дені тазалық категориясынан бастау алатындығын атап өту қажет. Тазалық – жан және тән тазалығы болып бөлінеді. Исламдағы рухани

құндылықтар жүрек тазалығынан, яғни рухани тазалықтан туындайды [115, 67 б.].

Құран-Кәрімде жүрек тазалығы мағынасында «сәлим» сөзі қолданылған. Бұл сөздің «ислам» сөзімен де бірдей түбірі бар. Сөздіктегі мағынасы бойынша «қалбус-сәлим», яғни сырқатсыз, кемшіліксіз және күнәмен кірленбеген немесе кірленген болса да тәубамен тазаланған кіршіксіз жүрек мағынасын білдіреді. Тағы бір ерекше мағынасы болса, исламнан басқа барлық нәрсеге жабық жүрек ретінде де сипатталады.

Әрбір күнә, басқа бір күнә үшін шақыру болып табылады. Яғни, істелген әрбір күнә тізбектелген домино тастары секілді бір-бірін қуалайды. Осылайша жүрек тозданып нәрі кетеді. Құрандағы аяттарда және пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде баяндалған «рейн» сөзі, күнәлармен жүректің тоз басуы, (кірленуі) мағынасын білдіреді. Күнәлар, тәубе ету арқылы жуылып-шайылып тазарынбаса жүректі кір басады және осы жағдайдың қайталана беруі нәтижесінде жүректегі рухани жалын мүлдем өшеді.

«Қалбус-сәлим», яғни кіршіксіз жүрек иесі болу, Құранда мүмин құл үшін белгіленген қағидаларды бұлжытпай орындау арқылы жүзеге аспақ. Бұл сипаттама жалпылама сипаттама болуымен қатар осы мәселеге қатысты барлық жәйді қамтиды. Хазіреті Айша (р.а.) анамызға: «Алла елшісінің аһлақы қалай еді?», – деп сұрағанда «сіз құран оқисыз ба өзі?», – деп қайта сұрайтын, «оқимыз», – деген жауап алған сәтте, «оның аһлақы Құран болатын», – деп жауап беруші еді [116, 81 б.].

Қасиетті Құран Кәрім ең әуелі пайғамбарымыздың (с.а.с.) өз өмірін осы кітапқа негіздеп сүруі үшін түсірілді. Кейін келе имамға қарай артындағы үмметі

де дәл осы ізгі жолмен жүруі тиіс болатын және барша Мұхаммед (с.а.у.) үмбеті іс-әрекеті мен амалын, ой-жүйесін осы негізде қайта құруы қажет еді. Мұнымен қоса жүрек тазалығының, адам баласына зиянды нәрселерден түпкілікті арылған жүрек мағынасы да бар. Өйткені басқа бір хадисте: «мұсылман, басқаларына қолымен және тілімен зиян бермейтін жан», – деп сипатталған. Бұл өте ерекше болуымен қатар керемет сипаттама екенін айта кеткен жөн. Мұсылман, қолымен және тілімен ешкімге зардап келтірмек емес.

Жүрек тазалығы болуы үшін адам әуелі күфірден, күмәннен және шірктен арылуы қажет. Бойын күфір билеген жан қаншалықты гуманистік әрекеттері болса дағы «қалбус-сәлим» немесе кіршіксіз жүрек иесі бола алмайды. Қазіргі таңда, «менің жүрегім таза, өйткені мен адамдарды сүйемін, әрқашан адамзат игілігі үшін ізгілік күрескерімін», – дейтін жандар жетерлік, алайда бұл жандардың жүрегі жаратушысын жоққа шығару арқылы қалайша таза бола алмақ? Күфір билеген жүрек ешқашан таза болуы мүмкін емес. Өйткені ол, ғаламның жаратушысын теріске шығарғаны үшін жүрегін күфір бойлаған. Негізінде адамзаттық құндылықтар өте маңызды. Алайда бұл құндылықтарды шынайы тұрғыдан түйсіну және түйсініп қана қоймай осы қасиетті бойда тұрақтандыру тек қана иман арқылы болатын нәрсе. Иман болмаса барлық жақсылық атаулы, ізгіліктер мен игі қасиеттер жалған немесе өткінші сипатта ғана. Сондықтан да ешқандай құны жоқ. Осылайша, амал болмаған иманнан да, иман болмаған амалдан да пайда жоқ. Осы екі жәйді бір-бірінен ажыратып тек қана жүрек таза деу бос әурешілік қана.

Мәселен бір адам өз отанына тіпті адамзатқа пайдалы қызметтер жасаса алайда сол отанының заңдары

мен басқару жүйесін танымаса тіптен мойынсұнбай қарсы шықса, мұндай жан дереу ұсталып әлгі мемлекет тарапынан жазаландырылып, бұрын жасаған қызметтері де қаперге алынбас еді. Осы секілді бүкіл ғаламның жаратушысы және иесін танымайтын бір жан, отанына және халқына қанша жерден пайдалы қызмет атқарсын, бәрібір жаратушысын мойындамайтындығы үшін ақыретте жазасын шегеді.

Адам баласы көптеген жақсылықтарды жасауы мүмкін, алайда ең әуелі жүректің шірктен және күфірден арылуы қажет.

Мұнан қалса бұл жанның жүрегі, Ислам негізіндегі өмірмен нәрленіп Құран аһлағымен гүлденуі тиіс. Өйткені қандай да болсын жүрек, құран аһлағынан жат болса ондай жүректің «сәлим» таза болуы мүмкін емес.

Алла тағала Хазреті Дәудке (а.с.) былай деген екен: «ол үйді Мен үшін (тазалап) босат, Мен ол үйге кірейін!». Бұл, жүректің Алладан басқа барлық нәрсені өзінен аластауы арқылы тазарынуы және шынайы «сүйіктімен» қауышуы болып табылады. Мұны тек қана халық арасында Хақпен бірге бола алатын, қайнаған халықтың ортасында әрқашан жүрегі Алла деп соғатын жандар ғана жүзеге асыра алмақ.

Хақ жолындағы ардақты жолбасшымыз және пайғамбарымыз: (с.а.у.) «Адам бір күнә істегенде жүректе қара дақ пайда болады, алайда адам өкініп тәуба жасаса жүрек қайта жарқырайды», – деген екен [117, 45 б.].

Бұл хадиске назар салсақ, «сәлим» яғни таза жүректің тек қана күнәлардан арылған және бүлікшіл емес рухтарда ғана болатындығын байқауға болады. Балаларды әкесінің тілін алмағаны үшін «тәрбиесіз»

деп сөгеміз, алайда Жаратушының әмірімен парыз болған ғибадаттарды орындамаудың Аллаға бүлік жасау екендігіне мән бермейтіндігіміз өкінішті-ақ.

Жүрек тазалығының белгісі ардақты пайғамбарымыздың керемет аһлағына сай аһлақ иесі болу. Себебі ол, барша істе болғандығы секілді бұл істе де үмметті үшін нағыз үлгі нағыз өнеге. Кез-келген адам өз аһлағын пайғамбарымыздың аһлағына сәйкестендіргенде ғана таза (сәлим) жүрек иесі болып саналады. Әйтпесе өз-өзін алдатушылық қана.

Ендеше, қазіргі таңда ислам діні негізінде өмір сүріп қызмет жасайтын мұсылмандар да қолдарынан келгенше ғибадаттарын орындап жан дүниелерін кемелдендіруге күш салулары қажет. Мұнымен қатар адамдардың дүниеде және ақыретте бақытқа бөленуі үшін саналы ғұмырын сарп етіп жанкешті қызмет жасау, өз нәпсілерінің өмірдің қызығына батуға деген құштарлығын санамен жеңе біліп басқаларының бақыты үшін қызмет ету, өзі үшін емес басқалары үшін өмір сүру қағидасымен қызмет жасау, осы заманда шынайы мұсылмандардың ие болуы қажет ерекшеліктердің ең маңыздысы болып табылады. Осылар ардақты пайғамбарымыздың бізден қалауы, осындай ниетпен қызмет еткенде жүрегімізді кірлететін істерге уақыт та қалмайды және жүрек тазалығына да кенелер едік.

Құрандағы аяттардың бірінде сәлим және таза жүректі мал-мүлікпен бала-шағаның қарсысына қойып, «мал-мүлік пен бала-шағадан пайда болмайтын ол күнде тек қана қалбус-сәлим (таза жүрек) ғана пайда (кәдеге жарайды) береді», – делінген. Ендеше ақыретте мұминнің кәдесіне жарайтын мал-мүлік, бала-шағаның көптігі емес жүрек тазалығы болып табылады.

Өміріңді жақсылықпен өткізу, артыңа ізгіліктер тастап өлімге қауышу және осындай игіліктеріңмен қайта тірілу, ақыретте Кәусар бұлағының бастауына ұласу, ардақты пайғамбарымыз тарапынан ұзақтан таныла білу, міне бұлар мұминнің аңсаған арманы болар. Сүйікті пайғамбарымыз: «мен үмметімді танымын» дегенде, қалай танитындығы сұралған, сонда ол, «сіз, маңдайы қасқа, аяқтары ақ, сәйгүлікті жүздеген, мыңдаған аттың арасынан қалай танысаңыз мен де үмметімді дәрет алып «тазарынған» ағзаларынан дәл солай танитын боламын», – деген екен. Алла елшісі қаумын «симаһум фи вужухихим мин әсәрис сужуд» [11, «Фатһ» сүресі, 49/29] аятымен бекітіле түскен жүздеріндегі сәжде ізінен және дәрет алып (тазаланған) ағзаларынан танитын болады.

Иманды болу – иманның талаптарын орындауменен мәнді бола түспек. Иманның талаптары болса, діннің мұминдерден жасалуын талап еткен міндеттер мен жауапкершіліктер болып табылады.

Дәрет секілді әрі сыртқы әрі рухани негізі бар тазалықты орындамастан намаз оқылмайды. Намаз адамды көптеген жамандықтардан алыстатады. Оразаның арқасында рухымыз, ақылымыз және жүрегіміз кемелденген үстіне кемелдене түседі. Оразаның арқасында адам өз нәпсісін жеңілтектіктен арылтып, Алла алдында бағынышты құл бола отырып ішкі дүниемізді лас ойлардан арылтып сыртқы дүниемізді де жаман әдеттерден қорғап рухымызды шыңдай түсеміз. Зекет адамның мал-мүлкін тазартып қана қоймай көңілінің жай табуына да септігін тигізері анық. Қажылық ғибадаты болса адамның ішіндегі менменшілдік, тәкәппарлық және өзін басқалардан үстем көрушілік секілді сырқаттардан арылтып оны

анасынан туғандай пәк етеді. Осы ғибадаттарды орындамастан адамдағы жүрек тазалығын тілге тиек ету айтарлықтай қиын. Ендеше жүрек тазалығының ең айқын белгісі, адам баласының өзіне парыз болған ғибадаттарды орындауы болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық салт дәстүріндегі нормалар ислам құндылықтарымен тығыз байланыста дамығандығына тарих беттері куә. Қазақтың шынайы тарихы ислам дінінен таралған мұсылмандық құндылықтардың қазақ даласының мәдениетіне етене араласуымен тығыз байланысты. Осы орайда, зерттеу нысанымыздағы дәйекті діни-этикалық ұғым-дардың мәдени-аксиологиялық негіздерін сараптап, тұжырымдадық.

1) Тақуалық – ислам құндылығы ретінде. Тақуалық, ұлы жаратушыдан (әділеттілігінен) қорқу, харамнан және күдікті нәрселерден аулақ болу. Мұндай халді тақуа деп атайды. Ал тақуалыққа қол жеткізген жанды муттақи деп атайды. Муттақи жан сенімді және аманатқа берік қасиетімен ерекшеленеді. Мұндай жан ешкімге зиян келтірмейді. Ислам дінінде барша адамдар тең болып саналады, әйткенмен үстемдіктің тек тақуалық арқылы өлшенетіні Құранда былай деп баяндалған: **«Күдіксіз, Алла алдында сіздің ең жақсыңыз ең тақуа болғаныңыз!»** [11, әл-Хужурат сүресі, 13-аят].

2) Ықылас – ислам құндылығы ретінде. Ықылас – дегеніміз, қандай да болсын жасалған амалды тек қана Алла ризалығы үшін жасау және мұндай амалға басқа ешқандай дүниелік немесе пендешілік пиғыл араластырмау болып табылады. Жасалған әрбір амалдың қадірі-қасиеті ықылысқа қарай өлшенбек. Осыған қатысты Құран аяттарының бірінде: **«Олар тек Аллаһқа ғибадат етуге, Оның дінінде таза, ықыласты болуға, намазды толық орындауға, зекет**

беруге ғана бұйырылды. Міне, осы таза дін» [11, «әл-Бәйина» сүресі, 5-аят], – делінген.

3) Ықсан – ислам құндылығы ретінде. Ықсан дегеніміз, кешірімді болу, жақсылық жасау, садақа беру, қайырлы қызметтер атқару сипатымен ерекшеленеді. Ықсан, әділеттіліктен де жоғары мәртебесі бар тамаша қасиет және осыған қатысты Құран аяттарының бірінде: «Ықсан жасаңыз, күдіксіз Алла ықсан жасаушыларды сүйеді», – делінген. Осыған ұқсас тағы бір аятта: «Ұлы Алланың саған ықсан жасағандығы секілді сен де ықсан жаса», – делінген.

4) Әдептілік – ислам құндылығы ретінде. Әдептілік бұл, жақсы тәрбие және жақсы қасиеттерге ие болумен және ұятқа қалмайтындай абыройлы болумен ерекшеленеді. Әдептілік адам баласының рухани қорғанышы, әдептілік адамды нәпсінің жетегінде кетуден қорғайды. Әдептіліктен жұрдай адам қоғам үшін аса қатерлі микроптан да әлдеқайда қатерлі.

5) Туралық – ислам құндылығы ретінде. Туралық дегеніміз, әрбір істе туралықтан және әділдіктен айрылмау, діннің және ақылдың негізінде әрекет жасау болып табылады. Осыған қатысты Құран аятында: «Әмір етілгендей тура (истикаметте) бол» делінген.

6) Мойынсұну (итағат) – ислам құндылығы ретінде. Мойынсұну алдымен Ұлы Раббымыздың әмірлеріне толықтай мойынсұну сонан соң жалпы тәртіпке бағыну, діни ережелерге қайшы болмаса лауазым иелерінің әміріне бағыну болып табылады. Құранда: «Аллаға мойынсұныңыз (итағат етіңіз), Алланың пайғамбарына да, сізден болған басқарушыларға да мойынсұныңыз», – делінген.

7) Сенімділік – ислам құндылығы ретінде. Мүмин жақсы және сенімді іс-қимылдарымен баршаның

сеніміне ие болуы қажет. Ардақты пайғамбарымыздың Меккеде «әл Әмин», яғни сенімді деген лақап аты болғандығы белгілі. Аманатқа қиянат жасамау, сөзінде тұру, уәдесіне берік болу секілді қасиеттер сенімділіктің ерекшеліктері болса керек. Осы сөзімізді нықтай түсетін бір хадисте: «Мұнафықтың үш ерекшелігі бар: өтірік сөйлейді, уәдесінде (сөзінде) тұрмайды және аманатқа қиянат жасайды», – деген екен.

8) Үнемшілдік–ислам құндылығы ретінде. Адам, үнемдеу арқылы берекетті өмір сүруіне болады. Сүйікті пайғамбарымыздың бір хадисінде: «үнемшіл жан кедей болмайды», – делінген. Үнемшілдіктің антонимі ысырапқорлық. Ысырапқорлық, тұрмыстық өмірде, ішіп-жеуде, ақша жұмсауда белгілі бір тепе-теңдікті бұзып, ашып-шашуға апарады, ал бұлай жасау харам. Ысырапқорлық жеке адамның да тұтастай қоғамның да іріп-шіруіне жол ашатын қатерлі сырқат. Сондықтан да Құранда: «Алла, ысырап жасаушыларды сүймейді», – делінген. Мұнымен қоса сараңдық пен үнемдеу арасында да тепе-теңдік ұстана білген жөн. Мүмин, барлық ісінде тепе-теңдік қағидасын ұстанып басқан әрбір қадамына нық болуы қажет.

9) Адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу, сыпайылық – ислам құндылығы ретінде. Адамзат баласы қоғам ішінде өмір сүргеннен кейін өзара тығыз қарым-қатнаста болуы және сыпайылықпен, құрметпен өзара байланыстарда диалог құрып көпірлер орнатуы бейбіт өмірдің негізгі кепілі болса керек. Қоғамда өзара түсіністік пен диалогтың негізі де осыдан бастау алары анық. Сондықтан да болар ардақты пайғамбарымыз бір хадисінде: «Мүмин жақсы қарым-қатынас жасай отырып өзі де осыған лайықты болады. Жақсы қарым-қатынас жасамаған немесе жасалмаған мүминде қайыр

жоқ. Адамдардың қайырлысы басқаларына қайырлы болғаны!», – деген екен.

10) Ынсап – ислам құндылығы ретінде. Бұл, әділ, қанағатшыл, тура және салмақты болумен ерекшеленетін қасиет. Пайғамбарымыз: «Ынсап діннің жартысы», – деп бекер айтпаған. Себебі, ақиқат дін, пайдалы нәрселердің орындалып зияннан бойды аулақ салуды, әділдікті, туралықты бұйырады. Ынсабы бар адам осыларды қабылдай отырып рухани кемелденудің бір сатысына болсын мәртебесі жоғарылай түспек.

11) Жылы жүзді болу – ислам құндылығы ретінде. Адамдармен қарым-қатынаста, күлімсіреп жылы шыраймен шынайы және көркем мінезді болу. Сұсты немесе қабағы түюлі болудың антонимі болып табылатын бұл қасиетке қатысты ардақты пайғамбарымыз: «күлімсіреу садақа болады», – деген екен. Ал, имам Ахмад жеткізген хадисте: «Алла, расында жұмсақ мінезді және жарқын жүзді құлдарын сүйеді» [118, 13 б.], – деген.

12) Салмақтылық – ислам құндылығы ретінде. Кезкелген істі асығыстыққа немесе үстірттіке салынбай салмақты түрде ойланып барып жасау. Дегенмен уақыты жеткен немесе шұғыл шешімді қажетсінетін істерді ойланып-толғанып жүре беруге де болмас. Осыған қатысты хадистерде: «Асығусыз (салмақты) әрекет жасау Рахманнан, асығыстық болса шайтаннан», «Ақирет істерінен басқа барлық істе асығыссыз, аңдап қимылдау қайырлы болады», – делінген.

13) Құрмет – ислам құндылығы ретінде. Қарым-қатнастарда әрдайым сый-құрмет көрсету. Қазақ: «үлкенге құрмет кішіге ізет» дейді. Құрмет көрсету және құрметке бөлену мүминнің өмірлік қағидасына айналуы қажет. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Біздің үлкендерімізге

құрмет, кішілерімізге мейірім жасамайтын бізден емес» [119, 99 б.], – деген.

14) Тафаккур (қайырлы пікірлер өрбіту) – ислам құндылығы ретінде. Тафаккур, ойланып-толғану, бір мәселеге қатысты пікірді дамыта түсу мағынасын білдіреді. Ұлы Раббымыздың ғаламат өнерінің туындысы осынау әлемдегі барша жаратылысқа қатысты ойлану, пікір өрбіту ғибадат болып есептеледі. Көптеген ғылыми жаңалықтар да дәл осы тафаккур арқасында ашылған. Ал көптеген ғұламалар рухани кемелденудің шыңына шығуына тафаккурдің әсері үлкен болған. Тафаккурдің антонимі ғапылдық және ой-пікірден бейғамдық. Осыған қатысты бір хадисте: «Ұлы Алланың жаратқан нәрселері туралы ойланыңыздар (пікір өрбітіңіздер), бірақ Алланың заты (өзі) туралы пікір өрбітпеңіздер, құрдымға кетесіздер», – деген екен.

15) Кішіпейілділік – ислам құндылығы ретінде. Өзін өте қарапайым ұстау және басқалардан үстем көрмеу. Кішіпейілділік өте тамаша ахлақ. Ал өркөкіректік шайтанның қасиеті екендігі белгілі. Шайтанның адамға сәжде етпей тәкәппарлықпен Алланың әміріне қарсы келуі мәңгілік лағынетпен аяқталғандығы адамдарға ғибрат болса керек. Адам баласына пәни дүниеде берілген өткінші атақ-данқ, салтанат, билік, мал-дәулет және ғылымымен тәкәппарлануының соңы қайырлы болмасы анық. Ардақты пайғамбарымыз (с.а.с): «Ұлы Алла үнемдегенді бай, ысырап жасағанды кедей қылады, кішіпейіл болғанды көтереді (мерейін үстем қылады), тәкәппардың сағын сындырады», – деген.

16) Тәуекел – ислам құндылығы ретінде. Аллаға сену, құлшылық парызды орындап нәтижені Аллаһтан күту, асқар асуларды Алланың көмегімен алуға болатындығына тәуекел етіп бел байлау. Тәуекел ете

алмайтын мүминде нұксандық бар деген сөз. Алла тағала ғаламға себеп-салдар негізінде детерминистік жүйе орнатқан. Алайда Алла қаласа себепті жасап салдарды болдырмауға да күдіреті жетеді. Дегенмен осынау себеп-салдар заңдылығына мүлтіксіз бағына отырып мүмин, істерінің баршасында Алланың қайырлы нәтижесіне тәуекел етіп бел байлайды. Түйесінің тұсауы босап кеткен Амр Ибн Умая атты сахабаның «Аллаға тапсырып тәуекел еттім», – деген сөзіне ардақты пайғамбарымыз: «Әуелі тұсауын байла сосын Аллаға тапсырып тәуекел ет», – деген.

17) Табандылық – ислам құндылығы ретінде. Бұл, сөзінде тұру, уәдесін орындау, қандай да болсын істе және сөзде табандылық, тұрлаулылық қасиеті. Табандылық табысқа жетудің алғы шарты. Қайырлы және пайдалы істерде табандылық көрсету жақсы қасиет. Ал пайдасыз, бос істерде табандылық көрсетемін деп қыңырлану, адамды құрдымға апаратын қауіпті жол.

18) Жомарттық – ислам құндылығы ретінде. Қолы ашық болу, өз нәпсісіне қатысты сараң болғанымен басқаларға жомарт болу, реті келгенде, өз орнымен мұқтаж жандардың қажеттіліктерін көңіл ризашылығымен өтеу. Жомарттық адам баласына жарасар тамаша қасиет. Жомарттыққа қатысты көптеген аят хадистер бар. Сондай хадистердің бірінде: «Жомарт жанның асы – шипа, ал сараңның асы – сырқат» [120, 74 б.], – деген екен.

19) Хуснуз-зан (жақсы ойлау) – ислам құндылығы ретінде. Не нәрседе болсын жақсы және әдемі ойлау. Мүминдердің кемшіліктері мен қателеріне көз жұма отырып олар туралы жақсы ойда болу. Мұның керісіншесі болса «суи-зан» яғни жаман ойда болу. Әрдайым басқа мүминнің кемшілік, күнәларын

ақылда тұтып жаман ойда болу жақсы қасиет саналмайды. Құранда: «Күдіксіз занның (басқалар туралы ой-пікірдің) кейбірі күнә», – деп баяндалған.

20) Хыфзы-лисан (тілге ие болу) – ислам құндылығы ретінде. Бұл, тілді керексіз бос сөздерден сақтау халі болып табылады. Ақылды жандар, қажет болмаса үнсіз қалуды артық көрген. Хазіреті Әбубәкір қажетсіз сөйлемеу үшін аузына тас салып жүргендігі белгілі. Көп сөз – бос сөз демекші, көп сөйлеу арқылы адамға, өсек, өтірік, ғайбат секілді ауыр күнәлардың жолы ашылады. Пайғамбарымыз: «Кімде-кім Аллаға және ақирет күніне иман еткен болса қайыр сөйлесін немесе үнсіз қалсын», – деген екен.

21) Хақ–ислам құндылығы ретінде. Хақ сөзі Алла Тағаланың қасиетті есімдерінің бірі болып табылады. Тура және өзгертілуі мүмкін емес әрбір жәй хақ бола отырып қазақшадағы құқық сөзінің де мағынасын қамтиды. Әрбір адамның табиғи хақтары немесе құқықтары бар және осы хақтармен бірге адам баласының міндеттері де бар. Басқа адамның хақтарын бұзбау осындай міндеттер санатына жатады. Құқық әрқашан бейбіт өмірдің кепілі. Басқа жанның құқығын аяққа таптаған жан қоғам тарапынан жазаланады, бұл дүниеде жазаланбаса О, дүниеде есебін беретіндігі сөзсіз. Мүмин, қоғамдық ортада басқаларының құқықтарын бұзбауға және тиісінше құқықты қорғауға күш салуы қажет.

22) Хикмет – ислам құндылығы ретінде. Іліммен амалдың бірлесуінен туындайтын дәрежесі өте жоғары сипат болып табылады. Білмейтін немесе білгенімен амал жасамайтын мүмин хикмет иесі бола алмайды. Барлық нәрсенің асылын немесе ақиқатын үйрену үшін қол жеткізген ілімді де хикмет деп атайды. Аһлақ және

мәні терең насихаттарға да хикмет деп атайды. Хикмет иесі жанда кезкелген жәйдің астарын, мән-мағынасын ұғыну, түсіну, түйсіну қабілеті болады. Құранда: «Хикмет берілген жанға расында көптеген қайыр (да) берілген», – делінген және осыны қуаттай түсетін бір хадисте: «Хикмет мұминнің жоғалтқаны, оны қайдан тапса алады», – деп баяндалған.

23) Сыла-и рахим (жақындарды зиярат жасау) – ислам құндылығы ретінде. Жақын адамдарды зиярат жасау, кемшіліктерін кешіру, қажеттіліктерін өтеу, сыйлықтар беру сыла-и рахим болып табылады. Туысқандар жақын жерде болса жиі-жиі оларды зиярат жасап отыру, алыста болса байланыстарды үзбей хат жазып, телефон соғып тұрған дұрыс. Бұл, исламның туысқандық байланыстарға қатысты негізгі қағидаларына сай әрекет болған болар еді. Сыла-и рахим жасауға қатысты пайғамбарымыз: «сыла-и рахим өмірді ұзартады» [121, 35 б.], – деп айтып кеткен.

24) Парасат – ислам құндылығы ретінде. Зеректік, алғырлық, не нәрсені болсын тез ұғынып түйсіну, көрегендік мағыналарын білдіреді. Парасаттылық екі түрлі болады: біріншісі табиғи түрде шабытпен келетін көрегендік, екіншісі болса адамның өзін жетілдіруі арқылы қол жеткізген парасаты болады. Осыған қатысты ардақты пайғамбарымыз: «мұминнің парасатынан сақтаныңыздар, себебі ол, Алланың нұрымен қарайды», – делінген.

25) Қанағат – ислам құндылығы ретінде. Бұйырған несібеге риза болу, ішіп-жеу, киіну және тұрмыста аз нәрсеге қанағат жасау қасиеті болып табылады. Қанағатшылдық, жалқаулық нәтижесінде азға қанағат ету де емес. Көптеген қылмыстар, әсіресе ұрлық, парақорлық, тонау, мемлекет мүлкін талан-таражға

салу, басқасының ақысын жеу секілді тойымсыздықтар қанағатсыздықтан туындайтындығы белгілі. Қанағатқа қатысты бір хадисте: «Қанағат бітпейтін қазына», – деп айтылған. Расында да қанағатшылдық қарын тойдыратын керемет қасиет. Қанағатшыл жан көңілі тоқ, абыройлы жан деген сөз. Тағы бір хадисте: «Қанағат еткен жанның мерейі үстем (азиз) болады, ашкөз жан болса масқара болады», – делінген.

Жүректі жаман қасиеттерден арылту үшін әдемі аһлақпен нәрлендіру өте маңызды. Әдемі аһлақ иесі болу үшін мықты иман, күнәға кері қайтпауға белді бекем буған тәуба, күнәлардан алыстап қателері үшін өкіне білу, ұяла білу, Алла тағалаға құлшылық ету, сабыр ете білу, тақуалық, сөзінде тұру, аманатқа қиянат жасамау, опасыздықтан алыс болу, көрші құқығын құрметтеу, жомарттықпен басқалардың қарнын тойдыру, сәлем беруді ұлғайта түсу, іс-әрекеттерін мінсіз жасау, ақиретті аңсап пәни дүниеге бой алдырмау, ақиреттегі есеп беруден қорқу, кішіпейіл болу, жәбір-жапа көрсетпеу, бәле-жала, қиыншылықтарға сабыр ету, әрдайым Алланың құзырында екендігін ұмытпау, нәпсіні ләззат алып құмартатын нәрселерден тыйып жүру, жүректе қорқыныш пен үмітті қатар ұялату, жомарттық, кешірімшілдік, сүйіспеншілік, көмек беруге құштарлық, қайғы-қасыретте ортақ болу, басқа жанды өз нәпсісінен артық көру, жақсылыққа үндеу, абыроймен өмір сүру, Аллаға толықтай мойынсұну және сенім арту, ержүректік, қаһармандық, жүректе Алласүйіспеншілігін күшейту, Аллаға қауышу арманымен және Одан айрылып қалу қорқынышымен өмір сүру, әдепті болу, барша нәрсені байыптылықпен жан-жақты, мұқият зерделеп асығыстықтан аулақ болу, өз нәпсінді әрдайым таразыға тартып есеп беріп отыру,

ынсапты болу, басқалар туралы жақсы және оңды ойда болу, әрдайым саналы түрде шайтанмен және нәпсімен күресу қажеттігін ұғыну, қажетсіз пікірталас және керістен аулақ болу, өлімді әрдайым еске алу, ұзақ өмір сүру құштарлығын тізгіндеу, Құранның қыр-сырын үйренуге талпыну, ойға оралатын жаман нәрселерден аулақ болуды үйрену, әрдайым Алла тағалаға мұқтаж екендігін және Оған сыйыну қажеттігін түйсіну, барлық жағдайда ықыласты (барлық істі тек Алла ризашылығы үшін жасау) болу қажет [122, 89 б.].

Көркем мінез, әдемі ахлақ иесі болу үшін жоғарыда атаған жайлардың әрбірі негізінде үлкен ақиқаттар болып табылады. Мінекей мүмин осындай ахлақ иесі болуды мақсат етіп осығын қауышқанда ғана жүрек тазалығына ұласуы мүмкін.

Сонымен қатар, ислам құндылықтарын мазмұнына қарай интеллектуалдылық құндылықтар, өзектілігіне орай толеранттылық пен демократиялық ұғымдарды біріктіретін құндылықтар.

Интеллектуалдылық құндылықтары ретінде әрбір мұсылманның парызы білім іздеу арқылы Аллаға жақындау, оған құлшылық ету болып табылады. Білім іздеуге жұмсалған күш-жігер Алла жолындағы күреске жатады. «Оқы» сөзі – Алладан адамға түскен жолдау. Білім іздеу арқылы адам әлемдегі нәрселердің жаратылысына ой жүгіртуге, оларды танып-білуге құштарландырады. Ол арқылы ой-өрісі, білім мен ғылымға деген қызығушылығы оянып, адамзаттың көкжиегі кеңиді. Ислам ең басты кезекте ғылымды қолдады. Себебі, исламда білім-ғылым иманның серігі, сондықтан ғалымның ғылыми еңбектері нәтижесінде шарифат жанжанып, ислам заңдылықтары сақталады. Мысалы, Қасиетті Құран Кәрімнің «Әл-Жасия» сүре-

сінің, 13-аяты: «Сендерге көктердегі нәрселерді де, жердегі нәрселерді де толық бағындырды, бұл нәрселерде ойланатын адамдар үшін, әлбетте, белгілер бар» [11, «Әл-Жасия» сүресі, 13-аят], – делінген. Сонымен қатар, «Аспанды және жер бетіндегі нәрселердің бәрін Алла өз ықтиярымен сендерге қызмет еткізді. Жаратушының тағлымын мойындайтын адам үшін мұнда айқын дәлел бар» аятынан Алланың адам игілігі үшін жаратқан барлық дүниесін зерттеп, зерделеп, тылсым қасиеттерді анықтауға талпыну қажеттілігі жөнінде талап қоятындығы байқалады. Білім мен ғылымды қоғамда толыққанды бекіту үшін іс-әрекетті, еңбексүйгіштікті, жүйелілікті, уақытты үнемдеу мен табысты пайдалануды насихаттаған. Құран Кәрімде: «Қай қауым болсын өз жағдайын өзі өзгертпесе, Алла оның жағдайын өзгертпейді», Пайғамбарымыздың бұл жөнінде «Әрбір жетістік, сол жетістікке сай адамдарға ғана беріледі», «Шындығында Алла жұмысты аяғына дейін беріліп істейтін адамды жақсы көреді», «Алла еңбексүйгіш адамды жақсы көреді және олар тозақ отына күймейді», «Иман – тек Алладан тілек тілеу ғана емес, сонымен қатар ол адамның шынайы жүрегі мен істеген амал-әрекеттері арқылы дәлелдеу», «Көптеген адамдарға екі нығмет берілген: олар денсаулық пен бос уақыт», «Тал бесіктен жер бесікке дейін білім іздендер», «Ғұламалар – пайғамбарлардың мұрагерлері» секілді ғибратты хадистері мысал бола алады. Жалпы жоғарыда келтірген интеллектуалдылық құндылықтарының кез-келгені ислам дінінің баға жетпес асыл құндылықтары болып табылады. Олардың ең маңыздыларының бірі уақыт болып саналады. Уақыт – исламның басты назарында, өйткені ислам уақытты игілікті істерді атқаруға міндеттейді. Ислам аясында Ибн Халдун, Ибн Сина,

Әл-Фараби, Ибн Рушт, Әл-Ғазали, Әбу Ханифа, Ибн әл-Хайсам, ар-Рази секілді ғұламалардың дүниеге келуі, олардың неше ғасыр бойы маңызы мен өзектілігін жоймаған ғылыми еңбектері ислам дініндегі интеллектуалды құндылықтардың қаншалықты мықты екендігін, оның әлеуетінің зор қуаты бар екендігінің дәлелі болмақ.

Ал демократиялылық пен толлеранттылық ұғымдарын біріктіретін құндылықтарға келер болсақ:

Ислам әлемнің барлық тарапына, яғни бірнеше мемлекеттерді, бірнеше мыңжылдықтарды қамтитын бүкіладамзаттық дін. Ол бір ұлтты басқа ұлттан немесе бір елді басқа елден жоғары қойып, не төмендетпейді. Құран Кәрімде мұсылмандардың барлығы тең екендігі айтылған. Бұл оның демократиялық негіздерді ұстанатындығын көрсетеді. Сонымен қатар ислам құндылықтарында ұлтшылдық, нәсілшілдікке жол берілмейді. Құран Кәрімнің «Сәбә» сүресінің 28-аятында Алла тағала: «Сені барша адамдарға қуанту әрі ескерту үшін жібердім, бірақ адамдардың көбісі оны білмейді» [11, Сәбә сүресінің 28-аят], – делінген. Ал, Қасиетті Құран Кәрімнің «Әл-Әнбия» сүресінің 107 – аятында: «Сені бүкіл әлемге рахым етіп жібердік»[11, «Әл-Әнбия» сүресінің 107 –аят], – делінгеніндей Ислам тек мұсылмандардың және арабтардың ғана меншігі емес, бүкіл адамзаттың игілігі үшін келген дін деп түсінген жөн.

Исламдағы бауырмалдық ислам мен иман негізінде қалыптасатын рухани байланыстардың бірі. Исламда жеке тұлғаның, барша қоғамның, жалпы адамзаттың көздейтін бірегей мақсаты – тек бір ғана Алланы танып, мойындау. Бүкіл ғалам ұлттарының, елдерінің, жерлерінің өзгешелігі мен алыс-жақындығына қара-

мастан, осы аталған ұлы мақсатқа бірігу жолында игілік, жақсылық, шындық, туралық, әділдік, ынтымақтастық, ерік-бостандық, теңдік, бейбітшілік, тұрақтылық қасиеттері тек Алладан ғана нәсіп етіледі деп сенуі қажет. Сон да ғана адамның, отбасының, мүліктің, халықтың, Отанның, үмметтің, басшылықтың іс-әрекеттеріне деген мәртебе өз шыңына жетеді. Бұл туралы Қасиетті Құран Кәрімде: «Ей, адамзат! Сендерді Біз әуелде бір еркек, бір әйелден (Адам мен Хауадан) бір ата, бір анадан жаратып (өрбіттік), өзара қарым-қатынас жасауларың үшін көптеген ұлт, ұлыс етіп көбейттік» [11, «әл-Хужурат» сүресі, 13-аят], «Ізгі істерге, тақуалыққа көмектесіңдер, күнә жасауға, жауласуға жәрдемші болмаңдар», «Маған да, ата-анаңа да рахмет айтыңдар», «Егер (бергеніме) шүкіршілік етсеңдер, оны тағы молайтамын», «Рухы таза адам сөз жоқ мұратына жетеді. Жанын жамандық жайлағандар қор болады», «Қалаған адам иманға келсін, қалағаны кәпір бола берсін», «Кім де кім тозаңның салмағындай жақсылық істесе, соның сауабын көреді, ал кім де кім тозаңның салмағындай жамандық істесе, соның зардабын тартады», «Жаңадан әскер қатарына алынғандарды жақындастыратын – жан дүниесінің үйлесімділігі, ал алыстатуы – жан дүниелерінің алшақтығы» делінген аяттар Алла тағаланың адамдардың өзара түсінісуіне әкелетін хақ жол екені ашық көрсетеді [123, 9 б.].

Исламда жүректің таза болуы үшін арылатын исламдық емес құндылықтарды да атап өткен жөн. Олар:

- Қызғаныш – Алла тағаланың басқа жанға нәсіп еткен нығметінің жоқ болуын тілеуі.

- Ызақорлық – дұшпандық, кекшілілік және өшпенділік сезімдерінің жетегінде кету. Бұл қасиет, сонымен қатар қызғаныш пен өкпешілдік те тудырады.
- Тәкәппарлық – Адамның өзін басқалардан үстем көруінен туындайтын менменшілдік қасиеті.
- Өз-өзіне тәнті болу – Адам өзін ілім және амалдары бойынша кемелденген жан деп есептеуінен туындайтын менменшіл қасиет.
- Сараңдық – Мал-мүлікке болған құштарлық салдарынан басқалармен бөлісу немесе көмектесу сезімінен жұрдай болуы.
- Екіжүзділік – Жақсы қасиеттерімен адамдарға жақсы көрінуге талпынудан туындайтын теріс қасиет.
- Атақ және даңқ құмарлық; Хаққа апаратын жолда аяққа тұсау болатын жаман қасиет. Әрине, Алла тағала өз дінінің кемелденуі үшін атақ пен даңққа бөлеген жандардың жөні басқа.
- Мақтанқұмарлық – ата-бабасымен, тегімен мақтану. Бұл тиым салынған жаман қасиет болып табылады.
- Өкпешілдік – тұла бойын ашу-ыза мен өкпе кернеген адамның жағымсыз қасиеті.
- Ғайбат – Басқа бір мұсылман бауырыңды естіген сәтте ренжитін бойындағы кейбір міндерін артынан айту. Мұсылман бауырыңның дене бітімі, сөздері, іс-әрекеттері, ғибадаттары, күнделікті өмірі, киім-киіс жүріс-тұрысы туралы артынан жағымсыз сөз сөйлеу ғайбат болып табылады.
- Іріткі салушылық – Адамдар арасында іріткі салу мақсатымен сөз тасу.

- Өтірік – Бір нәрсені болған күйінен басқаша етіп жеткізу. Бұл ең жиренішті күнәлардың бірі болып табылады.
- Көп сөйлеу – Бұл да жағымсыз қасиеттердің бірі болып саналады. Себебі күнәларды паш ету, өсек айту секілді көптеген харам немесе мәкрүхтердің жасалуына себепші болатын теріс қасиет.

Бұлардан басқа теріс, жаман қасиеттер мыналар болып табылады: бұзылған наным-сенім, күнә істеу, тәубе етуді қою, парыз және сүннеттердің не екенін білмеушілік, үйренуге талпынбау, алдап-арбау, басқаға тұзақ құру, опасыздық жасау, қанағатсыздық, ашкөздік, харам нәрселерге қызығып арбалу, бос және бәтуәсіз нәрселерге құлақ түру, жамандық орын алғанда қол қусырып қарап отыру, қарғап-сілеу, зина жасады деп жала жабу, ұрысу және жанжалдасу, жалған ант ету және өтірік куә болу, сайқы-мазақ ету, адамдарды менсінбеушілік, кек сақтау, айтысып-тартысу, адамдарға зиян келтіру, кекшіл болу, зұлымдық жасау, ысырап жасау, жөн-жосықсыз қалжың айту, аса сәндену және жайбарақат жайлылыққа бой алдыру, арамдығы айдай анық күнәларға құмарлық, көп жасау және көп табыс табуға деген құмарлық, ұятсыздық, қорқақтық;

Жүрек осы жаман қасиеттерден арылғанда ғана тазалық шыңына ұласады. Алайда осы жаман қасиеттерден толықтай арылған жанның өзін «осылаймын» деп айтуы да дұрыс емес.

Жүректі алдап-арбаудан және қызғаныштан тазартуға қатысты өнегелі мысал келтірер болсақ; Әнәс Бин Малик (р.а.) былай деген екен: «бір күні пайғамбарымыздың құзырында отырған болатынбыз, кенеттен ол, «қазір сіздің араңызға жәннәт халқынан бір жан келеді», – деді. Осылай деп айтқаны сол-ақ екен

ансаралардан бір адам келді. Әлгі адамның сақалынан су тамшылап тұрған болатын. Аяқкімім болса сол қолына ұстаған екен. Келесі күні Алла елшісі осы әңгімесін тағы да қайталады. Сол-ақ екен әлгі адам дәл кешегі жағдайда тағы да арамызға келіп енді. Үшінші күні ардақты пайғамбарымыз тағы да екі күннен бергі сөзін қайталады. Сол-ақ екен әлгі адам тағы да күнделікті жағдайда арамызға енді.

Үшінші күнде ардақты пайғамбарымыз мәжілісті бітіргесін отырған жамағат тарады. Сахаба Абдуллах бин Амр бин Ас (р.а.) әлгі адамның жанына барып, «мен әкеммен жанжалдасып едім, үш күн бойы жанына бармайтындығыма ант еттім. Осы уақыт ішінде үйіңде мені қонақ етуіңді өтінемін», – деді. Әлгі адам «жарайды», – деді.

Абдуллах бізге үздіксіз мына жайды баяндаған болатын. «Әлгі адамның қасында үш түн бірге болдым. Осы уақыт аралығында бір рет те болсын (түнгі) намаз үшін ұйқысынан оянбады. Таң намазына дейін ұйықтап жатушы еді. Тек қана төсегінде оңға солға аунағанда Алланы еске алып тәқбир жасайды екен. Мұнымен қоса аузынан ешқандай да бір жаман сөз естімедім. Үш түн біткесін әлгі жаннан: «Әкеммен арамда қандай да бір реніш жоқ болатын, Алла елшісі мәжілісте үш күн бойы қатарынан «қазір сіздің араңызға жәннәт халқынан болатын бір жан келіп қосылады», – деп баяндады. Айтуы сол екен әрдайым арамызға сен келіп қосылдың. Мен болсам саған қонақ болып жасаған амалдарыңды көргім келді және сол амалдарды жасағым келген болатын. Шынын айтсам соншалықты көп те ғибадат жасағаныңды байқамадым. Алла елшісі сүйіншілеген бұл мәртебеге қалай жеттің?», – деп сұрадым. Әлгі адам: «Көріп байқағаныңнан басқа ғибадатым жоқ»,

– деп жауап қатты. Сөйтіп қоштасып бұрылып кете бергенде әлгі адам арқамнан шақырды да: «Расын айтсам, көргендеріңнен басқа ешқандай ғибадатым жоқ. Дегенмен ешбір мұсылманға қарсы жүрегімде қандай да бір алдап-арбау ойы болған емес және кек сақтау мен қызғаныштан да аулақпын!», – деді. Мен: «мінекей, сені әлгі мәртебеге жеткізген осы қасиетің болар», – дедім» [124, 2/164].

Тарихи процестің бірлігін қамтамасыз ететін, рухани сабақтастық пен ынтымақтастыққа негіз болатын ислам құндылықтары еркіндік пен имандылық, қайырымдылық пен ізгілік, шығармашылық пен әділеттілік секілді руханилықтың мәңгі категорияларының арқасында қалыптасады және дамиды. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі жаһандану үрдісінде өзгерістермен астасып жатқан рухани өміріндегі қатынастарға трансформациялануы жағдайындағы ислам құндылықтарының рухани ерекшеліктері, оның моральдық, идеологиялық, мәдени-гуманитарлық және өркениеттік негіздері қазақ халқының рухани мәдениетімен біте қайнасып жатты.

Ислам құндылықтары жалпы алғанда адамның жетілуіне, кемелденуіне, үйлесімді өмір сүруіне қызмет етеді. Қазақ халқының мәдениетіндегі ислам құндылықтарының орнын саралағанда, дәстүрлі қоғамның құрылымының ғасырлар бойы негізін сақтап келген, халық мұраларының тарихи процесінде жоғалып кетпеуіне себепші болған күш – адамгершілік принциптеріне негізделген руханилық болғандығын басты ұстам ретінде қарастыру қажет. Осы тұрғыда, гуманистік, этикалық принциптердің қазақ жерінде ежелден келе жатқан дәстүрлі басымды рөлі ислам құндылықтарының дамып, орнығуына басты дәнекер болғандығы сөзсіз.

Зерттеу нысанамыздағы адамзаттың өркендеуі мен рухани гүлденуіне ұшаң-теңіз үлес қосқан ислам құндылықтарына сараптама жасау бүгінгі ғылымның өзекті ісі болмақ. Кеңестік заманда ислам дінінің эстетикалық заңдылықтары толықтай бұрмаланды. Соған қарамастан исламдағы гуманистік сипат қазақ халқының мәдениетінде үстем рөлді атқарды. Бұл ретте бүгінгі күні жастарымыздың бойына исламның озық құндылықтарын қалыптастыру маңызды мәселе. Көпұлтты әрі көпконфессиалы Қазақстанның мәдени тұтастығы, оның ішкі бірлігі осы елді құраушы титулды ұлт қазақ халқының әлеуметтік ортадағы ислам құндылықтарын, ғибратты қасиеттерін, асыл маржанды мінез бастауларын ішкі тұтастыққа негіздеуімен өзекті. Себебі, ислам құндылықтары мен мұраттарының бірлігі ел дамуының, қоғамды біріктіруінің басты факторы болып табылады.

Рухани дамудың қайнар көзі – жүрек тазалығын сақтау. Ақыл жүрекке қызмет етуі керек. Қазақтың далалық дүниетанымынан оның ділінің түкперінде имандылыққа деген құрметпен қараушылық, оны бағалау жатқанын аңғарамыз.

Мұсылмандық руханилықты адамгершілік принциптері мен рух және жүрек тазалығы принциптері құрайды. Осыған орай, қазақтың адамгершілік принциптерін жүйелеп түсіндіруде үлкен маңыз бар.

3.2. Жаһандану үрдісі және ислам құндылықтары

В.Э. Багдасарян: «Ислам сам по себе уже есть глобализационный концепт. Сущностно он представляет один из вариантов глобализации» [125, с. 69].

Заман өзгеріп, жер дүниені қамтыған жаһандану кезеңіндегі Қазақстан тәуелсіздігінің көк туын жел-

біретіп, тарихи дамудың кең өрісіне қадам басқан сайын, өткеніне шүкіршілік айтып, болашағын бағдарлау үстінде. Көптеген ғалымдар жаһандану дәуірінде ұлттың негізгі діңгегі ретінде әртүрлі идеялар ұсынуда.

Жаһандану дәуіріндегі қазақтың болашағы туралы ой қозғаған Ақселеу Сейдімбек: «Ұлттық идея деген – ұлттың, мемлекеттің тек бүгін ғана емес, ұзақ мерзім аясында бақытты да кемел өмір сүруін қапысыз қамтамасыз ететін тегік және халықтың ынта-жігерін оятатын белсенді өмір-салт. Одан да нақтылап айтқанда, ұлттық идея деген – ішкі және сыртқы факторлармен мұқият санаса алатын, жалпы адамзаттық дамудың объективті үрдістерін қапысыз қаперде ұстап отыратын, сөйтіп, төлтума сипатта дамуды мақсатты түрде нысана ететін мемлекеттік мұрат және қоғамдық белсенділік» [126, 36 б.], – деп тұжырымдауының астарынан ислам дінінің қуатты күшін айқын сезінуге немесе көрсетілген теңеу сипатына Ислам дінінің әлеуетін жатқызуға әбден болады.

Профессор, қазақтанушы философ, көрнекті ғалым Жақан Молдабековтың ойынша: «Қазақтың мәдениетін, ділі мен дінін жаңа деңгейге көтеретін, жаңа қарқында дамытатын оралымды да оң кезең келді. Діни мәдениет пен ұлттық мәдениеттің идеологиялық жұмысты бір-бірімен үйлестіретін уақыт келді. Исламның әдеби мен қазақтың гүлденуіне жаңа өріс беріп жатсақ, онда өркениет сырттан ғана емес, іштен де өрби түспек.

Оның нысаны – Алла мен адам арасындағы рухани тұтастықтың табиғи көріністері мен ықпалын күнделікті тұрмысқа тарату» [127, 139 б.], – деген ой-пайымынан ғаламдану заманында қазақшылығымызды Ислам дінінің тірегі арқылы табу көрсетіледі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Орта Азия мүфтилер кеңесінің бұрынғы төрағасы, Бас мүфти, Шейх Әбсаттар қажы Дербісәліше айтқанда, дәстүрлі дініміз Ислам – он төрт ғасырдан бері бүкіл адамзатты сенімі мен нанымына, тегі мен нәсіліне қарамай бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлылық пен тазалыққа шақырып келе жатқан Алла тағаланың бірегей діні. Тарих сахнасына көтерілгеннен бері, өмірдің өзі көрсеткендей, Ислам дінінің ғылым-білім мен өркениеттің сарқылмас кәусар бұлағы екендігін әлем мойындауда [128, 45 б.]. Олай болса, жаһанданудың оң әсерлерімен қатар, теріс қағидаларын болашағымызға сіңірмес үшін ислам құндылықтарын жастардың өн бойына насихаттау бүгіннің тапжылмас міндеті. Әрине, жаһанданудың оңтайлылығы саясатта: демократия, толеранттылық принциптерінен, экономика саласындағы реформаларынан анық аңғаруға болады, ал мәдениетте Батыс өркениетіндегі анайы, дөрекілікті адамзаттың ортақ құндылығы ретінде халқымыздың санасына жапсарлауы қауіпті. Жаһанданудың бұл аймағы қашан да алуан сұрақтарға жетелейді.

Қазақстандық құндылықтанушы, философ Серік Нұрмұратов: «... Кейбір күрделі проблемалардың шеті бар екенін байқатты. Қазақстанның тәуелсіздігімен қоса басқа Кеңес Одағындағы елдерде де өзіндік дербестік орнай бастады. Балтық жағалауының республикалары (Латвия, Литва, Эстония) бірден батыстық құндылықтарды мойындап, жылдам солардың өмір-салтына ауысып та кетті. Кавказ республикасы өзара жерге таласпен уақыт ұттырып, қазір экономикалық, саяси тіптен рухани құндылықтардың дағдарысын басынан кешіп отыр. Ресей мен Белоруссия жақын болғысы келеді. Украина өз жолымен дамығысы келеді.

Ал, Орталық Азиядағы елдер де әр түрлі мәдениеттердің, өркениеттердің, құндылықтық жүйелердің ықпалын сезінуде. Соның қатарына іргелі исламның әр түрлі көрінісінің байқалуы (мәселен, ваххабизм). Бұндай, радикалды діни ықпалдан Қазақстан да қауіптенеді» [83, 170 б.], – деуі, исламдағы ағымдардың тарихына көз жүгіртуге салмақтайды.

Дін қағидалары келешектегі өмір түгілі, қазіргі тыныс тіршілігімізден де үлкен айырмашылығы бар дәуірде қалыптасқан деп ойлайтын адамдар да бар. Сондықтан олар дін кез-келген кезеңдегі өмірлік мәні бар мәселелер бүгінгі өмір талаптарына тіптен сәйкес келмейді деп тұжырымдауда. Әрине, бұл түсінік қазіргі кейбір қосалқы діндерді дәл бейнелеуі мүмкін. Бірақ, Ислам дінінің жалпы сипатына қарама-қайшы. Өйткені, Ислам кез-келген уақытқа, жағдайға, толыққанды тіршілікке арналған дін. Ол адамның өзекті мәселелерінен бір мезет те қалыс қалмайды. Сондықтан Ислам, біріншіден, адамзаттың өткенімен де, бүгінгісімен де, болашағымен де тығыз байланысып өмір сүре береді. Екіншіден, замана ағымынан, өркениеттен қалып қоятындай керітартпалыққа жол бермейді. Ислам әр адамның ізденіп, зерттеу жасауына және өз заманының қайғы-қасіретіне шипа боларлық шара іздеуіне кеңінен жол ашады.

Ең ғажабы, шарифат талаптарынан алшақ кеткен, қыңыр-қисық ағымдардың өкілдері бізге бұзық пікірін итермелеп қана қоймайды, соның бәрін діннің атын жамылып, дін хақына қол сұғып, өздерінің жансақ түсініктерімен келіспеген адамды діннен шықты деп кесім айтады. Діннен шығару, күпірлікке балау өздерінің дүниетанымына сәйкес келмейтін ойшылға жала ретінде жаба салатын оп-оңай іс болып қалды. Бұл турасында

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Егер біреу бауырына: “Әй, кәпір!” – десе, ол міндетті түрде екеуінің біреуіне қайтады. Яғни, айтқаны дұрыс болмаса, өзі кәпірге айналады»* – деген [129, 7 б.].

Жаһандану дәуірінде ислам әлеуеті шексіз зор болмақ. Ислам діні Алла тағала тарапынан адамзатқа жіберілген соңғы жолдама болғандықтан ол – ақырғы, толыққанды дін. Жаратушымыз Құранда: **“Бүгін діндеріңді кемеліне жеткіздім және нығметімді толықтастырдым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым”**, – дейді [11, «Мәйдә» сүресі, 3-аят]. Бұл Пайғамбарымызға (с.а.у.) түскен ең соңғы аят болып саналады.

Алайда, дініміздің реформа жасауға келетін және келмейтін тұстары бар. Ешқашан да Ислам негіздерін өзгертуге немесе әлде бір жағдайларға қарап жаңартуға болмайды. Оған - әр мұсылманға парыз болған амалдар, адал мен арам (халал, харам) жатады. Мысалы: Намаз діннің тірегі, оны орындау әр мүмінге парыз. Оны әлде бір сылтауларды тауып өзгертуге, яғни парыз емес, орындамаса да болады деп жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ ақылды аздыратын арақ, есірткі сияқты заттар харам нәрселердің қатарына кіреді. Оны да әлде бір сылтауларға сүйеніп адал деп ақтауға болмайды. Сондықтан дін негіздерін өзгертуге, жаңартуға ұмтылған адам иманынан айрылып, Исламнан шығады, бір сөзбен айтқанда кәпір болып қалады.

Исламның мән-мақсатын замана тынысына сай түсіну әр мұсылман үшін өте маңызды. Осыған орай насихат тәсілдерін жаңғыртып, жетілдіру – кезек күттірмейтін міндетті шара. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.): *“Расында, Алла тағала осы үмбетке әр гасыр сайын дін заңдылықтарын жаңа қырынан*

жетілдіретін кісіні (ғалымды) жібереді”, – деген [130, 13 б.].

Ислам діні: “Ыждағаттылыққа (Іздену, талап ету. Араб тіліндегі «ижтиһад» сөзінен алынған) құлшынған мұсылман қателесе – бір сауап, дұрыс шешімге келсе – екі сауап жазылады”, – дейді. Қателескен мужтаһидке (ізденушіге) сауап жазылуы исламдағы кеңшілік дәрежесінің биіктігіне дәлел бола алады. Бұған төрт фикһи (Ислам заңдары, яғни шарифат) мазхабтарының құрылуы айқын дәлел. Ыждағаттылыққа ұмтылуға кез-келген мұсылманның құқығы жоқ. Оған құқылы адамды “мұжтаһид” (ізденуші) дейді. Бірақ, оның өзіндік шарттары бар. Мұндай адамның білімі өте жоғары болуы, араб тілін ана тіліндей жетік меңгеруі, араб сөздерінің синонимдерін, баламаларын білуі керек. Өйткені, Исламның негізі – Құран мен хадистер араб тілінде баяндалған. Сонымен қатар Құран Кәрімді толық жаттап қана қоймай, Құран ғылымын (аяттардың түсу тарихын, нәсіх пен мәнсух аяттарын т.б.) жетік, кеңінен игеруі шарт. Оның ең қиын шарттарының бірі – өте көп (кейбір ғалымдардың айтуынша 100000-нан астам) хадисті Пайғамбарымыздан (с.а.у.) бізге дейін жеткен тізбегімен бірге жатқа білуі керек. Өйткені бір мәселеге дәлел келтірген кезде жадында сақталған аят, хадистен бірден мысал айтуы тиіс.

Исламның көрнекті ойшылы Мұхаммад Иқбал: «*Ижтиһад – Ислам әрекетінің қағидасы*» – деп өте орынды айтқан [125, 144 б.]. Өйткені, өмірдің өзі әрдайым қозғалыс, даму үстінде, ал ижтиһад бейне оны жаңартып, жаңғыртып отыратын өлмес рух тәрізді. Демек, Ислам діні ижтиһадқа жол ашады, ал оны қолданбауды күнә санайды. Тіршілікке қажет іс-әрекеттерді ұдайы дамытып отыруды қолдайды.

Сондықтан ол – өмір қаншалықты құбылып, күрделене түссе де, бүгінгі таңдағы әрі келешекте шиеленіске түсер түйінді мәселелерді шешуге толық қауқары жететін дін.

Ислам әлеміне шығыста немесе батыста пайда болған қандай да бір жаңа саяси, экономикалық немесе философия ағымының желі жетсе, соның ықпалымен кейбіреулер көпшілікті бас сала қорқытып, үрейлендіруді әдетке айналдырып алды. Олар дініміздің құндылықтары мен мұсылмандарды осы ағымдардың қауып-қатерінен сақтау жолындамыз деген оймен оларға қарсылық білдіре бастайды. Олардың көзқарастары бойынша әлгі ағымдар Исламға қарсы мұқият түрде жан-жақты қарастырылған шабуыл жоспары (диверсия) тәрізді.

Ал, Ислам әлеміндегі бұған мүлде қарама-қарсы бағыттағы басқа бір топ, шығыстан немесе батыстан жеткен барлық ой-пікірді тексеріп, сараламастан, ойланбастан қабыл алуда, оны насихаттау жолында жанын пайда етіп, өздеріне қарсы шыққандарды надан, артта қалған және кері тартпа деп айыптауда. Бұл топта дамыған елдерден келген мұндай ілімнің бәрі даму мен өркениеттің көзі деген тұжырым қалыптасқан. Біздің елімізде де дәл осылай.

Сөйтіп, көбінесе осы екі топ: түгелдей қарсы немесе түгелдей қостаушы болып, қаншама уақыттары мен күш-қуаттарын нәтижесіз, пайдасыз дауға жұмсап, таусыла таласып-тартысып жатады. Мәселен, Батыс өркениетіне жалпы көзқарас, батыстағы шығыстануға бағытталған көзқарас немесе соңғы жылдары кеңінен етек алған батыстандыру мәселесін алға тартуға болады.

Осы топтың екеуі де бірбеткейлік танытады да, мәселенің дұрыс-бұрысын тиісті дәрежеде зерттеуді, ой таразысына салып, әділдікпен шешуді қаламайды.

Бүгінгі Ислам әлемінің белгілі де беделді ойшылы, Египет Араб республикасы Уақф министрі, профессор Махмуд Хамди Зақзуқ былай дейді:

“Біз әу бастан, жаһанданумен бірге де емеспіз, не оған қарсы да емеспіз. Бірақ біз жаһандану мәселесіне де, бөтен ағымдарға да үлкен қырағылықпен қарауға тиіспіз. Мұсылмандар қай мәселені болсын жан-жақты сараптап және нақты, биік ой-өріс тұрғысынан пайымдап, осылайша, бір жағынан ақиқатты айқындау жолында еңбек етсе, екінші жағынан, әрбір жаңа ағымға беталды жабыса бермей, оны ақыл таразысына салып, салмақты пайымдау жасаулары керек деп ойлаймын.

Осыған орай төмендегі өте маңызды бірнеше мәселеге тоқталғанды жөн көрдім:

1. Ислам дін тұрғысынан алғанда бөтен ағымдардан қауіптенетіндей уақытша бір құбылыс немесе философиялық бір ағым емес. Ол Ислам болмысындағы тамыры тереңге жайылған ақиқатқа жаңсақ, жасанды ағымдар әсер ете алмас дінгегі мықты дін. Мұсылмандар Ислам дінінің негізгі мақсат-мүддесін жете түсініп, оның мән-мағынасын терең түйсінген кезде, ішкі және сыртқы ағымдар қандайлық күш-қуатқа ие болса да, олардан келіп-кетер ешқандай қауіп-қатер болмайды.

2. Жаһандану – ақиқат, оны елемей қоюдан еш пайда жоқ. Ол бастапқыда экономика саласынан бастау алып, бірте-бірте саясат пен мәдениет салаларына да аяқ басқан құбылыс. Бұл көз алдымызда болып жатқан ақиқат шындық, оны жоққа шығарудың ешбір мәні жоқ.

3. Бұл әлемде өмір сүріп жатқан жалғыз біз ғана емеспіз және біз технология саласы күрт дамып, ақпарат пен байланыс үдеген, ғарышқа жол ашылған ғасырда өмір сүріп жатқанымызды ұмытпағанымыз жөн. Олай болса, бөлектенуден, оқшауланудан келер пайда жоқ”.

Жаһандану үдерісінің алға қойған мақсаты – ұлттар мен халықтар арасындағы геоэкономикалық, саяси, мәдени, заманауи кедергілер мен мемлекеттердің шекараларын жою және қандай жолмен болса да Батыс өркениетін, яғни үстемдік өркениетін орнату. Ендеше, бойымыздағы байсалдылығымызды жоғалтып алардай үрейленудің қажеті жоқ. Өйткені, оны жоғалту біз үшін тиімді емес. Тіпті ойлануға да мұрша бермейді. Жаһандану үрдісі (процесі) бізге бетпе-бет келіп отырғаны шындық. Негізінен алғанда бұл – тұтастай жаман да, жақсы да емес. Бірақ қалай болғанда да біз онымен санасуға, бірлесіп әрекет етуге міндеттіміз.

Жаһандану болмысы мәнді және мәнсіз негіздерді қамти отырып, әлемдегі барлық адамзатты жан-жақты қоршап алғаны анық. Мысал келтірер болсақ, «Шауырма» және “Coca Cola» сияқты дайын тағамдар мен ішімдіктер, «Джинси» сияқты киімдер, жастардың санасын жаулайтын «Валентина күні» сияқты идеологиялар, жақсы-жаман фильмдер, бағдарламалар мен өнердің түрлі салалары, алуан түрлі көңіл көтеру құралдары.

Жаһанданудың ақ ордасына айналған Батыс елдерінде кеңінен таралған қоғам, жыныс және жанұя қарым-қатынастарының белгілі бір түрлерін дамытуға жол ашуы тасыған селдің гүрілдеген үніндей бізді де елеңдетуде. Бұған қарсылық белгісі ретінде есік-терезені тарс жауып тастасақ та оның отандастарымызға спутниктік антенна, көгілдір экран және ғаламтор

арқылы жетуіне тыйым сала алмаймыз. Ендеше біз шындықпен бетпе-бет келгенімізді мойындап, саналы түрде дұрыс мәміле жасағанымыз жөн.

Бұл жөнінде профессор Махмуд Хамди Зақзук: «Менің пайымдауымша, жаһандану мұсылмандар үшін өзара сын айтысып, есеп – қисап жүргізуге шақырар қосымша үндеу (шақыру) десе болады. Әрине бұл үндеу жаһандандырушылардың қалауынсыз-ақ туындайды. Кейбіреулер жаһандану мұсылмандардың наразылығын өршіту рөлін атқарып отырған құрал деп те топшылайды. Әйтсе де егер мұсылмандар ашуға бой бермей, ақыл-парасатпен дұрыс іс-әрекет жасайтын болса, онда бұл құбылыс пайдалы қырынан көрніс береді деп ойлаймын», – деп нақты ойын білдіреді [131, 12 б.].

Исламның жаһандануда экономиканы, саясат пен мәдениетті адамзат мархабаты үшін дамуына негіз болар әлеуетіне тоқталсақ:

1. Экономика жаһандану қамтыған ең маңызды салалардың бірі болып саналады. Оған ырықсыздандыру (либерализация)мен, еркін сауда-саттық саласы, әрі оған қатысты сауда, қызмет, қаржы және бағдарлау топтарының алдындағы бөгеттер мен шектеулерді алып тастау, алыс-беріс есігін ашу, дамыған елдерді қамтитын ірі экономикалық одақтарды құру салалары жатады. Сол сияқты әлемдік экономиканы басқаруға елеулі ықпал ететін кірістері оңтүстік кедей елдерінің есеп шотына жиналатын халықаралық ірі ұйымдар мен халықаралық банктер, валюта қорлары секілді бүкіл әлемдік қаржы бірлестіктері, мемлекетаралық алпауыт серіктестіктер де осыған кіреді.

Негізінде, жаһанданудың экономикалық ұйымдарды құруға ықпалы мұсылмандарға ой салуы тиіс. Яғни, жедел түрде Ислам экономикалық ұйымдарын құрып,

халықаралық, әрі жергілікті ұйымдар мен серіктестіктерге кірулері керек. Дүниежүзілік бәсеке-лестікке қабілетті елдердің қатарына ену үшін өнім сапасын жоғарғы деңгейге көтеріп, әр түрлі тауар өндірісін арнайы бағытқа салуды реттеу және жетілдіру қажет. Осы орайда, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сапалы тауар өндіруді ынталандыру мақсатында «Алтын сапа» Президенттік сыйлығын тағайындауы – дер кезінде қолға алған көрегендік пен даналықтың айқын айғағы болды. Қазіргі кезде ислам әлемі елдерінің өзара ашық сауда байланысының үлесі, өкінішке орай, оның сыртқы әлемге қатысты жалпы саудасының 10 %-ын ғана құрайды екен. Мұсылмандар осы салаларда жетістікке қол жеткізсе, Ислам әлеміне жаһанданудың экономикалық саласы тарапынан төнген қауіп сейілер еді. Егер біз жаһандану бағытындағы экономика күшіне дәл сондай дамыған экономикалық күшпен қарсы тұрсақ, онда бағыныштылық танытпай керісінше серіктес болып, бағыт-бағдарын түзеулеріне елеулі үлес қосар едік. Шын мәнінде, Ислам әлемі барлық саланы қамтитын орасан зор экономикалық күш-жігерге ие екені баршаға аян. Әрі Ислам – ерекше жағрапиялық орны бар, табиғи қазбалары, кен байлықтары мен еңбек ресурстары мол әлем. Экономикалық тәжірибесі мен ғылыми жарамдылығы, еңбек күші үйлесімділігі де биік деңгейде. Солай бола тұра, өз мүмкіндігін толық пайдаланбай, көкейде ғана қалған, күллі алғы шарттары бар мұндай экономикалық дамуға қол жеткізу үшін бізге тек қана ауызбірлік, ықылас-жігер, ынта және белсенділік керек.

2. Жаһандану үдерісінің саясат саласындағы ерекше сипаттары – демократия, адам құқығы және саяси құбылыстар болып табылады. Осы бағыттағы

Ислам құндылығы мен тағылымын жете түсінген адам оның жаһандану үдерісінен көш ілгері, озық екенін және кеңесу (шура), адам құқығы, саяси құбылыстар негіздерін әлдеқашан қалыптастырып қойғанын байқайды. Ислам жауапкершілікті міндеттеу қағидаларына негізделген шура (кеңесу) қаулысын қабылдаған кезде, мұсылмандарға оны әр ғасырға сай келерлік түрде жүзеге асыруға ерік берілген. Оның бүгінгі таңдағы бір көрінісі – депутаттарды сайлау. Осыны, жалпы халықтың бәріне тән еркін сайлау арқылы жүзеге асырылса, келешекте әр ғасырдың талабына сай басқа бір сипатқа ие болуы мүмкін. Ислам адам құқығын сақтау түсінігі көкейімізде орнығуына және шынайы өмірде жүзеге асырылуына катты көңіл бөледі. Алла тағала адам баласын құрметті етіп жаратқан. Оларды нәсілдеріне, ұлттарына, түрлеріне және сенімдеріне қарап алаламай, тең жаратып, адамзат арасында әділет таразысын орнатуды бұйырды. Ислам шариғаты адамның тәнін, жанын, нәсілін, сенімін (ақидасын), ақылын, мал-мүлкін және ар-ожданын қорғауға ерекше көңіл бөлуі – шариғаттың қаншалықты құнды екенін білдіреді. Бұған қосымша, адамзат бұрын-соңды кездеспеген жаңа дәуірге қатысты басқа да құқықтар бар. Сондықтан адам құқығы мен демократияны талап ететін жаһанданудан үрейлене қорқудың қажеті жоқ. Саясаттың сан түрлі құбылатынын ескерсек, оның жағымсыз жағынан сақтанған жөн. Ислам дін істерінде ыждағат етуге рұқсат береді, ендеше дүнияуи істерде ыждағат ету тіпті орынды. Осыған орай Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзі: **“Сіздер дүние істеріңізді менен де жақсырақ білесіздер”**, – деп бағыт-бағдар берген. Олай болса, саясаттың құбылмалылығы Исламда бидғат (жаңалық) тыйым салынған іс емес, керісінше

күннен-күнге дами түсетін қоғамдық өміріміздегі барлық салалардың өсіп-өркендеуіне жеткізер ең абзал жолды іздеу құралы болып табылады. Сондықтан оның, Ислами моралдық, этикалық құндылықтар жүйесін қамтитын берік қорған екенін ұмытуымызға болмайды. Пайғамбарымыздың (с.а.у.): “Өзіңе де, біреуге де зиян келтіруге болмайды” деген әйгілі нақылы бар. Біз, мұсылмандар, демократия құндылықтарын, адам құқықтарын сақтауымызды басқа біреулер бізден талап етулерін күтпестен, сол құндылықтарды әлемге іс жүзінде дәлелдеп, паш етуіміз қажет. Оның бәрі Ислам тағылымының тұңғиығынан алынған, адамзаттың жақсылыққа, игілікке қолжеткізуіне деген құлшынысын тудыратын құндылықтар. Ғалымдардың арасында: “Алланың шарифаты бар жерде игілік те, жетістік те бар” деген кеңінен таралған қанатты сөз бар. Олай болса, біз демократия, адам құқықтары және көрнекті саясат құндылықтарын пайдалануға, қалыптастыруға оң, яғни дұрыс ықпал беріп, атсалысуымыз керек. Осы құндылықтарды қалыптастыруға белсенді түрде ат салыссақ, оның адамгершілік қасиеттерімізге тигізетін барлық кері әсерінен сақтануға үлкен үлес қосатын едік. Міне, сонда ғана Ислам әлемі жаһандану төндіретін қауіп-қатерлерден сақтана алады.

3. Жаһанданудың мәдениет саласындағы ықпалына келсек, егер ол адамға, адамзаттың баршамызға ортақ өркендеу жолын жете түсінуіне және қоршаған ортамызға төніп тұрған экология, ядролық қару, топтық қылмыс, құмарпаздық, спид сияқты қауіп-қатерлердің бар екенін жете түйсінуіне ықпал ететін әлемдік ортақ мәселелерді меңзейтін болса, бұл жөнінде бір дау туады деп ойламаймыз. Бірақ, жаһанданудың ұлттар мен халықтардың мәдени ерекшеліктеріне қауіп төнгізу

мүмкіндігі шын мәнінде талас-тартыс, дау-дамай тудырады. Дәлірек айтқанда, Батыс өркениетінің қанат жайып кеңінен таралуы ұлттар мен халықтардың мәдени ерекшеліктеріне қауіп төндіріп, тіпті мүлдем жойып жіберуі мүмкін. Міне, бұл исламият кеңістігінде наразылық тудыратын күрделі мәселе, тіпті оны Ислам құндылықтарына қарсы бағытталған ап-айқын үстемділік белгісі деп бағалауға болады. Бірақ, бұл мәселені сан қырынан талдап, қарастыру керек. Ислами ақылсана, ой-өріс өте биік болғандықтан, белгілі бір мәдениеттегі кейбір ерекшелікті исламға жат деп тосырқамайды, қабылдаудан қашпайды керісінше, оны таразылап, жете зерттеп, мәдениетіміздің өркендеуіне ықпал ететін пайдалы жерлерін ала біледі. Бұған Пайғамбарымыздың (с.а.с): *“Даналық момынның (мұсылманның) арманы, тапқан жерінде-ақ қағып алады”* – деген сөзі дәлел. Сонымен қатар: *“Білім Қытайда болса да іздеп барыңдар”*, – дегені мұсылманшылықты ұстанбайтындардан немесе жердің түбінен болса да білім алыңдар дегені. Мұсылмандар өз өркениетін қалыптастыру барысында сол замандағы барлық мәдениеттің озық жетістіктерін пайдалана білген. Осыған орай белгілі философ Ибн Рушд: *“Шариғат бұрынғылардың кітаптарына үңіле зер салуды жүктейді, олай болса болашақтағы әрбір жаңа нәрсеге үңіле ден қою да әлбетте соған жатады”*, – деген. Оған қоса: *“Олардың өз кітаптарында айқындап айтып бергендері ақиқатпен ұштасса қуана қабыл алып, оларға рахмет айтамыз, ал егер ақиқатқа сай келмесе, ескерту жасап, басқаларды одан сақтандырып, оларға (қателіктеріне) кешіріммен қараймыз”*, – деуінде үлкен мән жатыр [131, 17 б.].

Міне, Ибн Рушд өзге мәдениеттерге осындай сындарлы көзқарас білдіреді. Біз де өз заманымызда сырттан келетін өзге мәдениет көріністеріне ақыл-парасат тұрғысынан қарап, өз ұстанымдарымызға үйлесетін тиімді жерлерін ғана алуымыз керек. Ата-бабаларымыздың: “Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен”, – деген даналық қағидасын жадымызда сақтағанмыз жөн.

Ислами ақыл-парасаттың ұрпағымызды жасанды, жалған ағымдардан қорғар қорғандай берік, биік әрі діни және өркениет құндылықтарына сүйене білер икемді, жұмсақ екенін айқын аңғаруға болады.

Ислам күллі жаһанға түсірілген дін. Адамзаттың түрі, түсі, тілі және ұлттары сан-алуан болса да, барлығы бір атадан тарағандығын ескерте отырып, бір-бірімен танысуға, түсіністікке және жәрдемдесуге дайын болуға шақырады. Тартысуға, бұзықтыққа, сондай-ақ жанжалдасуға тыйым салады. Осыған орай, Алла тағала қасиетті Құранда: **“Ей, адамдар! Шынында Біз сендерді бір ата мен бір анадан (Адам мен Хауадан) жараттық. Сендер бір-бірлеріңмен танысып, білісулерің үшін ұлттар мен ұлыстарға бөлдік. Алланың алдындағы ең ардақтыларың тақуаларың”**,– деп, [11, Хужрат сүресі, 13-аят] әлемдегі барша адам қай жерде және қай кезде болмасын бір-біріне бауыр екендігін меңзейді.

Демек, ислам – жаһандық хақиқи дін. Бірақ, ислами жаһандану мен қазіргі жаһандану құбылысының айырмашылықтарын атап айтпасақ болмайды. Қазіргі жаһанданудың жағымды, жақсы әсері болғанымен, жағымсыз, зиянды ықпалы басымырақ. Халықаралық ірі ұйымдар мен алпауыт серіктестіктердің өкілдері идеология, мораль және адамгершілік құндылықтарының атын жамылып, адамдарды алдап-арбап, басынуда.

Ал ислами жаһанданудың алға қойған мақсаты – адамгершілік пен көркем мінез-құлық ұстанымдарын тарату, әр кісінің қадір-қасиетін, еркіндігін, теңдігін қорғау, жанұяға қамқорлық көрсету, барлық пенделер арасында әділдік таразысын орнату, адамның нәсілін, дінін, ақылын, ар-ұждан, дүние-мүлкін қорғау және зұлымдыққа, басынушылыққа тосқауыл қою болып табылады.

Ислам діні және мұсылмандар басынан бастап әр түрлі зиянды іс-шаралар мен ағымдарға кез болды. Бұлардың бір бөлігі тікелей исламға бағытталса, бір бөлігі мұсылман қауымды көздеді. Сондай-ақ ислам дініне, мұсылмандарға қарсы шабуылдар жүргізілді және солардың нәтижесінде пайда болған ағымдар кейде жеке адамдарға бағыттталып, өтпелі болса, кейде ұйымдық қоғамдық сипатта болды. Алайда барлығының ортақ мақсаты – ислам нұрына кедергі жасау, ислам жарығының адамзатқа түсуіне қарсы болу, Мұсылман қауымының бірлігі мен тұтастығын ойсыратып, дамып жетілуіне кедергі жасау болды [132, 20 б.].

Исламға және мұсылмандарға қарсы күрес жүргізгендер көптеген әдістер қолданды және әр түрлі мәселелерді қарастырды. Алдымен Құран уахиін жоққа шығарды және Оны Алланың сөзі еместігін, Мұхаммед тарапынан ойдан шығарылғандығын айтты. Сондықтан, ислам пайғамбарының өтірікші, сиқыршы, көріпкел, ақын болуы мүмкін еместігін айтты. Сондай-ақ, оны ата дініне, пұтқа табынушылыққа, әлеуметтік, экономикалық және басшылық жүйеге қарсы шыққан көтерілісші немесе байбаламшы ретінде көруге және көрсетуге тырысты. Құран Кәрім бізге бір жағынан бұл өтірік сөздер мен жалалар туралы мәселелердің басын ашып берсе, бір жағынан арандатулар мен теріс сөздерге

жауап берді. Құранның Алла кітабы, Мұхаммедке де уахи еткендігін, шындықты үйреткендігін айтты .

Исламның қарсыластары жағымсыз және негізсіз сөздерін қоғам арасында, жұмыс және сауда орындарында, базарларда, көрмелерде және жиналыстарда таратып, өздеріне жақтастар, ал исламға дұшпан жинауға, көзқарастарын қалыптастыруға бағыттады. Яғни, ұйымдасқан түрде исламға және мұсылмандарға қарсы күрес жүргізе бастады. Ислам пайғамбары Мұхаммедті сөйлетпеуге, ал сөйлеген күнде де шу шығарып, айтқандарын теріске шығару, қарсы сөздер айту және жағымсыз насихаттар жүргізу, қорқыту және жұртынан бездіру, тыйым салу, соғыс ашу және т.б жағымсыз істерді жүзеге асыру ислам қарсыластарының кеңінен етек жайған әдістері болып табылады. Нәтижесінде ислам қарсыластары ұйымдасып «политеистердің – бір Тәңірге сенбейтіндер қауымының» пайда болуына әсер етті.

Енді Мұсылмандар ортақ мүдде және сенімдер шеңберінде бас қосқан меккелі пұтқа табынушылар қауымының ұйымдасқан шабуылдарына ұшырады. Дін және намыс бостандығын алу немесе кедергі жасау, барлығы бірдей ғибадат ету, Қағбаға бару, діни сенімдерін үйрену және үйрету хақтарын күшпен тартып алу, жаны мен малдарын құрту, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ұлысын және тегін Меккеден шығару, «қоғамнан аластау және бәріне бірдей өлтіру жазасын» беру, тонау, бүлік шығару сияқты іс-шараларын жүзеге асыру, ислам пайғамбарын және Меккелік мұсылмандарды өз жұрттарынан зорлықпен шығарып көшіру, Мәдинада соғыс ашып, исламды және мұсылмандарды жер жүзінен аластату Меккелік алғашқы мұсылмандарға жасалған шабуылдардың негізгілері болып табылады.

622 жылы болған «Хижра» оқиғасы жаңа бір кезеңнің басталуына себеп болса да, исламға және мұсылмандарға қарсы бағытталған ұйымдасқан шабуылдарды тоқтата алмады. Меккелік пұтқа табынушылар қауымы, еврейлер, сонымен қатар бірнеше христиан қауымдар, мемлекеттермен соғысуға мәжбүр болған мұсылмандар бұл кезде жаңа бір әрекетке кез болды. Ислам тарихында «Өтірікші пайғамбарлар және діннен безгендер ағымы» ретінде көрінген бұл оқиға құрал-әдістері тұрғысынан қазіргі кездегі «зиянды мәдени антропологиялық ағымдар және миссионерлік әрекеті» арқылы маңызды болып саналады. Әлеуметтік және экономикалық құрылымдардағы қақтығысулар, жағымсыз жағдайлар, аймақтық және этникалық проблемалар, кіріс бөлінісіндегі әділетсіздіктер, күнделікті өмірдегі мәселелер пайдаланылып, білімі жоқ мұсылмандар алдауға түсті, исламға және мұсылмандарға қарсы тәрбиеленді, кейіннен діндерінен бездірілді.

Ислам пайғамбары Мұхаммедтің (с.ғ.с.) кезінде басталған бұл ағым ол өлгеннен кейін басқа аймақтарға жайылды. Мұсылман қауымда «алғашқы террористік және анархиялық әрекеттер» немесе «алғашқы бөлуші және зиянды ағым» ретінде тарихта орын алды. Мұсылман мемлекеттердің және ұлттардың қарым-қатынастары, бейбітшіл саясаттары да іштен әрі сырттан келген зиянды іс-шараларға, күйретуші әрекеттерге және бөлуші оқиғаларға кедергі жасай алмады. Әсіресе орта ғасырда Византия және Рим империяларының мұсылмандар тарапынан тарих сахнасынан алынып тасталынуы, жақтастары мен діндестерінің әрдайым исламға, оның ішінде мұсылман қауымға қарсы болуына, қарсы саяси істер жүргізуге, зиянды және

күйретуші іс-шаралар өткізуге, террористік-анархиялық оқиғаларды ұйымдастыруға түрткі болды. Исламның адамзатқа ұсынылып отырған ынтымақтастық, тыныштық, бейбітшілік және әділеттілік ортасы ұзаққа бармады. Көптеген саяси және діни, идеологиялық және этникалық оқиғалардың орнын аз уақыт өткеннен кейін терроризм, анархизм басты. Пайғамбар 632 жылы 8 маусымда қайтыс болғаннан кейін мұсылман қауымында діннен безу және кейбір діни жауапкершіліктерге қарсы шығу, алғашқы үш халифалардың өлтірілуі, III халифа Осман (р.а.) кезіндегі бүлік, IV халифа хазіреті Али (р.а.) кезіндегі Жамал және Сыффин соғыстары исламның алғашқы жарты ғасырында терроризм мен анархизмнің көп ілгеріге жылжығандығын көрсетеді. Сонымен бірге, Умая ұлдарының халифатты патшалыққа ауыстыруы, пайғамбарымыздың немересі Хусейіннің (р.а.) Кербалада шәйіт болуы, Қанды Аббасид көтерілісі, саяси-діни мазһабтардың, философиялық ағымдардың пайда болуы, крест жорықтары алғашқы елу жылда жүзеге асырылған және бейбіт өмірдің тыныштығын бұзып, бей-берекетін қашырған, исламға және мұсылман қауымға бағытталған ең басты күйретуші – зиянды ағымдар болып табылады. Бұған қосымша кертартпалық және экстремизм, надандық және ұлтшылдық, идеологиялық тұрғыдан арандатушылық, саяси дүние құмарлық және сол сияқты жағдайлардан бастау алатын жағымсыз іс-шараларды да айтуға болады [133, 76 б.].

Еврей мен христиан қауымдары, сионист, масондық, миссионер және крестшіл орталар, коммунист және империалист күштер көрсетілген жағымсыз жағдайлар мен оқиғалардың ислам әлеміне таралуына, бөлуші және күйретуші әрекеттердің мұсылман қауымды табан астына салуына көп қолдау көрсетті.

XXI ғасырда мұсылман елдер мен қоғамдарды әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени тұрғыдан тоқыратып, нәсілдерін құртуға бағытталған мәдени антропологиялық ағымдар, евангелистік, миссионерлік, масондық және империалистік әрекеттер осы аталмыш жағдайлар мен оқиғалардың жалғасы десе де болады. Ислам әлемінің дұшпаны болып есептелетін кейбір мемлекеттер мен ұлттар осы ағымдар мен ұйымдар арқылы араға іріткі салып жатыр.

Исламның сонау көне дәуірден бастап пайда болған әртүрлі діни және саяси топтар мен мұсылман қауымдардың саяси, әлеуметтік, экономикалық құрылымдары және кейбір ішкі мәселелері зиянды ағымдардың және ұйымдардың жайбарақат өз жұмыстарын жүргізулеріне мүмкіндік берді. Ислам әлемінің бұрыш-бұрышынан көрініп тұрған саяси, идеологиялық бөлінулер, дау-дамайлар және әлеуметтік-мәдени проблемалар арандатушы және зиянды саяси-діни ағымдардың нәтижесі.

Мұхамед пайғамбар (с.ғ.с.) кезеңінде және Рашид (әділ) халифалар дәуірінің басында елдегі аймақтар арасы үстемдік, саяси-әкімшілік үстемдік күрестері, Хижаз, Сирия, Ирак, Йемен және басқада аймақтарда байқалған әлеуметтік-экономикалық проблемалардың, исламға қарсы күштердің ұйымдастырған ашық және жасырын іс-әрекеттерінің нәтижесінде мұсылмандық қоғамда харижидтер, шииттер, мутализиттер деп аталатын саяси, мәдени антропологиялық топтар немесе «мазһабтар» пайда болды. Бұл мазһабтар осы күнге дейін өз іс-әрекеттерін жүргізіп келген, бірақ әрдайым бөлінудің, фанатизм мен экстремистік әрекеттердің жемі болып келді. Соңғы жүз жылдықтарда әр түрлі мұсылман елдерде немесе мемлекеттерде пайда болған «саяси,

әлеуметтік, мәдени және философиялық, топтар», ұйымдар мен мектептердің, террористік және анархистік оқиғалардың, радикал және экстремистік қауымдардың қайнар көзі де, міне, осы топтар болды. Батыни-шии карматилік, керрамилік, саббахилік, нусауриелік, исмаилилік, бабизм-бахаизм, вахабилік, хизбут-тахрир сияқты саяси, діни және философиялық топтар Щии-Бухйви және Фатими мемлекеттері көрсетілген сипаттағы формацияларға мысал бола алады [134, s. 8].

Исламды, Құранды және Сүннетті қорғап, бұларды әрі қарай жалғастыруды негізгі міндеті деп білетін Әһли сүннет уәл-жамағаттың бірлігі мен тұтастығын бұзуды, динамикаларын әлсіретуді көздеген бұл саяси, идеологиялық, мәдени антропологиялық ағымдарға, миссионерлерге қарсы кешегі күнгідей бүгінгі таңда да қарсы тұрмау мүмкін емес.

Егеменді елдің демократиялық бағытта дамуы республика халқын емін-еркін өз ана тілінде сөйлеп, ата-баба ұстанған дінде Жаратушысына құлшылық етуге, сөйтіп ұлттық, халықтық ерекшеліктеріне бет бұруына мол мүмкіншіліктер берді.

Солардың қатарында жоғалтқанымен қайта қауышқан мұсылмандар ендігі жерде ислам дінін өмір сүру салтына енгізіп, күнделікті тіршілігін байланыстыруды мақсат етіп, мешіттерге келе бастады. Алғашқы діни білімдерін мешіт ұстаздары мен имамдарынан алғандар құлшылық-ғибадаты мен діни ұстанымдарында ауытқушылыққа жол бермеді. Десе де солардың ішінде кейбіреулері тағатсыздық танытып, бірден терең білуге ұмтылып, өздігінен ізденумен болды. Олар дер кезінде білгір ұстаздарды таппай, қолдарына іліккен діни кітаптарды оқып, білімдерін толықтырды. Сөйтіп

жүріп олар мешіт жамағаты құлшылық-ғибадаты, діни ілімдері мен оқыған кітаптары арасында алшақтық барын да байқады. Бірақ ондайлар өздерінің білім деңгейі дәрежесінен діндегі мәселелерді орнымен түсіне алмады. Сонда да өздігінше салмақтап, жауабын табуға тырысты. Дінді азды-көпті білетіндерге жүгінді. Интернеттен іздеп, онда бар мағұлматты мүмкіндігінше сіңірді. Дәл сол кезеңде жөн сілтеп, ақыл қосатын діндарларда жоқтың қасы болды. Мешіттегі имамдардың басым көпшілігі бастауыш діни біліммен жұмыс істеді. Олар негізінен көрші Өзбекстан діни оқу орындарының түлектері еді. 90-жылдар емес, жаңа ғасыр басында да жағдай өзгере қоймады. Ол жөнінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының басшылығына енді келген Әбсаттар қажы Дербісәлі былай деген болатын: «Ал енді бүгінгі күннің шындығына келетін болсақ, көптеген аудандар мен ауылдардың әлгі екі жылдық курсты бітірген имамдарға да қолы жетпей отырған жағдайы бар». Сонымен қатар еліміздегі діни ахуалдың дамуына тиісті діни оқулық, кітаптардың тапшылығы да өз әсерін тигізбей қоймады [114, 555 б.].

Тұрғылықты мұсылмандардың дініне бет бұрып, мешіттерге келе бастауы тысқары елдердің де назарынан тыс қалмады. Елімізге Сауд Арабиясы, Иордания, Біріккен Араб Әмірлігі сияқты араб елдері мен алыс-жақын Пәкістан, Түркия елдерінен ресми, бейресми ұстаздар мен діни уағызшылар келіп, білімге құштарлар қарапайым халықты, оның ішінде жастарды жандарына тартып, үйретуді қолға алды. Олар алғашында қошемет пен құрметке ие болып, жұмыстарын емін-еркін жүргізді, әрі олардың не оқытып жатқанын тексеру де мүмкін болмады. Осыдан да болса керек олардың арасында кейбірі жергілікті жер ерекшелігі

мен ұстанымын ескеруге мән бермеді, тіпті қажет деп ойламады. Енді біреулері өздерінің мақсаттарына сай оқытумен болды. Олардың барлығы Құран мен хадисті тілге тиек етіп сөйлегендіктен діни білім алушылар үшін ұстаз ретінде қабылданды.

Дәл осы жағдай Кеңестер Одағының бұғауынан босаған өзге тәуелсіз елдер тіршілігінде де көрініс тапты. Олардың кейбіруінде исламды халықты біріктірудегі басты күш деп біліп, жекеленудің басты туына айналып, діни төзімділіктен шығуға жол берді. Мұндай жағдай 90-жылдардың басында Тәжікстанда көрініс берсе, кейін Ресей мен Өзбекстанда орын алды. Аяғы қантөгіске ұласып, қаншама жазықсыз адамдарды қайғы-қасыретке ұшыратты. Олардың барлығы, түптеп келгенде, саяси мақсатты көздегені анық. Бірақ зардабын қара халық көрді.

Діни жандану процесі Қазақстанда да қарқынды сипат алып, көкейкесті мәселелердің біріне айналды. Мына бір айтылған сөздер соған куә: «... әр түрлі секталар келіп жатыр. Келеді енді, келме деуге бізде шама жоқ. Менің айтайын дегенім ол емес. Енді исламның атын жамылған, исламды өзіне шіркеу етіп, зонтик ретінде пайдаланып қазақ топырағында бұрын-сонды болмаған қайсыбір ағымдар келіп жатыр» [135, с. 27].

Өзге діндерді айтпаған күннің өзінде, ислам дінінің негізінде түрлі ағымдар көбейді. Олардың пайда болуына, алдымен республиканың оңтүстік аймақтарында мұсылман елдері көмегімен ашылған оқу орындары: Шымкент қаласында Қазақ-Кувейт университеті мен Алматы қаласында «Таиба» колледжі үлкен әсер етті. Сондай-ақ шет мұсылман елдерінен келген түрлі пиғылдары миссионерлер мен Сауд

Арабиясы, Ливан, Сирия, Мысыр және Пәкістан елшіліктерінің өз елдеріндегі діни оқу орындарына тікелей түрде шәкірт жіберулері де зор әсер етті.

Осылардың негізінде республика мұсылмандары өздерінің дәстүрлі діни ұстанымы – Ханафи мәзһабынан басқа сәләфилер, уаһһабшылар, хизбшілер, ахмадия, таблиғшылар және кейін құраншылар деп бөлінгенін білмей де қалды. Оларға қоса «исматуллашылар», «Алла-аят», «Ата жолы», «Аққулар», «Сұңқарлар» тобы қосылып, дін жолын өздерінше дәріптеп, құлшылықтарын өтеушілер де пайда болды. Дәстүрлі діни жолдан тайғандар өз ұстамдарын дәріптеп қана қоймай, жергілікті ханафи мәзһабындағыларды жазғырып, олардың діни сенімі мен ұстанымына құлшылық-ғибадатына күмән келтіріп кінәләуға жол берді.

Олар Алла тағаланың мұсылман үмметіне: «Ей, иман келтіргендер! Аллаға, пайғамбарға және өз араларындағы басшыларыңа бой ұсыныңдар. Егер өзара бір нәрсеге келісе алмасаңдар, оның жайын Алладан, пайғамбардан сұраңдар. Аллаға, қиямет күніне сенетіндерің рас болса, бұл сендер үшін қайырлы әрі тиімді» [11, «Ниса» сүресі, 59-аят], деген ескертуін қаперлеріне де алмады.

Шариғаттың негізгі мәселелері Құран мен хадисте қамтылған десе, ондай ағымдарды жақтаушылар хазірет Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) ислам қауымына: «Мен сендерге екі нәрсені қалдырып барамын. Егер оларды бекем ұстап, амал етсеңдер, ешқашан адаспайсыңдар. Олар – Алланың кітабы (Құран Кәрім) және Алла Елшісінің Сүннеті» деген өсиетін ұстанбады.

Ағымдар ішінде әсіресе «Уаһһабшылар», «Хизб-ут-тахир», «әт-Такфир уәл-нижра», «Ахмадия»

сияқтылардың ілімдері діни-саяси экстремизм мен фанатизмді жандандырып, еліміздің тұрақтылығы мен бірлігіне, қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндірді [136, 13 б.].

Діни кері ағымдардың зияндылығы мен әрекеттері жайына ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Сындарлы он жыл» деген кітабында ерекше тоқталды: «Діни қауымның белгілі бір бөлігі діни төзімсіздік идеясын ту ететін шетелдегі ислам орталықтары миссионерлерінің ықпалына ілігеді. Мұндай ахуал біздің елдің оңтүстік өңірінде айрықша байқалып отыр. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының аймақтарында астыртын ұйым құрған шетелдік «Таблиғи Жамағат» радикалды қозғалысының үгіт-насихат әрекеттері анықталған. Сондай-ақ «Хизб-ут-тахрир» ұйымы да белсенділік танытып отыр» [135, 272 б.].

ҚДМБ-ның бұрынғы аппарат басшысы Балтабай Мекеженовтың ойынша: «Уаһхабшылардың» пайымдауларында діни ғұламаларды дәріптеуге, олардың және ата-баба әруақтарының басына барып дұға бағыштауды, бал ашуды, тұмар тағуды және т.б. күнә деп айыптайды. Олар үшін діни сенімге жаңалық енгізгендер – кәпірлер. Сопылық та олар үшін кәпірлер қатарына кіреді. Уаһхабшылар бір құдайшылықтан сәл ауытқыған мұсылманды тақфирге, яғни кәпірге шығарылады [135, 272 б.].

Уаһхаби ілімі көптеген ғалымдардың ойынша, өзінен төрт ғасыр бұрын тараған Ахмад ибн Таймия (1263-1328ж.) ілімінің жалғасы. Ол Таймияның кім де кім шарифатты білмей тек «Алла біреу, Мұхаммед оның Елшісі» деп айтумен шектелсе, ол мұсылман бола алмайды деген пікірін қуаттайды. Сондай-ақ Таймия дүниеден өткендерге зиярат салуға, пайғамбарлар мен

әулиелер басына барып дұға бағыштауға қарсы шығып, өзін сәләфтардың жолын жалғастырушылар қатарына жатқызған. Оның ілімін жалғастырушылар сәләфилер деп аталды.

Жалпы «сәләф» сөзінің мағанасы «алдыңғы өткендер», «бұрынғылар» дегенді білдіреді. Ал «сәләфи» ұғымы мұсылман ғұламалар пікірінше, пағамбарымыз Мұхаммедті (с.а.у.) көзі көргендер (сахабалар), көзі көргендерді көргендер (табиғиндер) және табиғиндерді көргендерге (табаа табиғиндер) қолданылды» [135, 272 б.].

Сәләфилер мұсылмандарды Алланың бірлігіне шақыру, ислам дінін кейін енген хұрафат-бидаат амалдарын тазалап, дінімізді Пайғамбарымыз (с.а.у.) заманынындағы қалыпқа келтіру, араб әлемін біріктіруге саяды. Біздің елімізде ол ілімнің дамуы «yahhabилік» деген атпен белгілі болды. Оны ұстанушылар соншалықты діни ілімдері болмаса да, өздері киім кию үлгісі мен құлшылық ғибадаттағы өзгешеліктермен, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрімізді еш мойындамауымен ерекшеленеді.

Yahhabилік біздің имам Ағзам мәзһабы талап-тілектері мен ұстанымын ғана емес, өзге мәзһабтарды да мойындамайды. Сондықтан да оны қолданғандар тек мұсылмандар арасында ғана емес, жалпы қоғам арасында іріткі салу, дау-жанжал шығаруға бейім. Ал бұл енді даму бағытымызды анықтап алған біздің еліміз, діни сеніміміз үшін зиянды екені анық.

Сәләфилер идеясынан бастау алатын «әт-Такфир уәл-һижра» ілімі бойынша, өздерінің пікірін алмай, жамағатына қосылмағандар – кәпір. Олардың ойынша, кім де кім имамдардың немесе сахабалардың сөзін дәлел ретінде қолданса, қияс, маслахат әл-мурсала, истихсан

және басқа дәлелдер, құжаттармен мәселе шешілсе, ол – мүшрік және кәпір. Осылайша мұсылмандар арасында ынтымақ пен бірлікті бұзып, іріткі салушы ағымды зиянды деп білген жөн.

«Ахмадия» немесе «Қадияни» ағымына келетін болсақ, ол мұсылмандар арасында жік салушы немесе исламға қарсы мұсылман тобы болып саналмайды. Олар Құран Кәрімді өз қасиетіне тән сыйлап құрметтемейді. өз көсемдері Мырза Ғұлам Ахмадқа түскен арнайы кітап бар деп есептейді.

Ахмадилік ислам әлемінде үлкен қарсылыққа ұшырады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да бүкіл мұсылман елдер қауымымен бірге отыра, осы қауымның кәпір екендігіне байланысты пәтуә берді.

Діни экстремизм идеясын ашық дәріптеуші ұйымының бірі – «Хизб-ут-тахрир». Олардың басты талабы – халифат құру. Бүкіл идеясын осы мақсатқа жұмылдырылған. Сондықтан олар мемлекеттік шекараны мойындамайды. Олардың ойынша, барлық мұсылмандар бір халифа құру керек. Осы мақсатқа жету үшін дінді перде етіп алған «Хизб-ут-тахрирді» саяси ұйымдар қатарына жатады.

Мысырлық зерттеуші Мұхаммед Әбу Зехранның айтуына қарағанда, уаһабшылар ибн Таймияның іліміне ешқандай да жаңалық енгізбеген. Бірақ, олар ибн Таймияның ұстанымын одан ары қатал дамытып, өз пікірлерін тәжірибеде іске асыру үшін кейбір жаңа көзқарас пен тәсілдер пайдаланды.

Қасиетті Мекке қаласының муфтиі Ас-Саид Ахмад бин Зайни Дахлан (р.а.) өзінің “Әл-футухатул исламийа” кітабының “Фитнатул уаһһабийа” (“Уаһһабилер бүлігі”) атты тарауында олардың түсініктері мен идеяларының жалғандығын және олардың мұсылмандарға көрсеткен

зорлық-зомбылықтарын әшкерелеп жазды. Бұл кітап 1968 жылы Каирде, 1975 жылы Стамбулда жарық көрді.

Уаһабшылар жаңалықтарына тоқталар болсақ:

а) Уаһабшылар Құран мен сүннеттің белгілеген және ибн Таймияның ұстанған сенім түсінігімен шектеліп қалмай, өздерінің үрдістерін барша мұсылмандарға міндет ретінде жүктеді. Олар темекі тартуды харам деп, оны тартқан өзге мұсылмандарға жақтырмай қарайтын. Осы тұрғыда күнә жасаушыны кәпір деп білетін харажиттерге ұқсайтын еді.

ә) Уаһабшылар әуелгіде кофе және осыған ұқсас сусындарды ішуді де харам деп білді. Бірақ, кейін бұл мәселелерде біраз жұмсарды.

б) Олар өз пікірлерін тек бейбіт түрде насихаттаған жоқ. Қажет кезінде күш жұмсауға дейін барды. Өздерін қолдамағандарды дұшпан санап, бейне бидағат (дінге жаңалық қосушылар) жасаушылармен күрескендей болатын. Олар өздерінің бұл әрекетін Құран мен сүннеттің «әмр бил мағруф, нахи анил-мұнкар» (жақсылыққа шақырып, жамандықтан тию) бұйрығын жүзеге асыру деп түсіндірді. Әсілі, олардың пікірін қылыштың жүзімен жүзеге асырған Мұхаммед ибн Сауд болатын. Ол Мұхаммед ибн Абдулуахабтың жездесі еді. Мұхаммед ибн Сауд өзінің қатал әрекетін «сүннетті тірілтіп, бидағатты өлтіру» деп ұқтырды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Мұхаммед ибн Сауд Осман билігіне қарсы тұру үшін уаһабшы пікірінің жақтаушысы болған. Осман билігі уаһабшылар қозғалысын басу үшін бірнеше рет әскери жорықтар ұйымдастырды. Нәтижесінде Мехмет Али пашаның жазалаушы әскері оларға күйрете соққы берді. Османдықтардан жеңіліске ұшыраған уаһабшылар өз пікірлерін өзгелерге күштеп

таңуға мүмкіндіктері азайды. Бұдан соң олардың пікірін тек Рияд төңірегіндегі жұртшылық ғана қолдады.

г) Олар қала мен қыстақтардағы кесенелерге мұсылмандардың зиярат етуін Аллаға серік қосу деп қабылдап, олардың барлығын қиратады. Бұл әрекеттерінің шариятқа қайшы еместігіне Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «Яһудилердің өз пайғамбарларының қабірлерінің жанына мешіт тұрғызуын қош көрмеген», – деген сүннетін дәлел ретінде алға тартты.

д) Уаһабшылар жәй кесенелерді ғана емес, Нәжит аймағындағы бүкіл сахабалардың кесенелерін де қиратты. Бұдан кейін мазарлардың орнында тек бұл жер қабірстан деген белгі ғана қалды.

ф) Олар Аллаға серік қосушылықты жоққа шығара отырып, ұсақ-түйек нәрселерге дейін қатты мән берді. Мысалы: суретке түсуге қарсы шығатын.

е) Уаһабшылар өкілдерінің бидағат жасаушылыққа қарсы тұрғандығы соншалық, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірінің үстіне жаңадан жабу жабуды да бидғат деп білді. Осы себептен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірінің үстіне жабылған жабудың әбден тозығы жеткен болатын. Кейін, король Абдулазиз әл-Сауд бұған қарсы шығып Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабіріне жаңадан жабу жапты. Өздеріне «салафия» деген ат берген олар ибн Таймияның пікірлерін берік ұстанып, бидағат ұғымының аясын тым кеңейте түсті. Ғибадатқа еш қатысы жоқ кейбір әрекеттерді де бидағатқа жатқызды. Жоғарыда айтып өткен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірінің үстіне жабу жабудың ғибадатқа ешқандай да қатысы жоқ. Ол тек Алла Елшісінің (с.а.у.) қабірінің көзге сұрықсыз көрінбесі үшін жасалған. Егер мұндай эстетиканың барлығын бидғат дейтін болсақ, мұсылмандардың басқалардан көп артта қалатынын

сөзсіз. Олар өз пікірлерін ғана ақиқат санап, өзгелердікін теріске шығарды. Кесенеге зиярат етуді Аллаға серік қосу деп түсінеді. Яғни, уаһабшылар адамдардың жеке тұлғаға деген құрмет көрсетуі мен Аллаға табынудың ара жігін ажыратып жатпайды [137].

Профессор Сабри Хизметлидің айтуына қарағанда, Мұхаммед ибн Сауд пен Мұхаммед ибн Абдулуахаб Дериде «Китабут-Тәухид» деген кітаптарын халыққа таратып, мұсылмандарды Аллаға серік қоспауға шақырды. Бұл екеуі уаһабшылар сенімін қолдамағандарға қылыш жұмсауға пәтуә береді [133, 61 б.].

Олар әулиелердің (Алланың достарын) шапағат ететіндігін қабылдамайды. Алламен адамдардың арасындағы байланыс құралы «тәуассул» түсінігін теріске шығарып, Аллаға жақындау үшін елшілерді көпір етуді «тауһид сеніміне қайшы» деп, бұл сенімді Аллаға серік қосу деп ұқты.

Хижаз өлкесінің төрт мазһаб ғалымы, олардың арасында Ибн Абдул-Уаһһабтың туған інісі Сүлеймен, әкесі және Ибн Абдул-Уаһһабтың ұстаздары бар, оның кітаптарын зерттеп, ислам дінін бұзуға бағытталған жалған пікірлеріне қарсы жауап жазады. Сүлеймен бин Абдул-Уаһһаб өзінің ағасына жауап ретінде “Сауа’икул-илаһийа фи радди ‘алал уаһһабийа” [138] атты кітап жазады. Бұл кітап 1975 жылы Стамбулда басылып шыққан.

Бірақ әһли-сүннет ғалымдарының жазған жауаптары оларды теріс жолдан қайтара алмады. Керісінше, олар мұсылмандарға қарсы дұшпандықтарын күшейте түсті.

«Жиһад» сөзінің ұғымы өте ауқымды, әрі бұл сөзді араб тілінен қазақшаға аударғанда белгілі бір

мақсатқа қол жеткізуге тырысу, сол жолда күресу, бар қажыр-қайратымен, ынта-жігерімен ең қымбат саналатын уақытын, дәулетін, тіпті жанын да сол мақсатқа жетуге арнау жайында деп айтылып та, жазылып та жүр. Негізінде мұндай түсінік «Жиһад» сөзіне тілдік тұрғыдан қарағанда қалыптасқан. Ал енді бұл сөзді Ислам дінімен байланыстырып діни сенім-наным тұрғысынан қарайтын болсақ, онда «жиһад» дегеніміз адамзат баласының Жаратушы Хақ Тағаланы дұрыс танып-білуіне, Оның бұйырғандары мен тыйымдарын орындауда, дінді еркін түрде толық ұстануға мүмкіншілік тудыруға кедергі болатын тосқауылдарды барынша жою. Осы кедергілерді жою жолында әрбір мұсылман ақыл-санамен, денемен, мал-мүлкімен өз үлесін қосуға міндеттелу дегенді білдіреді.

«Жиһад» сөзі мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран Кәрімде отыз бес рет әр сүреде, әр түрлі мағынада айтылады. Осы аяттардың төртеуі ғана дін дұшпандарына қарсы тікелей соғысу мағынасында келген. Ал қалған аяттарда басқа мағыналарда қолданылған. Ғұламалар жиһадты жалпы екі жолмен қарастырады. **Біріншісі** майдандағы жиһад. Ол шайқаспен, қолмен, тілмен, жүрекпен іске асады. **Екіншісі** – бейбітшілікте адамның өз нәпсісімен және шайтанмен күресу.

Бірақ жеке тұлға немесе жеке тұлғалардан құралған топ «жиһад» деп жариялай алмайды. Оны тек қана мемлекет және оның басшысы жариялайды.

Сондай-ақ, сауатсыздық, әлсіздік, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, ерік-ойға, санаға жасалған шектеулер сияқты жаратушы мен адамның арасындағы бөгеттерді жою үшін жасалатын барлық іске де «жиһад» делінеді.

Мұсылман адам нәпсісінің, шайтанның алдауына, жетегінде жүрмейді. Нәпсісінің азғындаған уақытында Алла тағалаға құлшылығын ұмытпай, ғибадатқа жақын болады. Нәпсісінің азғыруына қарсы төтеп беру үшін Алла Тағаланы көп зікір етіп, Құран Кәрімнің мән мағынасын түсінетіндей көп оқып, әрдайым Алла тағалаға дұға етеді. Нәпсі мен шайтанның азғыруынан мүлде құтыла алады деп айта алмаймыз. Дегенмен бұл шариғи үкімдер адам бойына сіңіп тура жолдан адаспайды деген үміттеміз. Ізгі амалдар нәпсі мен шайтанның адамға деген ықпалын жоғалтуға көмекші құрал бола алады. Құран Кәрім аяттарында: **«Ал олар қашан арсыздық істесе не өздеріне зұлымдық жасаса, Алланы естеріне алып, күнәларының жарылқануын тілейді. Күнәларды Аллаһтан басқа кім жарылқайды. Сондай-ақ олар істеген істеріне біле тұра қасарыспайды», «Тақуаларға шайтан тарапынан бір сыбыс тисе, олар Алланы еске алады да қырағылық істейді». «Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол, оның жолдасы болады»** деп бағалаған. Нәпсінің азғыруынан Алла тағаланы еске алып, Одан кешірім тілеп, қорған іздеп паналайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бен сахабалардың бекем ұстанған әдістері осылай болған. Бұл әдіс жолдар өз кезегінде олардың Алла тағала ризалығына жетуіне себепші болған.

Ал егер мұсылмандар өздерін өздері түзетпеген жағдайда, дүниенің түпкір-түпкіріндегі мұсылмандардың хал-ахуалы күн өткен сайын нашарлап, қазіргідей аянышты жағдайға түсе бермек. Міне, сондықтан әрбір мұсылман ең алдымен сыртқы емес ішкі өз бойындағы кемшіліктерімен күреспесе, істеген іс-әрекеттің барлығы дерлік нәтижесіз бола бермек.

Бүгінгі таңда дініміздің жаулары исламға және мұсылмандарға өз кесірлерін тигізіп, мұсылмандарды исламнан алыстататып, көңілдерін суыту әрекеттерін уақыт өткізбестен жүзеге асыруда өз күштерін салып бағуда. Мұның бәрі мұсылмандарды бір-біріне айдап салу, діни топтарға бөліп іштей іріткі салып, елдегі ішкі татулықты бұзу, жас ұрпақты өздеріне тарту, араларында ұрыс-тартыс шығару жолдармен іске асатыны айтпаса да белгілі.

Қазіргі жаһандану заманында мұсылмандардың сенім-нанымына, ұстанған дініне, Пайғамбарына тіл тигізу, балағаттаулар мен жала жабу батыстық БАҚ бетінде жиілей түскені жасырын емес. Біздің айтпақ ойымыз – қай елде болмасын мұсылмандар дипломатиялық жолмен сенім-нанымын, дінін, Пайғамбарын қорғауға міндетті.

Алла тағаланың пенделеріне бұйырған әрбір әмірінде пайда, әрбір тыйымында зиян бар екендігін мұсылман жамағаты жақсы білуі тиіс. Мұның бәрі Алла тағаланың адамзатқа деген мейірімінің белгісі емес пе? Құранда Алла тағала: **«Раббың бай, әрі мейірім иесі. Қаласа сендерді кетіреді де, сендерді басқа қауымның ұрпағынан жаратқанындай сендерден кейін қалағанын орындарыңа келтіреді».** «(Мұсылмандар:) Бізге осы дүниеде және ақыретте жақсылық жаза көр! Күдіксіз біз Саған бет бұрдық (дейді). (Алла тағала): Мен қалағанымды азабыма ұшыратамын, рахметім әр нәрсені сыйдырды. Мархаметімді сондай тақуалық қылғандарға, зекет бергендерге және аяттарымызға сенгендерге жедел жазамыз деді».

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өмірбаянына көз жүгіртсек, Оның (с.а.у.) бүкіл адамзатқа деген

мейірімділігін, исламды насихаттауда ұстанған әдісін, жолын таразылап керейік. Ол кісінің (с.а.у.): «*Мейірімді болғандарға Рахымы мол Алла тағаланың мейірімі түседі. Жер бетіндегілерге мейірімділік етсеңдер, көктегілерде (періштелер Алланың қалауымен) сендерге мейірімділік етеді*» деген сөзін мұсылмандар талай рет естігені даусыз? Соғыстың бірінде сахабалар Пайғамбарымыздан(с.а.у.) мүшріктерге қарсы қарғыс айтуын сұрағанда: «*Мен лагнет үшін емес, тек қана рахымды болу үшін ғана жіберілдім*» деген сөзін жадымыздан шығармауға тиіспіз. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзіне дұшпандық еткен адамдарға лағынет айтудың орнына керісінше, оларға жақсы дұға ететін еді.

Басты назарда ұстанатын жайт ислам соғысқа емес бейбітшілікке шақырады. Бұны Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Иранға, Византияға жіберген хаттарынан көре аламыз. Алла тағаланың бұйырған соғысы жүректегі кек, не дұшпандықтан немесе қандай да бір пайда, яки олжа үшін туындамайды. Тіпті соғыс бола қалған күннің өзінде дұшпанға мейірімділік көрсету көптеген қиыншылықтардан өту бұл адамдарды, мұсылмандарды Алла тағала жолында тәрбиелеу үшін қолданылған.

Алла елшісі (с.а.у.) өмірінде мүшрік, кәпірлердің жеке басына қатысты тигізген зияндарына еш мән бермеді. Имам Бухари мен Имам Муслимнің «Сахихтерінде» риуаят етілген мына хадис таң қалдырарлық: «Бір еврей әйел Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тамағына у қосып өлтірмекші еді. Мұны сезген Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған: «Алла тағала сені бұл мақсатыңа жеткізбес еді» деп қана қойып, оған қарсы ешбір шара қолданбаған. Күндердің бірінде бір бәдәуи Алла елшісі (с.а.у.) ағаш көлеңкесінде демалып жатқандығын көріп, талда ілулі тұрған қылышын алып:

«Сені енді менің қолымнан кім құтқарар екен?» деп оны өлтiрмек болып ұмтылғанда Пайғамбар (с.а.у.) оған: «Аллаһ!» дегенінде әлгі бәдәуидің қол-аяғы дірілдеп, жан-дүниесін қорқыныш кернеп, Пайғамбардың (с.а.у.) алдына тізе бүгіп, кешірім сұрайды. Алла елшісі (с.а.у.) оны ешбір жазаға тартпай кешіре салған».

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндердің халықаралық съезін өткізуге халықаралық ынтымақтастыққа, түсіністікке сүбелі үлес қосып, бастама көтеріп, көрегендік саясат ұстанып келе жатқанын бүкіл әлем мойындап отыр. Елбасымыздың бастамасымен Астана қаласында өткен діндер съезінің салиқалы жиыны соның айғағы. Елімізде өткізілген, әрі жоспарланып жатқан дінге қатысты мәселелердің барлығы ислам дінінің ақиқат дін екендігін алға тартып, ол лаңкестіктен, терроризмнен алшақ, өзге діндерге құрметпен қарайтын дін екендігін дәлелдеуге негіз болып отыр [140, 4 б.].

Ислам басқа діндерді ұстанушыларға өздерінің ең жақын серіктестіктері ретінде қарайды. Сол арқылы олардың бәрін осындай жақындыққа лайық деңгейде ықпалдасу үшін кемел көкжиектер ашып, оларды бір Хаққа табынуға және қандай да болсын көпқұдайшылықтан бас тартуға шақырады. «Былай айт: **«Уа, Кітап иелері! Біздің арамызбен сендердің араларыңа бірдей бір сөзге келіңдер; бір Аллаһқа құлшылық етейік, Оған ешнәрсені ортақ қоспайық. Сондай-ақ Аллаһтан өзге бір-бірімізді тәңір тұтпайық».** Мұсылмандарға олардың құрмалдығын жеуге де, олардың әйелдеріне үйленуге рұқсат еткенде, нақ сол, ислам: **«... Кітап иелері қолына берілгендердің тағамын жеу саған рұқсат етіледі, сіздің**

тағамыңызды жеу үшін оларға рұқсат, сондай-ақ құлшылық етушілерден ары таза әйелдеріне және өздеріне дейін Кітап түсірілгендердің әйелдеріне үйленуге рұқсат». Ислам бейбітшілік пен тыныштыққа шақырады. соғысты басқалар таңған қажеттілік, себеп ретінде ғана қарастырады».

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына бір хадисінде: *«Денеді бір ет бөлшегі бар, егер ол жақсы болса, бүкіл дене жақсы болады. Ал егер ол бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Біліп қойыңдар ол – жүрек»* деген болатын.

Адамның жан-дүниесі Алла тағалаға құлшылық ету ниетінен алыс тұрса, онда ақылдың жалғыз өзі логикалық принциптерді мойындағаны жеткіліксіз болады. Сондықтан ең алдымен ислам діні жайлы үгіт-насихатты мұсылмандардың өз арасында жүргізу қажет. Өздерінің өмірін дұрыс жолға түсіріп, исламның шынайылығын терең түсініп, оның тәлім-тәрбиесін бойларына сіңдірген адам ғана басқа кісілерге нағыз исламды таныстырып, олардың дінге бет бұруына әсерін тигізері сөзсіз. Өзін ислам дінінің насихаттаушысы ретінде санаған әрбір мұсылман жүрегін мейірім мен рахымдылыққа толтырып, жүрегіндегі тәкаппарлық пен өзімшілдік қасиеттерден арылуы керек. Елдің ынтымағы мен бірлігіне, халықтар достығына, өзара түсіністігі мен татулығына сызат түсірмеуі қажет. Бұл өте маңызды, хәм басты мәселе. Егер де мұны орындау қиындық тудырса, онда Алла тағалаға жақындау жолын, тағат-құлшылықты дұрыс үйрететін ислам дініне қайта-қайта көз жүгіртіп, оны дұрыс үйрену қажет.

Қазіргі Қазақстанда ислам дінінің дамығып орнығып дамуы біркелкі емес. Әуелде асыл дінімізбен қауышуға асыққан мұсылман жамағаты ендігі жерде діни сенім негізінде дау-дамайға беріліп, бір-біріне құлшылық

ғибадатын жоққа шығаруға жол беруге дейін баруда. Бұл өз кезегінде дінге енді бетін бұрған жастарды, құлшылығын бастаған азаматтарды екі ұдай, дүдәмал халде қалдыруда.

Осы ретте еліміздегі халықтардың бірлігі мен ынтымағын, достығы мен татулығын сақтап, қолымыз жеткен тәуелсіздікті баянды етіп, іргесін қымтау мақсатында мемлекет біршама оң қадамдар жасады. Алдымен түрлі діндер мен діни ұйымдардың қызметін назарға алып белсенділіктерін заңмен реттеді. Ең бастысы, Қазақстан өзін мекендеген этностардың тілі мен діни сеніміне, мәдениетіне құрмет көрсетуді еліміздің тұрақтылығының алғышарты деп біліп, конфессия аралық төзімділік пен түсіністікті дамытуға баса көңіл бөлді. Айқын айғақ ретінде Елбасымыздың өзі бас болып, жүйелі түрде өткізіліп келе жатқан әлемдік діндер басшыларының съезін атауға әбден болады.

Қорытынды

Қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көзі ислам діні. Біздің елде мұсылманшылық ертеден қалыптасты. Ислам таңы атқан беті, яғни мұсылмандардың II - халифасы Омар ибн Хаттабтың (р.а.) (VII-ғ.) тұсында-ақ Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабалары Орта Азияға исламды тарата бастады. Көп ұзамай қазақ жеріне де жетті. Асыл дініміздің қылыштың жүзімен таралмағаны баршаға мәлім. Өйткені мұсылмандар белгілі бір елді басып алу үшін емес, қараңғылық түнегінде мүлгіген бүкіл әлемге жарық сәулесін түсірген Ислам нұрына бөленуге шақырып, Жаратушы мен пенделердің арасында дәнекер болу мақсатында жорыққа шыққан. Сол кезде біздің дана, қайсар ата-бабаларымыз исламның хақ дін екендігін жете түсініп, оны ерікті түрде қабылдаған. Халқымыз аз мерзімнің ішінде исламды толық қабылдап, оны түрлі қырынан зерттеп, әлемге әйгілі ислам ғалымдары біздің байтақ жерімізде дүниеге келгендігі ұрпақ мақтанышы. Қараханидтер (IX-X ғ.) кезінде Ислам мемлекеті ретінде танылғанымызға Қытай хандарымен жүргізілген келіссөздерге қойылған мөр дәлел. Қараханидтер мемлекетінің негізін құрушы Қарахан 960 жылы қайтыс болғаннан кейін оның баласы Мұса исламды мемлекеттік дін деп жариялағаны белгілі. Мұның бәрі, қазақ халқының оған дейінгі отқа, ай, күнге, пұтқа табыну сияқты т.б. қараңғылық нышандарынан арылып, мұсылманшылықты берік ұстанып, ондағы барлық құндылықтарды қадірлеп қанына, санасына сіңіргендігіне дәлел болады. Яғни,

біздің ел – қазақ болып танылғалы мәдениетінің негізі мұсылманшылықтан басталып, ондағы құндылықтарды бойына сіңірген. Қазіргі күнде де халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпының Құран мен сүннеттен нәр алатындығы дәлелденді.

Исламның қазақ даласына енген алғашқы, әрі одан кейінгі кезеңдерінде дүниетанымдық көпқырлылығы, әсіресе, адамгершілік мәселелері адамның күнделікті тіршілігінде ғана емес, Даланың ұлы дана ойшылдарының философиялық тұжырымдарында да көрініс тапты. Біздің ойымызша, исламның ерекше мәдени жетістігін және оның диалог пен түсіністікке негізделген әлем мәдениетінің айнасы екендігін атақты жерлес бабамыз, өз заманында ғылымға жан-жақты ойшылдығымен танылған Әбу Насыр әл-Фараби, одан кейін оның ізбасары, энциклопедиялық білімдар және де ғылым қақпасын ашқан Ибн Сина, өзінің «тауил» теориясы арқылы Қазақстанға суфизмнің кең таралуына жол ашқан Матурудиді, бүкіл түркілердің осы таным арқылы ислам дінін қабылдауына әсер еткен Халлаж Мансұр. Қазақ даласының пірі, данагөйі, барша түркі елінің тәлімгері, әрі ұстазы Қожа Ахмет Яссауи, ұлы ойшыл және әлем мәдениетінің данышпаны Абай мен оның ізбасары, ойшыл Шәкәрім шығармаларына жүгіну арқылы ашуға болады. Абайдың қара сөздерінің түпкі желісінде Яссауи мен ғұлама Диуанидің шығармалары жатыр. Қазақстанда Ислам философиясының қалыптасуы мен дамуына түркі сопылығының ұлы өкілі Қожа Ахмет Яссауидің рухани қызметі үлкен әсер етті. Оған дейін түркі тілінде нақылдық, дидактикалық және этикалық жүйелердің арнасын салған Баласағұн мен Иүгнеки бар. Яссауидің философиялық және әлеуметтік ойды дамытудағы Яссауидің айрықша «дәрежесі» мен

дүниетанымының ерекшелігі, біздіңше, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының топырағына құдайлық таным мен сопылық-исламдық тұжырымдамасын әкелуі дер едік.

Біз өмір сүріп жатқан күрделі әрі қарама-қайшылықтарға толы бұл ғасыр өткен ғасырлардан мүлде ерекше. Себебі ол технологиялық, ақпараттық-коммуникациялық төңкеріс, спутниктер, бағдарламалар және клондау, жаһандану әрі интернет дәуірі болып табылады. Бұл замана жетістіктері жер шарындағы барлық адамзат баласына ортақ. Күн сайын жарық көріп жатқан таңқаларлық ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді игеруге жеке адамның қауқары жетер емес. Кейбіреулер мұндай қарқынды құбылыстың жалпы дін атаулының бәріне, әсіресе Ислам дініне келіп-кетер қаншалықты кері әсерінің барын білгісі келсе, ал базбір адамдардың көкейінде “Осы қыруар жетістіктер иіріміне түскен қазіргі адамзаттың өмірінде діннің орны қандай, оның елеулі ықпалы бар ма, әлде екінші кезектегі мәселе болып қалды ма?” – деген сауалдар туындауда.

Негізінде Ислам дінін бүгінгі таңда, келер ғасырларда да қоғам тынысынан оқшау қалдыруға болмайды. Өйткені оның негізі адамзат өмірінің материалдық және рухани қырын жан-жақты әрі кеңінен қамтиды. Нақты айтқанда қоғамдық өмірдің барлық саласына бағытталған.

Жаһандану кезеңіндегі адам болмысының негізді масштабтық трансформациясы, құндылықты-идентификациялық дағдарыс және тиімді әлеуметтік дүниетанымдық бағдардың жоғалуы бүгінгі таңда мәдени және этникалық идентификация, өзіндік идентификация мәселелерінің өзектілігін айқындап

отыр. Заманауи кезеңде жеке тұлға көз алдында өтіп жатқан әлеуметтік өзгерістерге бейімделуге даяр. Дүниетанымдық аспектіде рухани адамгершілік құндылықтарын материалдық прагматикалық құндылықтар зор жылдамдықпен ығыстырылуда. Нәтижесінде пайда мен рационалдық критерийлеріне негізделген руханилық талаптардың атрофиясы жасақталуда. Әлемге деген адамның құндылықтық қарым-қатынасы бүгінгі таңда адамның жеке өзін қорғау контекстінде өте өзекті, себебі адамның жеке тұлғалық қасиеттерін сақтау арқылы сол адамның өмір сүріп отырған ортасындағы мәдениет сақталады. Осы тұрғыдан рухани және адамгершілік құндылықтарының қайнар көздерін зерттеу олардың ислам құндылықтарымен байланысын анықтау, сонымен қатар ислам құндылықтарының антологиялық мәртебесіне сипаттама жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің актылық дәрісінде: «Біздің ата-бабаларымыз қазіргі Қазақстанның дархан даласын, өмірді тану мен сезінудің ерекше рухын қорғап бізге мұрагерлікке табыс етті. Ол рух еркін сүйгіштік рухы, тарихтың дүрбелең кезеңінде де өз күшін жоймады, себебі аға буын өкілдері өз бастарына қиын күн туған сәттерінде де бұл рухты сақтай білді» [128, 6 б.] деген дана сөздері алға үлкен міндеттер жүктейді.

Дін – бірігудің пәрменді факторы, яғни интеграцияны жүзеге асырудың оңтайлы жолы болып табылады. Халықтың діннен алатын ортақ негізі мен ортақ құндылығы біріктіруші бастау болғанда интергациялық үрдістер іске асатындығы исламның қазақ даласындағы таралуы мен қалыптасуының мәдени, рухани және тарихи ерекшелігімен тұжырымдалды.

Егемендік алғаннан бері қазақ халқының сана-сезімі, ұлттың намысы мен ұлт ететін ділі мен діні туралы зерттеулер қайта жаңғыртылуда. Тәуелсіздікпен бірге тұрмыс-салтымыз, имандылығымыз, мәдениетіміз, Кеңес кезінде репрессияға ұшыраған әдебиетіміз қайта оралып, жан-жақты жаңаша зерттеулерді талап етуде. Сонау Х ғасырлардан бастау алатын ойшылдардың қазақ әдебиетіне қосқан көркем және асыл сөздеріндегі Ислам құндылықтарының шынайы мағынасының кең арнада тұжырымдалуы қазақ халқының сан ғасырларын қамтыған ел намысын, мұратын, ерлігін, тіршілігін, парызын, «Отанды сүю – Иманнан» деген басты мәдени құндылығын жырлаған ұлттың дана сөздерінің асыл-маржандарының көркем сипаты ұлттық идеологиямыздың кәусар бұлағы іспетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. – Мәдина. – 1991. – 604 б.
2. Дербісәлі Әбсаттар қажы. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы. – Алматы: 2003. – 7 б.
3. Затов Қ.А., Нұрғалиев Қ.Т. Ислам өркениетінің Орталық Азия мен Қазақстан аймағында таралуы // халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Атамұра. – 2009. – 223 б.
4. Грессе Р. Империя степей. – Алматы, 2006. – 304 б.
5. Бакина Н.С. История культуры тюрок. – Алматы: Үш қиян, 2006. – с. 180
6. Путешествие в восточные страны ПIANO Карпини и Гильом де Рубрука. – Алматы, 1993. – с. 245
7. Ибн Баттута саяхаттары. محمد بن عبد الله اللواتي الطنجي المعروف بابن بطوطة، رحلة ابن بطوطة (تحفة النظار في غرائب الأمصار و عجائب الأسفار)، مجلدان، مطبعة العصرية، بيروت، 2005
8. Религия и верования Дешт-и-Кыпчака в XIII-XIV веках // История и культура Золотой Орды. - Санкт-Петербург: Славия. 2005. - с.264
9. Сборник материалов по мусульманству. Том 2. // Под ред. Наливкина, В.П. - Ташкент: Типо-Литография бр. Порцевых, 1990. – с. 32
10. Бартольд, В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1998. – с.392
11. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. – Мәдина. – 1991. – 604 б.
12. Дербісәлі Шейх Әбсаттар қажы. Исламның жауһарлары мен жәдігерлері. Тарихи-филологиялық және теологиялық зерттеулер, эссе-очерктер, жолжазбалар, сұхбаттар. – Алматы : Атамұра, 2008. – 487 б.
13. Уложения Тимура. – Ташкент, 1992. . – с.211
14. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992. – с. 250

15. Өсерұлы Н. Шариат. – Алматы: Қайнар, 1996. - 352 б.
16. Мустафина, Р.П. Представления, культы, обряды у казахов. – Алма-Ата, 1992. – с. 67
17. Жүсупов С. Религиозная, межэтническая ситуация. Ислам в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее // Политическая аналитика. Исследования. – Алматы: Ағна-б, 2008. – с.652
18. Султанғалиева А.К. Ислам в Казахстане: История. Этничность, общество. – Алматы: 1998. – с. 172
19. Есім, Ғарифолла. Адамзат. Философиялық эсселер мен новеллалар, зерттеулер. – Астана, 2002. – 55 б.
20. Махмұт Хамди Закзұқ. Ислам және сұқбат мәселелері. – Алматы: Шапағат Нұр, 2006. - 320 б.
21. Молдабеков Ж.М. Қазақтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 137 б.
22. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: 2000. – 123 б.
23. Абдигалиева Г.К. Проблема ценностей в истории философии. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – с.133
24. Байтенова Н.Ж. Дін халықтың рухани негізі // Егемен Қазақстан. – 2010. 16 наурыз. – 3 б.
25. Бөлекбаев С.Б. О параллелях между мировоззрением Древнего Востока и современной теоретической физикой. // Материалы Международного научного симпозиума «Роль тюркского мира в диалоге цивилизаций». - Алматы: 2009. – 33 б.
26. Нұрышева Г.Ж. Философия лекциялар курсы. – Алматы: «ЗиятПресс», 2006. – 142-143 бб.
27. Алтаев Ж.А. Исламская философия: новый взгляд. – Алматы: «Көкжиек - Б». 2010. – 240 б.
28. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 39 б.
29. Қазақ даласының ойшылдары. 2-ші кітап / ред. Нысанбаев Ә. –Алматы: ФСИ, 2001. – 28 б.
30. Әл-Фараби философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. – Астана: Аударма, 2005. – 2 том. – 460 б.

31. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы / редактор Дербісалиев Ә. – Алматы: Ғылым, 1982. – 308 б.
32. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең – Алматы: Ғылым, 1999. – 256 с.
33. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы: ұлттық идея кең-мәтінінде. – Алматы: «Раритет», 2010. – 241 б.
34. Уәлиханов Ш.Ш. Қытай империясының батыс өлкесі // Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1980. – 136 б.
35. Әбішев Қ. Философия. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – 259 б.
36. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 362 б.
37. Сейдімбеков А.С. Күңгір-күңгір күмбездер. – Алматы: Өнер, 1984. – 240 б.
38. Бейбіт мәдениет жолында // редактор Нұржанов Б.Ғ. – Алматы: ҚазҰУ – ЮНЕСКО, 2000. – 176 б.
39. Кенжалиев К. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 125 б.
40. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы, 2002. – 3-6 бб.
41. Грюнебаум, Густав Эдмунд фон. Основные черты арабомусульманской культуры. – М., 1981. – 9 б.
42. Ислам: проблемы идеологии, права, политики и экономики. – М., 1985. - 147-с.
43. Камалиденова А. Особенности ислама в Казахстане. Обычное право // Власть как ценность и власть ценностей: сетамарфозы свободы. – Алматы, 2007. - с.402
44. Кодар А. Мирозрение кочевников в свете степного знания // Культурные контексты Казахстана: история и современность. – Алматы, 1998. – с.59-60
45. Шубаева Ұ. Ұлттық менталитеттің діни негіздері: философия ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы: 09.00.13. – Алматы: ҚазҰУ. – 9 б.
46. Хакимов Рафаиль. История татар и народов Евразии. – Казань, 2005 – с. 887.
47. Ғабитов Т.Х. мәдени мұра және ислам // «Имам ағзам Әбу Ханифа мәзһабы және қазіргі заман» атты халықаралық

- ғылыми-тәжірибелік конференция материалы. – Алматы: Атамұра, 2009. – 296-297 бб.
48. Козыбаев М.К., Козыбаев И.М. История Казахстана. – Алма-Ата, 1993. – с.21
 49. Валиханов Ч.Ч. следы шиманства у киргизов. Собр.соч. в 5 т. Т.4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – С.182
 50. Абирова Б.И. Культурфилософские аспекты суфизма. – Алматы: ТОО «Алла Прима», 2006. – с.173
 51. Давлетшин Гамирзан. Очерки по истории духовной культуры предков татарского народа. – Казань: татарское книжное изд-во, 1889. – с. 204.
 52. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 301 б.
 53. محمد صبحي عبد الحكيم، جغرافية العالم الإسلامي، معهد العالي للدراسات الإسلامية، القاهرة، 2006
 54. أبو داود، سنن أبي داود، مجلد الخامس، دار الفكر، بيروت، 2007
 55. أبو نعيم الأصبهاني، ذكر أخبار أصبهان ، عن الدار العلمية بدلهي الهند، 1405/1985
 56. «Материалы по истории средней и центральной Азии X-XIX вв.». – Ташкент: Издательство «ФАН», 1988. - с. 370.
 57. Сейтбеков Смайыл, «Иман негіздері», – Алматы, «Көкжиек» баспасы, 2008. – 376 б.
 58. «История Казахстана в персидских источниках». Том 1. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – с. 416.
 59. Нысанбаев Ә. Нұрмұратов С. Ислам дініндегі этикалық ұғымдардың тарихи-философиялық маңызы. // халықаралық конференция материалдары, – Алматы: Атамұра, 2009. – 75 б.
 60. Порохова В. Коран. – Дамаск, 2005. – с. 754.
 61. Ислам негіздері (имандылық әліппесі): – Алматы, 2008. – 64 б.
 62. Клаккон Клайд Кей Мейбен. Адам үшін айна. // XX ғасыр мәдениетінің антропологиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 123 б.
 63. Баласағұн Жүсіп. Құтадғу білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 182б.

64. Қашқари, Махмұд. Түрік сөздігі. Үш томдық. – Алматы: Хант, 1997. – 25 б.
65. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 128 б.
66. Есім, Ғарифолла. Абай дүниетанымындағы Алла мен Адам болмысы. / Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 1994. – 345 б.
67. 2005، القاهرة، المكتبة الأزهرية للتراث، الأسماء و الصفات،
68. محمد علي الصابوني، صفوة التفاسير، المجلد الثالث، دار الصابوني، القاهرة، 1993
69. أبو بركات عبدالله النسفي، تفسير النسفي، المجلد الرابع، دار احياء الكتب العربية، القاهرة
70. عبد القادر البغدادي، الفرق بين الفرق، المكتبة العصرية، بيروت، 2004
71. Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 240 б.
72. أبو حفص سراج الدين عمر الغزناوي، شرح العقيدة الطحاوية، دار الكراز، القاهرة، 2009
73. Қалқаманұлы Бұхар жырау. Шығармалары. Алматы, 1992. – 240 б.
74. Он ғасыр жырлайды. Редколлегия алқасы: Бердібаев Р., Мағауин М., Тілеухан Б., Айталы А., Қирабаев С., Егеубаев А., Дәуітұлы С., Смақова А. – Алматы, 2006. – 408 б.
75. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. –180 б.
76. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы, Жазушы, 1988. – 192 б.
77. Әубәкір К. Қазағым. – Алматы: Жазушы, 1993. – 256 б.
78. Мақатаев М. Жылап қайттым өмірдің базарынан. - Алматы: Жалын, 1994. - 184 б.
79. Бабалар сөзі – даналық көзі. – Алматы, 1996. – 184 б.
80. Байдельдинов Л.А. Теориялық саясаттану. – Алматы: Интерлегал, 2005. – 216 б.
81. Құлсариева А.Т. Қазіргі заман мәдениеті, – Алматы, 2008. – 130 б.
82. Nayrani, A. Ibn Sina metafizigi. – Ankara: Elis Yay, 2008. – s.182.

83. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (Әлеуметтік-философиялық талдау): Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы: 09.00.11. – Алматы, 2000. – 23 б.
84. Уайтхед А.Н. Избранные работы по философии. – М., 1990. – с.306
85. Ценности и символы национального самосознания в условиях изменяющегося общества. – Москва: Институт этнологии и антропологии, 1994. – 170 с.
86. Каган М.С. Человеческая деятельность. – М., 1974 – 206 с.
87. Анисимов С.Ф. Духовные ценности: производство и потребление. – Алматы, 1986. – с. 165
88. Фролов И.Т., Юдин Б.Г. Этика науки: проблемы и поиски. – М., 1986. – с. 167
89. Тугаринов В.П. О ценностях жизни и культуры. – Ленинград. 1960 с. 124
90. Дробницкий О.Г. Проблемы нравственности. – М., Наука, 1977. – с.351
91. Чавчавадзе Н.З. Культура и ценности. – Тбилиси: Издательств Мецниереба, 1984. – 171 с.
92. Выжлецов Г.П. Аксиология культуры. – Спб., 1996. – с.43
93. Фромм, Эрих. пер., с англ., – М., АСТ, 2006. – с. 307
94. Бакарудзе, О.М. Истина и ценность . // Вопросы философии. – 1966. – №7. - с.46
95. Спиноза Б. Этика. Ч.III, опред. 6. – М-Л: 1932. – с. 604
96. Шалабаева Г.К. Этнос. Культура. Самосознание. – Алматы: Атамұра, 1995. – 306 б.
97. Абдигалиева Г.К. Философско-этические проблемы культуры.учебное пособие. – Алматы: «Қазақ университеті», 2008. – 106 с.
98. Рахман Фазлур. Аударған: Алпарслан Ачыкгенч, М. Хайри Кырбашоглу Ислам және өркениет. İslam ve Çağdaşlık. – Анкара: Феджр баспасы, 1990. – 240 б.
99. ابن فارس، أهر الحسين أحمد، صاحب في فقه اللغة، مكتب المعارف، بيروت، 1993
100. السكاكي، يوسف بن أبو بكر، مفتاح العلوم، دار الكتب العلمية، بيروت، 1983

101. William, F. Value and Valuation. – New York: Mac Milan, 1967. 8 том. - 229 p.
102. Insah ve degerleri. Kucardy. – Ankara, 1998. 260 б.
103. Түркче сөзлүк. Түрік Тілі Қоғамы, 1том. – Анкара, 1990. – 345 б.
104. Samsedin Samy, Kamus'I turki. – Istanbul: Cargi, 1978. – 840 б.
105. 1993, ابن سينا، حسين بن علي، الإشارات و التنبهات،المجلد الرابع، بيروت،
106. 1994، صدر الشريعة، التنقيح و التحديد،المجلد الأول، بيروت،
107. www.islamicuniversity.nl / Akgunduz, A. Нормы и ценности в Исламе – 2 б
108. Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. - Алматы: Көкжиек. 2006. – 280 бб.
109. Вебер, М. Избранные произведения. – М., 1990. – с.420.
110. Вышеславцев Б.П. Этика преображенного Эроса. Проблемы закона и благодати. – Москва: 1994. - с.99
111. Резван Е.А. Умма // Ислам. Энциклопедический словарь. – М., 1991. – с. 672
112. Осман Нұри Топбаш. Иманнан Ихсанға Тасаввуф. – Алматы, 2007. – 600 б.
113. Рифағи М.Ф. Ислам мәдениеті. – Алматы: Кітап, 2007. – 240 б.
114. Әбсаттар Дербісәлі және шығыстану мен руханият мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 500 б.
115. Fazlur Rahman, Tarih boyunca Islam metodoloji sorunu. – Ankara: okulu Yay, 1995. – s.345.
116. Mesut Kaynak, Kur'an da sevgi. – Istambul: Yay Matbaacilik LTD, 1998. – s. 280.
117. 2000، إمام الحافظ النووي، رياض الصالحين، المكتبة الأزهرية للتراث،
118. 1993، أبو حامد الغزالي، إحياء علوم الدين، باب الحلبي، القاهرة،
119. 2004، محمد الغزالي، مائة سؤال عن الإسلام، نهضة مصر، القاهرة،
120. Ahmet Efe, Islam'in temel esaslari. – Ankara: Baser Basim Yayin LTD, 1999. – s.476.
121. محمود حمدي زقزوق، قيم منسية ، وزارة الأوقاف مجلس الأعلى للشؤون الإسلامية، القاهرة، 2000
122. قضايا الإسلامی، التسامح في الحضارة الإسلامية، العدد:110، وزارة الأوقاف مجلس الأعلى للشؤون الإسلامية، القاهرة، 2004


123. Nayrani A. Islam Ahlaki. – Ankara: Akgag Yay., 1999. – s. 340.
124. 1992. مقداد يالجن، علم الأخلاق الإسلامية، دار العالم الكتب، الرياض،
125. Очерки арабской культуры. - М., Главная редакция восточной литературы изд-ва «Наука», 1982. - 230 б.
126. Сейдімбек Акселеу Ұлттық идея. // Қазақ альманағы. – Алматы, 2009. №1. – 36-48 бб.
127. Молдабеков Ж.Ж. Исламда өмір мен өркениетке ишарат айқын. // халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары // – Алматы: Атамұра, 2009. – 139-бет
128. Ислам және өркениет. – Алматы, 2002. №8. – 4-5 б.
129. - محمود حمدي زفروق، الحضارة فريضة إسلامية، مكتبة الشروق، القاهرة-كوالامبور-جاكارتا، 2001
130. محمد أنس جعفر، مبادي نظم الحكم في الإسلام، المعهد العالي للدراسات الإسلامية، القاهرة، 2006
131. محمود حمدي زفروق، الإسلام في عصر العولمة، مكتبة الشروق، القاهرة-كوالامبور-جاكارتا، 2001
132. Изгоев А.С. Национальные и религиозные вопросы в современной России // Русская мысль. – Москва. Цит. По: Россия и современный мир. 2001. № 4. – 20 б.
133. Хизметли Сабри, «Орта Азия Түрк республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік». – Алматы: «ЭВЕРО» ақпарат, – 2006. – 257б.
134. Nureddin Es-Sabuni, Maturidiyye Akaidi, ergume eden: Bekir Topaloglu. Diaynet Isleri Baskanligi Yay., 8.baski. – Ankara, 2005. – s.s.215.
135. Мекежанов Б. Қазақстанда Ислам дінінің дамуы жағдайындағы кері ағымдар мәселелері. // «Имам Ағзам Әбу Ханифа Мәзһабы және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Алматы, 2009. – 272 б.
136. Уджфалфи С.Д. Орта Азияға құрылған тор. – Стамбул, 1878. – 130б.
137. الزيني الدحلان، فتنة الوهابية من الفتوحات الإسلامية، دار الشافعي، القاهرة، 1983.
138. Абдул-Ваһһаб бин Сүлеймен. Ваһһабилерге қарсы бағытталған Алланың найзағайы. – Стамбул, 1975. – 164 б.

139. Сборник материалов республиканской конференции: «Религия, наука и СМИ: диалог и сотрудничество». – Астана, 2006. –192 с.
140. Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезінде сөйлеген сөзі // Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері мен құрметті қонақтарының екінші съезінде сөйлеген сөздер жинағы. – Астана: Өнер, 2006. – 4 б.

Қосымшалар




Сурет 1 - 737 хижри жылы (1337 ж.) басылған теңгеде «Ас-Сұлтан әл-Ағзам Өзбекхан» деп сұлтанның өз аты жазылған.



Сурет 2 - XV ғасырда Қазақ Хандығы құрылып, ислам әлемінің ажырамас бір бөлігі болғандығы көрсетілген.

Великая степь и мировые религии. I – начало II тысячелетия



Сурет 3 - I - II мыңжылдықта қазақтың киелі даласындағы исламның дамуы территориялдық шекара арқылы көрсетілген.

Мазмұны

Алғы сөз	3
Кіріспе	6
I тарау: Қазақ мәдениетіндегі ислам философиясының орны	11
1.1 Қазақ даласына ислам діні таралуының мәдени, тарихи және рухани бастаулары	13
1.2 Қазақстандағы мұсылмандық дүниетанымның аксиологиялық сипаттамасы	36
1.3. Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтарының мәдени-әлеуметтік құрылымы	83
II тарау: Ислам құндылықтары – мәдени антропологиялық феномен	103
2.1. Ислам философиясындағы гуманистік құндылықтардың типологиялық сипаттамасы	104
2.2 Қазақ мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы дискурсындағы ислам құндылықтары парадигмасы	130
III тарау: Жаһандану дәуіріндегі Қазақстанның мәдени даму аясы және ислам құндылықтар жүйесі.....	173
3.1. Қазақ мәдениетіндегі ислам құндылықтар жүйесінің этикалық категориялары	175
3.2. Жаһандану үрдісі және ислам құндылықтары	217
Қорытынды.....	254
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	259
Қосымшалар	268

Оңғаров Ершат Ағыбайұлы

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Редактор: Ж. Сүлейменова

Корректор: С. Ибадуллаев